

Canon

EOS 250D

**Кеңейтілген пайдаланушы
нұсқаулығы**

ҚАЗАҚША

Кіріспе

Суретке түсіруді бастамас бұрын төмендегіні міндетті түрде оқып шығыңыз

Сәтсіз суреттер мен жағдайларды болдырмау үшін, алдымен «Қауіпсіздік сақтандырулары» (📖22) және «Сақтық шаралары» (📖25) бөлімдерін оқыңыз. Сондай-ақ, камераны дұрыс пайдалануыңызды қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Камерамен жақынырақ танысу үшін камераны пайдалану кезінде осы нұсқаулықты қараңыз

Осы нұсқаулықты оқу кезінде бірнеше сынақ түсірілім жасап, олардың қалай шыққанын көріңіз. Одан кейін камераны жақсырақ түсінетін боласыз. Осы нұсқаулықты қажет кезде қайтадан қарай алу үшін оны міндетті түрде қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Камераны пайдаланбастан бұрын сынау және жауапкершілік

Суретке түсіргеннен кейін суреттерді ойнатып, олардың дұрыс жазылғанын тексеріңіз. Егер камера не жад картасы зақымдалған болса және суреттерді компьютерге жазу не жүктеп алу мүмкін болмаса, Canon кез келген жоғалту не қолайсыздық үшін жауап бермейді.

Авторлық құқықтар

Еліңіздің авторлық құқық заңдары жад картасында жазылған суреттерді не авторлық құқықтармен қорғалған музыка және музыкалық суреттерді жеке қолданыстан тыс мақсаттарда пайдалануға тыйым салуы мүмкін. Сондай-ақ, кейбір әлеуметтік қойылымдар, көрмелер және т.б., жеке қолданыс үшін де түсіруге тыйым салатындығын ескеріңіз.

Элементтер тексерісінің тізімі

Бастамастан бұрын, келесі элементтер камерамен бірге қамтылғанын тексеріңіз. Егер қандай да бір бөлік жетіспесе, дилерге хабарласыңыз.



Камера
(көзқалқан және корпус қақпағы бар)



Бау



LP-E17 батарея жинағы
(қорғаныс қақпағымен)



LC-E17E зарядтау құрылғысы*

* LC-E17E зарядтау құрылғысы қуат сымымен келеді.

- **Камерамен бірге бағдарламалық жасақтаманың CD-ROM дискісі, интерфейс кабелі немесе HDMI кабелі берілмейді.**
- Объектив жиынтығын сатып алсаңыз, объективтердің қосылғанын тексеріңіз.
- Жоғарыда көрсетілген кез келген элементтің жоғалуынан сақ болыңыз.




- Объектив нұсқаулықтары қажет болғанда оларды Canon веб-торабынан жүктеп алыңыз. Объектив нұсқаулықтары (PDF файлдары) жеке сатылған объективтерге арналған. Объектив жиынтығын сатып алу кезінде объективпен берілген қосалқы құралдардың кейбірі объективтің пайдалану нұсқаулығындағы тізімде берілмейді.



- Бағдарламалық жасақтаманы Canon веб-торабынан жүктеп алуға болады (484).


Жылдам бастау нұсқаулығы

1




Батареяны салыңыз (📖37).

- Сатып алғаннан кейін пайдалануды бастау үшін батареяны зарядтаңыз (📖35).




2



Картаны салыңыз (📖37).

- Оны камераның артына қаратылған карта белгісімен карта ұшығына салыңыз.


3



Объективті бекітіңіз (📖47).

- Объективтерді тіркеу үшін объективтің ақ немесе қызыл бекіткіш индексін камера бекіткішінің бірдей түсті индексімен тураңыз.

4




Объективтің фокустау режимінің қосқышын <AF> күйіне орнатыңыз (📖 47).

5




Қуат қосқышын <ON> күйіне, одан кейін режим дискісін <A+> күйіне орнатыңыз (Интеллектуалды авто көрініс) (📖 70).

- Барлық қажетті камера параметрлері автоматты түрде орнатылады.



6



СКД мониторын ашыңыз (📖 40).

- СКД монитормы күн/уақыт/белдеу параметрі экранын көрсеткенде 43-бет қараңыз.


7



Нысанға фокустаңыз (📖 50).

- Нысан үстінен көріністапқышты қарап шығып, көріністапқыш ортасына дөлдеңіз.
- Ысырма түймесін жартылай бассаңыз, камера нысанға фокусталады.
- Қажет болса, жарқылды саусақтарыңызбен көтеріңіз.


8



Суретке түсіріңіз (📖 50).

- Суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.

9



Суретті қарап шығыңыз.

- Жаға түсірілген сурет СКД мониторында шамамен 2 сек. бойы көрсетіледі.
- Суретті қайта көрсету үшін, <▶> түймесін басыңыз (📖 101).

- СКД мониторуна қарап түсіру үшін «СКД мониторумен түсіру (Live View арқылы түсіру)» (📖 180)-бетті қараңыз.
- Қазірге дейін жасалған суреттерді қарау үшін «Суретті ойнату» (📖 101) бөлімін қараңыз.
- Суреттерді жою үшін «Суреттерді жою» (📖 310) бөлімін қараңыз.

Үйлесімді карталар

Келесі карталарды сыйымдылығына қарамастан камерамен пайдалануға болады. Егер карта жаңа болса немесе алдында басқа камера немесе компьютер тарапынан пішімделген (баптандырылған) болса, картаны камера арқылы пішімдеңіз (📖 66).

- SD/SDHC*/SDXC* жад карталары

* UHS-I карталарына қолдау көрсетіледі.

Фильмдерді жаза алатын карталар

Фильмдер жазу кезінде фильм жазу өлшемі үшін жеткілікті өнімділігі бар жоғары сыйымдылықты картаны (жеткілікті түрде жылдам жазу және оқу жылдамдықтары) пайдаланыңыз.



Осы нұсқаулықтағы «карта» сөзі SD, SDHC және SDXC жад карталарына қатысты.

* Камера фотосуреттерді/фильмдерді жазу картасымен бірге келмейді. Оны бөлек сатып алыңыз.

Тараулар

Кіріспе	2
Жұмысты бастау және негізгі камера операциялары	34
Негізгі түсіру және суретті ойнату	69
AF және жетек режимдерін орнату	103
Сурет параметрлері	114
Фотосурет әсерлері үшін кеңейтілген операциялар	146
Жарқылмен суретке түсіру	168
СКД монитормен түсіру (Live View арқылы түсіру)	180
Фильмдерді түсіру	217
Пайдалы мүмкіндіктер	259
Суретті ойнату	280
Суреттерді кейінгі өңдеу	328
Сымсыз мүмкіндіктер	344
Камераны реттеу	445
Анықтама	459
Бағдарламалық жасақтаманың іске қосу нұсқаулығы / Суреттерді компьютерге жүктеу	483

Мақсат бойынша мазмұн

Түсіру

• Авто түсіру	→  69 -  100 (Негізгі аймақ режимдері)
• Үздіксіз түсіру	→  112 ( Үздіксіз түсіру)
• Суретіңізді топпен бірге түсіру	→  206 ( Өздігінен түсіруді реттейтін таймер)
• Әрекетті қатыру	→  149 (Tv Ысырма
• Әрекетті бұлыңғырлату	артықшылығы бар AE)
• Таңдаған әсерлеріңізбен түсіру	→  76 (Шығармашылық көмекші)
• Өңді бұлыңғырлату	→  152 (Av AE апертура
• Өңді айқын фокуста ұстау	артықшылығы)
• Сурет ашықтығын реттеу (экспозиция)	→  160 (Экспозиция компенсациясы)
• Көмескі жарықта түсіру	→  78,  169 ( Жарқылмен суретке түсіру)
	→  118 (ISO көрсеткішінің параметрі)
• Жарқылсыз түсіру	→  175 ( Жарқыл өшірулі)
• Түнгі отшашуларды түсіру	→  157 (Шам экспозициясы)
• СКД мониторуна қарау кезінде түсіру	→  180 ( Live View арқылы түсіру)
• Шығармашылық әсерлермен түсіру	→  93,  188 (Шығармашыл сүзгілер)
• Автопортрет түсіру	→  210 ( Автопортрет)
• Фильмдерді түсіру	→  217 ( Фильм түсіру)

Сурет сапасы

- Тақырыпқа сәйкес сурет әсерлермен түсіру → 121 (Picture Style)
- Кескіннің үлкен көлемдегі басып шығарылған нұсқасын жасау → 115 (L, L, RAW, CRAW)
- Көп суреттер түсіру → 115 (S1, S1, S2)

AF (Фокустау)

- Фокустау нүктесін өзгерту → 108 (AF нүктесін таңдау)
- Жылжымалы нысандарды түсіру → 83, 84, 106 (AI Servo AF)

Ойнату

- Суреттерді камерада көру → 101 (Ойнату)
- Суреттерді жылдам іздеу → 281 (Индекс дисплейі)
→ 285 (Суретті шолу)
- Суреттерді бағалау → 288 (Бағалаулар)
- Маңызды суреттердің байқамай өшірілуін болдырмау → 307 (Суретті қорғау)
- Қажетсіз суреттерді жою → 310 (Жою)
- Фотосуреттер мен фильмдерді автоматты түрде ойнату → 303 (Слайд-шоу)
- Фотосуреттер мен фильмдерді теледидарда қарау → 305 (Теледидар)
- СКД мониторының ашықтығын реттеу → 262 (СКД мониторының ашықтығы)
- Суреттерге арнайы әсерді қолдану → 329 (Шығармашыл сүзгілер)

Сымсыз мүмкіндіктер

- **Send images to a smartphone (Суреттерді смартфонға жіберу)** →  349 (Смартфонмен байланысу)
- **Суреттерді компьютерге жіберу** →  378 (Бағдарламалық жасақтамамен пайдалану)
- **Суреттерді басып шығару** →  381 (Wi-Fi принтерінен басып шығару)
- **Суреттерді онлайн бөлісу** →  391 (Суреттерді веб-қызметіне жіберу)

Мүмкіндіктер индексі

Қуат

- Батарея
 - Зарядтау (📖35)
 - Орнату/алып тастау (📖37)
 - Батарея деңгейі (📖42)
 - Батарея туралы ақпаратты тексеру (📖460)
- Үй электр желісінің розеткасы (📖461)
- Автоматты қуат өшіру (📖41)

Карталар

- Орнату/алып тастау (📖37)
- Пішімдеу (📖66)
- Ысырманы картасыз босату (📖260)

Объектив

- Тіркеу/Ажырату (📖47)
- Үлкейту (📖48)

Негізгі параметрлер

- Диоптрикалық реттеу (📖49)
- Тіл (📖46)
- Күн/уақыт/белдеу (📖43)
- Бипер (📖260)

СКД мониторы

- СКД мониторын пайдалану (📖40)
- СКД өшіру/қосу түймесі (📖272)
- Ашықтықты реттеу (📖262)
- Сенсорлы экран (📖63)
- Көрсету деңгейінің параметрлері (📖51)
- Мүмкіндік нұсқауы (📖55)

Суреттерді жазу

- Қалтаны жасау/таңдау (📖263)
- Файлды нөмірлеу (📖265)

AF

- AF операциясы (📖104)
- AF нүктесін таңдау (📖108)
- Қолмен фокустау (📖111)
- Көзді анықтау AF (📖204)
- Үздіксіз AF (📖205)
- MF жоғарылату параметрлері (📖213)

Жетек

- Жетек режимі (📖112)
- Үздіксіз түсіру (📖112)

Сурет сапасы

- Сурет жазу сапасы (📖115)
- Picture Style (📖121)
- Ақ түс балансы (📖129)
- Auto Lighting Optimizer (Авто жарықтылықты оңтайландырғыш) (📖136)
- Ұзақ экспозициялар үшін шуды азайту (📖139)
- Жоғары ISO көрсеткіштері үшін шуды азайту (📖138)
- Объектив аберрациясын түзету (📖141)
- Ашық реңк артықшылығы (📖137)
- Түстік кеңістік (📖145)

Түсіру

- Түсіру режимі (📖30)
- ISO көрсеткіші (📖118)
- Шам (📖157)
- Өлшеу режимі (📖158)
- Айнаны блоктау (📖165)
- Қашықтан басқару құралы (📖463)

Экспозицияны реттеу

- Экспозиция компенсациясы (📖160)
- M+ISO авто мүмкіндігі бар экспозиция компенсациясы (📖156)
- AEB (📖162)
- AE құлпы (📖164)

Жарқыл

- Кірістірілген жарқыл (📖169)
- Сыртқы жарқыл (📖174)
- Жарқыл функциясының параметрлері (📖175)

Live View арқылы түсіру

- Live View арқылы түсіру (📖180)
- Пропорциялар (📖192)
- AF операциясы (📖195)
- AF әдісі (📖197)
- Шығармашыл сүзгілер (📖188)
- Өздігінен түсіруді реттейтін (📖206)
- Сенсорлы ысырма (📖208)
- Автопортрет (📖210)

Фильм түсіру

- Фильм түсіру (📖217)
- AF әдісі (📖197)
- Фильм жазу өлшемі (📖228)
- Фильмнің Servo AF нүктесі (📖253)
- Дыбыс жазу (📖251)
- Қол экспозициясы (📖221)
- Сандық үлкейту (📖231)
- HDR фильм түсіру (📖234)
- Фильмдер үшін шығармашылық сүзгілер (📖235)
- Видео кескін (📖245)
- Уақыт үзілісі бар фильм (📖238)
- Түсіруді қашықтан басқару (📖463)

Ойнату

- Суретті қарап шығу уақыты (📖261)
- Жалғыз сурет дисплейі (📖101)
- Түсіру ақпараты (📖323)
- Индекс дисплейі (📖281)
- Суретті шолу (Өту дисплейі) (📖282)
- Үлкейтілген көрініс (📖284)
- Суретті бұру (📖287)
- Бағалау (📖288)
- Фильмді ойнату (📖296)
- Слайд-шоу (📖303)
- Суреттерді теледидарда қарау (📖305)
- Қорғау (📖307)
- Өшіру (📖310)
- Сенсорлық жолмен ойнату (📖285)
- Басып шығару кезегі (DPOF) (📖316)
- Фотосуреттер кітапшасын орнату (📖320)

Суретті өңдеу

- Шығармашыл сүзгілер (📖329)
- Өлшемін өзгерту (📖338)
- Қиып алу (📖340)

Теңшеу

- Теңшелетін функциялар (Т.Фн) (📖446)
- Менің мәзірім (📖455)

Бағдарламалық жасақтама

- Бағдарламалық жасақтаманың іске қосу нұсқаулығы (📖484)
- Бағдарламалық жасақтама нұсқаулықтары (📖485)

Сымсыз мүмкіндіктер

- Смартфонмен байланысу (📖349)
- Суреттерді смартфондарға автоматты түрде жіберу (📖362)
- Қашықтан басқару (EOS Utility) (📖374)
- Суреттерді компьютерлерге автоматты түрде жіберу (📖378)
- Wi-Fi принтерлерінен басып шығару (📖381)
- Суреттерді веб-қызметке жіберу (📖391)
- Сымсыз параметрлерді тазалау (📖425)

Осы нұсқаулықтағы шартты белгілер

Бұл нұсқаулықтағы белгішелер

-  : Негізгі дискті көрсетеді.
-  :  жылжу пернелерінде сәйкесінше жоғары, төмен, сол жақты және оң жақты көрсетеді.
-  : Параметр түймесін көрсетеді.

* Жоғарыдағыға қосымша ретінде камераның түймелерінде пайдаланылған және СКД мониториянда көрсетілген белгішелер мен таңбалар маңызды операциялар мен функцияларды талқылау кезінде осы нұсқаулықта да пайдаланылады.

-  : Беттің атауларының жоғарғы оң жағындағы бұл белгіше функцияның тек Шығармашыл аймақ режимдерінде ғана қолжетімді екенін көрсетеді ( 31).
-  *** : Толық ақпарат алуға арналған сілтемелік бет нөмірлері.
-  : Түсіру мәселелерінен қорғануға арналған ескерту.
-  : Қосымша ақпарат.
-  : Жақсырақ түсіруге арналған сөзкөмек не кеңестер.
-  : Ақаулықтарды жою бойынша кеңес.

Операциялық нұсқаулардың негізгі түсініктері және үлгі фотосуреттер бойынша ескертпелер

- Осы нұсқаулықта сипатталған барлық операциялар қуат қосқышы <ON> күйіне орнатылған деп есептейді ( 41).
- Мәзір параметрлері мен теңшелетін функциялар әдепкі күйіне орнатылған болып есептеледі.
- Бұл нұсқаулықтағы суреттер EF-S18-55mm f/4-5.6 IS STM объективімен тіркелген камераны мысал ретінде сипаттайды.
- Камерада көрсетілген және осы нұсқаулықта пайдаланылған үлгі фотосуреттер тек әсерлерді анығырақ көрсету үшін көрнекілік мақсаттарға арналған.

Мазмұны

Кіріспе	2
Элементтер тексерісінің тізімі	3
Жылдам бастау нұсқаулығы	4
Үйлесімді карталар	7
Тараулар	8
Мақсат бойынша мазмұн	9
Мүмкіндіктер индексі	12
Осы нұсқаулықтағы шартты белгілер	15
Мазмұны	16
Қауіпсіздік сақтандырулары	22
Сақтық шаралары	25
Бөлшек атаулары	28
Жұмысты бастау және негізгі камера операциялары	34
Батареяны зарядтау	35
Батарея мен картаны орнату және алу	37
СКД мониторын пайдалану	40
Қуатты қосу	41
Күнді, уақытты және уақыт белдеуін орнату	43
Интерфейс тілін таңдау	46
Объективті бекіту және ажырату	47
Негізгі түсіру ақпараты	49
Экранның көрсету деңгейін орнату	51
Түсіру функцияларына арналған жылдам басқару	57
Мәзір операциялары мен теңшелімдері	59
Камераны сенсорлы экранмен басқару	63
Жад карталарын пішімдеу	66
СКД мониторы дисплейін ауыстыру	68

Негізгі түсіру және суретті ойнату 69

Толық авто түсіру (Интеллектуалды авто көрініс)	70
Толық авто техникалар (Интеллектуалды авто көрініс)	74
Арнайы көрініс режимі	78
Портреттерді түсіру	79
Тегіс тері реңкімен портреттер түсіру	80
Топтық фотосуреттер түсіру	81
Ландшафттарды түсіру	82
Жылжымалы нысандарды түсіру	83
Балаларды фотосуретке түсіру	84
Жақыннан түсірулер	85
Тағамды түсіру	86
Шам жарығы портреттерін түсіру	87
Түнгі портреттерді түсіру (Мосымен)	88
Түнгі көріністерді түсіру (Қолмен)	89
Артқы жарығы бар көріністерді түсіру	90
Шығармашылық сүзгі әсерлерімен түсіру	93
Жылдам басқару	99
Ашықтықты реттеу	100
Суретті ойнату	101

AF және жетек режимдерін орнату 103

Автофокустау операциясын өзгерту	104
AF нүктесін таңдау	108
Фокусталуы қиын нысандар	110
Жетек режимін таңдау	112

Сурет параметрлері 114

Сурет сапасын орнату	115
Фотосуреттер үшін ISO көрсеткішін орнату	118
Picture Style параметрін таңдау	121
Picture Style параметрін теңшеу	124
Picture Style параметрін тіркеу	127

Жарық көзін сәйкестендіру	129
Жарық көзі үшін түс реңкін реттеу	133
Ашықтық пен контрастты авто түзету	136
Ашық реңк артықшылығы	137
Шуды азайтуды орнату	138
Оптикалық сипаттамаларға байланысты объектив абберациясын түзету	141
Түсті жаңғырту ауқымын орнату	145

Фотосурет әсерлері үшін кеңейтілген операциялар 146

Бағдарламалық АЕ (Р режимі)	147
Нысан қозғалысын жеткізу (Tv режимі)	149
Ашықтық тереңдігін өзгерту (Av режимі)	152
Қол экспозициясы (М режимі)	155
Өлшеу режимін өзгерту	158
Қажетті экспозиция компенсациясын орнату	160
Автоэкспозиция брекетінгі	162
Экспозицияны құлыптау	164
Камера дірілінің бұлдырын азайту үшін айнаны блоктау	165
AF көмекші сәулесі параметрлері	167

Жарқылмен суретке түсіру 168

Кірістірілген жарқылды пайдалану	169
Сыртқы Speedlite жарқылды пайдалану	174
Жарқыл функциясын орнату	175

СКД монитормен түсіру (Live View арқылы түсіру) 180

СКД монитормен түсіру	181
Түсіру функциясының параметрлері	187
Шығармашылық сүзгі әсерлерімен түсіру	188
Мәзір функциясының параметрлері	192
Автофокустау операциясын өзгерту	195
AF функциясымен фокустау	197
Адамдардың көздерін фокустау	204
Үздіксіз AF параметрін орнату	205

Өздігінен түсіруді реттейтін таймерді пайдалану	206
Сенсорлы ысырма арқылы түсіру	208
Автопортрет түсіру (Селфи)	210
MF: Қолмен фокустау	212
Фильмдерді түсіру	217
Фильмдерді түсіру	218
Түсіру функциясының параметрлері	227
Фильм жазу өлшемін орнату	228
Фильмді сандық үлкейтуді пайдалану	231
Сандық фильм IS	232
HDR фильмдерін жазу	234
Фильмдерді шығармашылық сүзгі әсерлерімен түсіру	235
Уақыт үзілісі бар фильмдер түсіру	238
Видео кескіндер жазу	245
Мәзір функциясының параметрлері	250
Пайдалы мүмкіндіктер	259
Пайдалы мүмкіндіктер	260
Сенсорды авто тазалау	273
Шаңды жою деректерін қосу	274
Сенсорды қолмен тазалау	276
HDMI шығысының ажыратымдылығы	278
RAW суретін HDR TV теледидарында ойнату	279
Суретті ойнату	280
Суреттерді жылдам іздеу	281
Суреттерді үлкейту	284
Сенсорлы экран арқылы ойнату	285
Суретті бұру	287
Бағалауларды орнату	288
Ойнату үшін суреттерді сүзу	291
Ойнату үшін жылдам басқару	293
Фильмдерді көру	295

Фильмдерді ойнату	296
Фильмнің бастапқы және соңғы көріністерін өңдеу	299
Кадрды 4K фильмдерінен немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмдерден алу	301
Слайд-шоу (Авто ойнату)	303
Теледидарда ойнату	305
Суреттерді қорғау	307
Суреттерді жою	310
Басып шығаруға дайындау	313
Басып шығару	315
Digital Print Order Format (DPOF)	316
Фотосуреттер кітапшасы үшін суреттерді көрсету	320
Түсіру ақпаратының дисплейі	323

Суреттерді кейінгі өңдеу 328

Шығармашылық сүзгі әсерлерін қолдану	329
Таңдаулы әсерлеріңізді қолдану (Шығармашылық көмекші)	332
Қызыл көз әсерін түзету	334
Видео кескін альбомдарын өңдеу	335
JPEG суреттерінің өлшемін өзгерту	338
JPEG суреттерін қию	340
Ойнату басталғанда бастапқы сурет дисплейін көрсету	343

Сымсыз мүмкіндіктер 344

Сымсыз байланыс функциялары арқылы орындауға болатын әрекеттер	345
Қойынды мәзірлері: Сымсыз қойындысы	346
Wi-Fi/Bluetooth қосылымын таңдау	347
Смартфонға қосылу	349
Компьютерге Wi-Fi арқылы қосылу	374
Принтерге Wi-Fi арқылы қосылу	381
Суреттерді веб-қызметке жіберу	391
Кіру нүктелері арқылы Wi-Fi қосылымы	405
Сымсыз қашықтықтан басқару құралына қосылу	410
Wi-Fi арқылы қайта қосылу	413

Бірнеше қосылым параметрлерін тіркеу	415
Wi-Fi параметрлері.....	416
Bluetooth параметрлері.....	417
Бүркеншік атауды өзгерту.....	418
Суреттерді басқа құрылғылардан алынған GPS ақпаратымен геотегтеу	419
Қосылым параметрлерін өзгерту немесе жою	423
Сымсыз байланыс параметрлерін әдепкі күйіне тазалау	425
Ақпаратты қарау экраны.....	426
Виртуалды пернетақтаны басқару	427
Қате хабарларына жауап беру	428
Сымсыз байланыс функциясының ескертпелері.....	439
Қауіпсіздік	441
Желі параметрлерін тексеру	442
Сымсыз байланыс күйі	443
Камераны реттеу	445
Теңшелетін функцияларды орнату	446
Теңшелетін функция параметрінің элементтері	448
«Менің мәзірім» мәзірін тіркеу	455
Анықтама	459
Батарея туралы ақпаратты тексеру.....	460
Үй электр желісінің розеткасын пайдалану	461
Түсіруді қашықтан басқару	463
Көзқалқанды алып тастау.....	464
Ақаулықтарды жою нұсқауы	465
Қате кодтары	477
Бағдарламалық жасақтаманың іске қосу нұсқаулығы / Суреттерді компьютерге жүктеу	483
Бағдарламалық жасақтаманы шолу	484
Бағдарламалық жасақтама нұсқаулықтарын (PDF файлдары) жүктеп алу және қарау жолы.....	485
Суреттерді компьютерге жүктеу	486
Индекс.....	488

Қауіпсіздік сақтандырулары

Келесі сақтандырулар сізді және басқаларды зияннан не жарақаттан қорғау үшін берілген. Өнімді пайдаланбастан бұрын осы сақтандыруларды міндетті түрде мұқият түсініп, орындаңыз.



Ескертулер:

Төмендегі ескертулерді орындаңыз. Болмаса, өлім немесе қауіпті жарақат туындауы мүмкін.

- Өрт, қызып кету, химиялық зат ағуының, жарылыстардың және ток соғудың алдын алу мақсатында төмендегі сақтық шараларын орындаңыз:
 - Осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілмеген қандай да бір батареяларды, қуат көздерін және қосалқы құралдарды пайдаланбаңыз. Қандай да бір қолдан жасалған немесе өзгертілген батареяларды немесе зақымдалған жағдайда өнімді пайдаланбаңыз.
 - Батареяны қысқа тұйықтамаңыз, бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз. Батареяны қыздыруға немесе ерітуге болмайды. Батареяны өртке немесе суға тастамаңыз. Батареяны қатты физикалық соққыға қалдырмаңыз.
 - Батареяның плюс және минус жақтарын дұрыс емес етіп салмаңыз.
 - Батареяны рұқсат етілген зарядтау (жұмыс) температурасының ауқымынан тыс температураларда зарядтамаңыз. Сондай-ақ, пайдалану нұсқаулығында көрсетілген зарядтау уақытынан асырмаңыз.
 - Камераның электр байланыстарына, қосалқы құралдарына, байланыс кабельдеріне, т.б. кез келген басқа металл нысандарды орнатпаңыз.
- Батареяны тастау кезінде электрлік түйіспелерді таспамен оқшаулаңыз. Басқа металл заттарға немесе батареяларға тиген жағдайда өртті немесе жарылысты тудыруы мүмкін.
- Егер батареяны зарядтау барысында қатты ыстық, түтін немесе бу таралса, зарядтауды тоқтату үшін зарядтау құрылғысын қуат розеткасынан бірден ажыратыңыз. Болмаса, ол өртті, ыстықтан зақымдануды немесе ток соғуды тудыруы мүмкін.
- Егер батарея ағатын болса, түсі өзгерсе, деформацияланса немесе түтін не бу шығарса, оны дереу алып тастаңыз. Процесс барысында күйіп қалудан сақ болыңыз. Оны пайдалануды жалғастырсаңыз, ол өртті, ток соғуды немесе күюді тудыруы мүмкін.
- Батареяның қандай да бір ағуының көз, тері және киімге тиіп кетуінің алдын алыңыз. Ол соқырлыққа немесе тері мәселелеріне әкеліп соғуы мүмкін. Батарея ағуы көзге, теріге немесе киімге тисе, тиген жерді уқаламай таза сумен шайыңыз. Дереву дәрігерге хабарласыңыз.
- Жылу көзінің жанында ешбір сым қалдырмаңыз. Ол сымды деформациялауы немесе оқшаулауды балқытуы мүмкін және өрт немесе электр тогының пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Камераны бір күйде ұзақ уақыт ұстамаңыз. Камераның өте ыстық болғаны сезілмесе де, оның бір дене мүшесіне ұзақ уақыт тиіп тұруы терінің қызаруына немесе терінің төмен температурадан болатын күйіктерге байланысты күлдіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. Камераны өте ыстық жерлерде пайдаланғанда немесе қанайналым проблемалары немесе тері сезімталдығы төмен адамдар үшін мосыны пайдалану ұсынылады.
- Жарқылды көлік немесе басқа транспортты жүргізіп келе жатқан адамға жақпаңыз. Ол жол апатына себеп болуы мүмкін.
- Камера немесе қосалқы құралдар қолданыста емес кезде, оны сақтамастан бұрын батареяны міндетті түрде шығарып, қуат ашасын және қосу кабельдерін жабдықтап ажыратыңыз. Бұл ток соғудан, қатты қызудан, өрттен және шіруден қорғайды.

- Жанар газ бар жерде жабдықты пайдаланбаңыз. Бұл жарылыс немесе өртті болдырмау үшін орындалады.
- Егер сіз жабдықты құлатсаңыз және қаптама сынып, әсерленген ішкі бөліктері ашылса, ішкі бөліктерге тиеніңіз. Ток соғу ықтималдығы бар.
- Жабдықты бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз. Жоғары вольтты ішкі бөліктер электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.
- Камера немесе объектив арқылы күн көзіне не өте ашық жарық көзіне қарамаңыз. Бұлай жасау көру қабілетіңізді зақымдауы мүмкін.
- Жабдықты (соның ішінде оны пайдаланған кезде) балалар мен нәрестелер жетпейтін жерде сақтаңыз. Баулар не сымдар тұншығу, ток соғу не жарақат алу қауіптерін төндіреді. Тұншығып не жарақат алу қаупі бала не нәресте камера бөлшегін не қосалқы құралды абайсызда жұтқан кезде де орын алуы мүмкін. Егер бала не нәресте бөлшекті не қосалқы құралды жұтса, бірден дәрігерге кеңесіңіз.
- Жабдықты шаңды немесе ылғалды жерлерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Сол сияқты, батареяны металл заттардан алыс және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін оның қорғаныс қаппағын жабулы күйде сақтаңыз. Бұл өрттен, қатты ыстықтан, ток соғудан және күйіктерден қорғайды.
- Камераны ұшақ немесе емханада пайдаланбастан бұрын оның рұқсат етілгендігін тексеріңіз. Камера арқылы таралатын электромагниттік толқындар ұшақтың құралдарына немесе емхананың медициналық жабдығына кедергі келтіруі мүмкін.
- Өрт және электр тогы соғуының алдын алу үшін төмендегі шараларды орындаңыз:
 - Қуат ашасын әрқашан толығымен енгізіңіз.
 - Қуат ашасын су қолыңызбен ұстамаңыз.
 - Қуат ашасын шығарған кезде сымның орнына ашаны қысып тартыңыз.
 - Сымды сырмаңыз, кеспеңіз немесе шамадан тыс бүкпеңіз немесе сымға ауыр заттарды қоймаңыз. Сондай-ақ, сымдарды бұрамаңыз және байламаңыз.
 - Бір қуат розеткасына тым көп қуат ашаларын жалғамаңыз.
 - Сымды зақымдалған немесе изоляциясы зақымдалған сымды пайдаланбаңыз.
- Қуат ашасын мерзімді түрде ажыратып, қуат розеткасының айналасындағы шаңды құрғақ шүберекпен тазалап тұрыңыз. Айналасы шаң, ылғалды немесе майлы болса, қуат розеткасындағы шаң ылғалданып, розеткадағы қысқа тұйықталу өртке әкеліп соғу мүмкін.
- Батареяны ток розеткасына немесе көліктің темекі оттығының розеткасына тікелей қоспаңыз. Батарея ағуы, қатты қызуы немесе жарылуы мүмкін, осылайша өрті, күюді немесе жарақатты тудырады.
- Өнімді балалар пайдаланғанда ересек адам өнімді пайдалану жолын мұқият түсіндіруі қажет. Балалар өнімді пайдаланғанда оларды бақылаңыз. Дұрыс пайдаланбау ток соғуды немесе жарақатты тудыруы мүмкін.
- Объективті немесе объективке тіркелген камераны объектив қаппағы жабылмаған күйде күннің астында қалдырмаңыз. Болмаса, объектив күн сәулелерін шоғырландырып, өртке себеп болуы мүмкін.
- Өнімді пайдалану кезінде оны матамен жаппаңыз немесе орамаңыз. Ол қаптаманың ішінде жылуды жинап, оның деформациялануына әкелуі немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Камераны ылғалдап алудан абай болыңыз. Егер өнімді суға құлатып алсаңыз немесе металл зат өнім ішіне түссе, батареяны бірден ажыратыңыз. Бұл өрттен, ток соғудан немесе күйіктерден қорғайды.
- Өнімді тазалау үшін бояу езгіш, бензол немесе басқа органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз. Ол өртке әкелуі немесе денсаулыққа қауіп тудыруы мүмкін.



Сақтықтар:

Төмендегі сақтық шараларын орындаңыз. Болмаса, адам жарақаттануы немесе мүлік зақымдалуы мүмкін.

- Өнімді күн астындағы көліктің іші сияқты температурасы жоғары орында пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Өнім қызып кетіп, күйге себеп болуы мүмкін. Олай істеу батареяның ағуына немесе жарылуына, осылайша өнімділіктің төмендеуіне немесе өнімнің қызмет мерзімін қысқартуға әкелуі мүмкін.
- Мосыға тіркелген камераны тасымалдамаңыз. Олай істеу жарақатқа немесе апатқа себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, мосының камера және объективті орнату үшін берік екендігін тексеріңіз.
- Өнімді температурасы төмен ортада ұзақ уақыт бойы қалдырмаңыз. Өнім суып, тиген кезде жарақатты тудыруы мүмкін.
- Жарқылды көзге жақын жерде жақпаңыз. Ол көзді жарақаттауы мүмкін.

Сақтық шаралары

Камераға күтім жасау

- Бұл камера дәл құрал болып табылады. Оны құлатып не соғып алмаңыз.
- Камера су өткізетіндіктен, оны су астында пайдалануға болмайды. Егер камераны кенет суға құлатып алсаңыз, дереу ең жақын Сапон қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Су тамшыларын құрғақ әрі таза матамен сүртіңіз. Егер камера тұзды ауаға ұшыраған болса, оны таза, жақсы сығылған ылғалды матамен сүртіңіз.
- Камераны магнит не электр қозғалтқышы сияқты қатты магниттік өріске ие заттардың жанында ешқашан қалдырмаңыз. Үлкен антенна сияқты қатты радио толқындарды шығаратын заттардың жанында камераны пайдаланбаңыз не қалдырмаңыз. Қатты магниттік өрістер камераның дұрыс жұмыс істемеуіне не сурет деректерінің бұзылуына себеп бола алады.
- Камераны тікелей күн сәулесі астындағы көлік сияқты шамадан тыс ыстық орындарда қалдырмаңыз. Жоғары температура камераның ақаулығына себеп болуы мүмкін.
- Камера дәл электронды схеманы қамтиды. Камераны ешқашан өз бетіңізбен бөлшектеуге әрекеттенбеңіз.
- Кірістірілген жарқылды саусақпен не тағы басқамен бөгемеңіз. Бұлай жасау ақаулыққа себеп болуы мүмкін.
- Объективке, көріністапқышқа, шағылысатын айнаға, фокустау экранына, т.б. тұрған шаңды үрлеу үшін сатып алуға болатын үрлегішті пайдаланыңыз. Камера корпусын немесе объективті тазалау үшін органикалық ерітінділерді қамтитын тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Қатты ластанған болса, камераны ең жақын Сапон қызмет көрсету орталығына апарыңыз.
- Камераның электр байланыстарын саусақтармен түртпеңіз. Бұл байланыстарды тоттанудан қорғайды. Тоттанған байланыстар камераның дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер камераны суықтан жылы бөлмеге жылдам ауыстыратын болсақ, камера мен оның ішкі бөліктерінде конденсат түзілуі мүмкін. Конденсацияны болдырмау үшін камераны алдымен герметикалық пластик дорбаға салып, дорбадан шығармас бұрын жоғары температураға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.
- Егер камерада конденсат түзілсе, камераны пайдаланбаңыз. Бұл камераның зақымдалуын болдырмау үшін жасалады. Егер конденсат пайда болса, камерадан объектив, карта және батареяны алып, камераны пайдалану алдында конденсация буланғанша күтіңіз.

- Егер камера ұзақ мерзім пайдаланылмайтын болса, батареяны алып, камераны салқын, құрғақ, жақсы желдетілетін орында сақтаңыз. Тіпті, камера сақтауда болған кезде камераның әлі де дұрыс жұмыс істейтіндігін тексеру үшін ысырма түймесін бірнеше рет басыңыз.
- Камераны химиялық зертхана сияқты тот пен коррозияға алып келетін химиялық заттары бар жерде сақтамаңыз.
- Егер камера ұзақ мерзім пайдаланылмаған болса, оны пайдаланбас бұрын барлық функцияларын сынаңыз. Егер камера біраз уақыт пайдаланылмаған болса не шетелге саяхат жасау сияқты маңызды түсірілім жақындаса, камераны жақын жердегі Canon қызмет көрсету орталығына тексертіп не өз бетіңізбен тексеріп, дұрыс жұмыс істейтіндігін тексеріңіз.
- Егер үздіксіз түсіруді қайталасаңыз немесе Live View арқылы түсіруді не фильмге түсіруді ұзақ уақыт бойы орындасаңыз, камера ысып кетуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Егер сурет аймағының ішінде немесе сыртында ашық жарық көзі бар болса, қосақталып көріну пайда болуы мүмкін.

СКД монитормы

- СКД монитормы 99,99% тиімді пиксельмен өте жоғары дәлдікті технологиямен өндірілсе де, пиксельдің 0,01 %-ы немесе одан азы белсенді емес болуы және қара, қызыл немесе басқа түсті нүктелер де болуы мүмкін. Жарамсыз пиксельдер ақау болып саналмайды. Олар жазылған суреттерге әсер етпейді.
- Егер СКД монитормы ұзақ мерзімде қала берсе, көрсетілгеннің қалғандарын көрген жерде экран жаттықтандыруы орын алуы мүмкін. Дегенмен, бұл уақытша жағдай және камера бірнеше күн бойы пайдаланылмай қалғанда жойылады.
- СКД монитормының дисплейі аздап төмен температурада баяу немесе жоғары температурада қара болып көрінуі мүмкін. Ол бөлме температурасында қалыпты күйге оралады.

Карталар

Картаны және оған жазылған деректерді қорғау үшін келесілерді ескеріңіз:

- Картаны құлатпаңыз, майыстырмаңыз және суламаңыз. Оны ауыр күшке, соққыға не дірілге салмаңыз.
- Картаның электронды байланыстарына саусақтармен не кез келген металл затпен тимеңіз.
- Картаға жапсырмаларды және тағы басқаларын жабыстырмаңыз.


- Теледидар, динамиктер не магниттер сияқты қатты магниттік өрістерге ие заттардың жанында картаны сақтамаңыз не пайдаланбаңыз. Сондай-ақ, статикалық электрге бейім орындарға жоламаңыз.
- Картаны тікелей күн сәулесі не жылу көзінің жанында қалдырмаңыз.
- Картаны қорапта сақтаңыз.
- Картаны ыстық, шаңды не ылғалды орындарда сақтамаңыз.

Сенсордың алдыңғы жағына жабысатын дақтар


Камераның сыртынан енетін шаңнан бөлек, сирек жағдайларда сенсордың алдыңғы жағына камераның ішкі бөліктерінен шығатын май жағылуы мүмкін. Суреттерде жағындылар көрінсе, Canon қызмет көрсету орталығына сенсорды тазалату ұсынылады.

Объектив


Объективті камерадан ажыратқан соң, объектив беті мен электр байланыстарының зақымдалуын болдырмау үшін объективтің артқы шетін жоғары қаратып қойып, объективтің артқы қақпақтарын (1) бекітіңіз.



Бөлшек атаулары




- | | |
|--|--|
| (1) Объектив бекіткіші | (13) Айна |
| (2) Объектив фиксаторы | (14) Объективті босату түймесі |
| (3) Тұтқа | (15) Байланыстар |
| (4) EF-S объектив бекіткішінің индексі | (16) Қашықтан басқару ұясы |
| (5) EF объектив бекіткішінің индексі | (17) Сыртқы микрофонның IN ұясы |
| (6) Ысырма түймесі | (18) Сериялық нөмір |
| (7) Негізгі диск | (19) Мосы ұяшығы |
| (8) Белдік қондырғысы | (20) Карта ұяшығы/Батарея бөлімінің қақағы |
| (9) Кірістірілген микрофондар | (21) Карта ұяшығы/Батарея бөлімі қақағының құлпы |
| (10) Кірістірілген жарқыл/AF көмекші сәуле шығарғыш | (22) Тұрақты ток сымының ұясы |
| (11) Динамик | (23) Корпус қақағы |
| (12) $\langle \ominus \rangle$ Фокальді жазықтық белгісі | |



- | | |
|--|--|
| <p>(1) СКД монитор/Сенсорлы экран
Солға қарай шамамен 180°-қа
ашылады және жоғары және төмен
бұрылады.</p> <p>(2) <INFO> (Ақпарат) түймесі</p> <p>(3) <MENU> (Мәзір) түймесі
Мәзір экрандарын көрсету үшін
пайдаланылған.</p> <p>(4) Көзқалқан</p> <p>(5) Көріністапқыш окуляры</p> <p>(6) Тікелей қосу байланысы</p> <p>(7) Жарқылды үндестіру байланыстары</p> <p>(8) Диоптрикалық реттеу тұтқасы</p> <p>(9) Режим дискісі</p> <p>(10) <ISO> (ISO көрсеткішінің параметрі)
түймесі</p> <p>(11) <DISP> (Дисплей) түймесі</p> <p>(12) Қуат қосқышы</p> <p>(13) HDMI шағын ШЫҒЫС ұясы</p> <p>(14) Сандық ұя</p> | <p>(15) <📷> (Live View арқылы түсіру/
Фильм түсіру) түймесі
Көріністапқыш дисплейінен Live
View дисплейіне ауыстырады. Қуат
қосқышы <🔋> күйіне орнатылған
кезде жазуға болады.</p> <p>(16) <Av/☒> (Апертура/Экспозиция
компенсациясы) түймесі</p> <p>(17) <☒> (AF нүктесін таңдау)/<Q>
(Үлкейту түймесі) түймесі</p> <p>(18) <★> (AE құлпы/FE құлпы)/<☒-Q>
(Индекс/Азайту) түймесі</p> <p>(19) <Q> (Жылдам басқару)/<SET>
(Параметр) түймесі
Жылдам басқару экранын көрсетеді.
Сондай-ақ, таңдалған параметрлерді
расталу үшін пайдаланылады.</p> <p>(20) <▲><▼><◀><▶>: <🔍> жылжу
пернелері</p> <p>(21) Қатынасу шамы</p> <p>(22) <🖼️> (Жалғыз суретті өшіру) түймесі</p> <p>(23) <🔄> (Ойнату) түймесі</p> |
|--|--|

Режим дискісі

Режим дискісі негізгі аймақ режимі және шығармашыл аймақ режимдерін қамтиды.



(1) Негізгі аймақ

Барлық істейтініңіз — ысырма түймесін басу. Камера түсіру үшін нысан не көрініске үйлесу үшін барлығын орнатады.


A+ : Интеллектуалды авто көрініс (📖70)

SCN : Арнайы көрініс (📖78)

	Портрет (📖79)		Жақыннан түсіру (📖85)
	Тегіс тері (📖80)		Тағам (📖86)
	Топтық фотосурет (📖81)		Шам жарығы (📖87)
	Ландшафт (📖82)		Түнгі портрет (📖88)
	Спорт (📖83)		Қолмен түсірілетін түнгі көрініс (📖89)
	Балалар (📖84)		HDR артқы жарығын басқару (📖90)

: Шығармашыл сүзгілер (📖93)

	Қиыршықты Қ/А (📖95)		Шағын әсері (📖96)
	Жұмсақ фокустау (📖95)		HDR стандартты сурет (📖96)
	«Балық көзі» әсері (📖95)		HDR ашық сурет (📖96)
	Акварель әсері (📖95)		HDR қалың сурет (📖96)
	Ойыншық камера әсері (📖95)		HDR ерекшеленген сурет (📖96)



(2) Шығармашыл аймақ

Бұл режимдер әр түрлі нысандар түсірілімін қажетінше басқаруға мүмкіндік береді.


P : Бағдарламалық АЕ (📖 147)

Tv : Ысырма артықшылығы бар АЕ (📖 149)

Av : АЕ апертура артықшылығы (📖 152)

M : Қол экспозициясы (📖 155)

Көріністапқыш ақпаратының дисплейі




- | | |
|-----------------------------------|--|
| (1) Фокустау экраны | (12) Ысырма жылдамдығы |
| (2) Нүктелік өлшеу шеңбері | Шам экспозициясы (buLb) |
| (3) AF нүктесін қосу көрсеткіші | FE құлпы (FEL) |
| (4) AF нүктесі | Бос емес (buSy) |
| (5) Жоғары жылдамдықты синхрондау | Кірістірілген жарқыл зарядталуда |
| FE құлпы / FEB орындалуда | (buSy) |
| (6) AE құлпы / AEB орындалуда | Карта жоқ туралы ескерту (Card) |
| (7) Ескерту белгішесі | Карта қатесі (Card) |
| (8) ISO көрсеткішінің индикаторы | Карта толы ескертуі (FuLL) |
| (9) Фокустау көрсеткіші | Қате коды (Err) |
| (10) Жарқылға дайын | (13) Апертура |
| Дұрыс емес FE құлпы | (14) Экспозиция компенсациясы |
| ескерту | (15) Экспозиция деңгейінің көрсеткіші/ |
| (11) Жарқыл экспозициясының | Экспозиция компенсациясының |
| компенсациясы | шамасы/AEB ауқымы |
| | (16) Ашық реңк артықшылығы |
| | (17) ISO көрсеткіші |
| | (18) Максималды жарқыл |

- Дисплей ағымда қолданылған параметрлерді ғана көрсетеді.


LC-E17E зарядтау құрылғысы

LP-E17 батарея жинағының зарядтау құрылғысы (📖 35).



Жұмысты бастау және негізгі камера операциялары


Бұл тарауда түсіруді бастаудың алдындағы дайындық қадамдары және камераның негізгі операциялары сипатталады.



Берілген бауды тағу


Баудың шетін төменде орналасқан камераның белдік қондырғысының көзі арқылы өткізіңіз. Одан кейін оны суретте көрсетілгендей баудың айылбасы арқылы өткізіңіз. Кез келген босанды алу үшін бауды тартыңыз және оның айылбастан босамағанын тексеріңіз.

Батарейаны зарядтау




1 Қорғаныс қақпағын алыңыз.

- Батарейамен берілген қорғаныс қақпағын ажыратыңыз.



2 Батарейаны салыңыз.

- Суретте көрсетілгендей, батареяны зарядтау құрылғысына салыңыз.
- Батарейаны ажырату үшін жоғарыда көрсетілген рәсімді кері ретпен орындаңыз.



3 Батарейаны зарядтаңыз.

- Қуат сымын зарядтау құрылғысына жалғаңыз және айырды розеткаға қосыңыз.
- ➔ Зарядтау автоматты түрде басталады және зарядтау шамы (1) қызғылт сары болып жанады.
- ➔ Батарея толығымен зарядталған кезде, толық зарядталу шамы (2) жасыл болып жанады.

- Заряды таусылған батареяны бөлме температурасында (23°C) толығымен зарядтауға шамамен 2 сағат кетеді. Батарейаны зарядтауға жұмсалатын уақыт орта температурасына және батареяның қалған зарядына байланысты әр түрлі болады.
- Қауіпсіздік себебінен төмен температурада зарядтау (5°C - 10°C) көбірек уақыт алады (шамамен 4 сағатқа дейін).



Батареяны және зарядтау құрылғысын пайдалану кеңестері

- **Сатып алынған кезде батарея толығымен зарядталмаған болады.**
Пайдалану алдында батареяны зарядтаңыз.
 - **Батареяны пайдаланудан бір күн бұрын немесе пайдаланылатын күні зарядтаңыз.**
Тіпті сақтаған кезде зарядталған батарея біртіндеп әлсірейді және оның заряды таусылады.
 - **Батареяны зарядтағаннан кейін оны ажыратыңыз және зарядтау құралын розеткадан алыңыз.**
 - **Камераны пайдаланбаған кезде батареяны алып тастаңыз.**
Егер батарея камера ішінде ұзақ уақытқа қалса, қуат тогының аз бөлігі босатылады және ол зарядтың жылдам таусылуына және батареяның жарамдылық мерзімінің қысқаруына себеп болады. Батареяны қорғаныс қақпағын (берілген) бекітіп сақтаңыз. Батареяны толығымен зарядтап сақтау оның өнімділігін нашарлатуы мүмкін.
 - **Сондай-ақ, зарядтау құрылғысын басқа елдерде де пайдалануға болады.**
Зарядтау құрылғысы 100 В АТ - 240 В АТ 50/60 Гц қуат көзімен үйлесімді болып табылады. Қажет болса, тиісті ел немесе аймақ үшін сатып алуға болатын аша адаптерін жалғаңыз. Зарядтау құрылғысына ешқандай тасымалды кернеу трансформаторын жалғамаңыз. Осылай істеу зарядтау құрылғысын зақымдауы мүмкін.
 - **Егер батарея толығымен зарядталғаннан кейін де жылдам таусылатын болса, ол батареяның қызмет көрсету мерзімінің аяқталғандығын білдіреді.**
Батареяның қайта зарядтау өнімділігін тексеріңіз (📖460) және жаңа батарея сатып алыңыз.
- 
 - Зарядтау құрылғысының қуат ашасын ажыратқаннан кейін айырға шамамен 5 сек. тиіменіз.
 - LP-E17 батарея жинағынан басқа ешбір батареяны зарядтамаңыз.
 - LP-E17 батарея жинағы тек Canon өнімдеріне арналған. Оны үйлесімді емес зарядтау құрылғысымен немесе өніммен пайдалану Canon жауапты бола алмайтын ақаулықтарға немесе сәтсіз оқиғаларға себеп болуы мүмкін.


Батарея мен картаны орнату және алу

Толығымен зарядталған LP-E17 батарея жинағын камераға салыңыз. Камера SD, SDHC немесе SDXC жад картасын да пайдалануы мүмкін (бөлек сатылады). UHS-I Speed Class SDHC және SDXC жад карталарын пайдалануға да болады. Түсірілген суреттер картаға жазылады.




- Жазу/өшіруді іске қосу үшін картаның жазудан қорғау қосқышының жоғары күйге орнатылғандығын тексеріңіз.

Батарея және картаны орнату




1 Қақпақты ашыңыз.

- Қақпақты ашу үшін тетікті көрсетілгендей сырғытып, қақпақты ашыңыз.




2 Батареяны салыңыз.

- Батарея байланыстары бар шетін енгізіңіз.
- Батареяны өз орнында құлыпталғанша енгізіңіз.



3 Картаны салыңыз.

- Картаның жапсырма жағын камераның артына қарай, суретте көрсетілгендей бетімен қаратып, сырт еткенше енгізіңіз.



4 Қақпақты жабыңыз.

- Қақпақты сарт етіп жабылғанша басыңыз.
- Қуат қосқышын <ON> күйіне орнатқан кезде мүмкін болатын түсірілімдер саны СКД мониторында көрсетіледі.




- Карта ұяшығы/батарея бөлімінің қақпағын ашқаннан кейін оны артқа одан ары бұрудан сақ болыңыз. Болмаса, ілгек бұзылуы мүмкін.



- Мүмкін болатын түсірілімдер саны қалған картаның сыйымдылығына, сурет жазу сапасына, ISO көрсеткішіне және т.б. байланысты өзгереді.
- [📷: Release shutter without card/📷: Ысырманы картасыз босату] параметрін [Disable/Өшіру] мәніне орнату түсіруден бұрын картаны салуды ұмытуды болдырмайды (📖260).


Батарея мен картаны алу



1 Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатыңыз (📖41).


2 Қақпақты ашыңыз.

- Қатынасу шамының өшірілгеніне көз жеткізіп, одан кейін қақпақты ашыңыз.
- Егер [Saving.../Сақталуда...] көрсетілсе, қақпақты жабыңыз.



3 Батареяны шығарып алыңыз.

- Көрсеткімен көрсетілгендей батареяның құлыптау тетігін басып, батареяны алыңыз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін батареяға берілген қорғаныс қақпағының тіркелгенін тексеріңіз (📖35).



4 Картаны алыңыз.

- Картаны шығару үшін оны ақырындап итеріңіз және жіберіңіз.
- Картаны тартып алыңыз.



5 Қақпақты жабыңыз.


- Қақпақты сарт етіп жабылғанша басыңыз.




- Қатынасу шамы жанса немесе жыпылықтаса, бұл суреттердің картаға жазылып немесе оқылып жатқандығын, өшіріліп немесе деректердің тасымалданып жатқандығын білдіреді. Карта ұяшығы/батарея бөлімінің қақпағын ашпаңыз. Сонымен қатар, қатынасу шамы жанғанда не жыпылықтаған кезде төмендегі әрекеттердің ешбірін орындамаңыз. Болмаса, ол сурет деректерін, картаны немесе камераны зақымдауы мүмкін.
 - Картаны алу.
 - Батареяны шығарып алу.
 - Камераны шайқау немесе оны соғу.
 - Қуат сымын ажырату және қосу (үй электр желісі розеткасының қосалқы құралдары (бөлек сатылады, 461) пайдаланылғанда).
- Егер картада әлдеқашан жазылған суреттер бар болса, сурет файлының нөмірі 0001 болып басталмауы мүмкін (265).
- Егер СКД мониториянда картаға қатысты қате туралы хабар көрсетілетін болса картаны алып, қайта салыңыз. Егер қате түзетілмесе басқа картаны пайдаланыңыз. Егер сіз картадағы суреттерді компьютерге тасымалдай алсаңыз, барлық суреттерді тасымалдаңыз және картаны камера арқылы пішімдеңіз (66). Карта одан кейін қалыпты күйге оралуы мүмкін.
- Картаның байланыстарына саусақтарыңызбен немесе металл заттармен тимеңіз. Байланыстарға шаң немесе судың тиюін болдырмаңыз. Байланыстарға кір жабысса, байланыстардың ақаулығы орын алуы мүмкін.
- Мультимедиа карталарын (MMC) пайдалану мүмкін емес. (Карта қатесі көрсетіледі.)

СКД мониторын пайдалану

СКД мониторын ашқаннан кейін мәзір функцияларын орнатып, Live View арқылы түсіруді пайдаланып, фильмдерді түсіріп немесе фотосуреттер мен фильмдерді ойната аласыз. СКД мониторының бағыты мен бұрышын өзгерте аласыз.




1 СКД мониторын ашыңыз.



2 СКД мониторын бұрыңыз.

- СКД монитори тербеліп тұрған кезде, оны жоғары, төмен не 180°-тан жоғары нысанға қарайтындай етіп бұруға болады.
- Көрсетілген бұрыш тек шамалап алынған.



3 Өзіңізге қарай бетімен қаратыңыз.

- Әдетте, камераның СКД монитори сізге қарап тұрады.




- Бұру осіне (өзек) қатты күш түсіріп СКД мониторын күштеп бұрамаңыз.
- Кабель камера ұясына қосылғанда, аударылған СКД мониториның бұру бұрышының ауқымы шектеулі болады.



- Камераны пайдаланбаған жағдайда, СКД мониторын ішіне қаратылған экранмен бірге жабыңыз. Экранды қорғауыңызға болады.
- Live View арқылы түсіру не фильмді түсіру барысында, СКД мониторын нысанға қарату экрандағы (оң жаққа/сол жаққа аударылған) айна суретін көрсетеді.

Қуатты қосу

Егер қуат қосқышын қосып, күн/уақыт/белдеуді орнату экраны пайда болса, күн/уақыт/белдеуді орнату үшін 43-бет-бетті қараңыз.



- < > :Камераны қосыңыз. Фильмдерді түсіруге болады (📖218).
- < ON > :Камера қосылады. Фотосуреттер түсіруге болады.
- < OFF > :Камера өшіріледі және жұмыс істемейді. Камераны пайдаланбаған кезде қуат қосқышын осы күйге орнатыңыз.

Сенсорды авто тазалау

- Қуат қосқышын <ON> не <OFF> күйіне орнатқан кезде сенсорды тазалау автоматты түрде орындалады. (Қысқа дыбыс естілуі мүмкін.) Сенсорды тазалау кезінде СКД монитори < > белгішесін көрсетеді.
- Сенсорды тазалау кезінде де ысырма түймесін жартылай бассаңыз (📖50), тазалау операциясы тоқтайды және бірден суретке түсіре аласыз.
- Егер сіз қуат қосқышын қысқа аралықта <ON> және <OFF> күйіне қайталап қойсаңыз, < > белгішесі көрсетілмеуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ақаулық емес.

Автоматты қуат өшіру


Камера ұзақ уақыт бойы жұмыс істемесе, батарея қуатын үнемдеу үшін қуат [: Auto power off/ : Автоматты қуат өшіру] астында орнатылған уақыттан кейін автоматты түрде өшеді (📖261). Камераны қайта қосу үшін ысырма түймесін жартылай ғана басыңыз (📖50).



- Сурет картаға жазылып жатқан кезінде қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатсаңыз, [Saving.../Сақталуда...] көрсетіледі және қуат суретті жазу аяқталғаннан кейін өшеді.

Батарея деңгейінің көрсеткіші

Қуат қосылған кезде батарея деңгейі төрт деңгейдің бірінде көрсетіледі.



-  : Батарея деңгейі жеткілікті.
-  : Батарея деңгейі төмен, бірақ камераны пайдалануға болады.
-  : Батарея қуаты жақын арада таусылады.
(Жыпылықтайды)
-  : Батареяны зарядтаңыз.




- Келесілердің кез келгенін орындау батарея зарядын тез тауысады:
 - Ысырма түймесін ұзақ уақыт жартылай басып тұру.
 - AF функциясын суретке түсірмей жиі белсендіру.
 - Объективтің Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы) функциясын пайдалану.
 - СКД мониторын жиірек пайдалану.
 - Wi-Fi функциясын немесе Bluetooth функциясын пайдалану.
- Нақты түсіру шарттарына байланысты мүмкін болатын түсірілімдер саны азаюы мүмкін.
- Объектив жұмысы камера батареясынан қуатталады. Белгілі бір объективтер батарея зарядын басқаларға қарағанда тезірек тауысады.
- Батарея жағдайын тексеру үшін [**🔋: Battery info./🔋: Батарея ақпараты**] тармағын қараңыз (📖460).

Күнді, уақытты және уақыт белдеуін орнату


Камераны алғаш рет іске қосқан кезде немесе күн/уақыт/белдеу қайта орнатылса, күн/уақыт/белдеу параметрінің экрандары пайда болады. Алғашқы уақыт белдеуіне қатысты қадамдарды орындаңыз. Сіз саяхат жасағанда, параметрді межелі орынға арналған дұрыс уақыт белдеуіне оңай ауыстыра алатындай етіп, камераны сіз қазір тұрып жатқан уақыт белдеуіне орнатыңыз, сонда камера күн/уақытты автоматты түрде реттейді.

Жазылған суреттерге қосылған күн/уақыт күн/уақыт параметрлеріне негізделетінін ескеріңіз. Дұрыс күн/уақыт орнатылғандығын тексеріңіз.




1 Негізгі қойындыларды көрсету.

- Негізгі қойындыларды көрсету үшін <MENU> түймесін басыңыз.



2 [F] қойындысының астында [Date/Time/Zone/Күн/Уақыт/Белдеу] функциясын таңдаңыз.

- [F] негізгі қойындысын таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Қосымша қойындыны таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- [Date/Time/Zone/Күн/Уақыт/Белдеу] тармағын таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 Уақыт белдеуін орнатыңыз.

- [London/Лондон] әдепкі бойынша орнатылады.
- [Time zone/Уақыт белдеуі] параметрін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



- Мәзір функциясының параметрлері процедураларын 59-62-беттен қараңыз.
- 3-қадамда [Time zone/Уақыт белдеуі] терезесінде көрсетілген уақыт - Әмбебап әлемдік уақытпен (UTC) салыстырғандағы уақыт айырмашылығы болып табылады.

Zone/Time difference

02/02/2019 10:00:00

Zone

London

Time zone

02/02/2019 10:00:00

São Paulo	-03:00
Fernando de Noronha	-02:00
Azores	-01:00
London	±00:00
Paris	+01:00

SET OK

Zone/Time difference

02/02/2019 10:00:00

Zone

Time difference

+ 00 : 00

OK Cancel

Date/Time/Zone

(02/02/2019)

02 . 02 . 2019 10 : 00 : 00

dd/mm/yy

☼ London


OK Cancel

- <SET> түймесін қайтадан басыңыз.

- Уақыт белдеуін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Қажетті уақыт белдеуіңіз тізімде берілмесе, <MENU> түймесін басыңыз, одан кейін оны орнату үшін келесі қадамға өтіңіз (Біріңғай әмбебап уақыттан, UTC уақыт айырмашылығымен).
- UTC уақытынан уақыт айырмашылығын орнату үшін [Time difference/Уақыт айырмашылығы] үшін параметрді (+/-сағат/минут) таңдау мақсатында <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- <SET> басқанда <☼> көрсетіледі.
- Оны орнату үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. (<☐> күйіне қайтарады.)
- Уақыт белдеуін немесе уақыт айырмашылығын енгізгеннен кейін [OK] тармағын таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.


4 Күн мен уақытты орнатыңыз.

- Нөмірді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- <SET> басқанда <☼> көрсетіледі.
- Оны орнату үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. (<☐> күйіне қайтарады.)



5 Жазғы уақыт функциясын орнатыңыз.

- Қажет болған жағдайда оны орнатыңыз.
- [☀] параметрін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- <SET> басқанда <☀> көрсетіледі.
- [☀] функциясын таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Жазғы уақыт функциясы [☀] күйіне орнатылған кезде 4-қадамда орнатылған уақыт 1 сағат алға жылжиды. Егер [☀] орнатылған болса, жазғы уақыт функциясынан бас тартылады және уақыт 1 сағат артқа жылжиды.



6 Параметрден шығыңыз.

- [OK] тармағын таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Күн/уақыт/белдеу және жазғы уақыт функциясы орнатылады және мәзір қайта пайда болады.




- Күн/уақыт/белдеу параметрлерін келесі жағдайларда қалпына келтіруге болады. Бұл жағдай орын алса, күн/уақыт/белдеуді қайта орнатыңыз.
 - Камера батареясыз сақталғанда.
 - Камера батареясының заряды біткенде.
 - Камера мұздаудан төмен температураларда көп уақыт бойы болса.




- Орнатылған уақыт пен күн 6-қадамда [OK] тармағы таңдалған кезден басталады.
- [☿: Auto power off/☿:Автоматты қуат өшіру] параметрі [4 min./4 мин.] немесе одан аз мәнге орнатылса да, [☿: Date/Time/Zone / ☿:Күн/Уақыт/Белдеу] параметрі экраны көрсетілген кезде автоматты қуат өшіру уақыты шамамен 6 мин болады.
- Уақыт белдеуін немесе уақыт айырмашылығы параметрін ауыстырғаннан кейін, күн мен уақыттың дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз.

Интерфейс тілін таңдау



1 Негізгі қойындыларды көрсету.

- Негізгі қойындыларды көрсету үшін <MENU> түймесін басыңыз.



2 [F] қойындысының астында [Language /Тіл] параметрін таңдаңыз.

- [F] негізгі қойындысын таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Қосымша қойындыны таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- [Language /Тіл] тармағын таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




3 Қалаған тілді таңдаңыз.

- Тілді таңдау үшін <◆> жылжу пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Интерфейс тілі өзгереді.

Объективті бекіту және ажырату


Камера барлық Canon EF және EF-S объективтерімен үйлесімді. RF немесе EF-M объективтерін пайдалана алмайтынын ескеріңіз.

Объективті бекіту



1 Қақпақтарды алыңыз.

- Объективтің артқы қақпағын және корпус қақпағын көрсеткілер арқылы көрсетілгендей бұрап алыңыз.




2 Объективті бекітіңіз.

- Объективтің қызыл немесе ақ индексі бірдей түске сәйкес келетін камераның индексімен туралаңыз. Объектив орнында сырт еткенше көрсеткі арқылы көрсетілгендей бұраңыз.

(1) Ақ көрсеткіш

(2) Қызыл көрсеткіш



3 Объектив фокустау режимінің қосқышын <AF> режиміне орнатыңыз.


- <AF> автофокус дегенді білдіреді.
- <MF> қолмен фокустау дегенді білдіреді.

4 Объективтің алдыңғы қақпағын алыңыз.

Дақтар мен шаңды болдырмау кеңестері

- Объективтерді ауыстыруды шаң аз жерде жылдам орындаңыз.
- Объектив бекітілмеген камераны сақтаған кезде оған корпус қақпағы тіркелгенін тексеріңіз.
- Корпус қақпағын жалғамастан бұрын оны шаңнан тазалаңыз.


Үлкейту



Объективтегі үлкейту сақинасын саусағыңызбен бұраңыз.

- Фокустамастан бұрын үлкейту операциясын орындаңыз. Үлкейту сақинасын фокусты алудан кейін бұрау фокустан шығаруы мүмкін.

Объективті ажырату



Объективті босату түймесін басқан кезде оны көрсеткі арқылы көрсетілгендей бұраңыз.


- Объективті тоқтағанша бұрап, ажыратыңыз.
- Объективтің артқы қақпағын ажыратылған объективке тіркеңіз.



- Қандай да бір объектив арқылы күн көзіне тікелей қарамаңыз. Ол көру қабілетінің жоғалуына себеп болуы мүмкін.
- **Объективті бекіту не ажырату кезінде камераның қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатыңыз.**
- Егер объективтің алдыңғы бөлігі (фокустау сақинасы) автоматты фокустау барысында айналса, айналып жатқан бөлікке тимеңіз.



- **Көрініс бұрышы**
- Сурет аймағы 35 мм бейнетаспа пішімінен кіші болғандықтан, тіркелген объектив көрінісінің тиімді бұрышы фокустау ұзындығы шамамен 1,6х болып көрінетін объективпен балама болады.




— Сурет аймағы (Шамамен) (22,3 x 14,9 мм)

— 35 мм таспа пішімі (36 x 24 мм)

- Объективті пайдалану жолы туралы нұсқауларды объективтің нұсқаулығынан қараңыз.

Негізгі түсіру ақпараты

Көріністапқыштың айқындығын реттеу



Диоптриялық реттеу тұтқасын бұрыңыз.


- АФ нүктелері көріністапқышта анық болатындай етіп тұтқаны солға немесе оңға бұраңыз.
- Егер тұтқаны бұру қиынға соқтырса, көзқалқанды алыңыз (📖 464).



- Камераның диоптриялық реттеуі көріністапқыштың анық суретін қамтамасыз етпесе, E сериялы диоптрий реттеу линзаларын (бөлек сатылады) пайдалану ұсынылады.

Камераны ұстау

Анық суреттер алу үшін камераны қозғалтпай ұстап, камера шайқалуын азайтыңыз.



Көлденең түсіру

Тік түсіру


- (1) Оң қолыңызбен камера тұтқасын мықтап ұстаңыз.
- (2) Объективтің төменгі жағын сол қолыңызбен ұстаңыз.
- (3) Оң қолыңыздың сұқ саусағын ысырма түймесіне ақырындап қойыңыз.
- (4) Қолдарыңызды және шынтақтарыңызды денеңіздің алдына қарай жұмылдырыңыз.
- (5) Тұрақты дене тұрысын сақтау үшін бір аяғыңызды сәл алға қарай қойыңыз.
- (6) Камераны бетіңізге қаратып басыңыз және көріністапқыш арқылы қараңыз.



- СКД монитормына қарап түсіру үшін 180-бет қараңыз.

Ысырма түймесі

Ысырма түймесінің екі қадамы бар. Ысырма түймесін жартылай басуыңызға болады. Одан кейін ысырма түймесін толығымен басуыңызға болады.




Жартылай басу

Ысырма жылдамдығы мен апертураны орнататын автофокустау мен автоматты экспозиция жүйесін іске қосады.

Экспозиция параметрі (ысырма жылдамдығы мен апертура) көріністапқышта көрсетіледі.

Ысырма түймесін жартылай басқанда, СКД монитормы өшеді (📖272).



Толығымен басу

Бұл ысырманы босатады және суретке түсіреді.

Камера шайқалуының алдын алу

Экспозиция кезіндегі қолмен ұсталған камера қозғалысы камера шайқалуы деп аталады. Ол суреттердің бұлыңғырлануына себеп болуы мүмкін. Камера шайқалуының алдын алу үшін келесіні ескеріңіз:


- Камераны «Камераны ұстау» (📖49) бөлімінде көрсетілгендей ұстап орнықтырыңыз.
- Автофокустау үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз, одан кейін ысырма түймесін баяу толығымен басыңыз.



- Егер сіз ысырма түймесін алдымен жартылай баспай, оны толығымен бассаңыз немесе ысырма түймесін жартылай басып дереу толығымен бассаңыз камераның суретке түсіруі шамалы уақыт алады.
- Ысырма түймесін жартылай басу арқылы мәзір дисплейі, суретті ойнату немесе суретті жазу барысында да бірден түсіруге дайын күйге орала аласыз.

Экранның көрсету деңгейін орнату

Ақпараттың экранда теңшелімдеріңізге сай көрсетілу жолын орната аласыз. Параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.



1 Негізгі қойындыларды көрсету.

- Негізгі қойындыларды көрсету үшін <MENU> түймесін басыңыз.




2 [] қойындысын таңдаңыз.


- [] қойындысын таңдау үшін жылжу пернелерінің <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

Түсіру экраны

Көріністапқышпен түсіру режимінде Жылдам басқару экраны үшін **[Standard/Стандартты]** немесе **[Guided/Бағытталған]** параметрін (түсінікті дисплей) таңдауыңызға болады. Әдепкі бойынша ол **[Guided/Бағытталған]** күйіне орнатылған.



1 [Shooting screen/Түсіру экраны] параметрін таңдаңыз.




2 Көрсету әдісін таңдаңыз.

● Үлгі экрандар


<Q>: Бағытталған



<Q>: Стандартты



<Av>: Бағытталған




<Av>: Стандартты




- Шығармашыл аймақ режимдерінде **[Guided/Бағытталған]** параметрі орнатылғанда, тек орнатылған түсіру режиміне арналған функциялар Жылдам басқару экранында көрсетіледі. **[Guided/Бағытталған]** параметрі таңдалған кезде Жылдам басқару экранынан орнату мүмкін емес элементтерді мәзір экраны арқылы орнатуға болатынын ескеріңіз (60).

Мәзір дисплейі


Көрсету түрін **[Standard/Стандартты]** немесе **[Guided/Бағытталған]** ішінен таңдай аласыз. **[Guided/Бағытталған]** параметрін орнатсаңыз, негізгі қойынды сипаттамалары <MENU> түймесі басылған кезде беріледі. **[Standard/Стандартты]** параметрін орнатсаңыз, <MENU> түймесі басылғанда мәзір экранына тікелей өтесіз. Әдепкі бойынша ол **[Guided/Бағытталған]** күйіне орнатылған.



1 [Menu display/Мәзір дисплейі] функциясын таңдаңыз.



2 Көрсету түрін таңдаңыз.



(1) Негізгі қойындылар



- **[Guided/Бағытталған]** параметрі орнатылғанда, **[★ (My Menu)/★ (Менің мәзірім)]** қойындысы пайда болмайды. Менің мәзірімді (📖455) орнату үшін мәзір дисплейінің деңгейін **[Standard/Стандартты]** параметріне өзгертіңіз.

Түсіру режимінің нұсқаулығы

Түсіру режимінің қысқаша сипаттамасын түсіру режимдерін ауыстырған кезіңізде көрсетуге болады. Әдепкі бойынша ол **[Enable/Қосу]** күйіне орнатылған.

Display level settings	
1	DISPLAY LEVEL
Shooting screen	Guided
Menu display	Guided
Mode guide	Enable
Feature guide	Enable

1 [Mode guide/Режим нұсқаулығы] параметрін таңдаңыз.




2 [Enable/Қосу] параметрін таңдаңыз.



3 Режим дискісін бұраңыз.

→ Таңдалған түсіру режимінің сипаттамасы пайда болады.




4 <▼> пернесін басыңыз.


- Сипаттаманың қалғаны пайда болады.
- Режим нұсқауын тазалау үшін <SET> түймесін басыңыз.
- <SCN> және <📷> түсіру режимдерінде түсіру режимін таңдау экраны пайда болады.

Мүмкіндік нұсқауы

Жылдам басқару параметрін пайдалану немесе мәзір элементтерін орнату кезінде функциялар мен параметрлердің (мүмкіндік нұсқаулығы) қысқаша сипаттамасын көрсетуіңізге болады. Әдепкі бойынша ол **[Enable/Қосы]** күйіне орнатылған.




1 [Feature guide/Мүмкіндік нұсқауы] тармағын таңдаңыз.



2 [Enable/Қосы] параметрін таңдаңыз.


• Үлгі экрандар

Жылдам басқару экраны



(1)

Мәзір экраны



(1)

(1) Мүмкіндік нұсқауы



• Сипаттама оны түрткенде немесе операция орындағанда жоғалады.



Түсіру бойынша кеңестер


Түсіру бойынша кеңестер **[Shooting screen/Түсіру экраны]** параметрі **[Guided/Бағытталған]** мәніне (книжка 51) and камера параметрлері келесі жағдайлардың кез келгенін тудырғанда пайда болады. Негізгі аймақ режимдерінде түсіру бойынша кеңестер **[Shooting screen/Түсіру экраны]** параметріне қарамастан пайда болады.

- Өңді әрі қарай бұлыңғырлатқыңыз келеді (**<Av>** режимінде ең төменгі апертура мәнін орнату арқылы).
- Сурет артық экспозицияланған сияқты.
- Сурет жеткіліксіз экспозицияланған сияқты.
- Камера шайқалуы орын алуы мүмкін (тек Негізгі аймақ режимдерінде).




1 Жақтау ішіндегі аймақты түртіңіз.

- ➔ Түсіру бойынша кеңестер пайда болады.
- Түсіру бойынша кеңестерді **<⏏>** түймесін басу арқылы көрсетуге де болады.



2 Түсіру бойынша кеңестерді тексеріңіз.

- Экранды түрту арқылы жоғары және төмен айналдыруға болады.
- Сондай-ақ, **<▲>** **<▼>** пернелерін басу арқылы жылжуға болады.



3 **[⏏]** түймесін түртіңіз.

- ➔ Түсіру бойынша кеңестер жоғалады және 1-қадамдағы экран қайта пайда болады.
- Түсіру бойынша кеңестерді **<SET>** түймесін басу арқылы жасыруыңызға да болады.

Түсіру функцияларына арналған жылдам басқару

Интуитивті операциялармен СКД мониторында көрсетілген түсіру функцияларын тікелей таңдауыңызға және орнатуыңызға болады. Бұл жылдам басқару деп аталады.



1 <Q> түймесін басыңыз.



→ Жылдам басқару экраны пайда болады.




2 Қалаған функцияларды орнатыңыз.

- Функцияны таңдау үшін <◀▶> жылжыту пернелерін басыңыз.
- Таңдалған функция параметрлері және мүмкіндік нұсқауы (📖 55) пайда болады.
- Параметрді өзгерту үшін <🔍> дискісін бұраңыз.

Негізгі аймақ режимдері



Шығармашыл аймақ режимдері



3 Суретке түсіріңіз.


- Суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.
- Түсірілген сурет көрсетіледі.



- 1 және 2-қадамдарда операцияны орындау үшін СКД мониторын да тұртуіңізге болады (📖 63).


Үлгілік Жылдам басқару экраны

- [📷]: Shooting screen: Guided/📷: Түсіру экраны: Бағытталған] орнатылғанда



- | | |
|------------------------------|------------------------|
| (1) Экспозиция компенсациясы | (4) Апертура |
| (2) Оралу | (5) AF операциясы |
| (3) Жетек режимі | (6) AF нүктесін таңдау |

- [📷]: Shooting screen: Standard/📷: Түсіру экраны: Стандартты] параметрі орнатылғанда




- | | |
|---|---|
| (1) Түсіру режимі* | (10) ISO көрсеткіші |
| (2) Экспозиция компенсациясы/ AEB параметрі | (11) Жарқыл экспозициясының компенсациясы |
| (3) Picture Style | (12) Өлшеу режимі |
| (4) Ақ түс балансы | (13) Сурет жазу сапасы |
| (5) AF операциясы | (14) Авто жарықтылықты оңтайландырығыш |
| (6) Оралу | (15) AF нүктесін таңдау |
| (7) Ысырма жылдамдығы | (16) Ақ түс балансын түзету |
| (8) Апертура | (17) Жетек режимі |
| (9) Ашық реңк артықшылығы* | (18) Ақ түс балансының бреккетингі |

* Бұл функциялар Жылдам басқару экраны арқылы орнатылмайды.

Мәзір операциялары мен теңшелімдері

Суретті жазу сапасы, күн/уақыт, т.б. сияқты мәзірлер арқылы әртүрлі параметрлерді теңшеуге болады.





- | | |
|--------------------|-------------------------|
| (1) <MENU> түймесі | (3) <SET> түймесі |
| (2) СКД монитормы | (4) <↔> жылжу пернелері |


Мәзір экраны

Көрсетілген мәзір қойындылары мен элементтері түсіру режиміне байланысты өзгереді.


Негізгі аймақ режимдері



Фильм түсіру




Шығармашыл аймақ режимдері



- (1) Қосалқы қойындылар
(2) Мәзір элементтері
(3) Мәзір параметрлері

Мәзірді орнату процедурасы

- [📷]: Menu display Guided/📷: Мәзір дисплейі: Бағытталған] параметрі орнатылғанда



1 Негізгі қойындыларды көрсету.


- <MENU> түймесі басылғанда, негізгі қойындылар (1) мен таңдалған қойындының сипаттамасы пайда болады.

2 Негізгі қойындыны таңдаңыз.

- Жылжу пернелерінің <◀> <▶> пернелері басылған сайын негізгі қойынды (функциялар тобы) ауысады.


3 Мәзір экранын ашыңыз.

- Мәзір экранын көрсету үшін <SET> түймесін басыңыз.
- Негізгі қойынды экранына оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.




4 Қосымша қойындыны таңдаңыз.

- Қосымша қойындыны таңдау үшін жылжу пернелерінің <◀> <▶> пернелерін басыңыз.




5 Қалаған элементті таңдаңыз.

- Элементті таңдау үшін жылжу пернелерінің <▲> <▼> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



6 Параметрді таңдаңыз.

- Қажетті параметрді таңдау үшін жылжу пернелерінің <▲> <▼> немесе <◀> <▶> пернелерін басыңыз. (Кейбір параметрлер <▲> <▼> пернелерімен, ал басқалары <◀> <▶> пернелерімен таңдалады.)
- Ағымдағы параметр көк түспен көрсетіледі.



7 Параметрді орнатыңыз.

- Оны таңдау үшін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Параметрді әдепкі күйден өзгертсеңіз, ол көк түспен көрсетіледі (тек [OK] қойындысының астындағы мәзір элементтері үшін қолжетімді).


8 Параметрден шығыңыз.

- Мәзірден шығып, түсіруге дайын күйге оралу үшін <MENU> түймесін екі рет басыңыз.



- 2-қадамда жылжу пернелерінің орнына <DISP> дискісі мен <INFO> түймесін пайдалануыңызға да болады.
- Сондай-ақ, мәзір экранына 3-қадамдағы [OK] түймесін түрту арқылы өте аласыз.
- 2-8-қадамдарда операцияны орындау үшін СКД мониторын да түртуіңізге болады (63).
- Осыдан әрі қарай мәзір функцияларының сипаттамасы мәзір экраны көрсетілген деп қабылдайды.
- Операцияны болдырмау үшін <MENU> түймесін басыңыз.

- [DISP] : Menu display: Standard / [DISP] : Мәзір дисплейі: Стандартты] параметрі орнатылғанда



1 Мәзір экранын ашыңыз.

- Мәзір экранын көрсету үшін <MENU> түймесін басыңыз.

2 Қойындыны таңдаңыз.


- Негізгі қойынды (1) мен қосалқы қойындыны таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- Кезекті операциялары [DISP] : Menu display: Guided / [DISP] : Мәзір дисплейі: Бағытталған] параметріне арналғандармен бірдей. «Мәзірді орнату процедурасы» (60) бөліміндегі қадамдарды 5-қадамнан бастап қараңыз.
- Параметрден шығу үшін <MENU> түймесін бір рет басыңыз.




- 2-қадамда жылжу пернелерінің орнына <DISP> дискісі мен <INFO> түймесін пайдалануыңызға да болады. <INFO> түймесін қосалқы қойындыларда пайдалану мүмкін емес екенін ескеріңіз.

Күңгірт мәзір элементтері

Мысалы: [Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту] орнатылғанда



Күңгірт мәзір элементтерін орнату мүмкін емес. Егер басқа функция параметрі мәзір элементіне кедергі жасаса, ол күңгірт болады.



Күңгірт мәзір элементін таңдап, <SET> басы арқылы кедергі жасайтын функцияны көре аласыз.

Егер кедергі жасайтын функция параметрін орнатуды болдырмасаңыз, күңгірт мәзір элементін орнатуға болады.



- Белгілі бір күңгірттелген мәзір элементтері үшін үстінен жазу функциясын көре алмауыңыз мүмкін.




- [: Clear settings/: Тазалау параметрлері]** астында **[Clear all camera settings/Барлық камера параметрлерін тазалау]** параметрімен мәзір функцияларын әдепкі параметрлерге қайта орната аласыз (271).

Камераны сенсорлы экранмен басқару


Камераны СКД мониторын (тиюге сезімтал панель) саусақтарыңызбен түрту арқылы басқара аласыз.

Түрту

Үлгі экран (Жылдам басқару)



- СКД мониторын басу үшін саусағыңызды пайдаланыңыз (қысқа етіп тиіп, саусағыңызды одан алыңыз).
- Басу арқылы СКД мониторында көрсетілген мәзірлерді, белгішелерді, т.б. таңдай аласыз.
- Мысалы, [Q] тармағы таңдалғанда Жылдам басқару экраны пайда болады. [↶] түймесін басу арқылы алдыңғы экранға қайта аласыз.



Экранды басу арқылы орындалатын операциялар


- <MENU> түймесін басқаннан кейін мәзір функцияларын орнату
- Quick Control (Жылдам басқару)
- <ISO> не <[F]> түймесін басқаннан кейінгі орнату функциялары
- Live View арқылы түсірудегі Сенсорлы AF және Сенсорлы ысырма
- AF нүктелерін таңдау
- Live View арқылы түсіруде функцияларды орнату және фильм түсіру
- Ойнату операциялары



- [F: Веер/F: Дыбыстық сигнал] параметрі [Touch [F] түймесін түрту] мәніне орнатылса, дыбыстық сигнал сенсорлы операциялар үшін шықпайды (260).


Сүйреу

Үлгі экраны (Мәзір экраны)



- СКД мониторына тиген кезде саусағыңызбен жүргізіңіз.



Үлгі экраны (Шкала дисплейі)



Экранда саусағыңызбен жүргізу арқылы орындалатын операциялар

- <MENU> түймесін басқаннан кейін мәзір қойындысын немесе элементті таңдау
- Масштаб дисплейімен орнату
- Quick Control (Жылдам басқару)
- AF нүктелерін таңдау
- Live View арқылы түсіруде функцияларды орнату және фильм түсіру
- Ойнату операциялары

Тиюді басқару жауабын орнату



1 [Touch control/Тиюді басқару] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [Touch control/Тиюді басқару] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Тиюді басқару жауабы параметрін орнатыңыз.

- Қажетті параметрді таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- [Standard/Стандартты] — қалыпты параметр.
- [Standard/Стандартты] режиміне қарағанда [Sensitive/Сезімтал] режимі жақсырақ жауапты сенсорлы экран жауабын қамтамасыз етеді. Параметрлердің екеуін де пайдаланып көріп, қалағаныңызды орнатыңыз.
- Сенсорлы операцияларды өшіру үшін [Disable/Өшіру] параметрін таңдаңыз.



Сенсорлы басқару операцияларының сақтандырулары


- СКД мониторы басқанға сезімтал болмағандықтан, тию операциялары үшін тырнақ, қаламсап, т.б. сияқты үшкір заттарды қолданбаңыз.
- Сенсорлы операцияларды ылғал қолмен орындамаңыз.
- Егер СКД мониторында ылғал бар болса немесе қолыңыз су болса, сенсорлық экран жауап бермеуі мүмкін немесе дұрыс емес операция орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда қуатты өшіріңіз және ылғалды шүберекпен сүртіп тастаңыз.
- СКД мониторына кез келген сатып алуға болатын қорғаныс парағын немесе жапсырманы жабыстыру тиюді басқару жұмысын төмендетуі мүмкін.
- Егер сіз тию операциясын [Sensitive/Сезімтал] тармағы орнатылғанда жылдам жасайтын болсаңыз, тию әрекетіне жауап нашар болуы мүмкін.

Жад карталарын пішімдеу

Егер карта жаңа болса немесе алдында басқа камера немесе компьютер тарапынан пішімделген болса, картаны камера арқылы пішімдеңіз.




- Карта пішімделіп болғанда картадағы барлық суреттер мен деректер жойылады. Тіпті қорғалған суреттер де өшіріледі, сол себептен сақтағыңыз келген нысанның жоқтығын тексеріңіз. Қажет болса, картаны пішімдеудің алдында суреттерді және деректерді компьютер, т.б. жерге тасымалдаңыз.



1 [Format card/Картаны пішімдеу] тармағын таңдаңыз.

- [F] қойындысының астындағы [Format card/Картаны пішімдеу] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Картаны пішімдеңіз.

- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Карта пішімделеді.
- ➔ Пішімдеу аяқталған кезде, мәзір қайта пайда болады.
- Төмен деңгейлі пішімдеу үшін <[F]> түймесін басып [Low level format/Төмен деңгейлі пішімдеу] параметріне <✓> құсбелгісін қойыңыз, одан кейін [OK] тармағын таңдаңыз.



- Картаны пішімдеу экранында көрсетілген карта сыйымдылығы картада көрсетілген сыйымдылықтан аздау болуы мүмкін.
- Бұл құрылғы Microsoft тарапынан лицензияланған exFAT технологиясын қамтиды.



[Format card/Картаны пішімдеу] әрекетін келесі жағдайларда орындаңыз:

- Карта жаңа.
- Карта басқа камера немесе компьютерде пішімделген.
- Карта суреттерге немесе деректерге толған.
- Картаға қатысты қате көрсетіледі (📖 477).

Төмен деңгейлі пішімдеу

- Картаның жазу немесе оқу жылдамдығы төмен болып көрінсе немесе картадағы барлық деректерді толығымен жойғыңыз келсе, төмен деңгейлі пішімдеуді орындаңыз.
- Төмен деңгейлі пішімдеу картадағы барлық жазуға келетін бөліктерді пішімдейтіндіктен, ол қалыпты пішімдеуден көбірек уақыт алады.
- **[Cancel/Болдырмау]** параметрін таңдау арқылы төмен деңгейлі пішімдеуді тоқтатуға болады. Мұндай жағдайда да қалыпты пішімдеу аяқталып қояды және картаны өдеттегідей пайдалануыңызға болады.

• Картаның файл пішімдері

SD/SDHC карталары FAT32 пішімінде пішімделеді. SDXC карталары exFAT пішімінде пішімделеді.


Фильмді exFAT пішімінде пішімделген картамен түсіру кезінде фильм 4 ГБ-тан асса да бір файлда (бірнеше файлдарға бөлінудің орнына) жазылады. (Фильм файлы 4 ГБ-тан асады.)



- SDXC картасын осы камерамен пішімдесеңіз және оны басқа камераға салсаңыз, қате көрсетілуі мүмкін және карта жарамсыз болады. Белгілі бір компьютердің операциялық жүйелері немесе карта оқу құралдары exFAT пішімінде пішімделген картаны танымауы мүмкін.
- Карта пішімделген немесе деректер өшірілген кезде тек файлдарды басқару ақпараты ғана өзгереді. Нақты дерек толығымен өшірілмейді. Картаны сатқан немесе қоқысқа тастаған кезде осыны есіңізде сақтаңыз. Картаны қоқысқа тастаған кезде жеке деректердің жайылуын болдырмау үшін төмен деңгейлі пішімдеуді орындаңыз немесе картаны физикалық түрде жойыңыз.


СКД мониторы дисплейін ауыстыру

СКД мониторы Жылдам басқару экранын, мәзір экранын, түсірілген суреттерді, т.б. көрсете алады.



- Қуат қосылғанда, Жылдам басқару экраны пайда болады. Одан кейін ағымдағы түсіру функциясының параметрлерін тексере аласыз.
- **Ысырма түймесін жартылай басқанда дисплей өшеді. Ысырма түймесі жіберілгенде дисплей қосылады.**
- Сондай-ақ, дисплейді <DISP> түймесін басу арқылы өшіре аласыз. Дисплейді қосу үшін түймені қайта басыңыз.

Мәзір функциялары



- **<MENU>** түймесі басылған кезде пайда болады. Алдыңғы экранға оралу үшін түймені қайтадан басыңыз.

Түсірілген сурет



- **<▶>** түймесі басылған кезде пайда болады. Алдыңғы экранға оралу үшін түймені қайтадан басыңыз.





- [**⏻**: Screen off/on btn / **⏻**: Экранды өшіру/қосу түймесі] параметрін СКД мониторы өшпейтіндей немесе қосылмайтындей етіп орната аласыз (📖272).
- Мәзір экраны немесе түсірілген сурет көрсетілген кезде де, ысырма түймесін басу дереу түсіру мүмкіндігін береді.
- Сондай-ақ, дисплейді <INFO> түймесін басу арқылы өшіре аласыз. Дисплейді қосу үшін түймені қайта басыңыз.

Негізгі түсіру және суретті ойнату

Осы бөлім жақсы нәтижеге жету және суреттерді ойнату үшін Режим дискісіндегі Негізгі аймақ режимдерін пайдалану жолын сипаттайды.


Негізгі аймақ режимдерімен орындайтын әрекетіңіз тек көздеп, түсіру, ал камера барлық нәрсені автоматты түрде орнатады. Сондай-ақ, кеңейтілген түсіру функциясының параметрлерін өзгерту мүмкін болмағандықтан, дұрыс пайдаланбауға байланысты суреттердің нашарлануы туралы уайымдамастан фотосуреттерді түсіре аласыз.




- **<SCN> немесе <A+> режимінде түсірмөстен бұрын** СКД монитормы өшірілгенде, түсіру режимінің орнатылғанын тексеру үшін **<Q>** түймесін (78, 93) басыңыз, одан кейін түсіруді бастаңыз.
 - * **<SCN>**: Арнайы көрініс
 - * **<A+>**: Шығармашыл сүзгілер

Толық авто түсіру (Интеллектуалды авто көрініс)

<A⁺> — толық автоматты режим. Камера көріністі талдап, оңтайлы параметрлерді автоматты түрде орнатады. Сондай-ақ, ол нысанның қимылын анықтау арқылы тұрақты немесе жылжыған нысанға фокусты автоматты түрде реттей алады (74).




1 Режим дискісін <A⁺> күйіне орнатыңыз.




(1)

2 AF нүктесін нысанның үстіне көздеңіз.

- Барлық AF нүктелері (1) фокустау үшін пайдаланылады және камера әдетте ең жақын жердегі нысанды фокустайды.
- AF нүктесінің орталығын нысан үстіне бағыттау фокустауды жеңілдетеді.



(1)



3 Нысанға фокустаңыз.

- Ысырма түймесін жартылай басыңыз. Объектив элементтері фокустау үшін жылжиды.
- Фокусқа қол жеткізу кезінде фокусталатын AF нүктесінің ішіндегі нүкте қысқа қызыл түспен жанады. Сол мезетте бипер дыбыстайды және көріністапқыштағы фокустау көрсеткіші <●> (1) жанады.
- Қажет болса, жарқылды саусақтарыңызбен көтеріңіз.

4 Суретке түсіріңіз.

- Суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.
- Түсірілген сурет СКД мониторында шамамен 2 сек. бойы көрсетіледі.
- Түсіруді аяқтаған кезде кірістірілген жарқылды саусағыңызбен басыңыз.



- Жарқылды көтерместен бұрын тікелей қосу байланысына тіркелген барлық қосалқы құралдарды алып тастаңыз.



- Түсіру режимінің сипаттамасы 1-қадамда пайда болса, оны жасыру үшін <SET> түймесін басыңыз (📖 54).
- <[AF+]> режимі түстерді табиғатта, сыртта және күннің батуы көріністерінде өте әсерлі көрінетіндей жасайды. Егер қалаған түс реңктеріне қол жеткізе алмасаңыз, режимді Шығармашыл аймақ режиміне өзгертіп, <[AF+]> параметрінен басқа Picture Style параметрін таңдаңыз да, одан кейін түсіріңіз (📖 121).

- **Фокустау көрсеткіші <●> жыпылықтайды және фокустауға қол жеткізілмейді.**
 - АФ нүктесін жақсы контрасты бар аймаққа көздеңіз де, ысырма түймесін жартылай басыңыз (📖50).
 - Нысанға тым жақын болсаңыз, алыстау тұрып, қайтадан түсіріңіз.
 - Фокустау қажет жерге ең жақын АФ нүктесін таңдаңыз (📖108).
Әдепкі параметр — АФ нүктесін авто таңдау.
- **Бірнеше АФ нүктелері автоматты түрде жанады.**

Фокус қызыл түспен жыпылықтаған осы нүктелердің барлығында алынған. Басты нысанды қамтитын АФ нүктесі жанғанда суретті түсіруге болады.
- **Бипер жұмсақ дыбыстық сигнал шығаруды жалғастырады. (Фокустау көрсеткіші <●> жанбайды.)**

Бұл камераның қозғалыстағы нысанға шексіз фокусталаып жатқанын білдіреді. (Фокустау көрсеткіші <●> жанбайды.) Қозғалыстағы нысанның айқын суретін түсіруге болады.
Фокус құлпы (📖74) бұл жағдайда мүмкін емес екенін ескеріңіз.
- **Ысырма түймесін жартылай басу арқылы нысан фокусқа алынбайды.**

Егер объективтің фокустау режимінің қосқышы <MF> (қолмен фокустау) күйіне орнатылса, оны <AF> (автофокустау) күйіне орнатыңыз.
- **Жарқыл күндізгі уақытта болса да жанады.**

Артқы жарығы бар нысан үшін, жарқыл нысанның күңгірт аймақтарын жарықтандыру үшін жануы мүмкін. Кірістірілген жарқылдың жануын болдырмау үшін оны саусақтарыңызбен басыңыз.
- **Кірістірілген жарқыл жанып, сурет өте ашық болып шықты.**

Нысаннан алыс тұрып, түсіріңіз. Жарқылмен түсіру кезінде нысан камераға тым жақын болса, сурет өте ашық болып шығуы мүмкін (жарықта көп ұстау).
- **Кірістірілген жарқыл төмен жарықтылықта бірнеше рет жарық шығарады.**

Автофокустауға көмектесу үшін ысырма түймесін жартылай басу кірістірілген жарқылға бірнеше жарық шығартуы мүмкін. Бұл АФ көмекші сәулесі деп аталады. Мұның тиімді ауқымы шамамен 4 метр. Кірістірілген жарқыл үздіксіз жанған кезде дыбыс шығаратынын ескеріңіз. Бұл қалыпты жағдай және ақаулық емес.

- **Жарқыл пайдаланылған кезде суреттің төменгі бөлігі жасанды күңгірт болып шығады.**

Нысан камераға жақын орналасқандықтан суретте объектив көлеңкесінің тубусы түсіріледі. Нысаннан алыс тұрып, түсіріңіз. Егер бленда объективке тіркелген болса, жарқылмен суретке түсірместен бұрын оны алып тастаңыз.

Толық авто техникалар (Интеллектуалды авто көрініс)

Түсірілімді қайта ұйымдастыру



Көрініске байланысты теңестірілген фонды қосу мақсатында нысанды солға немесе оңға қарай орналастыру жақсы перспективті сурет түсіруге көмектеседі.

<A+> режимінде тұрақты нысанды фокустау үшін ысырма түймесін жартылай басқанда фокус құлыпталады. Ысырма түймесін жартылай басып тұрған кезде, түсірілімді қайта ұйымдастырыңыз және одан кейін суретке түсіру үшін ысырма түймесін толық басыңыз. Бұл «фокустау құлпы» деп аталады. Фокустау құлпы басқа Негізгі аймақ режимдерінде (<SCN: 多> режимінен басқа) мүмкін болып табылады.


Қозғалыстағы нысанды түсіру



<A+> режимінде нысан фокустау кезінде немесе одан кейін жылжыса (камераға қашықтық өзгерсе), AI Servo AF мүмкіндігі нысанды үздіксіз фокустау үшін іске қосылады. (Бипер дыбысын жұмсақ шығаруды жалғастырады.) Ысырма түймесін жартылай басып, AF нүктесін нысанға көздеп тұрғанда фокустау үздіксіз жалғасады. Шешуші сәтте фотосуретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.

Live View арқылы түсіру

Суретті СКД мониторында көріп тұрып суретке түсіре аласыз. Бұл «Live View арқылы түсіру» деп аталады. Мәліметтерді 180-бет қараңыз.




1 Live View суретін СКД мониторында көрсетіңіз.

- <📷> түймесін басыңыз.
- ➔ Live View суреті СКД мониторында пайда болады.



2 Нысанға фокустаңыз.

- Фокустау үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз.
- ➔ Фокусталған кезде AF нүктесі жасыл болып жанып, бипер дыбыстайды.



3 Суретке түсіріңіз.

- Ысырма түймесін толық басыңыз.
- ➔ Сурет түсіріледі және түсірілген сурет СКД мониторында көрсетіледі.
- ➔ Ойнатуды көрсету аяқталғанда камера Live View арқылы түсіруге автоматты түрде оралады.
- Live View арқылы түсіруден шығу үшін <📷> түймесін басыңыз.

СКД мониторын әртүрлі бұрыштарға бұруыңызға болады (📖40).



Қалыпты бұрыш



Кіші бұрыш




Үлкен бұрыш

Әсерлерді қолданып түсіру (Шығармашылық көмекші)



1 <Q> түймесін басыңыз.

- Көріністапқышпен түсіруде **[Creative Assist/Шығармашылық көмекші]** параметрін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Live View арқылы түсіруде хабарды оқыңыз және **[ОК]** тармағын таңдаңыз.



2 Әсерді таңдаңыз.

- Әсерді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 Әсер деңгейі мен басқа мәліметтерді таңдаңыз.

- Оны орнату үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Параметрді қайта орнату үшін <✱> түймесін басыңыз, одан кейін **[ОК]** тармағын таңдаңыз.



Шығармашылық көмекші әсерлері

- **[📷] Алдын ала орнату**
Алдын ала орнатылған әсерлердің біреуін таңдаңыз. **[Saturation/Қанықтық]**, **[Color tone 1/Түс реңкі 1]** және **[Color tone 2/Түс реңкі 2]** параметрлерінің **[B&W/Қара және ақ]** режимімен қолжетімді емес екенін ескеріңіз.
- **[📈] Өң бұлыңғырлығы**
Өң бұлыңғырлығын реттеңіз. Өңді анығырақ ету үшін жоғарылау мәндерді таңдаңыз. Өңді бұлыңғырлату үшін төмендеу мәндерді таңдаңыз. **[AUTO/АВТО]** өңдік бұлыңғырлануды ашықтыққа сәйкестендіру үшін реттейді. Объектив ашықтығына (f/сан) байланысты кейбір позициялар қолжетімді болмауы мүмкін.

-  **Ашықтық**
Сурет ашықтығын реттеңіз.
-  **Контраст**
Контрастты реттеңіз.
-  **Қанықтық**
Түстердің ашықтығын реттеңіз.
-  **Түс реңкі 1**
Сары/көк түс реңкін реттеңіз.
-  **Түс реңкі 2**
Жасыл/қызыл түс реңкін реттеңіз.
-  **Монохромды**
Монохромды түсіру үшін реңк беру әсерін орнатыңыз. Түрлі-түсті етіп түсіру үшін **[Off/Өшіру]** параметріне орнатыңыз. **[Saturation/Қанықтық]**, **[Color tone 1/Түс реңкі 1]** және **[Color tone 2/Түс реңкі 2]** параметрлері **[Off/Өшіру]** параметрінен басқа параметрлермен қолжетімді болмайды.



- **[Background blur/Өң бұлыңғырлығы]** параметрі жарқыл пайдаланылған кезде қолжетімді болмайды.
- Бұл параметрлер түсіру режимдерін ауыстырған немесе қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатқан кезіңізде қайта орнатылады. Параметрлерді сақтау үшін **[📌: Retain Creative Assist data/📌: Шығармашылық көмекші деректерін сақтау]** параметрін **[Enable/Қосы]** мәніне орнатыңыз.
- <!> көріністапқыштың төменгі сол жағында параметрлерді **[📌: Retain Creative Assist data/📌: Шығармашылық көмекші деректерін сақтау]** параметрі **[Enable/Қосы]** мәніне орнатылып тұрғанда өзгертсеңіз пайда болады.


Әсерлерді сақтау

Ағымдағы параметрді камераға сақтау үшін Шығармашылық көмекші параметрі экранындағы <INFO> түймесін басыңыз, одан кейін **[OK]** тармағын таңдаңыз. Үш алдын ала орнатуға дейін **[USER*/ПАЙДАЛАНУШЫ*]** ретінде сақтауға болады. Үшеуі сақталғаннан кейін бар **[USER*/ПАЙДАЛАНУШЫ*]** алдын ала орнатуы жаңасын сақтау үшін қайта жазылуы тиіс.

Арнайы көрініс режимі

Нысан немесе көрініс үшін түсіру режимін таңдағанда камера қажетті параметрлерді автоматты түрде таңдайды.

* <SCN> Арнайы көрініс дегенді білдіреді.



1 Режим дискін <SCN> күйіне орнатыңыз.



2 <Q> түймесін басыңыз.



3 Түсіру режимін таңдаңыз.

- Қажетті түсіру режимін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Сондай-ақ, <☀> дискісін бұрау арқылы таңдай аласыз.


SCN режимінде қолжетімді түсіру режимдері

Түсіру режимі	Бет
Портрет	79
Тегіс тері	80
Топтық фотосурет	81
Ландшафт	82
Спорт	83
Балалар	84

Түсіру режимі	Бет
Жақыннан түсіру	85
Тағам	86
Шам жарығы	87
Түнгі портрет	88
Қолмен түсірілетін түнгі көрініс	89
HDR артқы жарығын басқару	90

Портреттерді түсіру

The <👤> (Портрет) режимі тұлғаны жақсырақ көрінетіндей жасау үшін өңді бұлыңғырлатады. Сондай-ақ, ол тері реңктерін және шашты жұмсағырақ етіп көрсетеді.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Нысан мен өң арасындағы қашықтық алшақ болатын орынды таңдаңыз.**

Нысан мен өң арасындағы қашықтық алшақ болған сайын өң бұлыңғырлау көрінеді. Кедергісі бар күңгірт өңге қарсы нысан да бөлініп шығады.

- **Телеобъективті пайдаланыңыз.**

Егер фокустау қашықтығы ауыспалы объективке ие болсаңыз, кадрды белінен басталатын нысанмен толтыру үшін телеобъектив ұшын пайдаланыңыз. Қажетінше жақынырақ жылжытыңыз.

- **Бетке фокустаңыз.**


Бетті қамтитын AF нүктесінің жанғанын тексеріңіз. Бетті жақыннан түсіру үшін көздерді фокустаңыз.



- **Өдепкі параметр - <📷> (Үздіксіз түсіру).** Ысырма түймесін басып тұрсаңыз, нысанның бет көрінісі мен қалпындағы өзгертулерді түсіру үшін үздіксіз түсіре аласыз.

Тегіс тері реңкімен портреттер түсіру

Портреттерде теріні тартымдырақ етіп көрсету үшін <👤> (Тегіс тері) режимін пайдаланыңыз. Суреттер теріні тегістеу көрінетін ету үшін өңделеді.



Түсіру бойынша кеңестер

● Бет өлшемін реттеңіз.

Жақтау теріні тегістеу үшін анықталған барлық негізгі нысандар айналасында көрсетіледі.

Теріні тиімдірек тегістеу үшін өлшемді жақтау нысан бетінде көрсетілетіндей етіп реттеуіңізге болады.

● Бетке фокустаңыз.

Бетті қамтитын AF нүктесінің жанғанын тексеріңіз. Бетті жақыннан түсіру үшін көздерді фокустаңыз.



- Адамдардың бетінен басқа аймақтар түсіру жағдайларына байланысты өзгертілуі мүмкін.
- Ашық өңдерге қарсы немесе ұқсас жағдайларда көріністапқышпен түсіруде тері күткендегідей тегістелмеуі және беттер тым күңгірт болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайда **[Brightness/Ашықтық]** параметрін реттеңіз немесе Live View арқылы түсіру режиміне ауысыңыз.

Топтық фотосуреттер түсіру

Топтық фотосуреттерді түсіру үшін <👤> (Топтық фотосурет) параметрін пайдаланыңыз. Алдағы адамдар мен арттағы адамдардың барлығы фокуста болатындай етіп суретке түсіре аласыз.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Кең бұрышты объективті пайдаланыңыз.**

Үлкейту объективін пайдаланғанда, алдыңғы қатардан артқыға дейін топтағы барлық адамдарды бірден фокусқа алуды оңайлату үшін кең бұрышты жағын пайдаланыңыз. Сондай-ақ, камера мен нысандар арасында біраз қашықтық қалдырсаңыз (нысанның бүкіл денелері түсірілімде болатындай етіп) фокус ауқымы тереңдігі артады.

- **Топтың бірнеше түсірілімін түсіріңіз.**

Кейбір адамдар көздерін жауып қалатын жағдайда бірнеше фотосуретті түсіру ұсынылады.




- Сақтық шараларын 91-бет-беттен қараңыз.



- Ғимарат ішінде немесе көмескі жарықта түсіру кезінде камераны тұрақты ұстаңыз немесе камераның шайқалуын болдырмау үшін мосыны пайдаланыңыз.
- Сурет ашықтығын **[Brightness/Ашықтық]** параметрімен реттей аласыз.

Ландшафттарды түсіру

Кең ауқымды көріністер үшін немесе жақыннан алысқа дейінгі барлығын фокуста болуын қалаған кезде <🏔️> (Ландшафт) режимін пайдаланыңыз. Ашық көк және жасыл түстерге, өте анық және айқын суреттерге арналған.




Түсіру бойынша кеңестер

- **Масштаптау объективінің кең бұрышты ұшын пайдаланыңыз.**
Үлкейту объективін пайдалану кезінде нысандарды жақын және фокустан алыс ету үшін объективті кең бұрышты жағына орнатыңыз. Сондай-ақ, ландшафттарға енділік қосады.
- **Түнгі көріністерді түсіру.**
<🏔️> режимі кірістірілген жарқылды өшіретіндіктен түнгі көріністерге қолайлы болып келеді. Түнгі көріністер түсіру барысында камера шайқалысын болдырмау үшін мосыны пайдаланыңыз.
- Кірістірілген жарқыл артқы жарық немесе төмен жарық жағдайларында да жанбайды.

Жылжымалы нысандарды түсіру

Жүгіріп келе жатқан адам немесе қозғалып жатқан көлік сияқты қозғалыстағы нысанды түсіру үшін  > (Спорт) режимін пайдаланыңыз.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Телеобъективті пайдаланыңыз.**
Қашықтан түсіру үшін телеобъективті пайдалану ұсынылады.
- **Фокустау үшін орталық AF нүктесін пайдаланыңыз.**
Орталық AF нүктесін нысанның үстіне бағыттап, автофокустау үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз. Автофокустау барысында бипер дыбысын жұмсақ шығаруды жалғастырады. Фокустау мүмкін болмаса, фокустау көрсеткіші  жыпылықтайды.
Әдепкі параметр -  > (Үздіксіз түсіру). Шешуші сәтте фотосуретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз. Ысырма түймесін басып тұрсаңыз, нысанның қозғалысындағы өзгертулерді түсіру үшін автофокустауды сақтап тұрып үздіксіз түсіре аласыз.
-  Кірістірілген жарқыл артқы жарық немесе төмен жарық жағдайларында да жанбайды.
- Төмен жарықтылықта камера шайқалуы орын алуы мүмкін болған жағдайда көріністапқыштың төменгі сол жағындағы ысырма жылдамдығының көрінісі жыпылықтайды. Камераны қозғалмай ұстап түсіріңіз.
- Сыртқы Speedlite жарқылын пайдалансаңыз, Speedlite жарқылы жанады.

Балаларды фотосуретке түсіру

Үздіксіз фокустау және айналадағы балалардың жүгіруін фотосуретке түсіру үшін <👤> (Балалар) режимін пайдаланыңыз. Тері реңктері бірқалыпты болып көрінеді.





Түсіру бойынша кеңестер

- **Фокустау үшін орталық AF нүктесін пайдаланыңыз.**
Орталық AF нүктесін нысанның үстіне бағыттап, автофокустау үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз. Автофокустау барысында бипер дыбысын жұмсақ шығаруды жалғастырады. Фокустау мүмкін болмаса, фокустау көрсеткіші <●> жыпылықтайды.
- **Үздіксіз түсіріңіз.**
Әдепкі параметр - <📺> (Үздіксіз түсіру). Шешуші сәтте фотосуретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз. Ысырма түймесін басып тұрсаңыз, нысанның бет көрінісі мен қозғалысындағы өзгертулерді түсіру үшін автофокустауды сақтап тұрып үздіксіз түсіре аласыз.
-  Жарқыл зарядталып жатқанда көріністапқышта «buSy» жазуы көрсетіледі және сурет түсірілмейді. Осы дисплей өшкеннен кейін суретке түсіріңіз.
- Сақтық шараларын 91-бет-беттен қараңыз.

Жақыннан түсірулер

Гүлдерді немесе шағын заттарды жақыннан түсіргіңіз келгенде <🌸> (Жақыннан түсірулер) режимін пайдаланыңыз. Кішкентай заттарды үлкенірек ету үшін макро объективті пайдаланыңыз (бөлек сатылады).




Түсіру бойынша кеңестер

- **Қарапайым өңді пайдаланыңыз.**
Қарапайым өң гүлдер сияқты жақсырақ бөлініп шығатын кішкентай нысандарды жасайды.
- **Нысанға барынша жақын жылжыңыз.**
Объективтің минималды фокустау қашықтығын тексеріңіз. Кейбір объективтер <0.25m/0.8ft> сияқты айқындауларға ие. Объективтің минималды фокустау қашықтығы камераның төбесіндегі <V> (фокальдық жазықтық) белгісінен нысанға дейінгі қашықтықпен өлшенеді. Нысанға тым жақын болсаңыз және фокусқа қол жеткізілмесе, фокустау көрсеткіші <●> жыпылықтайды.
Кірістірілген жарқыл жанса және суреттің төменгі жағы табиғи емес түрде күңгірт болып көрінсе, нысаннан аздап алыс тұрып, әрекетті қайталаңыз.
- **Фокустау қашықтығы масштабтау объективтің телеобъектив ұшын пайдаланыңыз.**
Масштабтау объективін пайдалансаңыз, телеобъектив ұшын пайдалану нысанды үлкейтеді.

Тағамды түсіру

Тағамды түсіргенде <🍴> (Тағам) режимін пайдаланыңыз. Нысан айқын және ашық көрінеді. Сондай-ақ, жарық көзіне байланысты қызыл реңк қыздыру шамдарында, т.б. түсірілген суреттерде басылады.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Түс реңкін өзгертіңіз.**

[Color tone/Түс реңкі] параметрін өзгертуге болады. Тағамның қызғылт бояуын ұлғайту үшін оны **[Warm/Жылы]** күйіне қарай орнатыңыз. Егер ол тым қызыл болып көрінсе, оны **[Cool/Салқын]** күйіне қарай орнатыңыз.

- **Жарқыл пайдаланудан сақ болыңыз.**

Жарқылды пайдаланған жағдайда жарық ыдысқа не тағамға әсер етіп, табиғи емес көлеңкелердің пайда болуына әкеліп соқтырады. Жарқылсыз түсіру ұсынылады, бірақ көмескі жарықта камераның шайқалуынан абай болыңыз.



- Бұл режим тағамды дәмді түс реңктерінде түсіруге мүмкіндік беретіндіктен тұлға нысандары сәйкес емес түс реңкінде түсірілуі мүмкін.
- Нысандардың жылы түс белгісі көмескіленуі мүмкін.
- Экранда бірнеше жарық көздері қосылғанда суреттің жылы түс белгісі азаюы мүмкін.
- Жарқылды пайдалансаңыз, **[Color tone/Түс реңкі]** параметрі стандартты параметрге ауысады.

Шам жарығы портреттерін түсіру

Шырақ жарығындағы адам нысанын фотосуретке түсіру керек болғанда <AF> (Шырақ) параметрін пайдаланыңыз. Шырақ ортасы суреттің түс реңктерінде көрсетіледі.




Түсіру бойынша кеңестер

- **Фокустау үшін орталық AF нүктесін пайдаланыңыз.**
Көріністапқыштағы орталық AF нүктесін нысан үстіне көздеп, одан кейін түсіріңіз.
 - **Көріністапқыштағы сандық дисплей (ысырма жылдамдығы) жыпылықтаса, камера шайқалуын болдырмаңыз.**
Төмен жарықтылықта көріністапқыштың ысырма жылдамдығының көрінісі жыпылықтайды. Камераны қозғалмастан ұстап тұрыңыз немесе мосы пайдаланыңыз. Үлкейту объективін пайдалану кезінде камераның шайқалуынан туындаған бұлыңғырды объективті кең бұрышты жағына орнату арқылы азайтуыңызға болады.
 - **Түс реңкін өзгертіңіз.**
[Color tone/Түс реңкі] параметрін өзгертуге болады. Шырақтың қызғылт бояуын ұлғайту үшін оны **[Warm/Жылы]** күйіне қарай орнатыңыз. Егер ол тым қызыл болып көрінсе, оны **[Cool/Салқын]** күйіне қарай орнатыңыз.
- 
 - Live View арқылы түсіру мүмкін емес.
 - Жарқылмен фотосуретке түсіру мүмкін емес болса да, AF көмекші сәулесінің жануын қосу үшін жарқылды алдын ала көтеру ұсынылады (167).

Түнгі портреттерді түсіру (Мосымен)

Адамдарды түнде суретке түсіру және шынайы түн болып көрінетін өңге қол жеткізу керек болғанда <📷> (Түнгі портрет) режимін пайдаланыңыз. Мосыны пайдалану ұсынылады.




Түсіру бойынша кеңестер

- **Кең бұрышты объектив пен мосыны пайдаланыңыз.**
Фокустау қашықтығы ауыспалы объективті пайдалану кезінде, кең түнгі көріністі қамту үшін, кең бұрышты ұшын пайдаланыңыз. Сондай-ақ, камераның шайқалуы қолмен түсіру кезінде орын алуға бейім болғандықтан, мосыны пайдаланыңыз.
 - **Нысанның ашықтығын тексеріңіз.**
Көмескі жарықта жарқылды пайдалану адамдардың жақсырақ түсірілімдерін шығарады.
Сурет ашықтығын тексеру үшін түсірілген суретті орында ойнату ұсынылатынын ескеріңіз. Егер нысан күңгірттеу көрінсе, жақынырақ жылжытып, қайта түсіріңіз.
 - **Сондай-ақ, басқа түсіру режимдерінде түсіріңіз.**
Камера шайқалуы көбінесе түнгі түсірілімдерде орын алатындықтан, <A+> және <P> арқылы түсіру ұсынылады.
- 
 - Нысанның жарқыл жанғаннан кейін де қозғалмай тұруын сұраңыз.
 - Сақтық шараларын 91-бет-беттен қараңыз.

Түнгі көріністерді түсіру (Қолмен)

Түнгі көріністі мосымен түсіру жақсы нәтижелерге әкеледі. Дегенмен, <📷> (Қолмен түсірілетін түнгі көрініс) режимі тіпті камераны қолмен ұстағанда да түнгі көріністерді түсіруге мүмкіндік береді. Осы түсіру режимінде әр сурет үшін төрт түсірілім ретпен түсіріледі және азайтылған камераның шайқалуы бар берілген бір сурет жазылады.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Камераны берік ұстаңыз.**

Түсіру кезінде камераны берік әрі тапжылмай ұстаңыз. Бұл режимде төрт түсірілім реттеліп, бір суретке біріктіріледі. Дегенмен, камера шайқалысына байланысты төрт суреттің бірінде рет түзулігі болмаса, ақтық суретте олар тиісті ретте болмауы мүмкін.

- **Адамдарды қоса түсіру үшін жарқылды қосыңыз.**


Адамдарды қамтитын түсірілімдер үшін кірістірілген жарқылды саусақтарыңызбен көтеріңіз. Әдемі портрет алу үшін, бірінші суретте жарқыл пайдаланылады. Барлық төрт келесі сурет түсірілгенше нысанның қозғалмауын сұраңыз.



- Басқа түсіру режимдерімен салыстырғанда түсіру ауқымы кішкентай болады.
- Сақтық шараларын 91 - 92-беттерден қараңыз.

Артқы жарығы бар көріністерді түсіру

Жарық және қараңғы тұстары бар көріністерді түсіру барысында <  > (HDR Артқы жарығы бар көріністерді түсіру) режимін пайдаланыңыз. Осы режимде бір сурет түсірген кезде, әр түрлі экспозицияларда үш келесі түсірілім жүзеге асады. Нәтижесінде кең реңкі бар ауқымды, артқы жарық әсерінен пайда болатын жабылған көлеңке бәсеңдетілген бір сурет алынады.



Түсіру бойынша кеңестер

● Камераны берік ұстаңыз.

Түсіру кезінде камераны берік әрі тапжылмай ұстаңыз. Бұл режимде үш түсірілім реттеліп, бір суретке біріктіріледі. Дегенмен, камера шайқалысына байланысты үш суреттің бірінде рет түзулігі болмаса, ақтық суретте олар тиісті ретте болмауы мүмкін.



- Басқа түсіру режимдерімен салыстырғанда түсіру ауқымы кішкентай болады.
- Жарқылмен фотосуретке түсіру мүмкін емес болса да, AF көмекші сәулесінің жануын қосу үшін жарқылды алдына ала көтеру ұсынылады (167).
- Сақтық шараларын 91 - 92-беттерден қараңыз.



- HDR жоғары динамикалық ауқым дегенді білдіреді.



<iii> Топтық фотосуреттер бойынша сақтықтар

- Бұрмалану түзетпесі қолданылғандықтан камера көріністапқыш арқылы көрінетіннен тарлау сурет аймағын жазады. (Суреттің сырты аздап кесіледі және ажыратымдылық аздап төмен көрінеді.) Сондай-ақ, Live View арқылы түсіру кезінде көрініс бұрышы аздап өзгереді.

<📷> Балалар бойынша сақтықтар

- Live View арқылы түсіру кезінде жарқыл үздіксіз түсіруде қосылса, үздіксіз түсіру жылдамдығы төмендейді. Келесі суреттер үшін жарқыл жанбаса да, түсіру әлі де азайтылған үздіксіз түсіру жылдамдығымен орындалады.

<📷> Түнгі портрет пен <📷> Қолмен түсірілетін түнгі көрініс режимдері бойынша сақтықтар

- Live View арқылы түсіру кезінде түнгі көріністе табылатындай жарық көздерінің нүктесін фокустау қиын болуы мүмкін. Бұл жағдайда объективтің фокус режимінің қосқышын <MF> күйіне орнатып, қолмен фокустаңыз.
- Көрсетілген Live View суреті нақты түсірілген суретпен бірдей болып көрсетілмейді.

<📷> Түнгі портрет параметрі бойынша сақтықтар

- Live View арқылы түсіру кезінде нысанның беті күңгірт болып көрінгенде фокустау қиын болуы мүмкін. Бұл жағдайда объективтің фокус режимінің қосқышын <MF> күйіне орнатып, қолмен фокустаңыз.

<📷> Қолмен түсірілетін түнгі көрініс және <📷> HDR артқы жарықты басқару элементі бойынша сақтықтар

- RAW сурет сапасын орнату мүмкін емес.
- Егер қозғалыстағы нысанды түсірсеңіз, нысанның қозғалыстары үзік суреттерді қалдырады немесе нысанның айналасы күңгірт болып шығады.
- Суретті туралау функциясы қайталама үлгілер (тор, жолақтар, т.б.), жазық не бір реңкті суреттер немесе камераның шайқалуына байланысты айтарлықтай айнымалы түсірілімдер үшін дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- Суреттерді түсірілген соң біріктірілгеннен кейін картаға жазу үшін біраз уақыт кетеді. Суреттерді өңдеу кезінде көріністапқышта «**buSY**» жазуы көрсетіледі және бұл үрдіс аяқталмағанша суретке түсіре алмайсыз.



< 📷 > Қолмен түсірілетін түнгі көрініс бойынша сақтықтар

- Жарқыл фотосуретте нысан камераға тым жақын болса, сурет өте ашық болып шығуы мүмкін (жарықта көп ұстау).
- Жарқыл фотосуретінде шектеулі жарығы бар түнгі көріністі түсірсеңіз, түсірілімдер дұрыс реттелмеуі мүмкін. Бұл, нәтижесінде бұлыңғырлау сурет беруі мүмкін.
- Жарқыл фотосуретінде жарқылмен жарықтанған өңге адам нысаны жақын болса, түсірілімдер дұрыс реттелмеуі мүмкін. Бұл, нәтижесінде бұлыңғырлау сурет беруі мүмкін. Шынайы емес көлеңкелер және үйлеспейтін түстер де пайда болуы мүмкін.
- Сыртқы Speedlite құралымен жарқылмен қамтылу бұрышы:
 - Авто жарқыл қамту параметрі бар Speedlite пайдалану кезінде масштабтау орны объективтің масштабтау орнына қарамастан кең (кең бұрыш) шетіне түзетіледі.
 - Жарқылды қолмен қамтуды талап ететін параметрі бар Speedlite жарқылын пайдаланған кезде жарқыл басын қалыпты күйге орнатыңыз.


< 📷 > HDR артқы жарығын басқару бойынша сақтықтар

- Суреттің тегіс градациямен көрсетілмеуі және дұрыс емес көрінуі не айтарлықтай шу болуы мүмкін.
- HDR артқы жарықты басқару элементі шамадан тыс артқы жарығы бар көріністер мен жоғары контрастты көріністер үшін тиімді болмауы мүмкін.
- Жетерліктей ашық нысандарды түсіру кезінде, мысалы, қалыпты түрде жарықтандырылған көріністер, сурет HDR әсеріне байланысты жасанды болып көрінуі мүмкін.

Шығармашылық сүзгі әсерлерімен түсіру

<📷> (Шығармашылық сүзгілер) режимінде түсіру үшін он сүзгі әсерлерінің біреуін (Қиыршықты Қ/А*, Жұмсақ фокустау*, «Балық көзі» әсері*, Акварель әсері*, Ойыншық камера әсері*, Шағын әсер*, HDR стандартты суреті, HDR анық суреті, HDR қалың суреті және HDR ерекшелендірілген суреті) қолдана аласыз. Камера Live View арқылы түсіру параметріне орнатылғанда түсіру алдында экрандағы әсерді көре аласыз. Камера тек шығармашыл сүзгі әсерлері қолданылған суретті сақтайды.

* Жұлдызшамен белгіленген әсерлер үшін суретті шығармашылдық сүзгісіз түсіре де аласыз, одан кейін әсерді кейін қолданып, оны жаңа сурет ретінде сақтай аласыз (📖 329).



1 Режим дискісін <📷> күйіне орнатыңыз.



2 Live View суретін көрсетіңіз.

- Live View суретін көрсету үшін <📷> түймесін басыңыз.



3 Жылдам басқару экранымен [Creative filters/Шығармашылық сүзгілер] тармағын таңдаңыз.

- <📷> түймесін басыңыз.
- Экранның жоғарғы сол жағындағы [📷] тармағын таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



- Функцияларды орнату барысында Live View суретінің көрсетілгенін қаламасаңыз, 1-қадамнан кейін <📷> түймесін басыңыз және [Choose filter/Сүзгіні таңдау] параметрін таңдаңыз.




4 Түсіру режимін таңдаңыз.

- Түсіру режимін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Сурет қолданылған сүзгі әсерлері арқылы көрсетіледі.

режимінде қолжетімді түсіру режимдері

Түсіру режимі	Бет
Қиыршықты Қ/А	95
Жұмсақ фокустау	95
«Балық көзі» әсері	95
Акварель әсері	95
Ойыншық камера әсері	95

Түсіру режимі	Бет
Шағын әсері	96
HDR стандартты сурет	96
HDR ашық сурет	96
HDR қалың сурет	96
HDR ерекшеленген сурет	96



5 Әсерді реттеңіз.

- <Q> түймесін басыңыз және [Creative filters/Шығармашылық сүзгілер] тармағының астындағы белгішені таңдаңыз (, , , ,) және белгішесінен басқа).
- Әсерді реттеу үшін <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

6 Суретке түсіріңіз.

- Суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.
- Көріністапқыш арқылы түсіруге қайту үшін, Live View арқылы түсіруден шығу үшін <📷> түймесін басыңыз. Одан кейін, суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз.



- RAW сурет сапасын орнату мүмкін емес.
- <📷>, <👤>, <👁>, <👁>, <📷> немесе <📷> орнатылғанда, үздіксіз түсіру орнатылмайды.
- Шаңды жою деректері (274) «Балық көзі» әсерімен түсірілген суреттерге қосылмайды.



Live View арқылы түсіру кезінде

- Қиыршықты Қ/А көмегімен, СКД мониторында көрсетілген қиыршықты әсер суретте жазылған қиыршықты әсерден ерекше болады.
- Жұмсақ фокустау және шағын әсерлермен СКД мониторында көрсетілген өңдік әсер суретте жазылған өңдік әсерден ерекше болуы мүмкін.
- Гистограмма көрсетілмейді.
- Үлкейтілген көрініс мүмкін емес.
- Шығармашыл аймақ режимі кейбір Шығармашылық сүзгілерді Жылдам басқару экранымен орната аласыз (📖 93).

Шығармашылық сүзгі сипаттамалары

- 📷 **Grainy B/W (Қиыршықты Қ/А)**
Қиыршықты ақ-қара фотосурет жасайды. Контрастты реттеу арқылы қара және ақ түс әсерін өзгерте аласыз.
- 👤 **Soft focus (Жұмсақ фокустау)**
Суретке жұмсақ көрініс береді. Бұлыңғыр әсерін реттеу арқылы жұмсақтық дәрежесін өзгерте аласыз.
- 🐟 **Fish-eye effect («Балық көзі» әсері)**
Объективтің «балық көзі» әсерін береді. Сурет бөшке сияқты бұрмалануға ие болады.
Бұл сүзгі әсерінің деңгейіне байланысты периферия бойынша кесілетін аймақ өзгертіледі. Сондай-ақ, бұл сүзгі сурет орталық бөлігін кеңейтеді, жазылған пиксельдер санына байланысты ортадағы ажыратымдылығы азаюы мүмкін. Осы сүзгіні орнатқан кезде экрандағы суретті тексеріңіз. AF нүктесі ортадағы біреуіне бекітіледі.
- 🎨 **Water painting effect (Акварель әсері)**
Бұл функция суретте құрылған шуды азайтады. Шуды азайту барлық ISO көрсеткіштерінде пайдаланылғанымен, жоғары ISO көрсеткіштерінде ерекше тиімді болып табылады. Төмен ISO көрсеткіштерінде түсіру кезінде суреттің күңгірттеу жақтарындағы (көлеңке аймақтар) шуды одан да көбірек азайтуға болады. Шу деңгейіне сәйкестендіру үшін параметрді өзгертіңіз.



1 [High ISO speed NR/Жоғары ISO көрсеткішінің ША] тармағын таңдаңыз.

- [📷] қойындысының астындағы [High ISO speed NR/Жоғары ISO көрсеткішінің ША] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Деңгейді орнатыңыз.

- Қалаған шуды азайту деңгейін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

- [NR] : Multi Shot Noise Reduction / [NR] : Бірнеше түсірілім шуын азайту [High/Жоғары] сапасынан жоғарырақ сурет сапасында шуды азайтуды қолданады. Жалғыз фотосурет үшін, үздіксіз және тураланған төрт түсірілім түсіріліп, автоматты түрде жалғыз JPEG суретіне біріктіріледі. Егер сурет сапасы RAW немесе RAW+JPEG күйіне орнатылған болса, [Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілімдегі шуды азайту] параметрін орнатуға болмайды.

3 Суретке түсіріңіз.

- Сурет қолданылған шу азайтуымен бірге жазылады.



- Камераны Multi Shot Noise Reduction (Бірнеше түсірілім шуын азайту) орнатылған кез үшін көріністапқышта <I> белгішесін көрсететін етіп орнатуыңызға болады (📖450).




[Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту]

орнатылғанда

- Камера шайқалуына байланысты айтарлықтай қисықтық туындаса, шуды азайту әсері аз болуы мүмкін.
- Егер камераны қолға алатын болсаңыз, камера шайқалуын болдырмау үшін қозғалтпай ұстаңыз. Мосыны пайдалану ұсынылады.
- Қозғалыстағы нысанды түсірсеңіз қозғалыстағы нысан үзік суреттерді қалдырады.
- Суретті туралау функциясы қайталама үлгілер (тор, жолақтар, т.б.), жазық не бір реңкті суреттер үшін дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- Егер нысан ашықтығы түсірілген төрт жүйелі түсірілім ретінде өзгерсе, суретте жүйесіз экспозиция орын алуы мүмкін.
- Түсіруден кейін шуды азайту және суреттерді біріктіру әрекеттерін орындағаннан кейін суретті картаға жазуға біраз уақыт кетуі мүмкін. Суреттерді өңдеу кезінде көріністапқышта «buSY» жазуы көрсетіледі және бұл үрдіс аяқталмағанша суретке түсіре алмайсыз.
- АЕВ және ақ түс балансының бреккетингін пайдалана алмайсыз.
- **[📷: Long exp. noise reduction/📷: Ұзын эксп. шуын азайту]**, АЕВ немесе ақ түс балансының бреккетингі орнатылса, **[Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту]** параметрін орнату мүмкін емес.
- Жарқылмен фотосуретке түсіру мүмкін емес болса да, AF көмекші сәулесінің жануын қосу үшін көмескі жарықта жарқылды алдын ала көтеру ұсынылады. Дегенмен, AF көмекші сәулесі **[📷: AF-assist beam firing/📷: AF көмекші сәулесін шығару]** параметріне сай шығарылады.
- Шам экспозициялары үшін **[Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту]** параметрін орната алмайсыз.
- Егер қуатты өшіріп, түсіру режимін негізгі аймақ режиміне ауыстырып, шам экспозициясын түсіріп немесе фильмді түсірсеңіз, параметр автоматты түрде **[Standard/Стандартты]** өзгереді.
- **[📷: Dust Delete Data/📷: Шаңды жою деректері]** параметрін орнату мүмкін емес.


Ұзақ экспозиция шуын азайту

1 сек. не одан ұзағырақ көрсетілген суреттермен шуды азайту әрекеті қолжетімді болады.



1 [Long exp. noise reduction/Ұзақ экспозиция шуын азайту] параметрін таңдаңыз.

- **[📷]** қойындысының астында **[Long exp. noise reduction/Ұзақ экспозиция шуын азайту]** тармағын таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.



2 Қалаған параметрді орнатыңыз.

- Қажетті параметрді таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.

• **[Auto/Авто]**

1 сек. не одан ұзағырақ экспозициялар үшін, егер ұзақ экспозициялардың әдеттегі шуы анықталса, шуды азайту автоматты түрде орындалады. Бұл **[Auto/Авто]** параметрі көптеген жағдайларда жеткілікті түрде тиімді болып табылады.

• **[Enable/Қосы]**

Шуды азайту әрекеті барлық 1 сек. не одан ұзағырақ экспозициялар үшін орындалады. **[Enable/Қосы]** параметрі **[Auto/Авто]** параметрі анықтай алмайтын шуды азайта алады.

3 Суретке түсіріңіз.


- Сурет қолданылған шу азайтуымен бірге жазылады.



- **[Auto/Авто]** немесе **[Enable/Қосы]** орнатылғанда сурет түсірілгеннен кейінгі шуды азайту экспозициямен бірдей уақыт шамасын алуы мүмкін. Шуды азайту процесі аяқталмайынша басқа суретке түсіре алмайсыз.
- ISO 1600 не одан жоғары дәрежеде түсірілген суреттер **[Enable/Қосы]** параметрінде **[Disable/Өшіру]** не **[Auto/Авто]** параметріне қарағанда қиыршықты болып көрінуі мүмкін.
- **[Auto/Авто]** немесе **[Enable/Қосы]** орнатулы тұрғанда, ұзақ экспозиция көрсетілген Live View суретімен пайдаланылған болса, шуды азайту процесі кезінде «**BUSY**» көрсетіледі. Live View дисплейі шуды азайту аяқталмағанша шықпайды. (Басқа суретке түсіру мүмкін емес.)


Оптикалық сипаттамаларға байланысты ☆ объектив аберрациясын түзету

Виньеттеу, сурет бұрмалануы мен басқа проблемаларды объективтің оптикалық сипаттамалары тудыруы мүмкін. Камера осы құбылысты **[Lens aberration correction/Объектив аберрациясын түзету]** параметрін пайдаланып толықтыра алады.




1 [Lens aberration correction/Объектив аберрациясын түзету] тармағын таңдаңыз.

- **[]** қойындысының астында **[Lens aberration correction/Объектив аберрациясын түзету]** тармағын таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.



2 Элементті таңдаңыз.

- Элементті таңдау үшін **<▲>** **<▼>** пернелерін басыңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.



3 [Enable/Қосу] параметрін таңдаңыз.

- Тіркелген объектив атауының және (дифракцияны түзетуден басқа) **[Correction data available/Қолжетімді түзету деректері]** параметрінің көрсетілгенін растаңыз.
- **[Correction data not available/Түзету деректері қолжетімді емес]** немесе **[]** түймесі көрсетілсе, «Digital Lens Optimizer (Сандық объективті оңтайландырғыш)» (**143**). бөлімін қараңыз.

4 Суретке түсіріңіз.

- Түсірілген суреттерде объектив аберрациясы түзетілген болады.

Перифериялық жарықтылығын түзету

Виньеттеуді (күңгірт сурет бұрыштар) түзетуге болады.



- Түсіру жағдайларына байланысты шу сурет перифериясында пайда болуы мүмкін.
- ISO көрсеткіші жоғары болған сайын түзету шамасы төмен болады.



- Қолданылатын түзету мөлшері Digital Photo Professional бағдарламасымен (EOS бағдарламалық жасақтамасы) қолданылған максималды түзету мөлшерінен төмен болады.
- Перифериялық жарықтылық түзету деректері камерада тіркелген кезде Herizгі аймақ режимдерінде автоматты түрде түзетіледі.

Бұрмалануды түзету

Бұрмалануды (суреттің бұрмалануы) түзетуге болады.



- Бұрмалануды түзету үшін камера түсіру кезінде көрінетін аймаққа қарағанда кішірек сурет аймағын түсіреді, ол суретті аздап қиып алады және көрінетін ажыратымдылықты аздап төмендетеді.
- Бұрмалануды түзетуді орнату көрініс бұрышын аздап өзгертуі мүмкін.
- Суреттерді үлкейткенде, бұрмалануды түзету көрсетілген суреттерге қолданылмайды.
- Бұрмалануды түзету параметрі қолданылған суреттерде Шанды жою деректері (📖 274) қосылмайды.
- Көріністапқышпен түсіруде ойнату кезінде AF нүктесін дисплейі бұрмалануға байланысты аздап дұрыс тураланбауы мүмкін.



- Бұрмалану <SCN> режимі <iii> күйіне орнатылған және түзету деректері камерада тіркелген кезде автоматты түрде түзетіледі.

Digital Lens Optimizer (Сандық объективті оңтайландырғыш)

Объективтің оптикалық сипаттамаларынан түрлі абберрацияларды, сонымен қатар бұрмалану мен төменгі жиіліктер сүзгісінен туындаған айқындықтың жоғалуын түзетуге болады.

[Correction data not available/Түзету деректері қолжетімді емес]

немесе  белгішесін **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** көрсеткен кезде, EOS Utility бағдарламалық жасақтамасын объектив түзету деректерін камераға қосу үшін пайдалануыңызға болады. Мәліметтерді EOS Utility нұсқаулығынан қараңыз.



- Түсіру жағдайларына байланысты түзету әсерлерімен бірге шу күшеюі мүмкін. Сурет шеттері де ерекшеленуі мүмкін. Түсірместен бұрын қажетінше Picture Style анықтығын реттеңіз немесе **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** параметрін **[Disable/Өшіру]** мәніне орнатыңыз.
- ISO көрсеткіші жоғары болған сайын түзету шамасы төмен болады.
- Фильм жазу үшін **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** параметрі пайда болмайды. (Түзету мүмкін емес.)



- **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** параметрін қосу хроматикалық абберрация мен дифракцияның екеуін де бұл параметрлер көрсетілмесе де түзетеді.
- Digital Lens Optimizer (Сандық объективті оңтайландырғыш) түзету деректері камерада тіркелген кезде Негізгі аймақ режимдерінде автоматты түрде қолданылады.

Хроматикалық абберрацияны түзету

Хроматикалық абберрацияны (нысандар айналасындағы түстік көмкеру) түзетуге болады.



- **[Chromatic aberr corr/Хроматикалық абберр. түз]** параметрі **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** параметрі қосылған кезде көрсетілмейді.

Бұрмалануды түзету

Бұрмалануды (апертура арқылы туындаған анықтықтың жоғалуы) түзетуге болады.



- Түсіру жағдайларына байланысты түзету әсерлерімен бірге шу күшеюі мүмкін.
- ISO көрсеткіші жоғары болған сайын түзету шамасы төмен болады.
- Фильм түсіру үшін **[Diffraction correction/Дифракцияны түзету]** параметрі пайда болмайды. (Түзету мүмкін емес.)



- «Дифракцияны түзету» параметрімен төменгі жиіліктер сүзгісіне, т.б. байланысты төмендеген ажыратымдылық дифракцияға қоса түзетіледі. Сондықтан, түзету ашық апертураға жақын апертурада да тиімді.
- **[Diffraction correction/Дифракцияны түзету]** параметрі **[Digital Lens Optimizer/Сандық объективті оңтайландырғыш]** параметрі қосылған кезде көрсетілмейді.



Объектив абберациясын түзету бойынша жалпы сақтықтар

- Әлдеқашан суретке түсірілген JPEG суреттері үшін перифериялық жарықтылығын түзетуді, хроматикалық абберацияны түзетуді және дифракцияны түзетуді қолдануға болмайды.
- Сапон шығармаған объективті пайдаланғанда, түзетулерді **[Disable/Өшіру]** күйіне орнату ұсынылады, тіпті, егер **[Correction data available/Түзету деректері қолжетімді]** көрсетілсе де.
- Суреттің сыртын үлкейту суреттің жазылмайтын бөліктерін көрсетуі мүмкін.
- Егер пайдаланылған объективте қашықтық туралы ақпарат болмаса, түзетпе шамасы төмен (дифракцияны түзетуден басқа) болады.



Объектив абберациясын түзету үшін жалпы ескертпелер

- Объектив абберациясын түзету әсері пайдаланылған объективке және түсіру жағдайларына байланысты өзгереді. Сондай-ақ, пайдаланылған объективке, түсіру жағдайларына байланысты әсерді байқау қиын болуы мүмкін.
- Түзетуді қарау қиын болса, түсіруден кейін суретті үлкейту және тексеру ұсынылады.
- Түзетулер ұзартқыш немесе life-size converter тіркелген кезде де қолданылады.
- Егер тіркелген объективке арналған түзету деректері камераға тіркелмеген болса, нәтиже түзету **[Disable/Өшіру]** күйіне (дифракцияны түзетуден басқа) орнатылған кездерімен бірдей болады.
- Қажет болса, EOS Utility нұсқаулығын да қараңыз.

Түсті жаңғырту ауқымын орнату



Жаңғыртылатын түстер ауқымы «түстік кеңістік» деп аталады. Камерамен түсірілген суреттер үшін түстік кеңістік sRGB не Adobe RGB күйіне орната аласыз. Қалыпты түсіру үшін sRGB ұсынылады.


Негізгі аймақ режимдерінде [sRGB] автоматты түрде орнатылады.

1 [Color space/Түстік кеңістік] параметрін таңдаңыз.

- [📷] қойындысының астында [Color space/Түстік кеңістік] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Қажетті түстік кеңістікті орнатыңыз.

- [sRGB] немесе [Adobe RGB] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




Adobe RGB

Бұл түстік кеңістік әсіресе коммерциялық басып шығару және басқа да өндірістік пайдалануға арналған. Егер суретті өңдеу, Adobe RGB және Design rule for Camera File System 2.0 (Exif 2.21 не одан жоғары) ережелері туралы білмесеңіз, бұл параметр ұсынылмайды. sRGB профильді компьютер мен Design rule for Camera File System 2.0 (Exif 2.21 не одан жоғары) ережелерге сәйкес емес принтерлерде сурет өңі солғын болып көрінеді. Сол себепті суретті бағдарламалық жасақтамамен кейінгі өңдеу әрекеті талап етіледі.



- Егер фотосурет Adobe RGB түстік кеңістігінде түсірілген болса, файлдағы бірінші таңба «_» астыңғы сызықты таңдаңыз.
- ICC профилі қосылмайды. ICC профилі туралы түсіндірмелерді Digital Photo Professional нұсқаулығынан қараңыз.


Фотосурет әсерлері үшін кеңейтілген операциялар



Шығармашыл аймақ режимдерінде ысырма жылдамдығын және/немесе апертураны таңдау, экспозицияны, т.б. қажетінше реттеу арқылы түсіру нәтижелерінің кең түріне қол жеткізу үшін камераның түрлі параметрлерін қалағаныңызша өзгерте аласыз.

- Ысырма түймесін жартылай басып, жіберген кезде экспозиция параметрлері көріністапқышта өлшеу таймері функциясы арқылы шамамен 4 секундқа көрсетілген күйі қалады.
- Беттің жоғарғы оң жағындағы ☆ белгішесі функцияның тек Шығармашыл аймақ режимдерінде ғана қолжетімді екенін көрсетеді.

Негізгі диск көрсеткіші




Ысырма жылдамдығымен немесе апертура параметрімен бірге көрсетілген көрсеткі белгішесі <M> тиісті параметрді реттеу үшін <BULB> дискісін бұрауыңызға болатынын білдіреді.

Бағдарламалық АЕ (Р режимі)

Камера нысанның ашықтығына сай келу үшін автоматты түрде ысырма жылдамдығын және апертураны орнатады. Бұл Бағдарламалық ЭФ деп аталады.

- * <P> - Бағдарлама дегенді білдіреді.
- * АЕ - Авто экспозиция дегенді білдіреді.



1 Режим дискісін <P> күйіне орнатыңыз.



2 Нысанға фокустаңыз.

- Көріністапқыш арқылы қараңыз және АЕ нүктесін нысанның үстіне көздеңіз. Одан кейін ысырма түймесін жартылай басыңыз.
- ➔ Фокусқа қол жеткізілгенде, фокусталатын АЕ нүктесінің ішіндегі нүкте қызыл болып тез жанады және көріністапқыштың төменгі оң жағындағы фокустау көрсеткіші <●> (Бір түсірілім АЕ режимінде) жанады.
- ➔ Ысырма жылдамдығы және апертура автоматты түрде орнатылады және көріністапқыш көрсетіледі.



3 Дисплейді тексеріңіз.

- Ысырма жылдамдығы және апертура көрінісінің жыпылықтауы тоқтағанда стандартты экспозиция алынады.

4 Суретке түсіріңіз.

- Түсірілім композициясын таңдаңыз және ысырма түймесін толығымен басыңыз.




- Түсіру режимінің сипаттамасы 1-қадамда пайда болса, оны жасыру үшін <SET> түймесін басыңыз (54).



Түсіру бойынша кеңестер

- **ISO көрсеткішін өзгертіңіз. Кірістірілген жарқылды пайдаланыңыз.**
Нысан мен ортаны жарықтандыру деңгейіне сәйкестендіру үшін, ISO көрсеткішін өзгертуге (📖 118) немесе кірістірілген жарқылды пайдалануға болады (📖 169).
- **Бағдарламаны ауыстыруды пайдаланып бағдарламаны өзгертіңіз.**
Ысырма түймесін жартылай басқаннан кейін ысырма жылдамдығы мен апертура параметрінің тіркесімін (бағдарлама) өзгерту үшін  дискісін бұраңыз. Сурет түсірілгеннен кейін бағдарламаны ауыстыру автоматты түрде болдырылмайды. Жарқылмен бағдарламаны ауыстыру мүмкін емес.



- «30"» ысырма жылдамдығы мен ең төменгі f/саны жыпылықтаса, ол жарықта көп ұсталғанын білдіреді. ISO көрсеткішін арттырыңыз немесе жарқылды пайдаланыңыз.



- Егер «4000» ысырма жылдамдығы және ең жоғарғы f/саны жыпылықтаса, ол жарықта көп ұсталуды білдіреді. ISO көрсеткішін азайтыңыз.



<P> және <A+> (Интеллектуалды авто көрініс) арасындағы айырмашылықтар

- <A+> режимінде, AF операциясы және өлшеу режимі сияқты көптеген функциялар сәтсіз түсірілімдерді болдырмау үшін автоматты түрде орнатылады. Сіз орната алатын функциялардың саны шектеулі. Басқа жағынан, <P> режимімен ысырма жылдамдығы мен апертура ғана автоматты түрде орнатылады. Сіз AF операциясын, өлшеу режимін және басқа функцияларды еркін орната аласыз.

Нысан қозғалысын жеткізу (Tv режимі)

Режим дискісіндегі **<Tv>** (Ысырма артықшылығы бар AE) режимі арқылы әрекетті қатыра аласыз не қимыл бұлыңғырлығын жасай аласыз.


* **<Tv>** уақыт мәні болып табылады.




Бұлыңғыр қимыл
(Баяу ысырма жылдамдығы: 1/30 сек.)



Қатқан қозғалыс
(Жылдам ысырма жылдамдығы: 1/2000 сек.)



1 Режим дискісін **<Tv>** күйіне орнатыңыз.



2 Қажетті ысырма жылдамдығын орнатыңыз.

- Ысырма жылдамдығын орнату бойынша кеңестер алу үшін «Түсіру кеңестері» бөлімін (150) қараңыз.
- **<Tv>** дискісін сағат тілінің бағытымен бұру жылдамырақ ысырма жылдамдығын орнатады және оны сағат тілінің бағытына қарсы бұру баяуырақ жылдамдықты орнатады.



3 Суретке түсіріңіз.

- Фокустап, ысырма түймесін толығымен басқан кезде, сурет орнатылған ысырма жылдамдығында түсіріледі.



Ысырма жылдамдығының көрінісі

- СКД мониторы ысырма жылдамдығын бөлшек ретінде көрсетеді. Дегенмен, көріністапқыш тек ауыстырғышты көрсетеді. «0"5» - 0,5 сек. пен «15"» - 15 сек. екенін білдіреді.



Түсіру бойынша кеңестер

- Жылдам қозғалатын нысан қимылын қатыру үшін**
Жылжыған нысанның жылдамдығына сай 1/4000-1/500 сек. сияқты жылдам ысырма жылдамдығын пайдаланыңыз.
- Жүгіріп келе жатқан баланы не жануарды бұлыңғырлату және қимыл әсерін жеткізу үшін**
1/250-1/30 сек. сияқты жылдам ысырма жылдамдығын пайдаланыңыз. Көріністапқыш арқылы қозғалыстағы нысанды бақылаңыз және суретке түсіру үшін ысырма түймесін басыңыз. Егер телеобъективті пайдалансаңыз, камера шайқалуын болдырмау үшін, қозғалтпай ұстаңыз.
- Ағынды өзенді не бұрқақты бұлыңғырлату үшін**
1/30 сек. не оданда баяу ысырма жылдамдығын пайдаланыңыз. Қолмен ұсталған камера шайқалуын болдырмау үшін мосыны пайдаланыңыз.
- Апертура көрінісі жыпылықтамайтындай етіп, ысырма жылдамдығын пайдаланыңыз.**

Апертура көрсетілген кезде ысырма түймесін жартылай бассаңыз не ысырма жылдамдығын өзгертсеңіз, апертура мәні де бірдей экспозицияны сақтау үшін өзгертіледі (сурет сенсорына жететін жарық мөлшері). Бұл операцияда апертура мәні реттелетін ауқымнан асса, ол стандартты экспозицияға қол жеткізу мүмкін еместігін көрсету үшін жыпылықтайды.

Егер экспозиция тым күңгірт болса, максималды апертура (ең төменгі f/саны) жыпылықтайды. Егер бұл орын алса, баяуырақ ысырма жылдамдығын орнату үшін не ISO көрсеткішін арттыру үшін  > дискісін сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз.

Егер экспозиция тым ашық болса, максималды апертура (ең жоғарғы f/саны) жыпылықтайды. Егер бұл орын алса, жылдамырақ ысырма жылдамдығын орнату немесе ISO көрсеткішін азайту үшін  > дискісін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.



Кірістірілген жарқылды пайдалану

Негізгі нысандағы дұрыс жарқыл экспозициясын қамту үшін, автоматты түрде орнатылған апертураға сәйкес келу үшін (авто жарқыл) жарқыл шығысы автоматты түрде орнатылады.

Ашықтық тереңдігін өзгерту (Av режимі)

Өңді бұлыңғырлату не жақын және алыстағы заттар анық көрінуі үшін, ашықтық тереңдігін реттеу мақсатында режим дискісін <Av> (AE апертура артықшылығы) күйіне орнатыңыз (жарамды фокустау ауқымы).


* <Av> Апертура мәнін білдіреді (Объективтің диафрагма саңылауының өлшемі).




Бұлыңғыр өң
(Жоғары апертура санымен: f/5.6)



Анық алдыңғы және артқы өңдер
(Жоғары апертура санымен: f/32)



1 Режим дискісін <Av> күйіне орнатыңыз.



2 Қажетті апертураны орнатыңыз.

- f/саны жоғары болған сайын алдыңғы және артқы өңдерде анық фокустауға қол жеткізілетін ашықтық тереңдігі кеңірек болады.
- < > дискісін сағат тілінің бағытымен бұрау жоғары f/санын (кішірек апертура саңылауы), ал оны сағат тілінің бағытына қарсы бұрау төменірек f/санын (үлкенірек апертура саңылауы) орнатады.



3 Суретке түсіріңіз.

- Фокустап, ысырма түймесін толығымен басқан кезде, сурет орнатылған апертурамен түсіріледі.



Апертура мәнін көрсету

- Саны жоғарырақ болған сайын апертура азырақ ашылады. Көрсетілген $f/\text{сан}$ объективке байланысты әр түрлі болады. Егер камераға объектив тіркелмеген болса, апертура үшін «00» көрсетіледі.



Түсіру бойынша кеңестер

- Жоғары $f/\text{санды}$ апертураны пайдалану не төмен жарық көріністерінде түсіру кезінде камера шайқалуы орын алуы мүмкін екенін ескеріңіз.**

Жоғары апертура $f/\text{саны}$ ысырма жылдамдығын баяулатады. Төменгі жарық астында ысырма жылдамдығы 30 сек. болуы мүмкін. Бұндай жағдайларда ISO көрсеткішін арттырып, камераны қозғалтпастан ұстаңыз не мосыны пайдаланыңыз.

- Ашықтық тереңдігі апертураға ғана емес, сондай-ақ, объектив пен нысан қашықтығына байланысты әртүрлі болады.**

Кең бұрышты объективтер кең ашықтық тереңдігіне ие болғандықтан (фокустау нүктесінің алдыңғы және артқы жанындағы жарамды фокустау ауқымы), алдыңғы өңнен артқы өңге дейін анық сурет алу үшін жоғары апертура $f/\text{санын}$ орнату қажет емес. Басқа жағынан, телеобъектив тар ашықтық тереңдігіне ие.


Және нысан неғұрлым жақын болса ашықтық тереңдігі соғұрлым тар болады. Алысырақ нысан кеңірек ашықтық тереңдігіне ие болады.

- Ысырма жылдамдығының көрінісі жыпылықтамайтындай етіп, апертураны орнатыңыз.**

Егер ысырма жылдамдығының көрінісі кезінде ысырма түймесін жартылай басып, апертураны өзгертсеңіз, онда ысырма жылдамдығы да бірдей экспозицияны сақтау үшін өзгертіледі (сурет сенсорына жететін жарық мөлшері). Бұл операцияда ысырма жылдамдығы реттелетін ауқымнан асса, ол стандартты экспозицияға қол жеткізу мүмкін еместігін көрсету үшін жыпылықтайды.

Егер сурет тым күңгірт болса, «30» (30 сек.) ысырма жылдамдығының көрінісі жыпылықтайды. Егер бұл орын алса, төменірек $f/\text{санын}$ орнату немесе ISO көрсеткішін арттыру үшін  дискісін сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз.

Егер сурет тым ашық болса, «4000» (1/4000 сек.) ысырма жылдамдығының көрінісі жыпылықтайды. Егер бұл орын алса, жоғарғы $f/\text{санын}$ орнату не ISO көрсеткішін азайту үшін  дискісін сағат тілінің бағытымен бұрыңыз.



Кірістірілген жарқылды пайдалану

Дұрыс жарқыл экспозициясына қол жеткізу үшін орнатылған апертураға сәйкес келу үшін жарқыл шығысы автоматты түрде басқарылады (авто жарқыл). Ысырма жылдамдығы экран ашықтығына сәйкес келу үшін автоматты түрде орнатылады. (📖 176).

Төмен жарықта негізгі нысанға авто жарқылмен әсер етсе, өңге автоматты түрде орнатылған баяу ысырма жылдамдығы әсер етеді. Сурет нысан мен өңнің екеуі үшін де орта әсерімен стандартты экспозициямен шығады (автоматты жай жылдамдықты жарқылды синхрондау). Егер камераны қолға алатын болсаңыз, камера шайқалуын болдырмау үшін қозғалтпай ұстаңыз. Камераның шайқалуын болдырмау үшін мосыны пайдалану ұсынылады.

Ашықтық тереңдігін қарап шығу

Апертураның ашылуы (диафрагма) тек суретке түсіру мезетінде өзгертіледі. Болмаса, апертура толық ашық болып қалады. Сол себепті, көріністапқыштағы немесе СКД мониторияндағы көріністі қарау кезінде ашықтық тереңдігі тар болып көрінеді.


Ашықтық тереңдігін <SET> немесе <DISP> түймесін басу арқылы олар төмендегідей теңшелген кезде тексеруіңізге болады. Фокустағы ауқымды Live View суреттерінде апертура мәнін <SET> немесе <DISP> түймесін басып тұрып реттеген кезде анық көруге болады.

- [**⚙**: Custom Functions(C.Fn)/**⚙**: Теңшелетін функциялар (Т.Фн)] астындағы [**Assign SET button/SET түймесін тағайындау**] параметрін [**7:Depth-of-field preview/7:Ашықтық тереңдігін қарап шығу**] режиміне орнатыңыз.
- [**⚙**: Custom Functions(C.Fn)/**⚙**: Теңшелетін функция (Т.Фн)] терезесінде [**DISP button function/DISP түймесінің функциясы**] параметрін [**1:Depth-of-field preview/1:Ашықтық тереңдігін қарап шығу**] мәніне орнатыңыз.

Қол экспозициясы (М режимі)


Ысырма жылдамдығы және апертураны қалауыңызша қолмен орната аласыз. Көріністапқыштағы экспозиция деңгейінің көрсеткішіне сілтеме жасау кезінде экспозицияны қалағаныңызша орнатуға болады. Бұл әдіс экспозицияны қолмен орнату деп аталады.

* <M> қолмен дегенді білдіреді.



1 Режим дискісін <M> күйіне орнатыңыз.

2 ISO көрсеткішін орнатыңыз (📖 118).




<Av/📐> + <📐>

3 Ысырма жылдамдығы мен апертураны орнатыңыз.

- Ысырма жылдамдығын орнату үшін <📐> дискін бұрыңыз.
- Апертураны орнату үшін <Av/📐> түймесін басып тұрып <📐> дискісін бұраңыз.

4 Нысанға фокустаңыз.

- Ысырма түймесін жартылай басыңыз.
- ➔ Экспозиция параметрі көріністапқышта көрсетіледі.
- <📐> экспозиция деңгейінің белгісін ағымдағы экспозиция деңгейінің стандартты экспозиция деңгейінен қаншалықты алыс екендігін көру үшін белгілеңіз.



(1) Стандартты экспозиция индексі

(2) Экспозиция деңгейінің белгісі

5 Экспозицияны орнатып, суретке түсіріңіз.

- Экспозиция деңгейінің көрсеткішін тексеріп, қажетті ысырма жылдамдығы мен апертураны орнатыңыз.
- Экспозиция деңгейі стандартты экспозициядан ± 2 тоқтауға асса, экспозиция деңгейі көрсеткішінің соңы көріністапқышта $<\blacktriangleleft>$ не $<\blacktriangleright>$ көрсетеді. (СКД мониториянда экспозиция деңгейі ± 3 тоқтаудан асса, $<\blacktriangleleft>$ немесе $<\blacktriangleright>$ көрсетіледі.)



- Орнатылған экспозиция параметрі фильм түсіру үшін сақталмайды.

ISO авто мүмкіндігі бар экспозиция компенсациясы

Егер қол экспозициясымен түсіру үшін ISO көрсеткіші **[AUTO/ABTO]** күйіне орнатылған болса, экспозиция компенсациясын (📖160) келесідей орнатуға болады:

- [: **Expo.comp./AEB** / : **Эксп.комп./AEB**]
- [**5: Expo comp (hold btn, turn)/5: Эксп. комп. (түймені басып тұрып, дискісін бұрау)]**] параметрін [**🔧: Custom Functions(C.Fn) / 🔧: Теңшелетін функциялар (Т.Фн.)**] астындағы [**Assign SET button/ SET түймесін тағайындау**] параметрімен (📖452)
- Жылдам басқару (📖57)



- ISO авто орнатылған кезде ISO көрсеткіші параметрі орнатылған ысырма жылдамдығымен және апертурамен стандартты экспозицияны алу үшін өзгереді. Сондықтан, қалаған экспозиция әсерін алу мүмкін емес. Бұндай жағдайда экспозиция компенсациясын орнатыңыз.
- Егер ISO авто орнатылған кезде жарқыл пайдаланылса, экспозиция компенсациясының шамасы орнатылған жағдайда да қолданылмайды.




- [: **Auto Lighting Optimizer/** : **Авто жарықтылықты оңтайландырғыш**] астында [**✓**] құсбелгісі [**Disable during man expo/Қолмен экспозицияны орнату кезінде өшіру**] параметрінен алып тасталса, Auto Lighting Optimizer (Авто жарықтылықты оңтайландырғыш) параметрін **<M>** режимінде де (📖136) орнатуға болады.
- ISO авто орнатылған кезде, ISO көрсеткішін құлыптау үшін **<★>** түймесіне баса аласыз.
- Егер **<★>** түймесін басып, түсірілімді қайта ұйымдастырсаңыз, **<★>** түймесін басумен салыстырылған экспозиция деңгейінің көрсеткішіндегі экспозиция деңгейінің айырмашылығын көре аласыз.
- Экспозиция компенсациясы (📖160) **<P>**, **<Tv>** немесе **<Av>** режимінде қолданылса, орнатылып қойған экспозиция компенсациясының шамасы түсіру режимі ISO авто орнатумен **<M>** күйіне ауыстырылған кезде әлі де сақталады.

Кірістірілген жарқылды пайдалану

Негізгі нысандағы дұрыс жарқыл экспозициясын қамту үшін, қолмен орнатылған апертураға сәйкес келу үшін (авто жарқыл) жарқыл шығысы автоматты түрде орнатылады. Орнатылатын ысырма жылдамдығы ауқымының 1/200 сек. - 30 сек. аралығында немесе шамға шектелетінін ескеріңіз.

ШАМ: Ұзақ (Шам) экспозициялар



1'04

(1)

Шам экспозициясы ысырма түймесін ұстап тұрғанша ысырманы ашық етіп сақтайды. Оны ұзақ экспозицияны талап ететін отшашулар мен басқа нысандарды суретке түсіру үшін пайдалануға болады. 155-бет-беттегі 3-қадамда <BULB> параметрін орнату үшін сол жақтағы <BULB> дискісін бұраңыз. Экспозицияның өткен уақыты (1) СКД мониториянда көрсетіледі.



- Камераны шуақты ауа райындағы жасанды жарық көзі сияқты қатты жарық көздеріне бағыттамаңыз. Ол сурет сенсорын немесе камераның ішкі құрамдастарын зақымдауы мүмкін.
- Ұзын шам экспозициялары әдеттегіден көп шу шығаратындықтан, сурет шамалы түйіршікті болып көрінуі мүмкін.
- ISO Auto (ISO авто) орнатылса, ISO speed (ISO көрсеткіші) ISO 400 болады.
- Шам экспозицияларымен түсіру кезінде өздігінен түсіруді реттейтін таймер мен айнаны блоктаудың екеуін де пайдалансаңыз, ысырма түймесін толығымен басып тұрыңыз (өздігінен түсіруді реттейтін таймердің кідіріс уақыты + шам экспозициясының уақыты). Өздігінен түсіруді реттейтін таймер кері санауы кезінде ысырма түймесін босатсаңыз, ысырманың босату дыбысы естіледі, бірақ сурет түсірілмейді.




- Ұзын экспозицияға байланысты шуды [📷: Long exp. noise reduction/📷: Ұзын экспозиция шуын азайту] параметрін [Auto/Авто] немесе [Enable/Қосу] мәніне (📖139) орнату арқылы азайта аласыз.
- Шам экспозициялары үшін мосы мен қашықтық ауыстырып-қосқышын (бөлек сатылады, 📖463) пайдалану ұсынылады.
- Шам экспозициялары BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралын (бөлек сатылады, 📖463) пайдалана аласыз. BR-E1 құралының босату түймесін (тасымалдау түймесі) басқан кезде шам экспозициясы дереу не 2 сек. соң басталады. Шам экспозициясын тоқтату үшін түймені қайта басыңыз.
- Өткен экспозиция уақытының дисплейін <INFO> түймесін басу арқылы өшіре аласыз.

Өлшеу режимін өзгерту




Нысан нысан ашықтығын өлшеудің төрт әдісі (өлшеу режимдері) берілген. Әдетте, баға белгілейтін өлшеу ұсынылады. Негізгі аймақ режимдерінде баға белгілейтін өлшеу автоматты түрде орнатылады. (<SCN: > және <: > режимдерінде ортадан өлшенген орташа өлшеу орнатылады.)




1 [Metering mode/Өлшеу режимі] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Metering mode/Өлшеу режимі] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Өлшеу режимін орнатыңыз.

- Қажетті өлшеу режимін таңдап, <SET> түймесін басыңыз.




Баға белгілейтін өлшеу

Жалпы мақсаттағы өлшеу режимі артқы жарығы бар нысандар үшін де қолайлы. Камера экспозицияны көрініске үйлесімді болу үшін автоматты түрде реттейді.




Жартылай өлшеу

Артқы жарыққа, т.б. байланысты нысан айналасында ашығырақ жарық болғанда тиімді. Сол жақтағы суреттегі сұр аймақ стандартты экспозицияға қол жеткізу үшін шамамен ашықтықты өлшеу орны болып табылады.



Нүктелік өлшеу

Бұл нысанның немесе қойылымның нақты бөлігін өлшеген кезде тиімді. Сол жақтағы суреттегі сұр аймақ стандартты экспозицияны қамту үшін шамамен ашықтық өлшенетін орын болып табылады. Бұл өлшеу режимі тәжірибелі пайдаланушыларға арналған.



□ Ортадан өлшенген орташа өлшеу

Өлшеу экранның ортасы ауыр өлшенген бүкіл қойылым үшін орташа беріледі. Бұл өлшеу режимі тәжірибелі эксперттерге арналған.



- Ысырма түймесін жартылай басып, фокустау жүзеге асқанда,  арқылы (баға белгілейтін өлшеу) бірге экспозиция параметрі автоматты түрде құлыпталады. Экспозиция  (жартылай өлшеу),  (нүктелік өлшеу) және  (ортадан өлшенген орташа өлшеу) режимдерінде сурет түсірілген мезетте орнатылады. (Ысырма түймесін жартылай басу экспозицияны құлыптамайды.)

Қажетті экспозиция компенсациясын ☆ орнату

Жарқылды пайдаланбай түсіру нәтижелері күткендегідей ашық болмаса, экспозиция компенсациясын орнатыңыз. Бұл мүмкіндікті шығармашыл аймақ режимдерінде пайдалануға болады (<M> режимінен басқа). Экспозиция компенсациясын 1/3 тоқтау қадамдарында ± 5 тоқтауға дейін орната аласыз*. Егер <M> режимі мен ISO авто режимінің екеуі де орнатылған болса, экспозиция компенсациясын орнату үшін 156-бетті қараңыз.

- * Live View арқылы түсіру/фильм түсіру режимінде немесе [📷: Shooting screen/📷: Түсіру экраны] параметрі [Guided/Бағытталған] мәніне орнатылған кезде, экспозиция компенсациясын ± 3 тоқтатуға дейін орнатуға болады.

1 Экспозиция деңгейінің көрсеткішін тексеріңіз.

- Ысырма түймесін жартылай басыңыз және экспозиция деңгейінің көрсеткішін көріністапқышта немесе СКД мониторында тексеріңіз.

Ашығырақ сурет үшін
арттырылған экспозиция



2 Компенсациясының көлемін орнатыңыз.

- Экспозиция тым қараңғы болса, <Av/📷> түймесін басып тұрып (арттырылған экспозиция үшін) <📷> дискісін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- Экспозиция тым ашық болса, <Av/📷> түймесін басып тұрып (арттырылған экспозиция үшін) <📷> дискісін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.

Күңгірттеу сурет үшін
азайтылған экспозиция



3 Суретке түсіріңіз.

- Экспозиция компенсациясын болдырмау үшін компенсация мөлшерін қайтадан <0> күйіне келтіріңіз.

- ! • [📷: Auto Lighting Optimizer/📷: Автоматты жарықтылықты оңтайландырғыш] параметрі (136) [Disable/Өшіру] күйінен басқа кез келген параметрге орнатылса, күңгірт сурет үшін азайтылған экспозиция компенсациясы орнатылған болса да, сурет ашық болып көрінуі мүмкін.
- Орнатылған экспозиция компенсациясының деңгейі фильм түсіруге қолданылмайды.



- Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатқаныңызда экспозиция компенсациясы параметрі болдырылмайды.
- Көріністапқышта көрсетілген экспозиция компенсациясының шамасы ± 2 тоқтауға дейін ғана өтеді. Экспозиция компенсациясының шамасы ± 2 тоқтаудан асса, экспозиция деңгейінің көрсеткіші шеті <◀> немесе <▶> көрсетеді.
- ± 2 тоқтаудан асатын экспозиция компенсациясын орнату керек болса, оны [📷: Expo.comp./AEB / 📷: Эксп.комп./AEB] параметрімен (📖 162) орнату ұсынылады.

Автоэкспозиция брекетингі



Бұл мүмкіндік төменде көрсетілгендей үш түсірілім көмегімен экспозицияны автоматты түрде өзгерту арқылы 1/3 тоқтау қадамдарында ± 2 тоқтауға дейінгі ауқымда экспозиция компенсациясының алға жылжуына әкеледі. Кейін ең үздік экспозицияны таңдай аласыз.

Бұл AEB (Автоэкспозиция брекетингі) деп аталады.




Стандартты экспозиция



Күңгірттеу экспозиция
(Азайтылған экспозиция)



Ашығырақ экспозиция
(Арттырылған экспозиция)




1 [Expo.comp./AEB / Экспозиция компенсациясы/AEB] параметрін таңдаңыз.

- [AEB] қойындысының астында [Expo.comp./AEB / Экспозиция компенсациясы/AEB] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 AEB ауқымын орнатыңыз.

- AEB ауқымын орнату (1) үшін  > дискін бұраңыз.
 - Экспозиция компенсациясының шамасын орнату үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз. AEB экспозиция компенсациясымен біріктірілетін болса, AEB экспозиция компенсациясының деңгейі ортасына қолданылады.
 - Оны таңдау үшін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Ысырма түймесін жартылай басқан кезде AEB ауқымы көріністапқышта көрсетіледі.



(1)



3 Суретке түсіріңіз.

- Фокустаңыз және ысырма түймесін толығымен басыңыз және түсірілімдер стандартты экспозиция, төмендетілген экспозиция және арттырылған экспозиция ретімен түсіріледі.

АЕВ болдырмау

- АЕВ ауқымының көрінісін (0 мәніне орнату) өшіру үшін 1 және 2 қадамдарын орындаңыз.
- Егер қуат қосқышы <OFF> күйіне орнатылып, жарқылды зарядтау аяқталса, т.б. жағдайда АЕВ орнатылуы автоматты түрде болдырылмайды.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Үздіксіз түсіру режимімен АЕВ пайдалану**
Жетек режимін <□□> немесе <□□S> күйіне (📖 112) орнатсаңыз және ысырма түймесін толық бассаңыз, үш қоршалған түсірілім стандартты экспозиция, азайтылған экспозиция және арттырылған экспозиция ретінде кезекпен түсіріледі, одан кейін камера түсіруді автоматты түрде тоқтатады.
- **Жалғыз түсіру режимімен АЕВ функциясын пайдалану (□/□S)**
Үш жақшалы түсірілім алу үшін ысырма түймесін үш рет басыңыз. Түсірілімдер стандартты экспозиция, төмендетілген экспозиция және арттырылған экспозиция ретімен түсіріледі.
- **Өздігінен түсіруді реттейтін таймер не қашықтағы контроллермен (бөлек сатылады) АЕВ пайдалану**
Өздігінен түсіруді реттейтін таймермен (<🕒0> <🕒2>), BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралымен <📡🕒> немесе RS-60E3 қашықтық ауыстырып-қосқышымен 10 сек. немесе 2 сек. кідірістен кейін үш келесі түсірілімді түсіре аласыз. <🕒C> (📖 206) орнатылғанда, ретті түсірілімдер орнатылған саннан үш есе артық болады.



- АЕВ кезінде <✱> және көріністапқыштағы АЕВ ауқымы жыпылықтайды.
- АЕВ функциясын жарқылмен [Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту] параметрі орнатылғанда Шығармашыл сүзгімен түсіру немесе шам экспозицияларымен түсіру үшін пайдалану мүмкін емес.
- [📷: Auto Lighting Optimizer/📷: Авто жарықтылықты оңтайландырғыш] параметрі (📖 136) [Disable/Өшіру] күйінен басқа кез келген параметрге орнатылса, АЕВ әсері азаюы мүмкін.


Экспозицияны құлыптау



Фокус пен экспозицияны бөлек орнату керек болғанда немесе бір экспозиция параметрімен бірнеше түсірілім түсіру керек болғанда экспозицияны құлыптауыңызға болады. Экспозицияны құлыптау үшін **< * >** түймесін басып, қайта ұйымдастырыңыз және суретке түсіріңіз. Бұл AE құлпы деп аталады. Бұл артқы жарығы бар нысандарды түсіру үшін тиімді.


1 Нысанға фокустаңыз.

- Ысырма түймесін жартылай басыңыз.
- Экспозиция параметрі көрсетіледі.



2 **< * >** түймесін басу.

- Экспозиция параметрі (AE құлпы) күйіне құлыптанғанын көрсету үшін көріністапқышта **< * >** белгішесі жанады.
- **< * >** түймесін басқан сайын ағымдағы экспозиция параметрі құлыпталады.



3 Қайта ұйымдастырыңыз және суретке түсіріңіз.

- AE құлпын сақтап тұрып көбірек суреттер түсіру керек болғанда, **< * >** түймесін басып тұрыңыз және басқа суретті түсіру үшін ысырма түймесін басыңыз.

AE құлпының әсерлері

Өлшеу режимі (158)	AF нүктесін таңдау әдісі (108)	
	Авто таңдау	Қолмен таңдау
	AE құлпы фокустау жүзеге асқан AF нүктесінде қолданылады.	AE құлпы тандалған AF нүктесінде қолданылады.
	AE құлпы орталық AF нүктесінде қолданылады.	

* Объективтің фокустау режимінің қосқышы **< MF >** күйіне орнатылғанда, AE құлпы экспозициясы орталық AF нүктесіне қойылып жүзеге қолданылады.



- AE құлпын шам экспозицияларымен бірге пайдалану мүмкін емес.

Камера дірілінің бұлдырын азайту үшін айнаны блоктау



Жоғары сапалы телефото объективтерімен түсіру немесе жақындатып түсіру (макро фотосуреті) кезінде кедергі келтіретін механикалық дірілдерді (айна соққысы) болдырмау үшін айнаны блоктау функциясын пайдалануыңызға болады.

Айнаны блоктау мүмкіндігі [Mirror lockup/Айнаны блоктау] параметрін [1:Enable/1:Қосу] мәніне [F: Custom Functions(C.Fn)/F:Теңшелетін функциялар (Т.Фн.)] терезесінде орнату арқылы қосылады (📖449).

1 Нысанды фокустап, одан кейін ысырма түймесін толығымен басыңыз.

➔ Айна теңселеді.

2 Ысырма түймесін толық қайта басыңыз.

➔ Сурет түсіріледі және айна бастапқы күйіне қайтады.

• Сурет түсірген соң, **[Mirror lockup/Айнаны блоктау]** параметрін **[Disable/Өшіру]** мәніне орнатыңыз.



Түсіру бойынша кеңестер

- **<S1>, <S2> өздігінен түсіруді реттейтін таймерін айнаны блоктау мүмкіндігімен пайдалану**

Ысырма түймесін толық басқан кезде айна блокталады. Сурет 10 сек. немесе 2 сек. кейінірек түсіріледі.

- **Түсіруді қашықтан басқару**

Сурет түсірілген кезде камераға тимейтіндіктен, түсіруді қашықтан басқару және айнаны блоктау екеуі бірге бұдан әрі камера дірілінің бұлыңғырын азайтуы мүмкін (📖463).

2 сек. кідіріске орнатылған BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралымен (бөлек сатылады) айнаны блоктау үшін босату түймесін басыңыз, сонда сурет айнаны блоктаудан кейін 2 сек-тан кейін түсіріледі.

RS-60E3 қашықтық ауыстырып-қосқышымен (бөлек сатылады) айнаны блоктау үшін босату түймесін толығымен басыңыз және сурет түсіру үшін оны қайтадан толығымен басыңыз.




- Камераны шуақты ауа райындағы жасанды жарық көзі сияқты қатты жарық көздеріне бағыттамаңыз. Ол сурет сенсорын немесе камераның ішкі құрамдастарын зақымдауы мүмкін.
- Шуақты күнде жағажай не тау шаңғы бөктері сияқты ашық жарықта суретті дереу айнаны блоктаудан тұрақтандырылғаннан кейін түсіріңіз.
- Айнаны блоктау мүмкіндігімен түсіру кезінде өздігінен түсіруді реттейтін таймер мен шаң экспозицияларының екеуін де пайдалансаңыз, ысырма түймесін толығымен басып тұрыңыз (өздігінен түсіруді реттейтін таймердің кідіріс уақыты + шаң экспозициясының уақыты). Өздігінен түсіруді реттейтін таймер кері санауы кезінде ысырма түймесін босатсаңыз, ысырманың босату дыбысы естіледі, бірақ сурет түсірілмейді.
- Айнаны блоктау барысында, түсіру функциясының параметрлері, мәзір операциялары, т.б. өшірілуі болады.



- Жетек режимін >, S > немесе C > орнатсаңыз да, камера жалғыз түсіру режимінде түсіре береді.
- [: High ISO speed NR / : Жоғары ISO көрсеткішінің ША] параметрі [Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту] мәніне орнатылғанда бір сурет үшін төрт кезекті түсірілім [Mirror lockup/Айнаны блоктау] параметріне қарамастан түсіріледі.
- Айна блоктауынан кейін шамамен 30 секунд өтсе, ол автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады. Ысырма түймесін толық басу айнаны құлыптайды.
- Айнаны блоктау функциясымен түсіру кезінде мосыны және BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралын (бөлек сатылады, 463) немесе RS-60E3 қашықтық ауыстырып-қосқышын (бөлек сатылады, 463) пайдалану ұсынылады.


AF көмекші сәулесі параметрлері

AF көмекші сәулесін камераның кірістірілген жарқылынан немесе EOS Speedlite құралынан шығаруды көрсетіңіз.



1 [AF-assist beam firing/AF көмекші сәулесін шығару] параметрін таңдаңыз.

- [AF] қойындысының астында [AF-assist beam firing/AF көмекші сәулесін шығару] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Элементті таңдаңыз.

- Элементті таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

• [ON/ҚОСУ] Enable (Қосу)

AF көмекші сәулесі қажет болған кезде таратылады.

AF көмекші сәулесін кірістірілген жарқылдан шығару үшін жарқылды көтеріңіз.

• [OFF/ӨШІРУ] Disable (Өшіру)

AF көмекші сәулесі таратылмайды. AF көмекші сәулесін шығармауды қалаған жағдайда орнатыңыз.

• [Flash icon] Enable external flash only (Тек сыртқы жарқылды қосу)

Сыртқы Speedlite тіркелген болса, ол AF көмекші сәулесін қажет болғанда таратады.

• [IR icon] IR AF assist beam only (Тек IR AF көмекші сәулесі)

Осы мүмкіндікпен жабдықталған сыртқы Speedlite құралдары арқылы инфрақызыл AF көмекші сәулесін шығаруды осы жарқыл құралдары тіркелген кезде қосады.



- Жарқылды алдын ала көтеру және [AF-assist beam firing/AF көмекші сәулесін шығару] параметрін [Enable/Қосу] мәніне орнату <AF+>, <SCN> немесе <Flash icon> режимінде ұсынылады.
- Ешқандай AF көмекші сәулесі сыртқы Speedlite құралдары арқылы олардың [AF-assist beam firing/AF көмекші сәулесін шығару] теңшелетін функциясы [Disable/Өшіру] мәніне орнатылып тұрғанда шығарылмайды.

Жарқылмен суретке түсіру


Бұл тарауда кірістірілген жарқылмен және сыртқы Speedlite құралдарымен (EL/EX сериясы, бөлек сатылады) түсіру жолы және камераның мәзір экранында жарқыл параметрлерін орнату жолы сипатталады.



- АЕВ функциясын жарқыл фотосуретінде пайдалану мүмкін емес.

Кірістірілген жарқылды пайдалану

Ғимарат ішінде, төмен жарықтылықта немесе күн жарығы әсерінен артқы жарық көп болғанда әдемі суреттерді оңай түсіру үшін кірістірілген жарқылды шығарыңыз және ысырма түймесін басыңыз. <P> режимінде камера шайқалуын болдырмау үшін ысырма жылдамдығы (1/60 сек. - 1/200 сек.) автоматты түрде орнатылады.




1 Жарқылды саусақтарыңызбен көтеріңіз.

- Шығармашыл аймақ режимдерінде жарқылмен түсіру жарқыл көтерілген кезде мүмкін болады.
- Жарқыл зарядталып жатқанда көріністапқышта «**buSy**» көрсетіледі, ал СКД мониторында [**BUSY**] көрсетіледі.



2 Ысырма түймесін жартылай басыңыз.

- Көріністапқыштың сол жақ төменгі жағында <⚡> белгішесінің көрсетіліп тұрғанын тексеріңіз.



3 Суретке түсіріңіз.

- Фокустау алынып, ысырма түймесін толығымен басқан кезде жарқыл барлық уақытта жанады.



- Жарқылды көтерместен бұрын тікелей қосу байланысына тіркелген барлық қосалқы құралдарды алып тастаңыз.



Түсіру бойынша кеңестер

- **Ашық жарықта ISO көрсеткішін азайтыңыз.**
Көріністапқыштағы экспозиция параметрі жыпылықтаса, ISO көрсеткішін азайтыңыз.
- **Объектив блендасын ажыратыңыз. Нысанға тым жақындатпаңыз.**
Объективтің блендасы бекітілген болса немесе сіз нысанға тым жақын тұрсаңыз, бөгеттелген жарқыл жарығы себебінен суреттің астыңғы жағы күңгірт болып көрінуі мүмкін. Маңызды түсірілімдер үшін суретті ойнатыңыз және суреттің төменгі бөлігі қалыптан тыс күңгірт еместігіне көз жеткізу үшін тексеріңіз.



Жарқыл экспозициясының компенсациясы

Жарқыл экспозициясының компенсациясын нысан жарықтығы жарқыл фотосуретінде қажетінше көрінбесе (сондықтан жарқыл шығысын реттегіңіз келеді) орнатыңыз. Жарқыл экспозициясының компенсациясын 1/3 тоқтау қадамдарында ± 2 тоқтауға дейін орната аласыз.

Shooting settings					
1	2	3	4	5	6
SHOOT1					
Image quality					
Image review					
Release shutter without card					
Lens aberration correction					
Flash control					

1 [Flash control/Жарқылды басқару] тармағын таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Flash control/Жарқылды басқару] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

Flash control	
Flash firing	⚡
E-TTL II meter.	Evaluative
Slow synchro	1/200 A
Built-in flash settings	

2 [Built-in flash settings/Kірістірілген жарқылдың параметрлері] тармағын таңдаңыз.

Built-in flash settings	
Flash mode	E-TTL II
Shutter sync.	1st curtain
exp. comp.	2..1..0..1..2

3 [exp. comp./эксп. комп.] тармағын таңдаңыз.

exp. comp.	
Darker	
Brighter	
2..1..0..1..2	
5.0 5.6 6.3 7.1 8.0 9.0 10.0 (9)	

4 Компенсациясының көлемін орнатыңыз.

- Экспозиция тым қараңғы болса, <▶> пернесін (арттырылған экспозиция үшін) басыңыз.
Экспозиция тым ашық болса, <◀> пернесін (азайтылған экспозиция үшін) басыңыз.
- ➔ Ысырма түймесін жартылай басқан кезде <5.2> белгішесі көріністапқышта пайда болады.
- Суретке түсірген соң, қайта 0 күйіне орнату арқылы жарқыл экспозициясының компенсациясын болдырмаңыз.



- [📷: Auto Lighting Optimizer/📷: Авто жарықтықты оңтайландырғыш] параметрі (📖 136) [Disable/Өшіру] параметрінен басқа параметрге орнатылса, жарқыл экспозициясының компенсациясы орнатылғанмен, сурет ашық болып көрінуі мүмкін.
- Егер жарқыл экспозициясының компенсациясы сыртқы Speedlite (бөлек сатылады, 📖 174) құралымен орнатылса, жарқыл экспозициясының компенсациясын камерамен бірге орнату мүмкін емес (Жылдам басқару немесе Сыртқы жарқыл функциясының параметрлері). Егер ол камера және сыртқы Speedlite құралы екеуімен де бірге орнатылса, Speedlite параметрі камера параметрлеріне кедергі жасайды.





- Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатқан соң да компенсация мөлшері сақталады.

Жарқыл экспозициясын құлыпта (FE құлпы)



Нысан экранның шетінде орналасса және жарқылды пайдалансаңыз, өң, т.б. байланысты нысан тым ашық не күңгірт бола бастайды. Бұл жағдайда FE құлпын пайдаланыңыз. Тиісті нысан жарықтығының жарқыл шығысын орнатқаннан кейін қайта құрастырып (нысанды аймаққа қарай қою), түсіруіңізге болады. Бұл мүмкіндікті сондай-ақ, Canon EL/EX сериялы Speedlite құралымен бірге пайдалануға болады.

* FE жарқыл экспозициясы дегенді білдіреді.



1 Жарқылды саусақтарыңызбен көтеріңіз.

- Ысырма түймесін жартылай басып, <⚡> белгішесінің жанғанын тексеру үшін көріністапқышта қараңыз.

2 Нысанға фокустаңыз.

3 <✳> түймесін басыңыз.

- Көріністапқыштың ортасын нысанның үстіне жарқыл экспозициясын құлыптағыңыз келген жерден бағыттаңыз, одан кейін <✳> түймесін басыңыз.
- ➔ Жарқыл алдын ала жарқыл болып жанады және қажетті жарқыл шығысы есептелінеді және жадқа сақталады.
- ➔ Көріністапқышта «FEL» бір минуттай көрсетіліп, <⚡✳> жанады.
- <✳> түймесін басқан сайын жарқыл алдын ала жанып, қажетті жарқыл шығысы есептелінеді және жадқа сақталады.

4 Суретке түсіріңіз.

- Түсірілім композициясын таңдаңыз және ысырма түймесін толығымен басыңыз.
- ➔ Жарқыл жанады және сурет түсіріледі.



- Нысан тым алыс болса және түсірілген сурет күңгірт болса, <⚡> белгішесі жыпылықтайды. Нысанға жақын жылжыңыз да, 2-4 қадамдарын қайталаңыз.
- Live View арқылы түсіру кезінде FE құлпы қолжетімсіз болады.

Сыртқы Speedlite жарқылын пайдалану

EOS үлгісіне арналған EL/EX сериялы Speedlite құрылғылары

EL/EX сериялы Speedlite құралын (бөлек сатылады) пайдалану жарқыл фотосуретін оңай етеді.

Операция процедуралары үшін EL/EX сериялы Speedlite нұсқаулығын қараңыз.



- Жарқыл функциясының параметрлерімен үйлесімді емес EX сериялы Speedlite құралдарын пайдалану кезінде функциялар шектеледі.




- EL/EX сериялы емес Canon Speedlite құралдары жанбайды.
- Егер камера басқа камера брендіне арналған жарқыл құралы немесе жарқыл аксессуарымен пайдаланылатын болса, камера дұрыс жұмыс істемей ғана қоймай, бұзылуы да мүмкін.

Жарқыл функциясын орнату

Кірістірілген жарқыл немесе жарқыл функциясы параметрлерімен үйлесімді EX сериялы Speedlite құралы арқылы, камераның мәзір экранын жарқыл функциялары және сыртқы Speedlite теңшелетін функцияларын орнату үшін пайдалануыңызға болады.


Егер сыртқы Speedlite құралын пайдалансаңыз, Speedlite құралын камераға бекітіңіз және жарқыл функцияларын орнатудан бұрын Speedlite құралын қосыңыз.

Сыртқы Speedlite жарқыл функциялары туралы мәліметтерді, Speedlite нұсқаулығынан қараңыз.



1 [Flash control/Жарқылды басқару] тармағын таңдаңыз.


- [] қойындысының астында [Flash control/Жарқылды басқару] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Элементті таңдаңыз.

- Орнатқыңыз келген мәзір опциясын таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

Жарқыл жануы




Түсіру жағдайларына негіздеп жарқылды автоматты түрде жандыру үшін [] параметріне (Негізгі аймақ режимдерінде немесе P режимінде) орнатыңыз. Түсірген кезде жарқылды әрқашан қосылатын ету үшін [] параметріне орнатыңыз.

Жарқылды өшіріп қою үшін немесе AF көмекші сәулесін пайдаланатын болсаңыз, [] параметрін (Шығармашылық аймақ режимдерінде) таңдаңыз.




- [Flash firing/Жарқыл жануы] [] күйіне орнатылып, көмескі жарықта фокусқа қол жеткізу қиын болса, жарқыл бірнеше рет жарық шығаруы мүмкін («AF көмекші сәулесі параметрлері» (167)). Кірістірілген жарқылдың жануын болдырмау үшін оны саусақтарыңызбен басыңыз.

Е-TTL II жарқылын өлшеу



Қалыпты экспозициялар үшін оны **[Evaluative/Баға белгілеу]** күйіне орнатыңыз. Егер **[Average/Орташа]** күйі орнатылса, жарқыл экспозициясы бүкіл өлшенген көрініс үшін орташаланады. Көрініске байланысты жарқыл экспозициясының компенсациясы қажет болуы мүмкін. Бұл параметр тәжірибелі пайдаланушыларға арналған.

Жай синхрондау



<Av> немесе **<P>** режимінде жарқыл фотосурет үшін жарқылды үндестіру жылдамдығын орната аласыз.

- **[^{1/200}/_{-30°} A] 1/200-30 сек. авто**

Көрініс ашықтығына үйлесімді болу үшін, жарқылдың үндестіру жылдамдығы 1/200-30 сек. аралығында автоматты түрде орнатылады. Жай синх. түсіру кейбір түсіру жағдайларында, жарығы көмескі орындарда пайдаланылады және ысырма жылдамдығы автоматты түрде төмендейді.

- **[^{1/200}/_{-1/60} A] 1/200-1/60 сек. авто**

Баяу ысырма жылдамдығының төмен жарық жағдайларында орнатылуынан қорғайды. Ол нысанды бұлыңғырлату және камера шайқалуынан қорғауда тиімді болып табылады. Алайда, нысан жарқылға дұрыс ұшыраған кезде өң күңгірт болып шығуы мүмкін.

- **[1/200] 1/200 сек. (бекітілген)**

Жарқылды үндестіру жылдамдығы 1/200 сек. уақытында бекітіледі. Бұл **[1/200-1/60sec. auto / 1/200-1/60 сек. авто]** параметріне қарағанда нысан бұлыңғырлығы мен камера шайқалуын алдын алуға тиімді. Дегенмен, төменгі жарықта нысан өңі **[1/200-1/60sec. auto / 1/200-1/60сек. авто]** күйіне қарағанда күңгірттеу болып шығуы мүмкін.




- Жай үндестіру мүмкіндігін пайдалану үшін **[1/200-30sec. auto / 1/200-30 сек. авто]** параметріне орнатыңыз.
- Жоғары жылдамдықты үндестіру **<Av>** немесе **<P>** режимінде **[1/200 сек. (fixed) / 1/200 сек. (бекітілген)]** мәніне орнатылған кезде қолжетімді болмайды.




[Built-in flash settings/Кірістірілген жарқыл параметрлері] және [External flash func. setting/Сыртқы жарқыл функциясының параметрі]


Функцияларды төмендегі кестеде орната аласыз. [External flash func. setting/Сыртқы жарқыл функциясының параметрі] астында көрсетілген функциялар Speedlite үлгісіне байланысты әр түрлі болады.



- [Built-in flash settings/Кірістірілген жарқыл параметрлері] немесе [External flash func. setting/Сыртқы жарқыл функциясының параметрі] параметрін таңдаңыз.
- ➔ Жарқыл функциясы параметрінің экраны көрсетіледі. [Built-in flash settings/Кірістірілген жарқыл параметрлері] арқылы тек бөлектелген функциялар таңдалады және орнатылады.



[Built-in flash settings/
Ішкі жарқыл параметрлері]



[External flash func. setting/
Сыртқы жарқыл функ.параметрі]

- (1) Жарқыл режимі
- (2) Жарқылды үлкейту (Жарқылмен қамтылу)
- (3) Ысырманы синхрондау
- (4) Жарқыл экспозициясы компенсациясы
- (5) Жарқыл экспозициясының бреккетингі



[Built-in flash settings/Кірістірілген жарқыл параметрлері] және [External flash func. setting/Сыртқы жарқыл функциясының параметрі] үшін негізгі функциялар

Функция	[Built-in flash settings/Кірістірілген жарқыл параметрлері]	[External flash func. setting/Сыртқы жарқыл функ. параметрі]	Бет
	Қалыпты жану		
Flash mode (Жарқыл режимі)		○	178
Shutter synchronization (Ысырманы синхрондау)	○	○	178
Flash exposure bracketing (Жарқыл экспозициясының бреккетингі)*		○	
Flash exposure compensation (Жарқыл экспозициясының компенсациясы)	○	○	171
Firing ratio control (Жану арақатынасын басқару)		○	
Sender flash firing (Жіберуші жарқылының жануы)		○	
Flash zoom (Жарқылды үлкейту)*		○	

* [Flash exposure bracketing/Жарқыл экспозициясының бреккетингі] және [Flash zoom/Жарқыл масштабы] үшін функциялармен үйлесімді Speedlite құралының нұсқаулығын қараңыз.

- **Жарқыл режимі**

Сыртқы Speedlite пайдаланғанда қалаған фотосурет әсерлеріне сай келетіндей жарқыл режимін таңдауға болады.



- **[E-TTL II flash metering/E-TTL II жарқылын өлшеу]** — авто жарқыл фотосуретіне арналған EL/EX сериялы Speedlite стандартты режимі.
- **[Manual flash/Қолмен реттелетін жарқыл]** — **[Flash output/Жарқыл шығысы]** параметрін (1/1 - 1/128) өздері орнатқысы келетін тәжірибелі пайдаланушыларға арналған режим.
- Басқа жарқыл режимдеріне қатысты тиісті жарқыл режимімен үйлесімді Speedlite нұсқаулығын қараңыз.

- **Ысырманы синхрондау**

Әдетте, мұны **[First-curtain synchronization/Бірінші пердені синхрондау]** параметріне орнатыңыз, сонда жарқыл экспозиция басталған соң дереу жанады.

[Second-curtain synchronization/Екінші пердені синхрондау] орнатылған болса, жарқыл дәл ысырманы жабу алдында жанады. Бұл баяу ысырма жылдамдығымен біріктірілгенде, түндегі көлік фаралары сияқты әлдеқайда табиғи көрінетін жарық жолағын жасай аласыз. Екінші пердені үндестіру **[E-TTL II flash metering/E-TTL II жарқылын өлшеу]** параметрімен бірге орнатылғанда жарқыл жолда екі рет жанады: ысырма түймесін толық басқанда бір рет және экспозиция соңынан бұрын бір рет жанады. Сондай-ақ, ысырма жылдамдығы 1/100 сек. не жылдамырақ болса, бірінші пердені үндестіру автоматты түрде қолданылады.

Сыртқы Speedlite тіркелсе, **[High-speed synchronization/Жоғары жылдамдықпен синхрондау]** ($\frac{1}{N}$) параметрін де таңдауға болады. Мәліметтер алу үшін Speedlite нұсқаулығын қараңыз.

- **Жарқыл экспозициясының компенсациясы**



Мәліметтерді «Жарқыл экспозициясының компенсациясы»

(📖171)-беттерден қараңыз.

Сыртқы Speedlite теңшелетін функцияларын орнату



[External flash C.Fn setting/Сыртқы жарқылдың Т.Фн параметрі] астында көрсетілетін теңшелетін функциялар Speedlite үлгісіне байланысты әр түрлі болады.





1 Теңшелетін функцияны көрсетіңіз.

- Сыртқы Speedlite бірге түсіруге дайын болған камера көмегімен [External flash C.Fn setting/Сыртқы жарқылдың Т.Фн параметрі] параметрін таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

2 Теңшелетін функцияны орнатыңыз.

- Функция нөмірін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін функцияны орнатыңыз. Процедура камераның теңшелетін функцияларын орнатумен ұқсас (📖 446).

Барлық параметрлерді әдепкі мәніне тазалау



1 [Clear settings/Параметрлерді тазарту] тармағын таңдаңыз.

- [🔍: Flash control/🔍: Жарқылды басқару] қойындысының астында [Clear settings/Параметрлерді тазалау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Тазартылатын параметрлерді таңдаңыз.

- [Clear built-in flash set./Кірістірілген жарқыл параметрлерін тазарту], [Clear external flash set./Сыртқы жарқыл параметрлерін тазарту] немесе [Clear ext. flash C.Fn set./Сыртқы жарқылдың Т.Фн параметрлерін тазарту] тармақтарын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- [OK] параметрін таңдаған кезде тиісті жарқыл параметрлері тазартылады.



- Speedlite жеке функцияларын (P.Fn) камераның [Flash control/Жарқылды басқару] экранында орнату немесе бас тарту мүмкін емес. Оны Speedlite құралында тікелей орнатыңыз.

СКД монитормен түсіру (Live View арқылы түсіру)

Камераның СКД мониторында суретті қарап шыққанда суретке түсіру мүмкін. Бұл «Live View арқылы түсіру» деп аталады.


- Камераны қолға алған кезде және СКД мониторында суретті қарап шығып суретке түсіргенде, камера шайқалуы бұлыңғыр суреттердің пайда болуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайларда мосыны пайдалану ұсынылады.



Қашықтан Live View арқылы түсіру

- Компьютеріңізге орнатылған EOS Utility (EOS бағдарламалық жасақтамасы,  484) арқылы камераны компьютерге қосуға және компьютер экранын көру кезінде қашықтан түсіруге болады. Мәліметтерді EOS Utility нұсқаулығынан қараңыз.

СКД монитормен түсіру




1 Live View суретін көрсетіңіз.

- <📷> түймесін басыңыз.
- ➔ Live View суреті СКД мониторында пайда болады. <📷> режимінде камерамен анықталған экран үшін экран белгішесі үстіңгі сол жағында көрсетіледі (📖186).
- Live View суреті түсірілетін нақты суреттің ашықтық деңгейіне жақын деңгейде көрсетіледі.



2 Нысанға фокустаңыз.

- Ысырма түймесін жартылай басқан кезде камера орнатылған AF әдісімен фокусталады (📖197).
- Сондай-ақ, бет не нысанды таңдау үшін экранға баса (📖208) аласыз.




3 Суретке түсіріңіз.

- Ысырма түймесін толық басыңыз.
- ➔ Сурет түсіріледі және түсірілген сурет СКД мониторында көрсетіледі.
- ➔ Ойнатуды көрсету аяқталғанда камера Live View арқылы түсіруге автоматты түрде оралады.
- Live View арқылы түсіруден шығу үшін <📷> түймесін басыңыз.



- Суреттің көрініс өрісі шамамен 100% (сурет жазу сапасы JPEG  мәніне, ал пропорциялар 3:2 мәніне орнатылғанда) болады.
- Шығармашыл аймақ режимдерінде ашықтық тереңдігін <SET> немесе <DISP> түймесін басу арқылы олар төмендегідей теңшелген кезде тексеруіңізге болады.
 - [**☿: Custom Functions(C.Fn)/☿: Төңшелетін функциялар (Т.Фн.)**] терезесінде **[Assign SET button/SET түймесін тағайындау]** параметрін **[7:Depth-of-field preview/7:Ашықтық тереңдігін қарап шығу]** мәніне орнатыңыз.
 - [**☿: Custom Functions(C.Fn)/☿: Төңшелетін функциялар (Т.Фн.)**] терезесінде **[DISP button function/DISP түймесінің функциясы]** параметрін **[1:Depth-of-field preview/1:Ашықтық тереңдігін қарап шығу]** мәніне орнатыңыз.
- Сондай-ақ, Live View арқылы түсіру үшін BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралын (бөлек сатылады) немесе RS-60E3 қашықтық ауыстырып-қосқышын (бөлек сатылады) пайдалануыңызға болады (463).

Live View арқылы түсіруді қосу



[📷: Live View shoot./📷: Live View арқылы түсіру] параметрін [Enable/Қосу] мәніне орнатыңыз.

Үздіксіз түсіру дисплейі

Live View арқылы түсіру кезінде  үздіксіз түсіруді Бір түсірілім AF көмегімен орындасаңыз, түсірілген суреттерді үздіксіз көрсету (ойнату) үшін ысырма түймесін толығымен басып тұрыңыз. Үздіксіз түсіру аяқталғанда (ысырма түймесі жартылай позицияға қайтады), Live View суреті көрсетіледі.




- Жарқылмен түсіру немесе ұзақ экспозицияларды түсіру кезі сияқты түсіру жағдайларына байланысты түсірілген суреттер үздіксіз көрсетілмеуі (ойнатылмауы) мүмкін.
- < SCN >**  режимінде Live View арқылы түсіру мүмкін емес.
- < SCN >**  режимінде көрініс бұрышы Live View арқылы түсіруде аздап өзгереді, себебі бұрмалануды түзету қолданылады.
- < SCN >**   және      режимдерінде сурет аймағы кішірек болады.
- Жарқыл суретімен үздіксіз түсіру жылдамдығы жай болады.
- Камераны шуақты ауа райындағы жасанды жарық көзі сияқты қатты жарық көздеріне бағыттаңыз. Ол сурет сенсорын немесе камераның ішкі құрамдастарын зақымдауы мүмкін.
- Жалпы Live View арқылы түсіру бойынша сақтықтар**  215 -  216-беттерде.



- Жарқыл пайдаланылған кезде екі ысырма дыбысы, бір түсірілім алынуы мүмкін. Сондай-ақ, ысырма түймесін толық басқаннан кейінгі уақыт көріністапқыш арқылы түсіруден ұзағырақ болады.
- Камера ұзақ уақыт бойы жұмыс істемесе, қуат [**🔌: Auto power off/🔌: Автоматты қуат өшіру**] астында орнатылған уақыттан кейін автоматты түрде өшеді (📖261). [**🔌: Auto power off/🔌: Автоматты қуат өшіру**] параметрі [**Disable/Өшіру**] күйіне орнатылса, Live View арқылы түсіру 30 минуттан кейін автоматты түрде аяқталады (Камера қуаты қосұлы қалады.)
- HDMI кабелімен Live View суретін теледидарда көрсетуге болады (📖305). Ешқандай дыбыс шықпайтынын ескеріңіз. Сурет теледидар экранында пайда болмаса, [**🔌: Video system/🔌: Видео жүйесі**] параметрінің [**For NTSC/NTSC үшін**] немесе [**For PAL/PAL үшін**] мәніне (теледидардың видео жүйесіне байланысты) дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Ақпарат дисплейі

- <INFO> түймесі басылған сайын ақпарат дисплейі өзгереді.



- | | |
|---|---|
| (1) Түсіру режимі | (18) Auto Lighting Optimizer (Авто жарықтылықты оңтайландырғыш) |
| (2) AF әдісі | (19) Шығармашыл сүзгілер |
| (3) AF операциясы | (20) Фотосурет пропорциялары |
| (4) Жетек режимі | (21) Сенсорлы ысырма |
| (5) Өлшеу режимі | (22) Экспозиция үлгілеуі |
| (6) Сурет жазу сапасы | (23) Үлкейтілген көрініс |
| (7) Bluetooth функциясы | (24) AE құлпы |
| (8) Wi-Fi сигнал күші | (25) Ысырма жылдамдығы |
| (9) Wi-Fi функциясы | (26) Жарқыл дайын/Жарқыл өшірулі) |
| (10) Мүмкін болатын түсірілімдер | (27) Апертура |
| (11) Максималды жарқыл | (28) Жарқыл экспозициясының компенсациясы |
| (12) Батарея деңгейі | (29) GPS қосылымы көрсеткіші |
| (13) AF нүктесі (Live 1-нүктелі AF) | (30) Экспозиция деңгейінің көрсеткіші)/ AEB ауқымы |
| (14) Гистограмма көрінісі | (31) Бірнеше түсірілім шуын азайту |
| (15) Жылдам басқару | (32) Ашық реңк артықшылығы |
| (16) Ақ түс балансы/ Ақ түс балансын түзету | (33) ISO көрсеткіші |
| (17) Picture Style | |



- Гистограмманы <INFO> түймесін басу арқылы көрсете аласыз. Дегенмен, ысырма түймесі толық басылып тұрғанда гистограмма көрсетілмейді.
- <Exp.SIM> ақ түспен көрсетілгенде, ол Live View суретінің түсірілетін нақты суреттің ашықтық деңгейіне өте сәйкес ашықтық деңгейінде көрсетілгенін білдіреді.
- Егер <Exp.SIM> жыпылықтаса, бұл төмен немесе ашық жарық шарттары әсерінен нақты түсіру нәтижесінен ерекшеленетін Live View Суреті көрсетілетінін білдіреді. Алайда, нақты жазылған сурет экспозиция параметрін көрсетеді. Жазылған нақты суретке қарағанда шу байқалуын ескеріңіз.
- Экспозиция үлгілеуі <⚙️: [icon] [icon]> режимдерінде Бірнеше түсірілім шуын азайту орнатылғанда, жарқыл пайдаланылғанда немесе шам экспозициясы пайдаланылғанда орындалмайды. <Exp.SIM> белгішесі және гистограмма сұр түспен көрсетіледі. Сурет СКД мониториянда стандартты ашықтықпен көрсетіледі. Сондай-ақ, төмен немесе ашық жарық шарттарында гистограмма дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- <Exp.SIM> белгішесі <[icon]: [icon] [icon] [icon] [icon]> режимдерінде де сұр түспен көрсетіледі. Гистограмма көрсетілмейді.



Ескертулер:

Камераны бір күйде ұзақ уақыт ұстамаңыз.

Камераның өте ыстық болғаны сезілмесе де, оның бір дене мүшесіне ұзақ уақыт тиіп тұруы терінің қызаруына немесе терінің төмен температурадан болатын күйіктерге байланысты күлдіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. Камераны өте ыстық жерлерде пайдаланғанда немесе қанайналым проблемалары немесе тері сезімталдығы төмен адамдар үшін мосыны пайдалану ұсынылады.

Көрініс белгішелері

<A⁺> түсіру режимінде камера көрініс түрін анықтап, оған сәйкес келу үшін барлығын автоматты түрде орнатады. Анықталған көрініс түрі экранның жоғарғы сол жағында белгіленеді.

Өң	Нысан	Портрет		Портрет емес		Өң түсі
		Қозғалыс	Табиғат және сыртқы көрініс	Қозғалыс	Жақын*1	
Ашық						Сұр
	Артқы жарық					
Көк аспан қосылады						Көгілдір
	Артқы жарық					
Күннің батуы		*2		*2		Қызғылт сары
Прожектор						Қою көк
Күңгірт						
	Мосымен	*3*4	*2	*3*4	*2	

*1: Бекітілген объектив қашықтық ақпаратына ие болғанда көрсетіледі. Кеңейтім трубкасы не жақыннан түсіру объективімен көрсетілген белгіше нақты көрініспен сәйкес келмеуі мүмкін.

*2: Анықталатын көріністерден таңдалған көріністің белгішесі көрсетіледі.

*3: Келесі шарттардың барлығы орындалғанда көрсетіледі:
Түсіру көрінісі күңгірт, түнгі көрініс және камера мосыға орнатылған.

*4: Кез келген төмендегі объективпен көрсетіледі:

- EF-S18-55mm f/3.5-5.6 IS II
- EF300mm f/2.8L IS II USM
- EF500mm f/4L IS II USM
- EF-S55-250mm f/4-5.6 IS II
- EF400mm f/2.8L IS II USM
- EF600mm f/4L IS II USM
- 2012 жылы және одан кейін шығарылған Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы).

*3+*4: *3 және *4 екеуіндегі де шарттар орындалған болса, ысырма жылдамдығы баяулайды.



- Белгілі бір көріністер мен түсіру жағдайлары үшін, көрсетілген белгіше нақты көрініске сәйкес келмеуі мүмкін.

Түсіру функциясының параметрлері

Live View арқылы түсіруге қатысты функция параметрлері осы жерде сипатталады.

Жылдам басқару

Ішінде параметрлерді реттеуге болатын Жылдам басқару экранына қатынау үшін сурет көрсетілген кезде **<Q>** түймесін басыңыз.



1 **<Q> түймесін басыңыз.**

→ Орнатуға келетін функциялар көрсетіледі.

2 **Функцияны таңдаңыз және оны орнатыңыз.**

- Функцияны таңдау үшін **<▲>** **<▼>** пернелерін басыңыз.
→ Таңдалған функция параметрлері және мүмкіндік нұсқауы экранда (55) пайда болады.
- Функцияны орнату үшін **<◀>** **<▶>** пернелерін басыңыз.
- **<SCN>** және **<Q>** режимдерінде экранның жоғарғы сол жағында түсіру режимі жолағын таңдап, түсіру режимін таңдау үшін **<SET>** түймесін басыңыз.
- Авто ақ түс балансын орнату үшін **[AWB]** тармағын таңдаңыз, одан кейін **<E/ Q>** түймесін басыңыз.
- Жетек режимінің **<S>** параметрін, Ақ түс балансын түзету/АБ бреккетингі, Picture Style параметрлерін немесе Шығармашылық сүзгілерді орнату үшін **<INFO>** түймесін басыңыз.

3 **Параметрден шығыңыз.**

- Параметрді аяқтау және Live View арқылы түсіруге қайту үшін **<SET>** түймесін басыңыз.
- Сондай-ақ, Live View арқылы түсіруге қайту үшін **[↶]** тармағын таңдауға болады.



- Шығармашылық аймақ режимдерінде **<ISO>** түймесін баса отырып ISO көрсеткішін орната аласыз.
- **[□]** (Жартылай өлшеу) не **[■]** (Нүктелік өлшеу) орнатқанда экранның ортасында өлшеу шеңбері пайда болады.
- Live View арқылы түсіру кезінде жетек режимінде немесе өздігінен түсіруді реттейтін таймерде **<S>** және **<Q>** параметрлерін орната алмайсыз.

Шығармашылық сүзгі әсерлерімен түсіру



Live View суреті көрсетілгенде түсіру үшін жеті сүзгі әсерінің біреуін (қиыршықты Қ/А, жұмсақ фокустау, «балық көзі» әсері, майға езген бояу әсері, акварель әсері, ойыншық камера әсері және шағын әсері) қолдана аласыз. Камера тек шығармашыл сүзгі қолданылған суретті сақтайды. Суретті шығармашылық сүзгісіз түсіре де аласыз, одан кейін әсерді кейін қолданып, оны жаңа сурет ретінде сақтай аласыз (📖 329).

1 Режим дискісін шығармашыл аймақ режиміне орнатыңыз.

2 <Q> түймесін басыңыз.

→ Жылдам басқару экраны пайда болады.

3 [OFF] тармағын таңдаңыз.

- Экранның оң жағында [OFF] (Шығармашылық сүзгі) параметрін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.

4 Сүзгі әсерін таңдаңыз.



- Сүзгі әсерін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз (📖 190).
- Сурет қолданылған сүзгі әсерлері арқылы көрсетіледі.

5 Сүзгі әсерін реттеңіз.

- <INFO> түймесін басыңыз (📖 белгішесінен басқа).
- Әсерді реттеу үшін <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

6 Суретке түсіріңіз.

- Сурет қолданылған сүзгі әсерімен түсіріледі.





- Шығармашылық сүзгі орнатылғанда жалғыз түсіру жетек режимі <📷> мәніне орнатылғанда күшіне енеді.
- Шығармашыл сүзгілермен түсіру RAW, АЕВ, ақ түс балансының бреккетингі немесе Бірнеше түсірілім шуын азайту параметрлерін көрсетуіңізге тыйым салады.



- Шығармашылық сүзгілермен түсірген кезде гистограмма көрсетілмейді.

Шығармашылық сүзгі сипаттамалары

-  **Grainy B/W (Қиыршықты Қ/А)**
Қиыршықты ақ-қара фотосурет жасайды. Контрастты реттеу арқылы қара және ақ түс әсерін өзгерте аласыз.
-  **Soft focus (Жұмсақ фокустау)**
Суретке жұмсақ көрініс береді. Бұлыңғыр әсерін реттеу арқылы жұмсақтық дәрежесін өзгерте аласыз.
-  **Fish-eye effect («Балық көзі» әсері)**
Объективтің «балық көзі» әсерін береді. Сурет бөшке сияқты бұрмалануға ие болады.
Бұл сүзгі әсерінің деңгейіне байланысты периферия бойынша кесілетін аймақ өзгертіледі. Сондай-ақ, бұл сүзгі сурет орталық бөлігін кеңейтеді, жазылған пиксельдер санына байланысты ортадағы ажыратымдылығы азаюы мүмкін. Осы сүзгіні орнатқан кезде экрандағы суретті тексеріңіз. AF нүктесі ортадағы біреуіне бекітіледі.
-  **Art bold effect (Шығармашылық, қалың әсері)**
Фотосуретті майлы суреттер және нысанды үш өлшемді сияқты көрінетіндей жасайды. Контраст пен қанықтықты реттей аласыз.
Аспан немесе ақ қабырғалар сияқты нысандардың тегіс градациямен көрсетілмеуі мүмкін екенін және дұрыс көрсетілмейтінін немесе байқалатын шу болуы мүмкін екенін ескеріңіз.
-  **Water painting effect (Акварель әсері)**
Фотосуретті жұмсақ түстері бар акварель суреттері сияқты көрінетіндей жасайды. Сүзгі әсерін реттеу арқылы түс тығыздығын басқара аласыз.
Түнгі көріністер не күңгірт көріністер тегіс градациямен көрсетілмеу және дұрыс емес көріну не айтарлықтай шуға ие болу мүмкіндігін ескеріңіз.
-  **Toy camera effect (Ойыншық камера әсері)**
Ойыншық камерасы сияқты көрінетіндей бірегей түс реңкін қолданады және фотосурет бұрыштарын күңгірттейді. Түс реңкін реттеу арқылы реңкті ауыстыра аласыз.

- **Miniature effect (Шағын әсер)**

Диорама әсерін жасайды.

Суреттің ортасының өткір болып көрінуін қаласаңыз, ешқандай параметрді өзгертпестен суретті түсіріңіз.

Өткір болып көрінуі керек аймақты (шағын әсер жақтауы) жылжыту үшін «Шағын әсерді реттеу» (📖98) бөлімін қараңыз. 1 нүктелі AF AF әдісі ретінде пайдаланылады. Шағын әсер жақтауын AF нүктесінің үстіне түсірместен бұрын орналастыру ұсынылады.



- Қиыршықты Қ/А көмегімен, СКД мониторында көрсетілген қиыршықты әсер суретте жазылған қиыршықты әсерден ерекше болады.
- Жұмсақ фокустау және шағын әсермен СКД мониторында көрсетілген өңдік әсер суретте жазылған өңдік әсерден ерекше болуы мүмкін. Бұлыңғырлануды түсірместен бұрын <SET> немесе <DISP> түймесін басу арқылы олар төменде сипатталғандай теңшелген кезде тексеруіңізге болады.
 - [**☞: Custom Functions(C.Fn)/☞: Теңшелетін функциялар (Т.Фн)**] астындағы [**Assign SET button/SET түймесін тағайындау**] параметрін [**7:Depth-of-field preview/7:Ашықтық тереңдігін қарап шығу**] мәніне орнатыңыз.
 - [**☞: Custom Functions(C.Fn)/☞: Теңшелетін функциялар (Т.Фн.)**] терезесінде [**DISP button function/DISP түймесінің функциясы**] параметрін [**1:Depth-of-field preview/1:Ашықтық тереңдігін қарап шығу**] мәніне орнатыңыз.

Мәзір функциясының параметрлері

Live View арқылы түсіру үшін параметр элементтері Live View арқылы түсіру режимінде **[Q]** және **[F]** қойындыларында көрсетіледі.

Shooting settings						
1	2	3	4	5	6	7 SHOOT1
Image quality						
Still img aspect ratio				3:2		
Image review				2 sec.		
Release shutter without card				ON		
Lens aberration correction				-		
Flash control				-		
						MENU

Shooting settings						
1	2	3	4	5	6	7 SHOOT3
Expo.comp./AEB						
-3..2..1..0..1..2..3						
ISO speed settings				-		
Auto Lighting Optimizer				[ON]		
Highlight tone priority				OFF		
Metering mode				[M]		
Metering timer				8 sec.		
						MENU

Shooting settings						
1	2	3	4	5	6	7 SHOOT5
Long exp. noise reduction						
OFF						
High ISO speed NR				[ON]		
Dust Delete Data				-		
Touch Shutter				Disable		
						MENU

Shooting settings						
1	2	3	4	5	6	7 SHOOT6
AF operation						
ONE SHOT AF						
AF method				AF [M]		
Eye Detection AF				Disable		
Continuous AF				Disable		
						MENU

Shooting settings						
1	2	3	4	5	6	7 SHOOT7
Lens electronic MF						
[OFF]						
AF-assist beam firing				ON		
MF peaking settings				-		
						MENU

Function settings				
1	2	3	4	5 SET UP4
Grid when shooting				
Off				
Switch [Fn] button		Disable		
HDMI resolution		Auto		
HDMI HDR output		Off		
				MENU

● Фотосурет пропорциялары ☆

Суреттің пропорцияларын өзгерте аласыз. **[3:2]** әдепкі бойынша орнатылады. Live View суретін қоршаған аймақ келесі пропорциялар орнатылғанда қарамен белгіленеді: **[4:3]** **[16:9]** **[1:1]**.

JPEG суреттері орнатылған пропорциялармен сақталады. RAW суреттері әрқашан **[3:2]** пропорцияларында сақталады. Таңдалған пропорциялар ақпараты RAW суретінің файлына қосылады.

RAW суретін Digital Photo Professional бағдарламасымен (EOS бағдарламалық жасақтамасымен) өңделген кезде, бұл түсіру үшін орнатылған бірдей пропорциялары бар суретті жасауға мүмкіндік береді. **[4:3]**, **[16:9]** және **[1:1]** пропорцияларында суретті ойнату барысында пропорцияларды көрсету үшін сызықтар пайда болады, бірақ сызықтар түсірілген суретке түспейді.

Сурет сапасы	Пропорция және пиксель есебі (шамамен)			
	3:2	4:3	16:9	1:1
L	6000×4000 (24 мегапиксель)	5328×4000* (21.3 мегапиксель)	6000×3368* (20.2 мегапиксель)	4000×4000 (16 мегапиксель)
M	3984×2656 (10.6 мегапиксель)	3552×2664 (9.5 мегапиксель)	3984×2240* (8.9 мегапиксель)	2656×2656 (7.1 мегапиксель)
S1	2976×1984 (5.9 мегапиксель)	2656×1992 (5.3 мегапиксель)	2976×1680* (5 мегапиксель)	1984×1984 (3.9 мегапиксель)
S2	2400×1600 (3.8 мегапиксель)	2112×1600* (3.4 мегапиксель)	2400×1344* (3.2 мегапиксель)	1600×1600 (2.6 мегапиксель)
RAW / cRAW	6000×4000 (24 мегапиксель)	6000×4000 (24 мегапиксель)	6000×4000 (24 мегапиксель)	6000×4000 (24 мегапиксель)



- **[4:3], [16:9] және [1:1] параметрлері** Live View арқылы түсіру режимінде қолжетімді.
- Пиксель есептері ең жақын он мың немесе мың мәніне дөңгелектеледі.
- JPEG суреттері көрсеткен пропорцияларыңызда жасалады.
- RAW суреттері 3:2 пропорциясында түсіріледі және көрсеткен пропорцияларыңызды көрсету үшін тегтеледі.
- Жұлдызшамен белгіленген сурет жазу сапасы және пропорциялар көрсетілген қатынасқа дәл сәйкес келмейді.

● **Өлшеу таймері** *

Экспозиция параметрінің көрсетілу ұзақтығын өзгертуіңізге болады (AE құлпының уақыты). Негізгі аймақ режимдерінде өлшеу таймері 8 сек. мәнінде бекітіледі.

● **Сенсорлы ысырма** (📖208)

СКД монитормының экранын баса отырып фокустауға және суретке автоматты түрде түсіруге болады.

● **AF әдісі** (📖197)

[+Tracking/ +Бақылау], [Spot AF/Нүктелі AF], [1-point AF/1 нүктелі AF] немесе [Zone AF/AF аймағы] параметрін таңдауыңызға болады. < > режимінде AF әдісі [+Tracking/ +Бақылау] параметріне орнатылатынын және өзгертілмейтінін ескеріңіз.

● **Көзді анықтау AF** (📖204)

AF әдісі [+Tracking/ +Бақылау] параметріне орнатылған кезде нысанның көздері фокуста тұрғанда түсіруіңізге болады.

● **Үздіксіз AF** (📖205)

Кенеттен фотосурет мүмкіндіктерін өткізіп алмауға көмектеседі, себебі камера ысырма түймесін жартылай басқаныңызша нысандарға тұрақты фокусталады.

● **MF жоғарылату параметрлері** * (📖213)

Фокустағы нысандардың шеттері фокустауды оңайлату үшін түсте көрсетіледі.

- **Түсіру кезіндегі тор**

[3x3 井] немесе **[6x4 田]** пішіндерімен камераны тігінен немесе көлденең теңгеруге көмектесу үшін тор жолақтарын көрсете аласыз. Сонымен қатар, **[3x3+diag 米/3x3+диаг. 米]** мәнімен тор нысан үстінде интербөлімдерді туралау арқылы жақсырақ баланспен құрастыру үшін диагональ сызықтармен көрсетіледі.



- **[📷: Dust Delete Data/📷: Шаңды жою деректері]** параметрін немесе **[Clean manually/Қолмен тазалау]** немесе **[Clean now 📷/Қазір тазалау 📷]** параметрін **[🌀: Sensor cleaning/🌀: тазалау]** астында таңдау Live View арқылы түсіруді тоқтатады. Live View арқылы түсіруді қайта іске қосу үшін **<📷>** түймесін басыңыз.

Автофокустау операциясын өзгерту ☆

Түсіру жағдайлары немесе нысанға сәйкес келетін AF (автофокус) операциясының сипаттамаларын таңдауға болады. Негізгі аймақ режимдерінде түсіру режиміне байланысты оңтайлы AF операциясы автоматты түрде орнатылады.

1 <Q> түймесін басыңыз.

→ Жылдам басқару экраны пайда болады.

2 [ONE SHOT] тармағын таңдаңыз.

- Экранның сол жағындағы [ONE SHOT] (AF операциясы) параметрін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.



3 AF операциясын таңдаңыз.

- Қалаған AF операциясын таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

ONE SHOT : Бір түсірілім AF

SERVO : Servo AF

4 Нысанға фокустаңыз.

- AF нүктесін нысанның үстіне апарыңыз және ысырма түймесін жартылай басыңыз. Камера таңдаған AF операциясында автофокусталады.



- Тек Live View арқылы түсіру үшін орнатуға болады (фильм түсіру үшін орнатылмайды).
- Егер фокустау мүмкін болмаса AF нүктесі қызғылт сары түске боялады. Егер бұл орын алса, ысырма түймесі толығымен басылған болса да суретке түсіру мүмкін болмайды. Суретті қайта құрастырып, қайтадан фокустап көріңіз. Не болмаса, «Фокустауды қиындататын түсіру жағдайлары» (📖202) бөлімін қараңыз.

Фотосурет нысандарға арналған бір түсірілім AF

Қозғалмайтын нысандарға арналған. Ысырма түймесін жартылай басқан кезде камера бір-ақ рет фокусталады.

- Фокусталған кезде AF нүктесі жасыл болып жанып, бипер дыбыстайды.
- Фокус сурет түсірместен бұрын суретті қайта жасауыңызға мүмкіндік беріп ысырма түймесі жартылай басулы кезде құлыптаулы қалады.
- Жарқыл суретімен үздіксіз түсіру жылдамдығы жай болады.



- [🔍: Веер/🔍: Дыбыстық сигнал] функциясы [Disable/Өшіру] күйіне орнатылса, фокустау алынған кезде де бипер дыбысы шықпайды.

Қозғалыстағы нысандарға арналған Servo AF

Бұл AF операциясы қозғалыстағы нысандарды арналған. Ысырма түймесін жартылай басып тұрған кезде, камера нысанға үздіксіз фокустауды жалғастырады.

- Нысанды бақылауға үздіксіз түсіру үшін жетек режимі <📷> параметріне орнатылған кезде басымдылық беріледі.
- Жарқыл суретімен үздіксіз түсіру жылдамдығы жай болады.
- Фокусталған кезде, AF нүктесі көк болады.
- Экспозиция суретке түсірілген уақытта орнатылады.
- [AF method/AF әдісі] параметрі [🔍 +Tracking/🔍 +Бақылау] мәніне орнатылғанда, фокустау AF аймағының жақтауы нысанды бағалай алатын кезде үздіксіз болады.



- Пайдаланылған объективке, нысанға дейінгі қашықтыққа және нысан жылдамдығына байланысты, камера дұрыс фокус ала алмауы мүмкін.
- Үздіксіз түсіру кезінде масштабтау фокусты кетіруі мүмкін. Алдымен масштабтаңыз, одан кейін қайта жасап, түсіріңіз.




- Servo AF мүмкіндігімен фокус алынғанда да бипер дауысы шықпайды.

AF функциясымен фокустау

AF әдісін таңдау

Түсіру шарттарына және нысанға сәйкес келу үшін AF әдісін таңдауыңызға болады. AF әдісі ретінде [**┐(face)+Tracking/┐(бет)+Бақылау**] (📖198), [**Spot AF/Нүктелі AF**], [**1-point AF/1 нүктелі AF**] немесе [**Zone AF/AF аймағы**] параметрін (📖200) таңдауыңызға болады.

Дәл фокустауға қол жеткізу үшін объектив режимінің қосқышын <**MF**> күйіне орнатып, суретті үлкейтіңіз және қолмен фокустаңыз (📖212).



AF әдісін таңдаңыз.

- [**📷**] қойындысының астында [**AF method/AF әдісі**] тармағын таңдаңыз.
- Қалаған AF әдісін таңдап, <**SET**> түймесін басыңыз.
- Сонымен қатар, Live View суреті көрсетілгенде Жылдам басқару экранында AF әдісін таңдау үшін <**Q**> түймесін басуға болады (📖187).



- 📖198-📖200-беттердегі сипаттамаларда [**AF operation/AF операциясы**] параметрі [**One Shot AF/Бір түсірілім AF**] мәніне орнатылған деп қабылдайды (📖196). [**Servo AF**] орнатылған кезде (📖196), AF нүктесі фокус орнатылғанда көк түсті болып жанады.
- <**SCN: 多**> режимдерінде Servo AF автоматты түрде орнатылады және фокус орнатылғанда, AF нүктесі көк түсті болып жанады және бипер дыбыс шығарады.
- 4K фильмін жазу орнатылған кезде тек [**┐ +Tracking/┐ +Бақылау**] және [**1-point AF/1-нүктелі AF**] параметрлері қолжетімді болады.
- Сенсорлы ысырмаға қатысты (AF және түрту әрекеті бойынша ысырманы босату) 208-бет-беттен қараңыз.


Бет+Бақылау

Камера адамның беттерін анықтап, фокустайды. Егер бет қозғалатын болса, бет бақылауына арналған <[]> AF нүктесі де қозғалады.




1 AF нүктесін тексеріңіз.

- Бет анықталған кезде фокусталатын беттің үстінде <[]> пайда болады.
- Бірнеше бет анықталатын болса, <[]> көрсетіледі. <[]> жақтауын фокустағыңыз келген бетке жылжыту үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз.
- Сондай-ақ, бет не нысанды таңдау үшін СКД мониторын басуға болады.



2 Нысанға фокустаңыз.

- Фокустау үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз.
- ➔ Ешқандай бет анықталмаса немесе экранда ешнәрсені тұртпесеңіз, фокустауға AF аймағының жақтауы ішінде қол жеткізіледі.
- ➔ Фокусталған кезде AF нүктесі жасыл болып жанып, бипер дыбыстайды.
- ➔ Фокусталмаған болса, AF нүктесі қызғылт сары болады.



3 Суретке түсіріңіз.

- Суретке түсіру үшін фокус пен экспозицияны тексеріп, ысырма түймесін толығымен басыңыз (📖181).

- **Адам бетінен басқа нысанды фокустау**

AF нүктесі $\langle \text{AF} \rangle$ фокусқа қол жеткізгеннен кейін, композицияны өзгерткен болсаңыз немесе нысан жылжыса, нысанды бақылау үшін AF нүктесі $\langle \text{AF} \rangle$ де жылжиды.



- Егер нысанның беті айтарлықтай фокустан тыс болса, бетті анықтау мүмкін болмайды. Бетті анықтай алу үшін фокусты қолмен реттеңіз (📖212), одан кейін AF әрекетін орындаңыз.
- Адам бетінен басқа нысан бет ретінде анықталуы мүмкін.
- Егер суреттегі бет өте кішкентай немесе үлкен, тым ашық не тым қараңғы немесе жартылай жасырылған болса, бетті анықтау функциясы жұмыс істемейді мүмкін.
- $\langle \text{AF} \rangle$ толық бетті емес, тек беттің бір бөлігін қамти алады.



- AF нүктесінің өлшемі нысанға байланысты өзгереді.

4 Суретке түсіріңіз.

- Суретке түсіру үшін ысырма түймесін толығымен басыңыз (📖181).



- Фокустау сыртқы AF нүктесін пайдалану кезінде қиын болуы мүмкін. Бұл жағдайда ортадағы AF нүктесін таңдаңыз.

AF үшін ескертпелер

AF операциясы

- Фокусталған кезде де ысырма түймесін жартылай басу қайтадан фокустайды.
- AF операциясы барысында және одан кейін сурет ашықтығы өзгеруі мүмкін.
- Нысанға және түсіру жағдайларына байланысты фокустау үшін ұзақ уақыт кетуі немесе үздіксіз түсіру жылдамдығы азаюы мүмкін.
- Live View суреті көрсетілген кезде жарық көзі өзгерсе, экран жыпылықтап және фокустау қиынға соғуы мүмкін. Егер бұл орын алса, Live View арқылы түсіруден шығыңыз және түсіріп жатқан нақты жарық көзі жағдайында AF, әрекетін орындаңыз.



- Егер AF көмегімен фокустай алмасаңыз, объективтің фокустау режимінің қосқышын <MF> етіп орнатып, қолмен фокустаңыз (📖212).
- Нысанды периферияда және аздап фокустан тыс түсірсеңіз, нысанды (және AF нүктесі) экран ортасына қарай жылжыту үшін қайта жасаңыз, қайта фокустаңыз, одан кейін суретті түсіріңіз.
- AF көмекші сәулесі таратылмайды. Осыған қарамастан, жарық диод шамымен жабдықталған EX сериялы Speedlite құралы пайдаланылса, AF көмекші сәулесі үшін қажет болған кезде жарық диод шамы жанады.
- Белгілі бір объективтермен автофокустаумен фокустау үшін көбірек уақыт кетуі немесе фокустауға қол жеткізілмеуі мүмкін.

Фокустауды қиындататын түсіру жағдайлары

- Көк аспан сияқты төмен контрасты нысандар, таза түсті тегіс беттер немесе жарық не көлеңке элементтері қысылған кезде.
- Төменгі жарықтағы нысандар.
- Контраст тек қана көлденең бағытта болғандағы жолақтар және басқа үлгілер.
- Қайталанатын өрнектері бар нысандар (Мысалы: Зеңгір үй терезелері, компьютер пернетақтасы, т.б.)
- Жіңішке сызықтар және нысан сұлбалары.
- Ашықтығы, түсі немесе үлгісі өзгеріп отыратын жарық көзі астында.
- Түн көріністер немесе жарық нүктелері.
- Флюоресцент немесе ЖШД жарығы астындағы сурет жыпылықтары.
- Өте кішкентай нысандар.
- Экранның шетіндегі нысандар.
- Қатты артқы жарығы бар немесе шағылысқан заттар (мысалы: тым шағылыстырғыш корпусты машина, т.б.)
- AF нүктесімен жабылған жақын және алыс нысандар (Мысалы: тордағы жануар, т.б.).
- AF нүктесінің ішінде қозғалып тұратын және камера шайқалуынан немесе нысанның бұлыңғыр болғандығынан тұрақты тұрмайтын нысандар.
- Нысан фокустан өте алыс болған кезде AF әрекетін орындау.
- Жұмсақ фокустау әсері жұмсақ фокустау объективімен қолданылады.
- Арнайы әсер сүзгісі пайдаланылады.
- AF кезінде экранда пайда болатын шу (шам нүктелері, сызықтар т.б.).

AF ауқымы

Қолжетімді автофокустау ауқымы пайдаланылған объектив пен пропорцияларға және 4K фильмдерін жазуыңызға немесе Сандық фильм IS сияқты мүмкіндіктерді пайдалануыңызға байланысты өзгереді.

Үлкейтілген көрініс



AF әдісі [**⬇️+Tracking/⬇️+Бақылау**] әдісінен басқа болған кезде фокусты тексеру үшін дисплейді шамамен 5× немесе 10× мәнге <Q> түймесін басу немесе төменгі оң жақтағы [**Q**] түймесін тұрту арқылы үлкейтіңіз.

Үлкейтілген көрініс [**⬇️+Tracking/⬇️+Бақылау**] параметрімен қолжетімді емес.




- AF нүктесін жылжыту үшін <⬅️> жылжу пернелерін басыңыз немесе үлкейту қажет нүктені түртіңіз.
- Үлкейту жақтауы қамтитын аймақты үлкейту үшін <Q> түймесін немесе [**Q**] белгішесін түртіңіз. <Q> түймесі басылған сайын немесе [**Q**] белгішесі түртілген сайын үлкейту деңгейі өзгереді.
- Үлкейту AF нүктесінде [**Spot AF/Нүктелі AF**] және [**1-point AF/1 нүктелі AF**] үшін ортасы бойынша тураланады және AF аймағында [**Zone AF/AF аймағы**] үшін ортасы бойынша тураланады.
- [**1-point AF/1 нүктелі AF**] немесе [**Spot AF/Нүктелі AF**] әдісіне орнатылғанда ысырма түймесін жартылай бассаңыз, автофокустау үлкейтілген дисплеймен орындалады. Басқа AF әдістеріне орнатылғанда автофокустау қалыпты көрсетуді қалпына келтіргеннен кейін орындалады.
- Servo AF көмегімен ысырма түймесін үлкейтілген көріністе жартылай бассаңыз, камера фокустау үшін қалыпты көрініске қайтады.



- Фокустау үлкейтілген көріністе қиын болса, қалыпты көрініске оралыңыз немесе AF әрекетін орындаңыз.
- Қалыпты көріністе AF әрекетін орындасаңыз, одан кейін үлкейтілген көріністі пайдалансаңыз, дәл фокусқа қол жеткізілмеуі мүмкін.
- AF жылдамдығы қалыпты көрініс пен үлкейтілген көрініс арасында басқаша болады.
- Үлкейтілген көріністе кезде Фильмнің Servo AF нүктесі (📖253) жұмыс істемейді.
- Үлкейтілген көрініспен камера шайқалуына байланысты фокустау қиын болуы мүмкін. Мосыны пайдалану ұсынылады.

Адамдардың көздерін фокустау

AF әдісі [**L**+Tracking/**L**+Бақылау] параметріне орнатылған кезде нысанның көздері фокуста тұрғанда түсіруіңізге болады.



1 [Eye Detection AF/Көзді анықтау AF] параметрін таңдаңыз.

- [📷] қойындысының астында [Eye Detection AF/Көзді анықтау AF] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 [Enable/Қосу] параметрін таңдаңыз.

3 Камераны нысанға көздеңіз.

- ➔ AF нүктесі оның көздерінің айналасында көрсетіледі.
- Фокусқа көзді таңдау үшін экранды түртуіңізге болады. Мұрын немесе ауыз сияқты басқа бет бөліктерін түрткен кезіңізде бүкіл бет таңдалады. Фокустау үшін көздер автоматты түрде таңдалады.
- Көзді немесе бетті <L> немесе <R> пайда болған кезде <◀> <▶> пернелерімен таңдай аласыз.


4 Суретке түсіріңіз.



- Нысанға және түсіру жағдайларына байланысты нысан көздері дұрыс анықталмауы мүмкін.


Үздіксіз AF параметрін орнату

Функция негізінен нысандарды фокуста ұстайды. Камера ысырма түймесі жартылай басылған кезде бірден фокустауға дайын болады.



1 [Continuous AF/Үздіксіз AF] параметрін таңдаңыз.

- [📷] қойындысының астында [Continuous AF/Үздіксіз AF] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 [Enable/Қосу] параметрін таңдаңыз.




- Осы функцияларды қосу қолжетімді түсірілімдердің санын азайтады, себебі объектив үздіксіз іске қосылады және батарея қуаты тұтынылады.

Өздігінен түсіруді реттейтін таймерді пайдалану



1 [Drive mode/Жетек режимі] параметрін таңдаңыз.

- [OFF] қойындысының астында [Drive mode/Жетек режимі] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Өздігінен түсіруді реттейтін таймерді таңдаңыз.

- Қалаған өздігінен түсіруді реттейтін таймерді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

10s / 10s: 10 сек./өздігінен түсіруді реттейтін таймерді қашықтан басқару

Ысырма түймесін басқаннан кейін 10 секунд өткенде сурет түсіріледі. BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралымен (бөлек сатылады) түсіруді қашықтан басқаруға да болады (463).


2s: 2 сек. өздігінен түсіруді реттейтін таймер

Ысырма түймесін басқаннан кейін 2 секунд өткенде сурет түсіріледі.

10s: 10 сек. өздігінен түсіруді реттейтін таймер және үздіксіз түсірілімдер

Ысырма түймесін басқан соң, 10 секундтан кейін орнатылған бірнеше түсірілімдер саны алынады.

Өздігінен түсіруді реттейтін таймермен алынған бірнеше түсірілімнің санын (2 - 10) орнату үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.



3 Суретке түсіріңіз.

- Нысанды фокустап, одан кейін ысырма түймесін толығымен басыңыз.
- ➔ Операцияны тексеру үшін дыбыстық сигналдарды тыңдаңыз немесе СКД мониторында кері санау дисплейін (секундта) қараңыз.
- ➔ Сурет түсірілместен 2 сек. бұрын бипер жылдам дыбыс шығарады.



- <S> функциясы арқылы бірнеше түсірілім арасындағы аралықты сурет жазу сапасы немесе жарқыл сияқты түсіру функциясының параметрлеріне байланысты ұзартуға болады.
- Суретке түсіру барысында көріністапқышқа шашыранды жарық кірсе, ол экспозициядан түсіп қалуы мүмкін. Live View арқылы түсіру ұсынылады.



- Өздігінен түсіруді реттейтін таймер түсірілімдерін жасаған соң фокусты және экспозицияны тексеру үшін суретті ойнату (📖101) ұсынылады.
- Жалғыз өзіңізді түсіруге өздігінен түсіруді реттейтін таймерді пайдаланған кезде сіз тұратын қашықтықпен бірдей қашықтықта тұрған нысанға фокустау құлпын (📖74) пайдаланыңыз.
- Өздігінен түсіруді реттейтін таймерді ол іске қосылғаннан кейін болдырмау үшін СКД мониторын түртіңіз немесе <SET> түймесін басыңыз.

Сенсорлы ысырма арқылы түсіру

СКД мониторының экранын баса отырып фокустауға және суретке автоматты түрде түсіруге болады.



1 Сенсорлы ысырманы қосыңыз.

- **[AF]** түймесін түртңіз. Белгішені басқан сайын ол **[AF]** және **[AF]** арасында ауысады.
- **[AF]** (Сенсорлы ысырма: қосу) Камера тұрткен нүктеңіздің үстіне фокусталады, одан кейін сурет түсіріледі.
- **[AF]** (Сенсорлы ысырма: өшіру) Нүктеде фокустауды орындау үшін нүктені түртуіңізге болады (Сенсорлы AF). Суретке түсіру үшін, ысырма түймесін толығымен басыңыз.



2 Түсіру үшін экранды басыңыз.

- Экрандағы бетті немесе нысанды басыңыз.
- ➔ Сіз басқан нүктеде камера орнатылған AF әдісімен фокусталады (Сенсорлы AF) (📖 197).
- ➔ Фокус алынған кезде AF нүктесі жасыл болып, сурет автоматты түрде түсіріледі.
- Егер фокусталу жүзеге аспаса, AF нүктесі сарғылт болып, суретке түсіру мүмкін болмайды. Экрандағы бетті немесе нысанды басыңыз.




- Тіпті, жетек режимін **<AF>** мәніне орнатсаңыз да камера жалғыз түсіру режимінде түсіре береді.
- **[AF operation/AF операциясы]** параметрі **[Servo AF]** мәніне орнатылса да экранды түрту суретте **[One-Shot AF/Бір түсірілім AF]** көмегімен фокустайды.
- Үлкейтілген көріністе экранды түрту фокустамайды немесе суретті түсірмейді.
- «Балық көзі» әсері шығармашылық сүзгісі орнатылса, басылған нүктеге қарамастан камера экранның ортасындағы AF нүктесін пайдаланып фокустайды.
- Шағын әсер шығармашылық сүзгісі орнатылса, сенсорлы ысырма жұмыс істемейді.



- Сондай-ақ, сенсорлы ысырманы [: **Touch Shutter**/: **Сенсорлы ысырма**] параметрімен орнатуыңызға болады.
- Шам экспозициясымен түсіру үшін экранды екі рет басыңыз. Экранды бірінші рет басқан кезде шам экспозициясы іске қосылады. Оны қайта басу экспозицияны тоқтатады. Экранды басқан кезде камераны шайқамаңыз.

Автопортрет түсіру (Селфи)

Автопортрет режимі суретті адам нысандарға қолайлы ету үшін өңдейді. Түсірместен бұрын өңдік бұлыңғырды, ашықтықты және тері тегістігін көрсетуіңізге де болады.




1 СКД мониторын камераның алдына қарай қаратыңыз.

- Суретте көрсетілгендей СКД мониторын ашыңыз және оны камераның алдына қарай қаратыңыз (📖 40).



2 Экранда [👤] түймесін түртіңіз.

- Автопортрет режимін белсендіру үшін [👤] түймесін түртіңіз.



3 Автопортрет параметрлерін орнатыңыз.


- Функцияны (1) таңдау үшін оны түртіңіз, одан кейін әсерді орнатыңыз.

(1) (2)

4 Суретке түсіріңіз.

Сенсорлы ысырманы пайдалану кезінде:

- [OFF] түймесін (2) түртіңіз және [👤] (Сенсорлы ысырма: Қосу) параметріне орнатыңыз (📖 208).
- Фокустау керек нүктені түртіңіз, одан кейін суретті түсіріңіз.



Ысырма түймесін пайдалану кезінде:

- Ысырма түймесін жартылай басып фокустаңыз да, суретке түсіру үшін толық басыңыз.




- Камера фокусқа қол жеткізгеннен кейін өзіңіз бен камера арасындағы қашықтықты сурет түсірілгенше өзгертпеңіз.
- Камераны түсіріп алмаңыз.
- Жарқылмен фотосуретке түсіру мүмкін емес. Төменгі жарық жағдайларында камераның шайқалуын болдырмаңыз.



- Автопортрет режимі камера қосқышы <OFF> күйіне орнатылғанда немесе келесі әрекеттердің кез келгені орындалғанда болдырылмайды:
 - Экранда  түймесін түрту.
 - СКД мониторын бастапқы позициясына қайта бұру.
 -  түймесін басу.


MF: Қолмен фокустау

Суретті үлкейтіп, MF (қолмен фокустау) арқылы дәл фокустай аласыз.



1 Объектив фокустау режимінің қосқышын <MF> режиміне орнатыңыз.

- Шамалап фокустау үшін объективтің фокустау сақинасын бұраңыз.



2 Үлкейту жақтауын ашыңыз.

- <Q> түймесін басыңыз.
- Үлкейту жақтауы пайда болады.
- Сондай-ақ, суретті үлкейту үшін экрандағы [Q] түймесін басуға болады.



3 Үлкейту жақтауын жылжытыңыз.

- Үлкейту жақтауын фокустау қажет жерге жылжыту үшін <⬅➡> жылжу пернелерін басыңыз.
- <⏏> түймесін басу үлкейту жақтауын экран ортасына қайтарады.



(1)(2)(3)

4 Суретті үлкейтіңіз.

- <Q> түймесі басылған сайын суретті үлкейту келесі ретпен өзгереді:

→ Қалыпты көрсету → 5x → 10x →

- (1) AE құлпы
- (2) Үлкейтілген аймақ позициясы
- (3) Үлкейту

5 Қолмен фокустаңыз.

- Үлкейтілген суретке қарап, фокустау үшін объективтің фокустау сақинасын бұраңыз.
- Фокус алғаннан кейін қалыпты көрініске қайту үшін <Q> түймесін басыңыз.

6 Суретке түсіріңіз.



- Суретке түсіру үшін фокустау мен экспозицияны тексеріп, ысырма түймесін басыңыз (📖 181).



- Үлкейтілген көріністе экспозиция құлыптанады. (Ысырма жылдамдығы және апертура қызыл түспен көрсетіледі.)
- Қолмен фокустаумен де суретті түсіру үшін сенсорлы ысырманы пайдалана аласыз.

MF жоғарылату (Контурды ерекшелеу) параметрін орнату

Фокустағы нысандардың шеттері фокустауды оңайлату үшін түсте көрсетіледі. Контур түсін орнатуыңызға және шетті анықтау сезімталдығын (деңгейін) реттеуіңізге болады (<A+> режимінен басқа).



1 [MF peaking settings/MF жоғарылату параметрлері] тармағын таңдаңыз.

- [A] қойындысының астында [MF peaking settings/MF жоғарылату параметрлері] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 [Peaking/Жоғарылату] параметрін таңдаңыз.

- [Peaking/Жоғарылату] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- [On/Қосу] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

MF peaking settings	
Peaking	On
Level	High
Color	Red
MENU 	

3 Деңгей мен түсті орнатыңыз.

- Қажет болған жағдайда оны орнатыңыз.



- Жоғарылату дисплейі үлкейтілген дисплей кезінде көрсетілмейді.
- MF жоғарғы нүктесін жоғары ISO көрсеткіштерінде анықтау қиын болуы мүмкін, өсіресе ISO кеңейтімі орнатылған кезде. Қажет болса, ISO көрсеткішін төмендетіңіз немесе **[Peaking/Жоғарылату]** параметрін **[Off/Өшіру]** деңгейіне орнатыңыз.



- СКД мониторында көрсетілген жоғарылату дисплейі суреттерде жазылмайды.



Жалпы Live View арқылы түсіру сақтықтары

Сурет сапасы

- Жоғары ISO көрсеткіштерінде түсірген кезде, шу (жарық нүктелері және сызықтар сияқты) байқалуы мүмкін.
- Жоғары температурада түсіру шу және дұрыс емес түстерге себеп болуы мүмкін.
- Live View арқылы түсіру режимінде ұзақ уақыт бойы үздіксіз түсірсеңіз, камераның ішкі температурасы көтеріліп, сурет сапасы нашарлауы мүмкін. Түсіру барысында Live View арқылы түсіруден әрқашан шығып тұрыңыз.
- Камераның ішкі температурасы жоғары болғанда ұзақ экспозицияда түсірсеңіз сурет сапасы нашарлауы мүмкін. Live View арқылы түсіруден шығыңыз және қайта түсірместен бұрын бірнеше минут күтіңіз.

Ақ <[A]> және қызыл <[R]> ішкі температураның ескерту белгішелері

- Live View арқылы ұзақ түсіру немесе жоғары орта температура жағдайларына байланысты камераның ішкі температурасы артса, ақ <[A]> немесе қызыл <[R]> белгішесі пайда болады.
- Ақ <[A]> белгіше фотосуреттерде сурет сапасының нашарлайтынын білдіреді. Қайтадан түсіру алдында Live View арқылы түсіруден шығып, камераның салқындауына мүмкіндік берген жөн.
- Қызыл <[R]> белгіше Live View арқылы түсіру біраздан кейін автоматты түрде өшетінін білдіреді. Егер бұл орын алса, камераның ішкі температурасы төмендемегенше қайтадан түсіре алмайсыз. Live View арқылы түсіруден уақытша шығыңыз не қуатты өшіріп, камераның демалуына мүмкіндік беріңіз.
- Ұзақ уақыт аралығында жоғарғы температурада Live View арқылы түсіруді пайдалану <[A]> немесе <[R]> белгішесінің ерте пайда болуына әкеледі. Түсірмеген кезде әрқашан камераны өшіріңіз.
- Егер камералардың ішкі температурасы жоғары болса, жоғары ISO көрсеткішімен немесе ұзақ экспозициямен түсірілген суреттер сапасы <[A]> белгісі көрсетілмес бұрын бұзылуы мүмкін.

Түсіру нәтижелері

- Егер сіз үлкейтілген көріністе суретке түсірсеңіз, экспозиция қалауыңыз бойынша шықпауы мүмкін. Суретке түсірместен бұрын қалыпты көрініске оралыңыз. Үлкейтілген көріністе ысырма жылдамдығы және диафрагма қызыл түспен көрсетіледі. Сурет үлкейтілген көріністе түсірілсе де, сурет қалыпты көріністің сурет аймағында түсіріледі.
- Объективті ауыстыру немесе еңкейту үшін TS-E объективін пайдалансаңыз (TS-E 17mm f/4L немесе TS-E 24 mm f/3.5L II объективінен басқа) немесе кеңейтім трубкасын пайдалансаңыз, стандартты экспозицияға қол жеткізілмеуі немесе дұрыс емес экспозиция орын алуы мүмкін.



Жалпы Live View арқылы түсіру сақтықтары

Live View суреті

- Төмен немесе ашық жарық шарттарында Live View суреті түсірілген суреттің ашықтығын шағылыстырмауы мүмкін.
- Төмен ISO көрсеткіші орнатылған болса да, жарық төмен болғанда көрсетілген Live View суретінде шу байқалуы мүмкін. Дегенмен, түсірген кезде жазылған суретте шу аз болады. (Live View суретінің сапасы жазылған сурет сапасынан өзгеше болады.)
- Егер сурет ішіндегі жарық көзі (жарықтылық) өзгеретін болса, экран жыпылықтауы мүмкін. Егер бұл орын алса, Live View арқылы түсіруден шығыңыз және нақты жарық көзі жағдайында Live View арқылы түсіруді жалғастырыңыз.
- Камераны басқа бағытқа бағыттасаңыз, бұл Live View суретінің дұрыс ашықтығынан бірден шығаруы мүмкін. Түсірместен бұрын жарықтылық деңгейінің тұрақтануын күтіңіз.
- Егер суретте өте ашық жарық көзі бар болса, СКД мониторында ашық аймақ қара болып шығуы мүмкін. Дегенмен, нақты түсірілген сурет ашық аймақты дұрыс көрсетеді.
- Көмескі жарықта [**☿**: LCD brightness/☿: СКД ашықтығы] параметрін ашық параметрге орнатсаңыз, шу немесе әдеттен тыс түстер Live View суретінде пайда болуы мүмкін. Дегенмен, шу немесе дұрыс емес түстер түсірілген сурет ішіне жазылмайды.
- Суретті үлкейткен кезде сурет анықтығы нақты суретке қарағанда анығырақ көрінуі мүмкін.
- Ысырма жылдамдығы 1 сек. немесе одан жай болса, СКД мониторында «**BUSY**» көрсетіледі және Live View дисплейі экспозиция аяқталғанша пайда болмайды.

Теңшелетін функциялар

- Live View арқылы түсіргенде нақты теңшелетін функция параметрлері әсер етпейді.

Объектив және жарқыл

- Фильмді ұзақ түсіру немесе жоғары орта температура жағдайларына байланысты камераның ішкі температурасы артса, қызыл <■> белгішесі пайда болады.
- <■> белгішесі фильм түсірудің жақын арада тоқтатылатынын анықтайды. Егер бұл орын алса, камераның ішкі температурасы төмендемегенше қайтадан түсіре алмайсыз. Қуатты өшіріп, камераның демалуына мүмкіндік беріңіз.
- Ұзақ уақыт аралығы үшін жоғарғы температурада фильмді түсіру <■> белгішесінің ерте пайда болуына әкеледі. Түсірмеген кезде әрқашан камераны өшіріңіз.

Жазу және сурет сапасы

- Егер жалғанған объективтің Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы) функциясы бар болса және сіз Image Stabilizer (IS) (Сурет тұрақтандырғышы) қосқышын <ON> күйіне орнатсаңыз, ысырма түймесін жартылай баспасаңыз да Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы) әрқашан жұмыс істеп тұрады. Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы) функциясы батарея қуатын тұтынады және жалпы фильм түсіру уақытын түсіру жағдайларына байланысты қысқартады. Мосыны пайдалану сияқты Image Stabilizer (Сурет тұрақтандырғышы) қажет емес кезде IS қосқышын <OFF> күйіне орнату ұсынылады.
- Камераның кірістірілген микрофондары түсіру кезінде жұмыс дыбысын және камераның механикалық дыбысын да жазады. DM-E1 бағыттық стерео микрофонын (бөлек сатылады) пайдалану фильмдегі осы дыбыстарды азайтуы мүмкін.
- Камераның сыртқы микрофонының кіріс ұясына сыртқы микрофоннан басқа ешнәрсе жалғамаңыз.
- Аавтоэкспозициямен түсіру кезінде ашықтық өзгерсе, фильм суреті уақытша тоқтап қалуы мүмкін. Ондай жағдайда фильмді қол экспозициясымен түсіріңіз.
- Егер суретте өте ашық жарық көзі бар болса, СКД мониториянда ашық аймақ қара болып шығуы мүмкін. Фильм СКД мониторияна шыққандағыдай жазылады.
- Төменгі жарық шарттарында суретте шу немесе дұрыс емес түстер пайда болуы мүмкін. Фильм СКД мониторияна шыққандағыдай жазылады.
- Егер басқа құрылғылармен фильм ойнатсаңыз, сурет не дыбыс сапасы төмендеуі немесе ойнату мүмкін болмауы мүмкін (құрылғылар MP4 пішімін қолдаса).



Жалпы фильм түсіру сақтықтары

Жазу және сурет сапасы

- Жазу жылдамдығы баяу картаны пайдалансаңыз, фильм түсіру барысында экранның оң жағында бес деңгейлі көрсеткіш (1) пайда болуы мүмкін. Ол картаға қанша деректің өлі жазылмағандығын көрсетеді (ішкі буфер жадының қалған көлемі). Карта неғұрлым баяу болса, соғұрлым көрсеткіш жоғарыға қарай жылдам жүреді. Егер көрсеткіш толса, фильм түсіру автоматты түрде тоқтатылады. Егер картаның жазу жылдамдығы жылдам болса көрсеткіш пайда болмайды немесе деңгей (көрсетілген болса) жоғарыға қарай қиындықпен жүреді. Картаның жеткілікті жылдамдықта жазуын тексеру үшін алдымен бірнеше сынақ фильмдерін түсіріңіз.



(1)

Ойнату және теледидар қосылымы

- Камераны теледидарға жалғап (□305), бейнеге түсірсеңіз, теледидар түсіру барысында ешқандай дыбыс шығармайды. Дегенмен дыбыс тиісті түрде жазылады.

MP4 пішімді фильмдерді шектеу

- Негізінен MP4 пішімді фильмдерге келесі шектеулердің қолданылатынын ескеріңіз.
 - Дыбыс шамамен соңғы екі кадрда жазылмайды.
 - Фильмдерді Windows жүйесінде ойнатқанда, фильм суреттері мен дыбыс аздап үндеспеуі мүмкін.


Пайдалы мүмкіндіктер

- Биперді ажырату (📖260)
- Карта жады туралы еске салу (📖260)
- Суретті қарап шығу уақытын орнату (📖261)
- Авто қуатты өшіру уақытын орнату (📖261)
- СКД мониторының ашықтығын реттеу (📖262)
- Қалта жасау және таңдау (📖263)
- Файлды нөмірлеу әдістері (📖265)
- Авторлық құқық туралы ақпаратты орнату (📖268)
- Тік суреттерді авто бұру параметрі (📖270)
- Камераны әдепкі параметрлеріне қайтару (📖271)
- СКД мониторын өшіру/қосу (📖272)
- Сенсорды авто тазалау (📖273)
- Шаңды жою деректерін қосу (📖274)
- Сенсорды қолмен тазалау (📖276)
- HDMI шығысының ажыратымдылығы (📖278)
- RAW суретін HDR TV теледидарында ойнату (📖279)

Пайдалы мүмкіндіктер

Биперді ажырату


Өздігінен түсіруді реттейтін таймермен түсіру кезінде және сенсорлы операциялар кезінде фокустау жүзеге асқанда бипердің дыбысталуын болдырмауыңызға болады.



[F] қойындысының астында **[Beep/Дыбыстық сигнал]** тармағын таңдап, <SET> түймесін басыңыз. **[Disable/Өшіру]** тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Биперді тек сенсорлы операциялар үшін өшіру үшін **[Touch / /] түймесін түрту** параметрін таңдаңыз.

Карта жады туралы еске салу

Егер камерада карта болмаса, бұл параметр түсіруді қорғайды.




[A] қойындысының астында **[Release shutter without card/Ысырманы картасыз босату]** параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. **[Disable/Өшіру]** тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Камера ішіне карта енгізілмесе және ысырма түймесін бассаңыз, көріністапқышта «**Карта**» көрсетіліп, ысырманы босата алмайсыз.

Суретті қарап шығу уақытын орнату

Түсіргеннен кейін бірден СКД мониторында суреттің қанша уақыт көрсетілетіндігін өзгерте аласыз. Егер **[Off/Өшірулі]** орнатылған болса, түсіруден кейін сурет бірден көрсетілмейді. **[Hold/Ұстау]** орнатылса, **[Auto power off/Авто қуатты өшіру]** уақыты өткенге дейін суретті қарап шығу көрсетіледі.

Суретті қарап шығу барысында ысырма түймесін жартылай басу сияқты кез келген камера басқаруын жасаған болсаңыз, суретті көру аяқталатынын ескеріңіз.




[📷] қойындысының астында **[Image review/Суретті қарап шығу]** тармағын таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз. Қажетті параметрді таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.

Авто қуатты өшіру уақытын орнату

Батарея қуатын үнемдеу үшін бос операцияның орнатылған уақыты өткеннен соң камера автоматты түрде өшіріледі. Автоматты қуат өшіруіне байланысты камера өшкен кезде, ысырма түймесін жартылай басу немесе келесі түймелердің кез келгенін басу арқылы оны қайта қосуға болады.

Егер **[Disable/Өшіру]** параметрі орнатылса, батарея қуатын үнемдеу мақсатында СКД мониторын өшіру үшін камераны өшіріңіз немесе **<DISP>** түймесін басыңыз.

[Disable/Өшіру] параметрі орнатылса да, камера шамамен 30 минут әрекетсіз қалғаннан кейін СКД мониторы өшеді. СКД мониторын қайтадан қосу үшін **<DISP>** түймесін басыңыз.




[🕒] қойындысының астында **[Auto power off/Автоматты қуат өшіру]** тармағын таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз. Қажетті параметрді таңдаңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.




- **[10 sec/30 sec / 10 сек./30 сек.]** параметрі орнатылса, камера шамамен 10 секунд әрекетсіз қалғаннан кейін ол өледі. Функцияларды орнату немесе Live View арқылы түсіру, фильм жазу, суретті ойнату, т.б. кезінде автоматты қуат өшіру уақыты шамамен 30 сек. болады.

СКД мониторының ашықтығын реттеу

Қарауды жеңілдету үшін СКД мониторының ашықтығын реттей аласыз.



[4] қойындысының астында [Disp. brightness/Дисп. ашықтығы] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Реттеу экранында ашықтықты реттеу үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




Суреттің экспозициясын тексеру кезінде СКД мониторының ашықтығын 4-күйіне орнатып, орта жарығын қарап шыққан сурет әсерінен қорғаңыз.

Қалта жасау және таңдау


Түсірілген суреттер сақталатын қалтаны еркін жасай және таңдай аласыз. Қалта түсірілген суреттерді сақтау үшін автоматты түрде жасалғандықтан, бұл операция міндетті болып табылмайды.

Қалта жасау




1 [Select folder/Қалтаны таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [Select folder/Қалтаны таңдау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 [Create folder/Қалта жасау] параметрін таңдаңыз.


- [Create folder/Қалта жасау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 Жаңа қалтаны таңдаңыз.

- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Қалта нөмірі бірге артатын жаңа қалта жасалады.

Қалтаны таңдау



- Көрсетілген қалтаны таңдау экраны арқылы қалтаны таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Түсірілген суреттер сақталатын қалта таңдалды.
- Келесі түсірілген суреттер таңдалған қалтаға жазылады.

- (1) Қалтадағы суреттер саны
- (2) Ең төменгі файл нөмірі
- (3) Қалта атауы
- (4) Ең жоғарғы файл нөмірі



Қалталар

- «**100CANON**» мысалындағыдай қалта аты үш санмен (қалта аты) басталып әліпбилік және сандық таңбалармен жалғасады. Қалта 9999 суретке дейін қамти алады (файл нөмірі 0001 - 9999). Қалта толған кезде қалта нөмірі бірге арттырылған жаңа қалта автоматты түрде жасалады. Сондай-ақ, егер қолмен ысыру (□267) орындалатын болса, жаңа қалта автоматты түрде жасалады. 100-999 аралығында нөмірленген қалталар жасалады.

Қалталарды компьютер арқылы жасау

- Экранда ашылған карта көмегімен «**DCIM**» атты жаңа қалта жасаңыз. DCIM қалтасын ашып, суреттерді ұйымдастыру және сақтау үшін қажет барынша көп қалталар жасаңыз. Қалта аты «**100ABC_D**» пішімінде болуы қажет. Бастапқы үш саны әрқашан 100-999 аралығында қалта нөмірі болып табылады. Соңғы бес таңба A-Z аралығындағы кез келген үлкен және кіші әріптер, сандар, «_» астыңғы сызық тіркесімі болуы мүмкін. Бос орынды пайдалану мүмкін емес. Қалталар аты бірдей үш цифрлы қалта нөмірін, соңғы бес таңба әр түрлі болғанның өзінде, бөлісе алмайтындығын ескеріңіз (мысалы, «100ABC_D» және «100W_XYZ»).

Файлды нөмірлеу әдістері

Сурет файлдары түсірілген суреттер ретімен 0001-9999 аралығында нөмірленіп, қалтаға сақталады. Файл нөмірінің тағайындалуын өзгерте аласыз.


Файл нөмірі компьютерде келесі пішімде пайда болады: **IMG_0001.JPG**.

File numbering	
Numbering	Continuous
Manual reset	


[F] астындағы [File numbering/Файлды нөмірлеу] терезесінде [Numbering/Нөмірлеу] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Қолжетімді параметрлер төменде сипатталған. Опцияны таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

- **[Continuous/Үздіксіз]:** Картаны ауыстырғанда немесе жаңа қалта жасалғанда да файлды нөмірлеу ретін жалғастырғыңыз келгенде. Тіпті, картаны алмастырып немесе жаңа қалта жасаған соң, файлды нөмірлеу ретімен 9999 дейін жалғасады. Егер бірнеше картада немесе қалталарда сақталған 0001-9999 аралығында нөмірленген суреттерді компьютердегі бір қалтаға сақтауға пайдалы болып табылады. Егер алмастыру картасы не бар қалта бастапқыда жазылған суреттерден тұрса, жаңа суреттер файлын нөмірлеу карта не қалтадағы бар суреттер файлын нөмірлеуден жалғасуы мүмкін. Егер үздіксіз файлды нөмірлеу параметрін пайдалануды қаласаңыз, әрбір уақыт сайын жаңадан пішімделген картаны пайдалану ұсынылады.

Картаны алмастырған соң файлды нөмірлеу



Қалта жасаған соң файлды нөмірлеу




(1) Келесі файлдың реттік нөмірі

- **[Auto reset/Авто ысыру]:** Картаны ауыстырылған немесе жаңа карта жасалған сайын файлды нөмірлеуді 0001-ден қайта бастау керек болғанда.


Картаны алмастыру не жаңа қалта жасаған кезде сақталған жаңа суреттер үшін файлды нөмірлеу 0001 нөмірінен қайта басталады. Егер суреттерді карталар не қалталар бойынша ұйымдастыруды қаласаңыз, бұл пайдалы болып табылады.

Егер алмастыру картасы не бар қалта бастапқыда жазылған суреттерден тұрса, жаңа суреттер файлын нөмірлеу карта не қалтадағы бар суреттер файлын нөмірлеуден жалғасуы мүмкін. Егер суреттерді файлды нөмірлеу 0001 басталған суреттерді сақтауды қаласаңыз, әрбір уақыт сайын жаңа пішімделген картаны пайдаланыңыз.

**Картаны алмастырған соң
файлды нөмірлеу**



**Қалта жасаған соң
файлды нөмірлеу**



(1) Файлды нөмірлеу ысырылды

- **[Manual Reset/Қолмен ысыру]:** Файл нөмірлеуді 0001-ден қайта орнату немесе жаңа қалтада файл нөмірін 0001-ден бастау керек болғанда.

File numbering	
Numbering	Continuous
Manual reset	

[F] астындағы **[File numbering/Файл нөмірлеу]** терезесінде **[Manual reset/Қолмен қайта орнату]** параметрін таңдаңыз, одан кейін растау тілқатысу терезесінде **[OK]** тармағын таңдаңыз.

Файлды нөмірлеуді қолмен ысырған кезде жаңа қалта автоматты түрде жасалады және бұл қалтаға сақталған суреттердің файл нөмірлеуі 0001 нөмірінен басталады.

Мысалы, бұл кеше түсірілген және бүгін түсірілген суреттер үшін басқа қалталарды пайдалану қажет болған жағдайда пайдалы. Қолмен ысырған соң, файлды нөмірлеу үздіксіз не авто ысыру күйіне оралады. (Қолмен ысыруды растау диалогы болмайды.)



- Егер 999 қалтасындағы файл нөмірі 9999-ға жетсе, тіпті, егер картада сақтау сыйымдылығы болса да түсіру мүмкін болмайды. СҚД монитормы картаны алмастыруды сұрайтын хабарды көрсетеді. Оны жаңа картамен алмастырыңыз.




- JPEG және RAW суреттері үшін файл аты «IMG_» болып басталады. Фильм файл аттары «MVI_» басталады. Кеңейтім JPEG суреттері үшін «.JPG», RAW суреттері үшін «.CR3» және фильмдер үшін «MP4» болады.

Авторлық құқық туралы ақпаратты орнату



Авторлық құқық туралы ақпаратты таңдаған кезде, ол суретке Exif ақпараты ретінде қосылады.




1 [Copyright information/Авторлық құқық туралы ақпарат] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [Copyright information/Авторлық құқық туралы ақпарат] параметрін таңдап, <SET> түймесін басыңыз.



2 Орнатылатын элементті таңдаңыз.

- [Enter author's name/Автордың атын енгізу] немесе [Enter copyright details/Авторлық құқық мәліметтерін енгізу] параметрін таңдап, <SET> түймесін басыңыз.



3 Мәтін енгізіңіз.

- ☐ белгісін жылжыту және қажетті таңбаны таңдау үшін <↔> жылжу пернелерін басыңыз. Одан кейін оны енгізу үшін <SET> түймесін басыңыз.
- 63 таңбаға дейін енгізе аласыз.
- Жалғыз таңбаларды жою үшін [X] параметрін таңдаңыз немесе <🗑> түймесін басыңыз.
- [🔍] тармағын таңдау арқылы кіріс режимін өзгерте аласыз.
- Курсорды жылжыту үшін жоғарғы оң жақтағы [↶] немесе [↷] параметрін таңдаңыз немесе <👉> дискісін бұраңыз.
- Мәтін енгізуді болдырмау үшін <MENU> түймесін басыңыз, одан кейін [Cancel/Болдырмау] түймесін басыңыз.

(1) Енгізу режимі

(2) Таңба бояуы

4 Параметрден шығыңыз.

- Мәтін енгізгеннен кейін шығу үшін <MENU> түймесін басыңыз, содан кейін [OK] басыңыз.
- ➔ Орнатылған ақпарат сақталады.

Авторлық құқық туралы ақпаратты тексеру



2-қадамда [Display copyright info./Авторлық құқық туралы ақпаратты көрсету] тармағын таңдағанда сіз енгізген [Author/Автор] және [Copyright/Авторлық құқық] ақпаратын тексере аласыз.

Авторлық құқық туралы ақпаратты жою

2-қадамда [Delete copyright information/Авторлық құқық туралы ақпаратты жою] тармағын таңдағанда, [Author/Автор] және [Copyright/Авторлық құқық] ақпаратын жоя аласыз.



- Егер «Автор» немесе «Авторлық құқық» жазбасы ұзын болса, [Display copyright info./Авторлық құқық туралы ақп.көрс.] параметрі таңдалған кезде толығымен көрсетілмеуі мүмкін.




- Сондай-ақ, авторлық құқық туралы ақпаратты EOS Utility (EOS бағдарламалық жасақтамасы, 484) арқылы орната не тексере аласыз.

Тік суреттерді авто бұру параметрі



Тік бағытта түсірілген суреттер қарау үшін дұрыс бағытқа автоматты түрде бұрылады, сонда олар камераның СКД мониториянда ойнатылғанда немесе компьютер экранында қаралғанда көлденең бағытта көрсетілмейді. Осы мүмкіндік параметрін өзгерте аласыз.



[F] қойындысының астында [Auto rotate/Авто бұру] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Қолжетімді параметрлер төменде сипатталған. Опцияны таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

- [On /Қосы] :Камераның СКД мониториянда және компьютер экранында қайта ойнату барысында тік сурет автоматты түрде бұрылады.
- [On /Қосы] :Тік сурет тек компьютер экранында автоматты түрде бұрылады.
- [Off/Өшіру] :Тік сурет автоматты түрде бұрылмайды.


? ЖҚС

- Тік сурет түсірілгеннен кейін бірден қарап шығу кезінде бұрылмайды. <▶> түймесін басыңыз және суретті ойнату бұрылған суретті көрсетеді.
- [On /Қосы] орнатылды, бірақ сурет қайта ойнату кезінде бұрылмайды.
[Auto rotate/Авто бұру] функциясы [Off/Өшірулі] күйіне орнатылған кезде түсірілген тік суреттерге авто бұру жұмыс істемейді. Егер камера жоғары не төмен қаратылған кезде тік сурет алынған болса, суретті ойнату үшін бұрылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда Суретті бұру (📖287) бөлімін қараңыз.
- Камераның СКД мониториянда [On /Қосы] орнатылған кезде түсірілген суретті бұрғым келеді.
[On /Қосы] параметрін орнатыңыз, одан кейін суретті ойнатыңыз. Ол бұрылады.
- Тік сурет компьютер экранында бұрылмайды.
Пайдаланылатын бағдарламалық жасақтама сурет бұрумен үйлесімді емес. Оның орнына EOS бағдарламалық жасақтамасын пайдаланыңыз.

Камераны әдепкі параметрлеріне қайтару




Камераның түсіру функциясының параметрлерін және мәзір параметрлерін әдепкі күйлеріне қайтаруға болады. Бұл опция шығармашыл аймақ режимдерінде қолжетімді.



1 [Clear settings/Параметрлерді тазарту] тармағын таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [Clear settings/Параметрлерді тазарту] параметрін таңдаңыз, <SET> түймесін басыңыз.



2 [Clear all camera settings/Барлық камера параметрлерін тазалау] тармағын таңдаңыз.

- [Clear all camera settings/Барлық камера параметрлерін тазалау] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 [OK] түймесін таңдаңыз.


- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

? ЖҚС

- **Барлық камера параметрлерін тазарту**
Жоғарыдағы процедурадан кейін [Clear all Custom Func. (C.Fn)/ Барлық теңшелетін функцияларды тазалау (Т.Фн.)] параметрін [F: Clear settings/F: Параметрлерді тазалау] ішінде таңдап, барлық теңшелетін функция параметрлерін тазалаңыз (📖446).

СКД мониторын өшіру/қосу

Камераны ысырма түймесі жартылай басылғанда (немесе <✱> түймесі басылғанда) СКД мониторы өшірілмейтіндей және қосылмайтындай етіп орната аласыз.




[✱] қойындысының астында [Screen off/on btn / СКД өшіру/қосу түймесі] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Қолжетімді параметрлер төменде сипатталған. Опцияны таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

- **[Shutter btn./ Ысырма түймесі]** :Ысырма түймесін жартылай басқанда дисплей өшеді. Ысырма түймесін жібергенде, дисплей қосылады.
- **[Shutter/DISP / Ысырма/ДИСП]** :Ысырма түймесін жартылай басқанда дисплей өшеді. Ысырма түймесін жібергенде де, дисплей өшірулі болады. Дисплейді қосу үшін <DISP> түймесін басыңыз.
- **[Remains on/ Қосулы қалады]** :Дисплей сіз ысырма түймесін жартылай басқанда да қосулы тұрады. Дисплейді өшіру үшін <DISP> түймесін басыңыз.

Сенсорды авто тазалау

Қуат қосқышын <ON> немесе <OFF> күйіне орнатқанда, сенсордың өздігінен тазалау бөлімі сенсордың алдыңғы жағынан шаңды автоматты түрде алып тастайды. Әдетте, бұл операцияға назар аударудың қажеті жоқ. Дегенмен, датикті тазалауды қолмен орындауыңызға немесе осы құрылғыны төмендегідей ажыратуыңызға болады.

Сенсорды қолмен тазалауды қосу



1 [Sensor cleaning/Сенсорды тазалау] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астынан [Sensor cleaning/Сенсорды тазалау] тармағын таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

2 [Clean now /Қазір тазалау] параметрін таңдаңыз.

- [Clean now /Қазір тазалау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Экран сенсордың тазалануда екендігін көрсетеді. (Қысқа дыбыс естілуі мүмкін.) Тазалау кезінде ысырманың механикалық дыбысы болғанымен ешқандай сурет түсірілмейді.



- Бірнеше түсірілім шуын азайту орнатылғанда [Clean now /Қазір тазалау] параметрін таңдау мүмкін болмайды.



- Үздік нәтижелер үшін, сенсорды тазалауды тік және үстел не басқа тегіс бетке тұрақты орналастырылған камера көмегімен орындаңыз.
- Тіпті, егер сенсорды тазалау әрекетін қайталайтын болсаңыз, нәтиже айтарлықтай жақсармайды. Сенсорды тазалау аяқталған соң дереу [Clean now /Қазір тазалау] опциясы уақытша өшіріліп қалады.
- Сенсорға үлкен сәулелер немесе ұқсас факторлар әсер еткен жағдайда түсіру экранында жарық нүктелері пайда болуы мүмкін. [Clean now /Қазір тазалау] параметрін таңдау арқылы олардың көрінуін басуға болады (475).

Сенсорды авто тазалауды өшіру

- 2-қадамда [Auto cleaning /Авто тазалау] тармағын таңдаңыз және оны [Disable/Өшіру] күйіне орнатыңыз.
- ➔ Қуат қосқышын <ON> не <OFF> күйіне орнатқан кезде сенсор бұдан өрі тазаланбайды.

Шаңды жою деректерін қосу




Әдетте, сенсордың өздігінен тазалау бөлімі түсірілген суреттердегі көрінетін көптеген шаңды жояды. Алайда, көрінетін шаң әлі де қалатын жағдайда шаң іздерін кейін жою үшін суретке шаңды жою деректерін қоса аласыз. Шаң дақтарын автоматты түрде кетіру үшін, Шаңды жою деректері Digital Photo Professional (EOS бағдарламалық жасақтамасы, 484) бірге пайдаланылады.

Дайындық


- Бір парақ қағаз сияқты қатты ақ затты дайындаңыз.
- Объективтің фокустау ұзындығын 50 мм не одан ұзын қылып орнатыңыз.
- Объективтің фокустау режимі қосқышын <MF> күйіне орнатып, фокустауды шексіздікке орнатыңыз (∞). Егер объективтің қашықтық шкаласы болмаса, камераны өзіңізге қаратып айналдырыңыз және фокустау сақинасын толығымен сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Шаңды жою деректерін алу





1 [Dust Delete Data/Шаңды жою деректері] параметрін таңдаңыз.



- қойындысының астында [Dust Delete Data/Шаңды жою деректері] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 [OK] түймесін таңдаңыз.

- [OK] тармағы таңдалып, <SET> түймесі басылғанда, сенсорды авто тазалау орындалады, одан кейін хабар пайда болады. Тазалау кезінде ысырманьң механикалық дыбысы болғанымен ешқандай сурет түсірілмейді.





3 Біртұтас ақ нысанды суретке түсіріңіз.

- 20 см–30 см қашықтықта көріністапқышты жүйесіз, қатты ақ нысанмен толтырып, суретке түсіріңіз.
 - ➔ Сурет f/22 апертурасында AE апертура артықшылығы режимінде түсірілетін болады.
 - Сурет сақталмайтындықтан, тіпті, егер камерада карта болмаса да деректер әлі де алынады.
 - ➔ Суретке түсірген кезде камера шаңды жою деректерін жинауды бастайды. Шаңды жою деректері алынған соң, хабар пайда болады.
- [OK]** параметрін таңдасаңыз, мәзір қайта пайда болады.
- Егер деректер сәтті алынбаса, қате туралы хабар пайда болады. Дайындық (📖 274) Бөліміндегі ақпаратты қарап шыққаннан кейін **[OK]** тармағын таңдаңыз, одан кейін қайтадан түсіріңіз.

Шаңды жою деректері

Шаңды жою деректері алынған соң, ол кейінгі алынған барлық JPEG және RAW суреттеріне қосылады. Маңызды түсірілімнен бұрын, шаңды жою деректерін қайта алу арқылы жаңарту ұсынылады.

Шаң дақтарын автоматты түрде жою үшін Digital Photo Professional (EOS бағдарламалық жасақтамасы) бағдарламалық жасақтамасын пайдалану туралы мәліметтер алу үшін Digital Photo Professional нұсқаулығын қараңыз. Суретке қосылған шаңды жою деректері тым кішкентай, тіпті, сурет файлының көлеміне әсер етпейді.






- Ақ парақтың жаңа беті ретінде міндетті түрде қатты ақ нысанды пайдаланыңыз. Егер парақта кез келген өрнек не сурет болса, ол шаң деректері ретінде танылып, EOS бағдарламалық жасақтамасымен шаңды жою дәлдігіне әсер етеді.

Сенсорды қолмен тазалау



Сенсорды авто тазалаудан жойылмаған шаң ауа үргіш және т.б. арқылы қолмен жойылады. Сенсорды тазаламастан бұрын объективті камерадан ажыратыңыз.

Сурет сенсоры өте нәзік. Егер сенсор тікелей тазалауды қажет етсе, оны Сапон қызмет көрсету орталығы арқылы істеу ұсынылады.



1 [Sensor cleaning/Сенсорды тазалау] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астынан [Sensor cleaning/Сенсорды тазалау] тармағын таңдап, <SET> түймесін басыңыз.

2 [Clean manually/Қолмен тазарту] параметрін таңдаңыз.

- [Clean manually/Қолмен тазарту] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

3 [OK] түймесін таңдаңыз.

- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Бір минуттан кейін шағылысатын айна құлыпталады және ысырма ашылады.

4 Сенсорды тазартыңыз.

5 Тазартуды аяқтаңыз.

- Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатыңыз.



- Батареяны пайдаланған кезде оның толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.





- Үй электр желісі розеткасының қосалқы құралдарын (бөлек сатылады, 461) пайдалану ұсынылады.



- Бірнеше түсірілім шуын азайту орнатылғанда **[Clean manually/Қолмен тазалау]** параметрін таңдау мүмкін болмайды.
- **Сенсорды тазартқанда келесі әрекеттерді орындамаңыз. Қуат өшетін болса, ысырма жабылып, ысырма перделері не сурет сенсоры зақымдалуы мүмкін.**
 - Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнату.
 - Батареяны алу немесе салу.
- Сурет сенсорының беті өте сынғыш болып табылады. Сенсорды абайлап тазалаңыз.
- Ешқандай қылшақ тіркелмеген қарапайым ауа үргішті пайдаланыңыз. Қылшақ сенсорды сырады.
- Ауа үргішінің ұшын камера ішіне объектив бекіткішінен төмен салмаңыз. Қуат өшетін болса, ысырма жабылып, ысырма перделері не шағылысатын айна зақымдалуы мүмкін.
- Сенсорды тазалау үшін сығылған ауа не газды пайдаланбаңыз. Қысылған ауа сенсорды зақымдауы және шашылған газ сенсорда қатып, оны қыруы мүмкін.
- Сенсорды тазарту кезінде батарея деңгейі төмендесе, бипер ескерту сияқты дыбыс шығарады. Сенсор тазалауын тоқтатыңыз.
- Егер ауа үргіші арқылы жойылмайтын дақ қалатын болса, Canon қызмет көрсету орталығы арқылы тазартылған сенсорды иемдену ұсынылады.

HDMI шығысының ажыратымдылығы

Камера теледидарға немесе сыртқы жазу құрылғысына HDMI кабелімен қосылған кезде пайдаланылатын сурет шығысының ажыратымдылығын орнатыңыз.



1 [HDMI resolution/HDMI ажыратымдылығы] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [HDMI resolution/HDMI ажыратымдылығы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Элементті таңдаңыз.

- Элементті таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

• Auto (Авто)


Суреттер қосылған теледидардың сәйкес ажыратымдылығында автоматты түрде көрсетіледі.

• 1080p

1080p ажыратымдылығындағы шығыс. Камера ажыратымдылықты ауыстырған кездегі дисплей немесе кідіріс мәселелерінің алдын алуды қалаған жағдайда таңдаңыз.

RAW суретін HDR TV теледидарында ойнату

RAW суреттерін HDR технологиясында камераны HDR TV теледидарына қосу арқылы қарауыңызға болады.



1 [HDMI HDR output/HDMI HDR шығысы] параметрін таңдаңыз.

- [F] қойындысының астында [HDMI HDR output/HDMI HDR шығысы] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 [On/Қосу] параметрін таңдаңыз.

- [On/Қосу] параметрін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.



- HDR TV теледидарының HDR кірісі үшін орнатылғанын тексеріңіз. Теледидарда енгізулерді ауыстыру жолы туралы мәліметтерді теледидардың нұсқаулығынан қараңыз.
- Пайдаланылған теледидарға байланысты суреттер күтілгендей көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір сурет әсерлері мен ақпараты HDR TV теледидарында көрсетілмеуі мүмкін.

Суретті ойнату

Бұл тарауда «Негізгі түсіру және суретті ойнату» бөлімінде (📖 69) сипатталған ойнату әдістерінің кеңейтілген қолданысы, түсірілген суреттерді ойнату және өшіру жолы (фотосуреттер/фильмдер), оларды теледидар экранында қарау жолы және басқа ойнатуға қатысты функциялар сипатталады.


Басқа құрылғымен түсірілген және сақталған суреттер

Бұл камера басқа камерамен түсірілген, компьютермен өңделген немесе файл аттары өзгертілген суреттерді дұрыс көрсетпеуі мүмкін.

Суреттерді жылдам іздеу

Бір экранда бірнеше суретті көрсету (Индекс дисплейі)

Экрандағы 4, 9, 36 немесе 100 суретті көрсетіп тұрған индекс дисплейімен суреттерді жылдам іздеңіз.



1 Суретті ойнатыңыз.

- <▶> түймесін басқан кезде, соңғы түсірілген сурет көрсетіледі.



2 Индекс дисплейіне ауысыңыз.

- <⌂-Q> түймесін басыңыз.
- 4-суретті индекс дисплейі пайда болады. Таңдалған сурет қызғылт сары жақтаумен бөлектеледі.
- <⌂-Q> түймесін басу дисплейді төмендегідей өзгертеді:
9 сурет → 36 сурет → 100 сурет.
- <Q> түймесін басу дисплейді төмендегідей өзгертеді: 100 сурет → 36 сурет → 9 сурет → 4 сурет → 1 сурет.





3 Суретті таңдаңыз.

- Суретті таңдау мақсатында сарғылт жақтауды жылжыту үшін <⬅➡> жылжыту пернелерін басыңыз.
- <☀> дискісін бұраған кезде келесі немесе алдыңғы экрандағы сурет(тер) көрсетіледі.
- Таңдалған суретті жалғыз сурет ретінде көрсету үшін индекс дисплейінде <SET> түймесін басыңыз.

Суреттер арқылы өту (Дисплейге өту)

Жалғыз сурет дисплейінде, орнатылған өту әдісіне байланысты, <  > дискін бұрап, суреттер арқылы алға немесе арқа өтуіңізге болады.



1 [Image jump w/ / көмегімен суретке өту] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Image jump w/  / көмегімен суретке өту ] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Өту әдісін таңдаңыз.

- Өту әдісін таңдау үшін <  > жылжыту пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
 - : Display images one by one (Суреттерді бірінен соң бірін көрсету)
 - : Jump 10 images (100 сурет арқылы өту)
 - : Jump images by the specified number (Көрсетілген нөмір бойынша суреттерге өту)
 - : Display by date (Күні бойынша көрсету)
 - : Display by folder (Қалта бойынша көрсету)
 - : Display movies only (Тек фильмдерді көрсету)
 - : Display stills only (Тек фотосуреттерді көрсету)
 - : Display protected images only (Тек қорғалған суреттерді көрсету)
 - : Display by image rating (Суретті бағалау бойынша көрсету) 288
- Таңдау үшін <  > дискісін бұраңыз.



- [Jump images by the specified number/Көрсетілген сан арқылы суреттерді өткізу] параметрімен өткізілу керек суреттер санын (1-100) таңдау үшін <  > дискісін бұрауыңызға болады.
- Суреттерді түсіру күні бойынша іздеу үшін [Date/Күні] параметрін таңдаңыз.
- Суреттерді қалта арқылы іздеу үшін, [Folder/Қалта] параметрін таңдаңыз.
- Картада фильмдер және фотосуреттер де болса, біреуін таңдау үшін [Movies/Фильмдер] немесе [Stills/Фотосуреттер] тармағын таңдаңыз.
- Таңдалған [Rating/Бағалау] тармағында сурет көрсетілмесе, <  > дискті пайдаланып суреттер арқылы шолу жасай аласыз.



(1)

(2)

3 Өту арқылы шолу.


- Суреттерді ойнату үшін <▶> түймесін басыңыз.
- Жалғыз сурет дисплейінде <🔄> дискін бұраңыз.
- ➔ Орнатылған әдіспен шолуыңызға болады.

(1) Өту әдісі

(2) Ойнату күйі

Суреттерді үлкейту

Түсірілген суретті СКД мониторында шамамен 1,5х - 10х аралығында үлкейте аласыз.



1 Суретті үлкейтіңіз.

- Суретті ойнату барысында <Q> түймесін басыңыз.
- ➔ Сурет үлкейтіледі. Үлкейтілген аймақ позициясы (1) экранның төменгі оң жағында көрсетіледі.
- <Q> түймесін басып тұрсаңыз, сурет ең үлкен шамасына жеткенше үлкейеді.
- Үлкейтілген суретті кішірейту үшін <Q-Q> түймесін басыңыз. Осы түймені басып тұрсаңыз, үлкейту жалғыз сурет дисплейі көлеміне дейін кішірейеді.

2 Суретті шолып шығыңыз.

- Үлкейтілген суретті басылған бағытта айналдыру үшін <4> жылжыту пернелерін басыңыз.
- Үлкейтілген көріністен шығу үшін <▶> түймесін басыңыз, сол кезде жалғыз сурет дисплейі қайта пайда болады.



- Үлкейтілген көріністі сақтай отырып басқа суретті қарау үшін <📶> дискісін бұраңыз.
- Фильмді үлкейтуге болмайды.

Сенсорлы экран арқылы ойнату

СКД мониторы — әртүрлі ойнату операцияларын саусақтармен басқаруға арналған сенсорлы тақта. Алдымен, суреттерді ойнату үшін <▶> түймесін басыңыз.

Суреттерді шолу



Бір саусақпен жүргізіңіз.

- Жалғыз сурет дисплейімен СКД мониторын **бір саусақпен** түртңіз. Саусағыңызбен солға немесе оңға жүргізу арқылы келесі немесе алдыңғы суретке өтуіңізге болады. Келесі (жаңа) суретті көру үшін солға жүргізіңіз немесе алдыңғы (ескі) суретті көру үшін оңға жүргізіңіз.
- Индекс дисплейімен СКД мониторын **бір саусақпен** түртңіз. Саусағыңызбен жоғары немесе төмен жүргізу арқылы келесі немесе алдыңғы суретке өтуіңізге болады. Келесі (жаңа) суреттерді көру үшін жоғары жүргізіңіз немесе алдыңғы (ескі) суреттерді көру үшін төмен жүргізіңіз. Суретті таңдаған кезде сарғылт жақтау пайда болады. Жалғыз сурет ретінде көрсету үшін суретті қайта басыңыз.

Суреттер арқылы өту (Дисплейге өту)



Екі саусақпен жүргізіңіз.

СКД мониторын **екі саусақпен** түртңіз. Екі саусақты солға немесе оңға жүргізген кезде [▶] қойындысының астындағы [Image jump w/ 🔄 / 🔄] арқылы суретке өту] параметрінде орнатылған әдіспен суреттер арқылы өте аласыз.

Суретті кішірейту (Индекс дисплейі)



Екі саусақты қосыңыз.

Экранды арасы ашық екі саусақпен түртіп, экранда екі саусақты қосыңыз.

- Саусақтарыңызды қосқан сайын, жалғыз сурет дисплейі индекс дисплейіне ауысады.
- Суретті таңдаған кезде сарғылт жақтау пайда болады. Жалғыз сурет ретінде көрсету үшін суретті қайта басыңыз.

Суретті үлкейту



Екі саусақтың арасын ашыңыз.

Экранды біріккен екі саусақпен түртіп, содан кейін экранда саусақтардың арасын ашыңыз.

- Саусақтардың арасын ашқаннан кейін, сурет үлкейеді.
- Суретті шамамен 10x мәніне дейін үлкейтуге болады.

Екі рет түртіңіз.

- Суретті саусағыңызбен екі рет түрткеніңізде жазылған сурет пикселі түртілген нүктенің айналасында шамамен 100% ортасы бойынша тураланып көрсетіледі.
- Жалғыз суретті дисплейге оралу үшін суретті қайтадан екі рет түртіңіз.




- Индекс дисплейінде суретті екі түрту арқылы үлкейте алмайсыз.



- Саусақтарыңызды жүргізу арқылы суретті шолуыңызға болады.
- Суретті кішірейту үшін экранда екі саусақты қосыңыз.
- [↵] түймесін басу арқылы жалғыз суретті дисплейге қайта аласыз.

Суретті бұру

Көрсетілген суретті қалаған бағытыңызға қарай бұрау үшін осы мүмкіндікті пайдалануыңызға болады.



1 [Rotate image/Суретті бұру] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Rotate image/Суретті бұру] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Суретті таңдаңыз.

- Бұрылатын суретті таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- Сондай-ақ, индекс дисплейіндегі суретті таңдауға болады (📖 281).



3 Суретті бұрыңыз.

- <SET> түймесі басылған сайын сурет сағат тілінің бағытымен төмендегідей бұрылады: 90° → 270° → 0°.
- Басқа суретті бұру үшін 2 және 3-қадамдарды қайталаңыз.
- Шығып, мәзірге оралу үшін, <MENU> түймесін басыңыз.





- [📷: Auto rotate/📷: Авто бұру] параметрін [On📷📷/Қосы📷📷] мәніне (📖 270) тік суреттерді түсірместен бұрын орнатсаңыз, суретті жоғарыда сипатталғандай бұрудың қажеті жоқ.
- Бұрылған сурет бұрылған бағытта суретті ойнату барысында көрсетілмесе, [📷: Auto rotate/📷: Авто бұру] параметрін [On📷📷/Қосы📷📷] мәніне орнатыңыз.
- Фильмді бұра алмайсыз.

Бағалауларды орнату

Бес бағалау белгісінің біреуімен суреттерді (фотосуреттер және бейнелер) бағалауға болады: [★]/[★]/[★]/[★]/[★]. Бұл функция бағалау деп аталады.

* Суреттерді бағалау оларды ұйымдастыруыңызға көмектеседі.

Жалғыз суретті бағалау



1 [Rating/Бағалау] параметрін таңдаңыз.

- [★] қойындысының астында [Rating/Бағалау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 [Select images/Суреттерді таңдау] тармағын таңдаңыз.

- ➔ Сурет көрсетіледі.

3 Бағаланатын суретті таңдаңыз.


- Бағаланатын суретті таңдау үшін <◀> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- <★> түймесін басу арқылы суреттерді үш суретті дисплейден таңдауыңызға болады. Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <Q> түймесін басыңыз.

4 Суретті бағалаңыз.

- Бағалауды таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.
- ➔ Суретке бағалау белгісін қосқаныңызда, орнатылған бағаның жанындағы сан біртіндеп артады.
- Басқа Суретті бағалау үшін 3 және 4-қадамдарды қайталаңыз.

Ауқымды көрсету

Ауқымдағы барлық суреттерді бірден бағалау үшін суреттер ауқымын көрсетуіңізге болады.



1 [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін [**►** : Rating/► : Бағалау] терезесінде таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Суреттер ауқымын көрсетіңіз.

- Бірінші суретті (бастау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Соңғы суретті (аяқтау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Таңдалған суреттерде [✓] белгішесі пайда болады.
- Таңдауды болдырмау үшін осы қадамды қайталаңыз.
- Соңғы нүктені таңдамастан бұрын <MENU> түймесін басып [✓] белгішелерін тазалайды.

3 Ауқымды растаңыз.



- <MENU> түймесін басыңыз.

4 Суретті бағалаңыз.

- Бағалау белгісін таңдау үшін <🌟> дискісін бұраңыз, одан кейін [OK] түймесін таңдаңыз.

Қалтадағы не картадағы барлық суреттерді көрсету

Қалта немесе картадағы барлық суреттерді бір уақытта бағалауға болады.



- **[All images in folder/Қалтадағы барлық суреттер]** немесе **[All images on card/Картадағы барлық суреттер]** параметрін **[▶: Rating/▶: Бағалау]** терезесінде таңдағанда, қалтадағы немесе картадағы барлық суреттер көрсетіледі.
- Бағалау белгісін таңдау үшін **< 🌟 >** дискісін бұраңыз, одан кейін **[OK]** түймесін таңдаңыз.
- Бағалаудан бас тарту үшін **[OFF/ӨШІРУ]** бағалау белгісін таңдаңыз.




- Берілген бағалаудың барлық 999 суретін көрсетуге болады. Берілген бағалауы бар 1000 немесе одан көп сурет болса, **[###]** көрсетіледі.

Бағалау мүмкіндіктерін пайдалану

- **[▶: Image jump w/ 🌟 / ▶: 🌟 көмегімен суретке өту]** параметрімен тек нақты рейтингі бар суреттерді көрсетуіңізге болады.
- Компьютердің операциялық жүйесіне байланысты әрбір файл бағасын файл туралы ақпарат дисплейінің бөлігі ретінде немесе берілген, стандартты суретті көру құралында (тек JPEG суреттері) көре аласыз.

Ойнату үшін суреттерді сүзу

Шарттарды көрсету арқылы суреттерді іздеуіңізге және сүзгіленген суреттерді көрсетуіңізге болады. Сондай-ақ, барлық табылған суреттерді бірден слайд-шоуда ойнатуға, қорғауға немесе өшіруге болады.



1 [Set image search conditions/ Суретті іздеу шарттарын орнату] параметрін таңдаңыз.


- [] қойындысының астында [Set image search conditions/Суретті іздеу шарттарын орнату] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Іздеу шарттарын орнатыңыз.

- Шартты таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.
- Параметрді орнату үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- Шартты болдырмау үшін <INFO> түймесін басыңыз.
- Барлық шарттарды орнатуыңызға да болады.
- Барлық шарттарды болдырмау үшін < [icon] > түймесін басыңыз.

Элемент	Параметр
★ Rating (Бағалау)	Таңдалған бағалау белгісі бар суреттер көрсетіледі.
☺ Date (Күн)	Таңдалған түсіру күні түсірілген суреттер көрсетіледі.
📁 Folder (Қалта)	Таңдалған қалтадағы суреттер көрсетіледі.
🔒 Protect (Қорғалған)	Картадағы «Қорғалған» немесе «Қорғалмаған» суреттер көрсетіледі.
📄 Type of file (Файл түрі)	Таңдалған түрдегі суреттер көрсетіледі. Орнатылатын файл түрлері — [📷 Stills/📷 Фотосуреттер], [📷 (RAW)], [📷 (RAW, RAW+JPEG)], [📷 (RAW+JPEG)], [📷 (RAW+JPEG, JPEG)], [📷 (JPEG)], және [🎬 Movies/🎬 Фильмдер].



3 Іздеу шарттарын қолданыңыз.

- <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Пайда болған хабарды оқыңыз және [OK] тармағын таңдаңыз.



4 Табылған суреттерді көрсетіңіз.

- Суреттерді ойнату үшін <▶> түймесін басыңыз.
- ➔ Орнатылған шарттарға сәйкес келетін суреттер сары жақтауда пайда болады.



- Іздеу шарттарына сәйкес суреттер болмаса, 2-қадамдағы экранда <SET> түймесін басу [OK] түймесін қоспайды. (3-қадамға өте алмайсыз.)



- [⚡: Auto power off/⚡: Автоматты қуат өшіру] параметрі [4 min./4 мин.] немесе одан аз мәнге орнатылса да, іздеу шарттары экраны көрсетілген кезде автоматты қуат өшіру уақыты шамамен 6 мин. болады.
- Табылған суреттер көрсетіліп тұрғанда барлық табылған суреттер үшін әрекеттерді (қорғау, өшіру, басып шығару кезегі, фотосурет кітапшасын орнату, бағалау және слайд-шоу) бірден орындауыңызға да болады.
- Табылған суреттерді көрсету келесі операциялармен автоматты түрде болдырылмайды:
 - Түсіру орындалады.
 - Автоматты қуат өшіру күшіне енеді.
 - Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнату.
 - SD картасын пішімдеу.
 - Сурет қосу (сүзгі әсерін қолданудан, өлшемді өзгертуден немесе қиып алудан кейін қиып алынған сурет жаңа сурет ретінде сақталған уақыт сияқты).
 - Іздеу шарттарына сәйкес келетін басқа ешқандай сурет болмағанда.

Ойнату үшін жылдам басқару

Ойнату кезінде келесі параметрлерді орану үшін **<Q>** түймесін басуыңызға болады: [**Protect images/Оң**: Суреттерді қорғау], [**Rotate image/↻**: Суретті бұру], [**★: Rating/★**: Бағалау], [**🔍: Creative filters/🔍**: Шығармашыл сүзгілер], [**📐: Resize (JPEG images only)/📐**: Өлшемін өзгерту (тек JPEG суреттері)], [**✂: Cropping/✂**: Қиып алу], [**🔍: Image jump w/🔍/🔍**: көмегімен суретке өту], [**🔍: Image search/🔍**: Суретті іздеу], [**📱: Send images to smartphone*/📱**: Суреттерді смартфонға жіберу*] және [**📷: Creative Assist (RAW images only)/📷**: Шығармашылық көмекші (тек RAW суреттері)].

Фильмдер үшін тек келесі параметрлерді орнатуға болады: [**Оң: Protect images/Оң**: Суреттерді қорғау], [**★: Rating/★**: Бағалау], [**🔍: Image jump w/🔍/🔍**: көмегімен суретке өту], [**🔍: Image search/🔍**: Суретті іздеу], [**📱: Send images to smartphone*/📱**: Суреттерді смартфонға жіберу*] немесе [**▶: Play movie/▶**: Фильмді ойнату].

* [**Disable/Өшіру**] мәні [**Wi-Fi**] параметрі үшін ([**📶: Wi-Fi settings/📶**: Wi-Fi параметрлері] астында орнатылған жағдайда таңдалмайды.



1 **<Q>** түймесін басыңыз.

- Суретті ойнату барысында **<Q>** түймесін басыңыз.
- ➔ Жылдам басқару опциялары да пайда болады.

2 Элементті таңдап, оны орнатыңыз.

- Функцияны таңдау үшін **<▲>** **<▼>** пернелерін басыңыз.
- ➔ Таңдалған функцияның аты мен параметрі экранның төменгі жағында көрсетіледі.
- Функцияны орнату үшін **<◀>** **<▶>** пернелерін басыңыз.
- Суреттерді қорғау (📖307) және бағалау (📖288) мақсатында бірнеше суреттерді таңдау үшін **<INFO>** түймесін басыңыз.
- Шығармашылық сүзгілер (📖329), Өлшемін өзгерту (📖338), Қию (📖340), Суретті іздеу (📖291), Суреттерді смартфонға жіберу (📖363) және Шығармашылық көмекші (📖332) үшін **<SET>** түймесін басыңыз және функцияны орнатыңыз.
- 🔄 көмегімен суретке өту (📖282): Дисплейге өту немесе Бағалау (📖288) үшін суреттер санын көрсету үшін **<INFO>** түймесін басыңыз.

- Болдырмау үшін <MENU> түймесін басыңыз.

3 Параметрден шығыңыз.

- Жылдам басқару экранынан шығу үшін <SET> түймесін басыңыз.



- Суретті бұру үшін (📖 287) [**📷: Auto rotate/📷: Авто бұру**] параметрін [**On📷📷/Қосы📷📷**] мәніне орнатыңыз. [**📷: Auto rotate/📷: Авто бұру**] параметрі [**On📷📷/Қосы📷📷**] немесе [**Off/Өшіру**] мәніне орнатылса, [**📷 Rotate image/📷 Суретті бұру**] параметрі суретке жазылады, бірақ камера суретті дисплей үшін бұрмайды.



- Басқа камерамен түсірілген суреттер үшін таңдай алатын опциялар шектеулі болуы мүмкін.

Фильмдерді көру

Фильмдер ойнату мен тамашалаудың негізгі жолдары төмендегідей:

Теледидарда ойнату (📖305)

Камераны HDMI кабельді теледидарға жалғау арқылы түсірілген фильмдер мен фотосуреттерді теледидарда ойнатуға болады.



- Қатты дискке жазу құралдарының HDMI KIPIC ұясы болмағандықтан, камераны қатты дискке жазу құралына HDMI кабелі арқылы жалғауға болмайды.
- Камера қатты дискке жазу құралына USB кабелі арқылы жалғанса да, фильмдер мен фотосуреттерді ойнатуға немесе сақтауға болмайды.
- Фильмдерді MP4 пішімді фильм файлдарын қолдамайтын құрылғыларда ойнату мүмкін емес.

Камераның СКД мониториянда ойнату (📖296—📖303)

Фильмдерді камераның СКД мониториянда ойнатуға болады. Сондай-ақ бейнефильмнің алғашқы және соңғы көріністерін өңдеп, картадағы фотосуреттерді немесе бейнефильмдерді автоматты слайд-шоу күйінде ойнатуға болады.



- Компьютермен өңделген фильмді картаға қайта жазып, камера арқылы ойнатуға болмайды.


Компьютер арқылы ойнату және өңдеу

Картада жазылған фильм файлдарын компьютерге тасымалдап, фильм жазу пішімімен үйлесімді алдын ала орнатылған немесе жалпы мақсаттағы бағдарламалық жасақтамамен ойнатуға немесе өңдеуге болады.



- Фильмді сатып алынатын бағдарламалық жасақтамамен ойнату немесе өңдеу үшін MP4 пішімді фильмдермен үйлесімді бағдарламалық жасақтаманы пайдаланыңыз. Сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтама бойынша толық ақпарат алу үшін жабдық өндірушісіне хабарласыңыз.

Фильмдерді ойнату



1 Суретті ойнатыңыз.

- Суретті көрсету үшін <▶> түймесін басыңыз.


2 Фильмді таңдаңыз.

- Ойнатылатын фильмді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- Жалғыз сурет дисплейінде жоғарғы сол жағында көрсетілген <SET▶> белгішесі фильмді білдіреді.
- Индекс дисплейінде нобайдың сол жақ шетіндегі перфорациялар фильмді көрсетеді. **Фильмдер индекс дисплейінде ойнатылмайтындықтан, <SET> түймесін басып, жалғыз сурет дисплейіне ауысыңыз.**

3 Жалғыз сурет дисплейінде <SET> түймесін басыңыз.

4 Фильмді ойнатыңыз.

- [▶] (Фильмді ойнату) параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Фильм ойнатыла бастайды.
- <SET> түймесін басу арқылы ойнатуды кідіртуіңізге және фильмді ойнату панелін көрсетуіңізге болады.
- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін <▲> <▼> пернелерін басу арқылы реттеуге болады.
- Ойнату операциялары бойынша толық мәлімет алу үшін 297-бет-бетті қараңыз.



(1)

(1) Динамик



• Бұл камера басқа камерамен түсірілген фильмдерді көрсетпеуі мүмкін.

Фильмді ойнату панелі

Элемент	Ойнату операциялары
► Ойнату	<SET> түймесін басу ойнату мен тоқтату арасында ауыстырады.
► Баяу қозғалыс	<◀> <▶> пернелерін басу арқылы баяу қозғалыс жылдамдығын реттеңіз. Баяу қозғалыс жылдамдығы экранның жоғарғы оң жағында көрсетіледі.
◄ Артқа өткізу	<SET> түймесін басқан шамамен 4 секундқа артқа өткізеді.
◄ Алдыңғы кадр	<SET> түймесі басылған сайын алдыңғы кадрды көрсетеді. <SET> түймесін басып тұру фильмді артқа айналдырады.
► Келесі кадр	<SET> түймесі басылған сайын фильмді кадрлап ойнатады. <SET> түймесін басып тұру фильмді алға айналдырады.
► Алға өткізу	<SET> түймесін басқан шамамен 4 секундқа алға өткізеді.
⌘ Өңдеу	Өңдеу экранын көрсетеді (📖299).
📺 Кадрды алу	4K немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмдерді ойнату кезінде қолжетімді. Ағымдағы кадрды шығарып алып, оны JPEG фотосуреті ретінде сақтауыңызға мүмкіндік береді (📖301).
🎵 Өндік музыка	Фильмді таңдалған өндік музыкамен ойнатады (📖337).
	Ойнату күйі
mm' ss"	Ойнату уақыты (минут:секунд)
🔊 Дыбыс деңгейі	Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу үшін <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз (📖296).
MENU ↩	Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.

Фильмді ойнату панелі (Видео кескін альбомдары)

Элемент	Ойнату операциялары
► Ойнату	<SET> түймесін басу ойнату мен тоқтату арасында ауыстырады.
► Баяу қозғалыс	<◀> <▶> пернелерін басу арқылы баяу қозғалыс жылдамдығын реттеңіз. Баяу қозғалыс жылдамдығы экранның жоғарғы оң жағында көрсетіледі.
◀ Алдыңғы клип	Алдыңғы видео кескіннің бірінші кадрын көрсетеді.
◀ Алдыңғы кадр	<SET> түймесі басылған сайын алдыңғы кадрды көрсетеді. <SET> түймесін басып тұру фильмді артқа айналдырады.
▶ Келесі кадр	<SET> түймесі басылған сайын фильмді кадрлап ойнатады. <SET> түймесін басып тұру фильмді алға айналдырады.
▶ Келесі клип	Келесі видео кескіннің бірінші кадрын көрсетеді.
🗑 Клипті өшіру	Ағымдағы видео кескінді жояды.
⌂ Өңдеу	Өңдеу экранын көрсетеді (📖299).
🎵 Өндік музыка	Фильмді таңдалған өндік музыкамен ойнатады (📖337).
	Ойнату күйі
mm' ss"	Ойнату уақыты (минут:секунд)
🔊 Дыбыс деңгейі	Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу үшін <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз (📖296).
MENU ↶	Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.



- Камера теледидарға фильм ойнату үшін қосылған кезде дыбыс деңгейін реттеу үшін теледидардың басқару элементтерін пайдаланыңыз (📖305). (Дыбыс деңгейін <▲> <▼> пернелерін басу арқылы реттеу мүмкін емес.)
- Фильмді ойнату картаның оқу жылдамдығы тым жай немесе фильм файлдарында қиып алынған кадрлар болған жағдайда тоқтауы мүмкін.



Экранның ортасындағы [▶] белгісін басыңыз.

- Фильм ойнатыла бастайды.
- Жылдам басқару экранын көрсету үшін жоғарғы сол жақтағы <SET> түймесін түртіңіз.
- Ойнатылып жатқан фильмді кідірту үшін экранды түртіңіз. Фильмді ойнату панелі де пайда болады.

Фильмнің бастапқы және соңғы көріністерін өңдеу

Фильмнің бастапқы және соңғы көріністерін шамамен 1секунд қадаммен өңдеуге болады.



- 1 Фильмді ойнатуды кідірту.**
 - Фильмді ойнату панелі пайда болады.

- 2 Фильмді ойнату экранында [Ж] белгісін таңдаңыз.**

- Фильмді өңдеу тақтасы экранның төменгі жағында көрсетіледі.



- 3 Өңделетін бөлікті белгілеңіз.**

- [Ж] (Бас жағын кесу) немесе [Ж] (Аяқ жағын кесу) белгісін таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Алдыңғы немесе келесі жақтауларды көру үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз. Кадрларды алға немесе артқа айналдыру үшін пернені басып тұрыңыз.
- Өңдегіңіз келген бөлікті таңдағаннан кейін <SET> түймесін басыңыз. Жоғарыда ақпен бөлектелген бөлік — қалатын нәрсе.





4 Өңделген фильмді тексеріңіз.

- Өңделген фильмді ойнату үшін [▶] параметрін таңдаңыз.
- Өңдеу бөлігін өзгерту үшін 2-қадамға қайтыңыз.
- Өңдеуді болдырмау үшін <MENU> түймесін басып, растау тілқатысу терезесіндегі [OK] тармағын таңдаңыз.



(1)(2)

5 Өңделген фильмді сақтаңыз.

- [F2] (1) белгісін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Сақтау экраны пайда болады.
- Оны жаңа фильм ретінде сақтау үшін [New file/Жаңа файл] түймесін таңдаңыз. Оны сақтап, бастапқы фильм файлына қайта жазу үшін [Overwrite/Қайта жазу] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Файлдың қысылған нұсқасын сақтау үшін [F2] (2) параметрін таңдаңыз. 4K фильмдері қысудан бұрын Full HD фильмдеріне түрлендіріледі.
- Растау диалогында [OK] тармағын таңдап, өңделген фильмді сақтап, фильмді ойнату экранына оралу үшін <SET> түймесін басыңыз.




- Өңдеу шамамен 1. Қадамдарында орындалғандықтан (экранның төменгі жағында [X] арқылы көрсетілген позицияда), фильмдер кесілген нақты позиция көрсетілген позицияңыздан басқаша болуы мүмкін.
- Картаның жеткілікті бос кеңістігі жоқ болса, [New file/Жаңа файл] қолжетімді болмайды.
- Батарея деңгейі төмен болған кезде фильмді өңдеу мүмкін емес. Толық зарядталған батареяны пайдаланыңыз.
- Басқа камерамен түсірілген фильмдерді осы камерамен өңдеуге болмайды.

Кадрды 4K фильмдерінен немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмдерден алу

4K фильмдерінен немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмдерден шамамен 8,3 мегапиксель (3840×2160) JPEG фотосуреттері ретінде сақтау үшін жеке кадрларды таңдауыңызға болады. Бұл функция «Кадрды алу (4K кадр түсіру)» деп аталады.

1 Суретті ойнатыңыз.

- <▶> түймесін басыңыз.



2 4K фильмін немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмін таңдаңыз.

- <◀> <▶> пернелерін пайдаланып таңдаңыз.
- Түсіру ақпараты экранында (📖326) 4K фильмдері мен 4K уақыт үзілісі бар фильмдер [4K] белгішесі арқылы көрсетіледі.
- Индекс дисплейінде жалғыз сурет дисплейіне ауысу үшін <SET> түймесін басыңыз.

3 Жалғыз сурет дисплейінде <SET> түймесін басыңыз.

4 Фильмді ойнатуды кідірту.

- Фильмді ойнату панелі пайда болады.



5 Алынатын кадрды таңдаңыз.

- Фотосурет ретінде алынатын суретті таңдау үшін фильмді ойнату панелін пайдаланыңыз.
- Фильмді ойнату панелінің нұсқауларын 📖297-беттен қараңыз.



6 [📷] тармағын таңдаңыз.

- <◀▶▶▶▶ пернелерін пайдаланып таңдаңыз.



7 Суретті сақтаңыз.

- JPEG суреті ретінде ағымдағы кадрды сақтау үшін [OK] параметрін таңдаңыз.

8 Көрсетілетін суретті таңдаңыз.


- Мақсатты қалта мен сурет файлының нөмірін тексеріңіз.
- [View original movie/Түпнұсқа фильмді қарап шығу] немесе [View extracted still image/Шығарып алынған фотосуретті қарап шығу] параметрін таңдаңыз.



- Кадр алу Full HD фильмдерінде, Full HD уақыт үзілісі бар фильмдерде немесе басқа камерадан 4K фильмдерінде немесе 4K уақыт үзілісі бар фильмдерде мүмкін емес.


Слайд-шоу (Авто ойнату)

Картадағы барлық суреттерді бірінен кейін бірін автоматты түрде ойнатуға болады.



1 [Slide show/Слайд-шоу] тармағын таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Slide show/Слайд-шоу] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Қажетінше [Set up/Орнату] параметрін конфигурациялаңыз.

- [Set up/Орнату] параметрін таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Фотосуреттер үшін [Display time/Көрсету уақыты], [Repeat/Қайталау] (қайталап ойнату), [Transition effect/Ауысу әсері] (суреттерді ауыстырғандағы әсер) және [Background music/Өңдік музыка] тармақтарын орнатыңыз.
- Өңдік музыканы таңдау процедурасын 337-бет қараңыз.
- Орнатуларды аяқтағаннан кейін <MENU> түймесін басыңыз.

(1) Ойнатылатын суреттер саны


[Display time/Көрсету уақыты]




[Repeat/Қайталау]




[Transition effect/Ауысу әсері]



[Background music/Өңдік музыка]





3 Слайд-шоуды бастаңыз.

- **[Start/Бастай]** таңдау үшін **<▲>** **<▼>** пернелерін басыңыз, одан кейін **<SET>** түймесін басыңыз.
- ➔ **[Loading image.../Сурет жүктелуде...]** жазуы көрсетілгеннен соң слайд-шоу басталады.

4 Слайд-шоудан шығыңыз.

- Слайд-шоудан шығып параметрлер экранына оралу үшін **<MENU>** түймесін басыңыз.




- Слайд-шоуды кідірту үшін **<SET>** түймесін басыңыз. Кідірту барысында суреттің жоғарғы сол жағында **[III]** белгішесі көрсетіледі. Слайд шоуды жаңарту үшін **<SET>** түймесін қайтадан басыңыз. Сондай-ақ, экранды басу арқылы слайд-шоуды кідіруге болады.
- Автоматты ойнату барысында фотосурет дисплейінің пішімін ауыстыру үшін **<INFO>** түймесін басуыңызға болады (101-бет).
- Фильмді ойнату кезінде дыбыс деңгейін **<▲>** **<▼>** пернелерімен реттеуге болады.
- Автоматты ойнату немесе кідірту кезінде басқа суретті қарау үшін **<◀>** **<▶>** пернелерін басуыңызға болады.
- Автоматты ойнату барысында автоматты қуат өшіру функциясы жұмыс істемейді.
- Көрсету уақыты Суретке байланысты өзгеруі мүмкін.
- Слайд-шоуды теледидарда қарау үшін 305-бет-бетті қараңыз.
- Суреттерді сүзгіленген ойнатуда **[□]: Set image search conditions/ [▶]: Суретті іздеу шарттарын орнату]** параметрімен қарау кезінде оларды слайд-шоуда ойнатуыңызға болады.

Теледидарда ойнату


Камераны HDMI кабельді теледидармен жалғау арқылы түсірілген фотосуреттер мен фильмдерді теледидарда ойнатуға болады. HDMI кабелі үшін HDMI кабельді HTC-100 (бөлек сатылады) ұсынылады.

Сурет теледидар экранында пайда болмаса, [**⏏**: Video system/**⏏**: Видео жүйесі] параметрінің [**For NTSC/NTSC үшін**] немесе [**For PAL/PAL үшін**] мәніне (теледидардың видео жүйесіне байланысты) дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.



1 HDMI кабелін камераға қосыңыз.

- Ашаның <▲ HDMI MINI> логотипін камераның алдына қаратып тұрып, оны <HDMI OUT> ұясына енгізіңіз.




2 HDMI кабелін теледидарға жалғаңыз.

- HDMI кабелін теледидардың HDMI KIPIC ұясына жалғаңыз.

3 Теледидарды қосып, жалғанған ұяны таңдау үшін теледидардың бейне кірісін ауыстырыңыз.

4 Камераның қуат қосқышын <ON> күйіне орнатыңыз.



5 <⏏> түймесін басыңыз.

- ➔ Сурет ТД экранында пайда болады. (Камераның СКД мониторында ешнәрсе көрсетілмейді.)
- Суреттер қосылған теледидардың сәйкес ажыратымдылығында автоматты түрде көрсетіледі.
- <INFO> түймесін басу арқылы дисплей пішімін өзгертуге болады.
- Фильмдерді ойнату үшін 296-бет-бетті қараңыз.





- Фильмнің дыбыс деңгейін теледидармен реттеңіз. Дыбыс деңгейін камера арқылы реттеуге болмайды.
- Камера мен теледидар арасындағы кабельді жалғау немесе ажырату алдында камера мен теледидарды өшіріңіз.
- Теледидарға байланысты көрсетілген сурет бөлігі кесіліп қалуы мүмкін.
- Камераның <**HDMI OUT**> ұясына басқа құрылғының шығысын жалғамаңыз. Ол ақаулық тудыруы мүмкін.
- Белгілі бір теледидарлар суреттерді үйлесімсіздікке байланысты көрсетпеуі мүмкін.

Суреттерді қорғау

Камераның өшіру функциясымен байқамай өшіріліп кетпеуі үшін маңызды суреттерді қорғауыңызға болады.

Жалғыз суретті қорғау



1 [Protect images/Суреттерді қорғау] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Protect images/Суреттерді қорғау] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 [Select images/Суреттерді таңдау] тармағын таңдаңыз.

→ Сурет көрсетіледі.

3 Қорғалатын суретті таңдаңыз.


- Қорғалатын суретті таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.

4 Суретті қорғаңыз.

- Суретті қорғау үшін <SET> түймесін басыңыз. <> белгішесі (1) пайда болады.
- Суретті қорғауды болдырмау үшін <SET> түймесін қайтадан басыңыз. <> белгішесі жойылады.
- Басқа суретті қорғау үшін 3 және 4-қадамдарды қайталаңыз.

Қорғалатын суреттер ауқымын көрсету

Ауқымдағы барлық суреттерді бірден қорғау үшін суреттер ауқымын көрсетуіңізге болады.



1 [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін [**►**]: Protect images/ [**►**]: Суреттерді қорғау] терезесінде таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Суреттер ауқымын көрсетіңіз.

- Бірінші суретті (бастау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Соңғы суретті (аяқтау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Сурет қорғалады және <**►**> белгішесі пайда болады.
- Таңдауды болдырмау үшін осы қадамды қайталаңыз.
- Алдыңғы экранға оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.

Қалта немесе картадағы барлық суреттерді қорғау

Қалта немесе картадағы барлық суреттерді бір уақытта қорғауға болады.



[All images in folder/Қалтадағы барлық суреттер] немесе **[All images on card/Картадағы барлық суреттер]** параметрін **[☐]: Protect images/☐: Суреттерді қорғау]** терезесінде таңдаған кезіңізде, қалтадағы немесе картадағы барлық суреттер қорғалады.

Таңдауды болдырмау үшін, **[Unprotect all images in folder/Қалтадағы барлық суреттердің қорғанысын алу]** немесе **[Unprotect all images on card/Картадағы барлық суреттердің қорғанысын алу]** параметрін таңдаңыз.



- Картаны пішімдесеңіз (📖66), қорғалған суреттер де жойылады.




- Фильмдерді де қорғауға болады.
- Сурет қорғалғаннан кейін, оны камераның өшіру функциясы арқылы өшіре алмайсыз. Қорғалған суретті өшіру үшін алдымен қорғанысты жою қажет.
- Барлық суреттерді өшірсеңіз (📖312), тек қорғалған суреттер қалады. Бұл барлық қажет емес суреттерді бірден жою қажет болған кезде ыңғайлы.

Суреттерді жою

Суреттерді бірінен соң бірін немесе бір топтамада таңдап жоюға болады. Қорғалған суреттер (🔒307) жойылмайды.

- ❗ Суретті жойған соң, оны қалпына келтіру мүмкін емес. Жою алдында суреттің қажет еместігін тексеріңіз. Маңызды суреттерді кездейсоқ жойылудан сақтау үшін оларды қорғаңыз. RAW+JPEG пішімінде түсірілген суретті өшіру RAW және JPEG суреттерінің екеуін де өшіреді.

Жалғыз суретті жою



1 Жойылатын суретті ойнатыңыз.

2 <🗑> түймесін басыңыз.
→ Жою мәзірі пайда болады.




3 Суретті жойыңыз.

- [Erase/Жою] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Көрсетілген сурет жойылады.


Топтамадағы жоятын суреттерге <✓> құшбелгі қою

Өшірілетін суреттерге құшбелгі қою арқылы сол барлық суреттерді бір мезгілде өшіруге болады.



1 [Erase images/Суреттерді өшіру] параметрін таңдаңыз.

- [📺] қойындысының астында [Erase images/Суреттерді жою] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 [Select and erase images/Суреттерді таңдау және жою] параметрін таңдаңыз.

→ Сурет көрсетіледі.



3 Өшірілетін суретті таңдаңыз.

- Өшірілетін суретті таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Құсбелгі <√> экранның жоғарғы сол жағында көрсетіледі.
- <🔍> түймесін басу арқылы суреттерді үш суретті дисплейден таңдауыңызға болады. Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <🔍> түймесін басыңыз.
- Өшірілетін басқа суретті таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз.




4 Суретті өшіріңіз.

- <MENU> түймесін басыңыз.
- [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Таңдалған суреттер өшіріледі.

Өшірілетін суреттер ауқымын көрсету

Ауқымдағы барлық суреттерді бірден өшіру үшін суреттер ауқымын көрсетуіңізге болады.




1 [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін []: Erase images/]: Суреттерді өшіру] терезесінде таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Суреттер ауқымын көрсетіңіз.

- Бірінші суретті (бастау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Соңғы суретті (аяқтау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Таңдалған суреттерде [>] белгішесі пайда болады.
- Таңдауды болдырмау үшін осы қадамды қайталаңыз.
- Алдыңғы экранға оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.



3 Суретті жойыңыз.

- <MENU> түймесін басыңыз.
- Растау тілқатысу терезесіндегі [>] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Таңдалған суреттер өшіріледі.

Қалтадағы немесе картадағы барлық суреттерді жою

Қалта немесе картадағы барлық суреттерді бір уақытта өшіруге болады. []: Erase images/]: Суреттерді өшіру] параметрі [All images in folder/ Қалтадағы барлық суреттер] немесе [All images on card/Картадағы барлық суреттер] мәніне орнатылғанда, қалтадағы немесе картадағы барлық суреттер өшіріледі.



- Барлық суреттерді, соның ішінде қорғалған суреттерді жою үшін картаны форматтау қажет (66).


Басып шығаруға дайындау

Камераның СКД мониторындағы орнату экранына қарап отырып, тікелей басып шығару процедурасын толықтай камерамен орындауға болады.

Камераны принтерге жалғау


1 Принтерді орнатыңыз.

- Мәліметтерді принтердің нұсқаулығынан қараңыз.



2 Камераны принтерге жалғаңыз.

- Оларды интерфейс кабелімен (бөлек сатылады) қосыңыз.
- Кабель ашасының <↔> белгішесі камераның алдына қарайтындай етіп, кабельді камераның сандық ұясына қосыңыз.
- Принтерді жалғау үшін принтер нұсқаулығын қараңыз.



3 Принтерді қосыңыз.

4 Камераның қуат қосқышын <ON> күйіне орнатыңыз.

- Кейбір принтерлер дыбыстық сигнал беруі мүмкін.
- Экранның жоғары сол жақ бұрышында камераның принтерге жалғанғанын білдіретін белгішесі бар сурет пайда болады.



- Принтерді пайдаланудан бұрын, оның PictBridge қосылым порты бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Фильмдерді басып шығару мүмкін емес.
- Камера CP Direct немесе Bubble Jet Direct үйлесімді принтерлермен қолдануға келмейді.
- Егер 4-қадамда ұзақ дыбыстық сигнал шығатын болса, ол принтерде ақаулық туындағанын білдіреді. Қате туралы хабарда көрсетілген мәселені шешіңіз (📖390).



- Сонымен қатар, осы камерамен түсірілген RAW суреттерін де басып шығаруға болады.
- Камерамен жұмыс істеу үшін батарея қолданылғанда, оның толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Кабельді ажыратпастан бұрын, алдымен камера мен принтерді өшіріңіз. Кабельді суыру үшін кабельдің басын (кабельдің өзін емес) ұстаңыз.
- Тікелей басып шығару үшін камераны іске қосу үшін DR-E18 тұрақты ток жалғастырғышын (бөлек сатылады) және AC-E6N айнымалы ток адаптерін (бөлек сатылады) пайдалану ұсынылады.

Басып шығару

Экран дисплейі мен параметр опциялары принтер түріне қарай түрленеді. Сондай-ақ, белгілі бір параметрлер қолжетімді болмауы мүмкін. Мәліметтерді принтердің нұсқаулығынан қараңыз.



(1)

1 Басып шығарылатын суретті таңдаңыз.

- СКД мониториның жоғары сол жақ бұрышында белгішенің көрсетілгенін тексеріңіз.
- Басып шығарылатын суретті таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз.

(1) Принтер қосылымының белгішесі


2 <SET> түймесін басыңыз.

- ➔ Басып шығару параметрлерінің экраны пайда болады.
- Параметр мәліметтерін «Басып шығару параметрлері» (📖386)-беттен қараңыз.

Digital Print Order Format (DPOF)


DPOF (Digital Print Order Format) картада жазылған суреттерді суретті белгілеу, басып шығарылатын мөлшер, т.б. секілді нұсқаулығыңызға қарай басып шығаруға мүмкіндік береді. Бірнеше суретті бір бумада басып шығаруға немесе фотофинишер үшін басып шығару кезегін жасауға болады. Басып шығару түрі, күнді басып шығару, файл нөмірін басып шығару, т.б. сияқты басып шығару параметрлерін орната аласыз. Басып шығару параметрлері басып шығару үшін көрсетілген барлық суреттерге қолданылады. (Оларды әр сурет үшін жекеше орнату мүмкін емес.)

Басып шығару опцияларын орнату



1 [Print order/Басып шығару реті] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астынан [Print order/Басып шығару кезегі] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 [Set up/Орнату] параметрін таңдаңыз.


3 Опцияларды қалауыңыз бойынша орнатыңыз.

- [Print type/Басып шығару түрі], [Date/Күн] және [File No./Файл нөмірі] параметрлерін орнатыңыз.
- Қажетті параметрді таңдап, <SET> түймесін басыңыз. Қажетті параметрді таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.


**[Print type/
Басып шығару түрі]**



[Date/Күні]



[File No./Файл нөмірі]



Print type (Басып шығару түрі)		Standard (Стандартты)	Бір парақта бір суретті басып шығарады.
		Index (Индекс)	Бірнеше нобайлық суреттер бір парақта басып шығарылады.
		Both (Екеуі де)	Стандартты және индексті баспалардың екеуін де басып шығарады.
Date (Күні)	On (Қосу)	[Он/Қосулы] түсірілген суреттің жазылған күнін баспада басып шығарады.	
	Off (Өшіру)		
File number (Файл нөмірі)	On (Қосу)	[Он/Қосулы] файл нөмірін баспада басып шығарады.	
	Off (Өшіру)		

4 Параметрден шығыңыз.



- <MENU> түймесін басыңыз.
- ➔ Басып шығару кезегі экраны қайта пайда болады.
- Одан кейін, басып шығарылатын суреттерді кезекке қою үшін **[Sel.Image/ Суретті таңдау]** немесе **[Multiple/ Бірнеше]** параметрін таңдаңыз.



- RAW суреттері немесе фильмдері басып шығару үшін көрсетілмейді.
- **[Date/Күні]** және **[File No./Файл нөмірі]** параметрлері **[Он/Қосулы]** күйіне орнатылса да, басып шығару түрінің параметрі мен принтер үлгісіне қарай басылып шығарылмауы мүмкін.
- **[Index/Индекс]** баспаларында **[Date/Күн]** және **[File No./Файл нөмірі]** опцияларының екеуін де бір уақытта **[Он/Қосулы]** күйіне орната алмайсыз.
- DPOF арқылы басып шығаратын кезде, басып шығару кезегінің сипаттамалары орнатылған картаны қолданыңыз. Егер картадан тек басып шығаруға арналған суреттерді шығарып алсаңыз, көрсетілген басып шығару кезегімен басып шығара алмайсыз.
- Кейбір DPOF үйлесімді принтерлер және фотофинишерлер суреттерді көрсеткендей басып шығара алмауы мүмкін. Басып шығару алдында принтердің нұсқаулығын қараңыз немесе басып шығару кезегін құруда фотофинишер үйлесімділігін тексеріңіз.
- Суреттерді осы камераға орнату кезінде басқа камерамен басып шығару кезегі орнатылған суреттер үшін жаңа басып шығару кезегін көрсетпеңіз. Барлық басып шығару кезектері байқамай үстіне жазылуы мүмкін. Сонымен қатар, басып шығару кезегі сурет түріне байланысты мүмкін болмауы ықтимал.

Басып шығару үшін суреттерді көрсету

Суреттерді таңдау



Суреттері бір-бірілеп таңдаңыз және көрсетіңіз.

<Sel. Image> түймесін басып арқылы суреттерді үш суретті дисплейден таңдауыңызға болады. Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <Sel. Image> түймесін басыңыз.

Басып шығару кезегін картаға сақтау үшін <MENU> түймесін басыңыз.

- **[Standard/Стандартты] [Both/Екеуі де]**

Көрсетілген сурет үшін басып шығарылатын көшірмелер санын орнату үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.

(1) Мөлшері

(2) Белгіленген суреттер саны

- **[Index/Индекс]**


[✓] ұяшығына құсбелгі қою үшін <SET> түймесін басыңыз. Сурет индекс баспасына қосылады.

(3) Құсбелгі

(4) Индекс белгішесі

Бірнеше суретті таңдау

● Ауқымды таңдау



1 [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [Multiple/Бірнеше] терезесінде [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Суреттер ауқымын көрсетіңіз.

- Бірінші суретті (бастау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Соңғы суретті (аяқтау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Таңдалған суреттерде [✓] белгішесі пайда болады.
Барлық көрсетілген суреттердің бір көшірмесі басып шығару үшін орнатылады.
- Таңдауды болдырмау үшін осы қадамды қайталаңыз.
- Алдыңғы экранға оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.

● Қалтадағы барлық суреттер

[Mark all in folder/Қалтада барлығын белгілеу] белгілеп, қалтаны белгілеңіз. Қалтадағы барлық суреттердің бір көшірмесінің басып шығару кезегі көрсетіледі. **[Clear all in folder/Қалтада барлығын жою]** таңдап, қалтаны таңдасаңыз, барлық суреттерге арналған қалтадағы басып шығару кезегі болдырылмайды.

● Картадағы барлық суреттер

[Mark all on card/Картада барлығын белгілеу] белгілесеніз, картадағы барлық суреттердің бір көшірмесі басып шығару үшін көрсетіледі. **[Clear all on card/Картада барлығын тазарту]** белгілесеніз, басып шығару кезегі картадағы барлық суреттер үшін тазартылады.




- RAW суреттері немесе фильмдері барлық суреттерді **[Multiple/Бірнеше]** параметрімен көрсетсеңіз де, басып шығару үшін көрсетілмейді.
- PictBridge үйлесімді принтерін пайдалану кезінде бір басып шығару кезегі үшін 400 суреттен артық көрсетпеңіз. Егер одан артығын басып шығаратын болсаңыз, суреттердің барлығы басып шығарылмауы мүмкін.

Фотосуреттер кітапшасы үшін суреттерді көрсету


Фотосуреттер кітапшасында пайдаланылатын 998-ға дейін сурет көрсете аласыз. Суреттерді компьютерге тасымалдау үшін EOS Utility (EOS бағдарламалық жасақтамасы) пайдаланған кезде, фотосуреттер кітапшасы үшін көрсетілген суреттер арнаулы қалтаға көшіріледі. Бұл функция фотосуреттер кітапшасына онлайн режимде тапсырыс беру үшін ыңғайлы.

Бір уақытта тек бір сурет көрсету



1 [Photobook Set-up/Фотосуреттер кітапшасын орнату] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Photobook Set-up/Фотосуреттер кітапшасын орнату] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 [Select images/Суреттерді таңдау] тармағын таңдаңыз.

- Сурет көрсетіледі.




3 Басып шығарылатын суретті таңдаңыз.

- Көрсетілетін суретті таңдау үшін <◀> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Басқа суретті таңдау үшін осы қадамды қайталаңыз. Берілген суреттер саны экранның жоғарғы сол жағында көрсетіледі.
- Үш суретті дисплейді көрсету үшін <☐> түймесін басыңыз. Жалғыз сурет дисплейіне оралу үшін <Q> түймесін басыңыз.
- Сурет белгілеуін болдырмау үшін <SET> түймесін қайтадан басыңыз.

Ауқымды көрсету

Фотосуреттер кітапшасы үшін ауқымдағы барлық суреттерді бірден таңдау үшін суреттер ауқымын көрсетуіңізге болады.



1 [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз.

- [▢]: Photobook Set-up/ [▢]: Фотосурет кітапшасын орнату] астындағы [Multiple/Бірнеше] терезесінде [Select range/Ауқымды таңдау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Суреттер ауқымын көрсетіңіз.

- Бірінші суретті (бастау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Соңғы суретті (аяқтау нүктесі) таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Таңдалған суреттерде [✓] белгішесі пайда болады.
- Таңдауды болдырмау үшін осы қадамды қайталаңыз.
- Алдыңғы экранға оралу үшін <MENU> түймесін басыңыз.

Қалтадағы не картадағы барлық суреттерді көрсету

Сондай-ақ, қалтадағы немесе картадағы барлық суреттерді фотосуреттер кітапшасы үшін бір уақытта көрсетуге болады.



[Multiple/Бірнеше] параметрі **[]: Photobook Set-up/: Фотосуреттер кітапшасын орнату]** астында **[All images in folder/Қалтадағы барлық суреттер]** немесе **[All images on card/Картадағы барлық суреттер]** мәніне орнатылғанда, қалтадағы немесе картадағы барлық суреттер фотосуреттер кітапшасы үшін көрсетіледі.

Таңдауларыңызды тазалау үшін **[Clear all in folder/Қалтадағы барлығын жою]** немесе **[Clear all on card/Картадағы барлығын жою]** параметрін таңдаңыз.




- RAW суреттері немесе фильмдер көрсетілмейді.
- Басқа камерадағы фотосурет кітапшасы үшін белгіленген Суреттерді осы камерадағы басқа фотосурет кітапшасы үшін белгілемеңіз. Барлық фотосурет кітапшасының параметрлері байқамай үстіне жазылуы мүмкін.

Түсіру ақпаратының дисплейі

Көрсетілген мәліметтер түсіру режимі мен параметрлерге байланысты түрлі болады.

Фотосуреттер мысалы

Негізгі ақпарат дисплейі



- | | |
|--|--|
| (1) Ойнату нөмірі/жазылған суреттер саны | (8) Қалта нөмірі - Файл нөмірі |
| (2) Батарея деңгейі | (9) Ысырма жылдамдығы |
| (3) Wi-Fi сигналының күші | (10) Апертура |
| (4) Wi-Fi функциясы | (11) Экспозиция компенсациясының деңгейі |
| (5) Bluetooth функциясы | (12) ISO көрсеткіші |
| (6) Бағалау | (13) Ашық реңк артықшылығы |
| (7) Суретті қорғау | (14) Сурет жазу сапасы |

AF нүктесі дисплейі


[]: AF point disp./[]: AF нүктесін көрсету] параметрі [Enable/Қосу] мәніне орнатылғанда, фокусқа алынған AF нүктесі қызыл түспен көрсетіледі. Автоматты AF нүктесін таңдау функциясы орнатылса, бірнеше AF нүктесі бір уақытта көрсетілуі мүмкін.



- Егер сурет басқа камерамен түсірілген болса, белгілі бір түсіру ақпараты көрсетілмейді.
- Осы камерамен түсірілген суреттерді басқа камераларда ойнату мүмкін емес.

● Түсіру ақпаратының дисплейі

- Толық ақпарат



- | | |
|---|---|
| (1) Түсіру күні/уақыты | (10) Ақ түс балансын түзету |
| (2) Гистограмма (Ашықтық/RGB) | (11) Picture Style параметрінің мәліметтері |
| (3) Түсіру режимі | (12) Жарқыл экспозициясы компенсациясының мөлшері/Бірнеше түсірілім шуын азайту |
| (4) Ысырма жылдамдығы | (13) Өлшеу режимі |
| (5) Апертура | (14) Auto Lighting Optimizer (Авто жарықтылықты оңтайландырғыш) |
| (6) Экспозиция компенсациясының деңгейі | (15) Сурет жазу сапасы |
| (7) ISO көрсеткіші | (16) Файл өлшемі |
| (8) Ашық реңк артықшылығы | |
| (9) Ақ түс балансы | |

* RAW+JPEG сурет жазу сапасымен түсірген кезіңізде, RAW файл өлшемі көрсетіледі.


* Жарқыл экспозициясының компенсациясын қолданбай жарқылмен суретке түсіру кезінде белгісі көрсетіледі.

* - бірнеше суреттің шуын азайту функциясын пайдаланып түсірілген суреттер үшін көрсетіледі.

* Шығармашыл сүзгімен түсірілген суреттер немесе өңделген (олардың өлшемін өзгерту немесе Шығармашыл сүзгі немесе Шығармашылық көмекші қолдану арқылы), одан кейін сақталған суреттер үшін көрсетіледі.

* және қиып алынған, одан кейін сақталған суреттер үшін көрсетіледі.

- Объектив/Гистограмма ақпараты




- (1) Объектив атауы
- (2) Фокустау ұзындығы
- (3) Гистограмма көрінісі (Ашықтық)
- (4) Гистограмма көрінісі (RGB)


- Ақ түс балансы туралы ақпарат




- Picture Style ақпараты 1




- Picture Style ақпараты 2




- Түстік кеңістік/шуды азайту ақпараты



- Объектив абберациясын түзету ақпараты




- Жіберілген суреттер жазбасы



- Суреттің GPS ақпаратын жазу үшін GP-E2 GPS қабылдағышын немесе смартфонды пайдалансаңыз, «GPS information» (GPS қабылдағышын) экраны да пайда болады.

Фильм мысалы



- | | |
|---|-----------------------------------|
| (1) Ойнату | (6) Фильм жазу өлшемі |
| (2) Апертура | (7) Кадр жиілігі |
| (3) Ысырма жылдамдығы | (8) Сығымдау әдісі |
| (4) Фильм түсіру режимі/Уақыт үзілісі бар фильм | (9) Фильм жазу пішімі |
| (5) Сандық фильм IS | (10) Түсіру уақыты, ойнату уақыты |
| | (11) Фильм файлының өлшемі |

* Қолмен реттелетін экспозиция пайдаланылса, ысырма жылдамдығы, апертура және ISO көрсеткіші (қолмен орнатылғанда) көрсетіледі.

* Видео кескіндер үшін <[Icon]> белгішесі көрсетіледі.



- Фильмді ойнату кезінде, «*» белгілері **[Picture Style]** параметрінің **[Sharpness/Анықтық]** мәнінің **[Fineness/Фитнес]** және **[Threshold/Шек]** тармағы үшін көрсетіледі.

- **Жарық ескертуі**

Түсіру ақпараты көрсетілген кезде, артық экспозицияланған және кесілген ерекшеліктер жыпылықтайды. Градацияның сенімді түрде қайта шығарылуын қалаған жерде жыпылықтаған аймақтарда жақсырақ нәтижелер алу үшін экспозиция компенсациясын болымсыз мөлшерге орнатып, қайтадан түсіріңіз.

- **Гистограмма**

Ашықтық гистограммасы экспозиция деңгейінің таратылуын және жалпы ашықтықты көрсетеді. RGB гистограммасы түс қанықтығы мен градациясын тексеруге арналған. Дисплейді [▶: **Histogram disp/▶: Гистограмма дисплейі**] көмегімен ауыстыруға болады.

[Brightness/Ашықтық] дисплейі

Гистограмма - суреттің ашықтық деңгейінің таратылуын көрсететін график. Көлденең ось ашықтық деңгейін (сол жағында күңгірттеу және оң жағында ашығырақ) анықтайды, ал тік ось әр ашықтық деңгейінде қанша пиксель бар екенін анықтайды. Сол жағына қарай пиксельдер саны көп болған сайын сурет күңгірттеу болады. Оң жағына қарай пиксельдер саны көп болған сайын сурет ашығырақ болады. Сол жағында тым көп пиксель болса, көлеңке бөліктері жоғалады. Оң жағында тым көп пиксель болса, жарық дағы бөліктері жоғалады. Градация аралығы жаңғыртылады. Сурет мен оның ашықтық гистограммасын тексеру арқылы экспозиция деңгейінің еңісі мен жалпы градацияны көруге болады.

Үлгі гистограммалар



Күңгірт сурет



Қалыпты ашықтық



Ашық сурет

[RGB] дисплейі

Гистограмма - суреттегі әр негізгі түстің ашықтық деңгейінің таратылымын көрсететін график (RGB немесе қызыл, жасыл және көк). Көлденең ось түстің ашықтық деңгейін (сол жағында күңгірттеу және оң жағында ашығырақ) анықтайды, ал тік ось әр түстің ашықтық деңгейінде қанша пиксель бар екенін анықтайды. Сол жағына қарай пиксельдер саны көп болған сайын, түс күңгірттеу болып, айқындығы азаяды. Оң жағына қарай пиксельдер саны көп болған сайын түс ашығырақ және қоюырақ болады. Сол жағында тым көп пиксель болса, сәйкес түс ақпараты жетіспейді. Оң жағында тым көп пиксель болса, түс градациясыз тым қанық болады. Суреттің RGB гистограммасын тексеру арқылы, түстің қанықтық және градация жағдайын, ақ түс балансы еңісін көруге болады.

Суреттерді кейінгі өңдеу


Суретке түсіргеннен кейін сүзгі әсерін қолдануыңызға, JPEG суретінің өлшемін өзгертуіңізге (пиксель есебін азайту) немесе JPEG суретін қиюыңызға болады.



- Камера басқа камерамен алынған суреттерді өңдей алмауы мүмкін.
- Камера компьютерге интерфейс кабелімен жалғанған кезде бұл тарауда сипатталатын суреттерді кейінгі өңдеу мүмкін емес.

Шығармашылық сүзгі әсерлерін қолдану

Суретке келесі шығармашылық сүзгілерді қолданып, оны жаңа сурет ретінде сақтай аласыз: Қиыршықты Қ/А, жұмсақ фокустау, «балық көзі» әсері, майға езген бояу әсері, акварель әсері, ойыншық камера әсері және шағын әсері.



1 [Creative filters/Шығармашылық сүзгілер] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Creative filters/Шығармашылық сүзгілер] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

→ Сурет көрсетіледі.



2 Суретті таңдаңыз.

- Сүзгіні қолдану қажет болған суретті таңдаңыз.
- [] > түймесін басу арқылы индекс дисплейіне қосылып, суретті таңдай аласыз.



3 Сүзгі әсерін таңдаңыз.


- <SET> басқан кезде шығармашылық сүзгілердің түрлері көрсетіледі (330).
- Сүзгіні таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

→ Сурет қолданылған сүзгі әсерлері арқылы көрсетіледі.



4 Сүзгі әсерін реттеңіз.

- Сүзгі әсерін реттеңіз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Шағын әсер үшін суреттің анық көрінуі керек жерге ақ жақтауды жылжыту үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



5 Суретті сақтаңыз.

- Суретті сақтау үшін [OK] тармағын таңдаңыз.
- Мақсатты қалта және сурет файлының нөмірін тексеріп, [OK] тармағын таңдаңыз.
- Сүзгіні басқа суретке қолдану үшін 2-5 қадамдарын қайталаңыз.



- RAW+JPEG суреттерін түсірген кезде, шығармашыл сүзгі RAW суретіне қолданылып, ол JPEG суреті ретінде сақталады.
- RAW суреті үшін пропорциялар орнатылып, оған сүзгі әсері қолданылса, сурет орнатылған пропорцияларда сақталады.
- Шаңды жою деректері (274) «Балық көзі» әсері қолданылған суреттерге қосылмайды.

Шығармашылық сүзгі сипаттамалары

-  **Grainy B/W (Қиыршықты Қ/А)**
Қиыршықты ақ-қара фотосурет жасайды. Контрастты реттеу арқылы қара және ақ түс әсерін өзгерте аласыз.
-  **Soft focus (Жұмсақ фокустау)**
Суретке жұмсақ көрініс береді. Бұлыңғыр әсерін реттеу арқылы жұмсақтық дәрежесін өзгерте аласыз.
-  **Fish-eye effect («Балық көзі» әсері)**
Объективтің «балық көзі» әсерін береді. Сурет бөшке сияқты бұрмалануға ие болады.
Бұл сүзгі әсерінің деңгейіне байланысты периферия бойынша кесілетін аймақ өзгертіледі. Сондай-ақ, бұл сүзгі әсері сурет ортасын үлкейтеді, жазылған пиксельдер санына байланысты ортадағы көріну ажыратымдылығы түсуі мүмкін. Нәтижесінде алынған суретті қарау барысында 4-қадамда сүзгі әсерін орнатыңыз.
-  **Art bold effect (Шығармашылық, қалың әсері)**
Фотосуретті майлы суреттер және нысанды үш өлшемді сияқты көрінетіндей жасайды. Контраст пен қанықтықты реттей аласыз.
Аспан немесе ақ қабырғалар сияқты нысандардың тегіс градиациямен көрсетілмеуі мүмкін екенін және дұрыс көрсетілмейтінін немесе байқалатын шу болуы мүмкін екенін ескеріңіз.

- **Water painting effect (Акварель әсері)**

Фотосуретті жұмсақ түстері бар акварель суреттері сияқты көрінетіндей жасайды. Сүзгі әсерін реттеу арқылы түс тығыздығын басқара аласыз. Түнгі көріністер не күңгірт көріністер тегіс градациямен көрсетілмеу және дұрыс емес көріну не айтарлықтай шуға ие болу мүмкіндігін ескеріңіз.

- **Toy camera effect (Ойыншық камера әсері)**


Ойыншық камерасы сияқты көрінетіндей бірегей түс реңкін қолданады және фотосурет бұрыштарын күңгірттейді. Түс реңкін реттеу арқылы реңкті ауыстыра аласыз.

- **Miniature effect (Шағын әсер)**

Диорама әсерін жасайды. Суреттің анық жерлерін өзгерте аласыз. 4-қадамда <INFO> түймесін бассаңыз (немесе экрандағы  белгісін бассаңыз), ақ жақтаудың тік және көлденең күйінің арасында ауысып қосыла аласыз.

Таңдаулы әсерлеріңізді қолдану (Шығармашылық көмекші)

RAW суреттерін қалаған әсерлеріңізді қолдану және JPEG суреттері ретінде сақтау арқылы өңдеуіңізге болады.



1 [Creative Assist/Шығармашылық көмекші] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Creative Assist/Шығармашылық көмекші] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Суретті таңдаңыз.

- Өңделетін суреттерді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 Әсер деңгейін таңдаңыз.

- Әсерді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін пайдаланыңыз.



- [Preset/Алдын ала орнату] параметрін таңдау және <SET> түймесін басу арқылы [VIVID/АШЫҚ], [SOFT/ЖҰМСАҚ] әсерлерін немесе басқа алдын ала орнатылған әсерлерді таңдай аласыз. [AUTO1/АВТО1], [AUTO2/АВТО2] және [AUTO3/АВТО3] — сурет шарттарына негізделіп камера ұсынған әсерлер.




- **[Brightness/Ашықтық]** немесе **[Contrast/Контраст]** сияқты әсерлерді <SET> түймесін басы, одан кейін <◀> <▶> пернелерін пайдалану арқылы таңдауыңызға болады.
- Реттеу аяқталған кезде <SET> түймесін басыңыз.
- Әсерді қайта орнату үшін <✱> түймесін басыңыз.
- Әсерді растау үшін <☑> түймесін басыңыз.

4 Суретті сақтау үшін [OK] тармағын таңдаңыз.

Қызыл көз әсерін түзету

Қызыл көз әсері әсер еткен суреттерді автоматты түрде түзетеді. Түзетілген суретті бөлек файл ретінде сақтауға болады.



1 [Red-eye correction/Қызыл көз әсерін түзету] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Red-eye correction/Қызыл көз әсерін түзету] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Суретті таңдаңыз.

- Суретті таңдау үшін <<> <>> пернелерін басыңыз.

3 Суретті түзетіңіз.

- [] тармағын түртіңіз немесе <SET> түймесін басыңыз.
- ➔ Жақтаулар түзетілген сурет аймақтарында көрсетіледі.




4 [OK] түймесін таңдаңыз.

- Сурет енді жаңа файл ретінде сақталады.



- Кейбір суреттер мұқият түзетілмеуі мүмкін.

Видео кескін альбомдарын өңдеу




1 [Create album/Альбом жасау] параметрін таңдаңыз.

- [▶] қойындысының астында [Create album/Альбом жасау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Өңдеу үшін альбомды таңдаңыз.

- <SET> түймесін [✓] құсбелгісін қою үшін басыңыз.
- Таңдаудан кейін <MENU> түймесін басыңыз.



3 [OK] түймесін таңдаңыз.



4 Өңдеу параметрін таңдаңыз.


- Өңдеу параметрін таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

Параметр	Сипаттамасы
↔ Видео кескіндерді қайта реттеу	Жылжытатын видео кескінді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Суретті жылжыту үшін <◀> <▶> пернелерін басып, <SET> түймесін басыңыз.
🗑️ Видео кескінді жою	Жойылатын видео кескінді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Таңдалған видео кескінде [🗑️] белгішесі көрсетіледі. <SET> қайта басу таңдауды болдырмайды және [🗑️] белгішесі жоқ болады.
▶ Видео кескінді ойнату	Ойнатылатын видео кескінді таңдау үшін <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. Дыбыс деңгейін реттеу үшін <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз.



5 Өңдеуді аяқтаңыз.

- Өңдеуді аяқтаған кезіңізде <MENU> түймесін басыңыз.
- [🔍] (Өңдеуді аяқтау) параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



6 Суретті сақтаңыз.


- Альбомды өндік музыкамен ойнату мақсатында музыканы таңдау үшін [Background music/Өндік музыка] параметрін пайдаланыңыз (📖337).
- Өңдеуіңізді тексеру үшін [Preview/Алдын ала қарау] параметрін таңдаңыз.
- [Save/Сақтау] параметрін таңдау өңделген альбомды жаңа альбом ретінде сақтайды.



- Видео кескін альбомдарын тек бір рет өңдеуге болады.

Өндік музыканы таңдау

Альбомдар мен слайд-шоларды өндік музыкамен музыканы картаға EOS Utility бағдарламалық жасақтамасын (EOS бағдарламалық жасақтамасы) пайдаланып көшіргеннен кейін ойнатуға болады.



1 [Background music/Өндік музыка] тармағын таңдаңыз.

- [Background music/Өндік музыка] параметрін [On/Қосу] мәніне орнатыңыз.

2 Өндік музыканы таңдаңыз.

- Музыканы таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз. [Slide show/Слайд-шоу] үшін бірнеше жолдарды таңдауыңызға болады.

3 Өндік музыканы ойнатыңыз.


- Өндік музыка үлгісін тыңдау үшін <INFO> түймесін басыңыз.
- Дыбыс деңгейін реттеу үшін <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз. Өндік музыка тыңдауды тоқтату үшін қайтадан <INFO> түймесін басыңыз.
- Музыканы жою үшін оны таңдау мақсатында <▲> <▼> пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін <🗑> түймесін басыңыз.



- Өндік музыканы картаға көшіру процедурасын EOS Utility нұсқаулығынан қараңыз.

JPEG суреттерінің өлшемін өзгерту

Пиксель есебін төмендету үшін JPEG суреті өлшемін өзгертіп, оны жаңа сурет ретінде сақтауға болады. Тек JPEG L, M және S1 суреттерінің өлшемін өзгертуге болады. JPEG S2 және RAW суреттерінің өлшемін өзгерту мүмкін емес.



1 [Resize/Өлшемін өзгерту] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Resize/Өлшемін өзгерту] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Сурет көрсетіледі.




2 Суретті таңдаңыз.

- Өлшемін өзгерту қажет болған суретті таңдаңыз.
- < [] > түймесін басу арқылы индекс дисплейіне қосылып, суретті таңдай аласыз.



3 Қажетті сурет өлшемін таңдаңыз.

- Сурет өлшемін көрсету үшін <SET> түймесін басыңыз.
- Қалаған сурет өлшемін (1) таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



4 Суретті сақтаңыз.

- Өлшемі өзгертілген суретті сақтау үшін [OK] тармағын таңдаңыз.
- Мақсатты қалта және сурет файлының нөмірін тексеріп, [OK] тармағын таңдаңыз.
- Басқа суреттің өлшемін өзгерту үшін 2-4 қадамдарын қайталаңыз.

Бастапқы сурет сапасы бойынша өлшемін өзгерту опциялары


Бастапқы сурет сапасы	Қолжетімді өлшемді өзгерту параметрлері		
	M	S1	S2
L	☐	☐	☐
M		☐	☐
S1			☐



- Өлшемді өзгерту мен пропорциялар тіркесіміне байланысты суреттер аздап қиылуы мүмкін.

JPEG суреттерін қию

Түсірілген JPEG суретін қиып алып, оны басқа сурет ретінде сақтауыңызға болады. Тек JPEG суреттерін қиып алуға болады. **RAW** пішімінде түсірілген суреттер қиып алынбайды.



1 [Cropping/Қиып алу] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [Cropping/Қиып алу] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

→ Сурет көрсетіледі.

2 Суретті таңдаңыз.

- Қиылатын суретті таңдаңыз.
- <[]> түймесін басу арқылы индекс дисплейіне қосылып, суретті таңдай аласыз.

3 Қию жақтауының өлшемін, пропорцияларды, позицияны және көлбеу күйді түзетуді орнатыңыз.

- Қию жақтауын көрсету үшін <SET> түймесін басыңыз.

→ Қию жақтауының аймағындағы сурет қиып алынады.

Қию жақтауының өлшемін өзгерту

- <[]> немесе <[]> түймесін басыңыз.

→ Қию жақтауының өлшемі өзгереді. Қию жақтауы неғұрлым кіші болса, қиып алынған сурет соғұрлым үлкен болып көрінеді.

Қию жақтауының пропорцияларын өзгерту

- [] тармағын таңдау үшін < > дискісін бұраңыз.
- <SET> түймесінің әрбір басылуы қию жақтауының пропорцияларын өзгертеді.
- Сондай-ақ, бұл көлденең бағыттағы сурет түсірілімін тік бағытта түсірілгендей көрсету үшін қиып алуға мүмкіндік береді.

Қию жақтауын жылжыту

- <▲> <▼> немесе <◀> <▶> пернелерін басыңыз.
- Қию жақтауы жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжиды.
- Сондай-ақ, қию жақтауын түртіп, оны қалаған орынға апаруға болады.


Көлбеуді түзету

- [] тармағын таңдау үшін < > дискісін бұраңыз.
- Көлбеуді көрсетілген тормен тексеріңіз, одан кейін көлбеуді түзету үшін < > дискісін бұраңыз.
Көлбеуді 0,1° артумен ±10° мәніне дейін түзете аласыз.
- Экранның жоғарғы сол жағындағы [] немесе [] түймесін түртсеңіз, көлбеу 0,5° артумен түзетіледі.
- <SET> түймесін басыңыз.



4 Толық көріністегі қиылған суретті көрсетіңіз.

- [] тармағын таңдау үшін < > дискісін бұраңыз.
- Қиылған суретті көруге болады.
- Бастапқы дисплейге қайту үшін <SET> түймесін қайталап басыңыз.



5 Суретті сақтаңыз.


- [] тармағын таңдау үшін < > дискісін бұраңыз.
Қиылған суретті сақтау үшін <SET> түймесін басыңыз, одан кейін [OK] тармағын таңдаңыз.
- Мақсатты қалта және сурет файлының нөмірін тексеріп, [OK] тармағын таңдаңыз.
- Басқа суретті қию үшін 2-5 қадамдарын қайталаңыз.



- Қию жақтауының орны мен өлшемі көлбеу күйді түзету үшін орнатылған бұрышқа байланысты өзгеруі мүмкін.
- Қиып алынған сурет сақталғаннан кейін оны қайтадан қиып алу мүмкін. Оған қоса, оның өлшемін өзгерту немесе Шығармашылық сүзгіні қолдану мүмкін емес.
- AF нүктесі дисплейінің ақпараты (📖 323) және Шаңды жою деректері (📖 274) қиып алынған суреттерге қосылмайды.


Ойнату басталғанда бастапқы сурет дисплейін көрсету

Суретті ойнатуды бастағаныңызда бірінші көрсетілуі керек суретті көрсетуіңізге болады.



1 [View from last seen/Соңғы көрілгеннен қарау] параметрін таңдаңыз.

- [] қойындысының астында [View from last seen/Соңғы көрілгеннен қарау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Элементті таңдаңыз.


- Параметрді таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басыңыз.

- **[Enable/Қосы]**: Ойнату көрсетілген соңғы суреттен жалғасады (түсіруді аяқтаған кезіңізден басқа).
- **[Disable/Өшіру]**: Ойнату камера қайта іске қосылған кезде ең соңғы түсіріліміңізден жалғасады.

СЫМСЫЗ мүмкіндіктер

Бұл тарауда камераны смартфонға сымсыз Bluetooth® немесе Wi-Fi® арқылы қосу және суреттерді құрылғыларға немесе веб-қызметтерге жіберу, сонымен қатар камераны компьютерден немесе сымсыз қашықтан басқару құралынан басқару жолы сипатталады.

Сымсыз байланыс функциялары арқылы орындауға болатын әрекеттер



Маңызды

Камераны пайдалану кезінде қате сымсыз байланыс параметрлерінің орнатылу нәтижесінде орын алған кез келген жоғалулар немесе бүлінулер үшін Canon жауап бермейді. Осыған қоса, Canon бұл камераны пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген жоғалулар немесе зақымдар үшін жауап бермейді.

Сымсыз байланыс функцияларын пайдалану кезінде тиісті қауіпсіздікті өз тәуекеліңізбен және қарауыңызбен орнатыңыз. Canon рұқсатсыз қатынастан немесе басқа қауіпсіздік бұзудан туындаған барлық шығынға немесе зақымға жауапты болып табылмайды.

Қойынды мәзірлері:


Сымсыз қойындысы

Wireless settings		
1	NETWORK	
Wi-Fi/Bluetooth connection		347
Wi-Fi settings	Enable	416
Bluetooth settings	Enable	417
Nickname	XXXXX	418
GPS device settings		419
Clear wireless settings		425
MENU		




- Сымсыз байланыс камера интерфейс кабелі арқылы компьютерге немесе басқа құрылғыға қосылып тұрғанда қолжетімді болмайды.
- Компьютерлер сияқты басқа құрылғыларды камера құрылғыларға Wi-Fi арқылы қосылып тұрғанда оларды интерфейс кабелімен қосу арқылы камерамен пайдалану мүмкін емес.
- Камерада карта болмаған жағдайда ([] үлгісінен басқа) камераны Wi-Fi желісі арқылы қосу мүмкін емес. Сондай-ақ, [] және веб-қызметтер үшін картада ешқандай суреттер сақталмаған жағдайда камераны Wi-Fi желісі арқылы қосу мүмкін емес.
- Wi-Fi қосылымы камераның қуаты <OFF> күйіне орнатылса немесе карта ұясының/батарея бөлімінің қаппағы ашылса тоқтайды.
- Wi-Fi қосылымы орнатылғанда камераның автоматты қуат өшіру функциясы жұмыс істемейді.

Wi-Fi/Bluetooth қосылымын таңдау



1 [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз.

- [«i»] қойындысының астында [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 Камера қосылуы үшін элементті таңдаңыз.

(1) Смартфонмен байланысу (📖349)

Смартфондарда немесе планшеттерде (бұл нұсқаулықта жинақталған түрде «смартфондар» деп көрсетіледі) арнайы Camera Connect қолданбасын пайдалану арқылы камераны қашықтан басқарыңыз және камерадағы суреттерді Wi-Fi қосылымы арқылы шолыңыз.

(2) EOS бағдарламалық жасақтамасын немесе басқа арнайы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану (📖374)

Камераны компьютерге Wi-Fi арқылы қосыңыз және камераны EOS Utility бағдарламасын (EOS бағдарламалық жасақтамасы) пайдаланып қашықтан басқарыңыз. Image Transfer Utility 2 арнайы қолданбасымен камерадағы суреттерді компьютерге автоматты түрде жіберуге де болады.

(3) Суреттерді Wi-Fi принтерін пайдаланып басып шығару (📖381)

Суреттерді басып шығару үшін камераны принтерді қолдайтын PictBridge технологиясына (сымсыз LAN) Wi-Fi арқылы қосыңыз.

(4) Суреттерді веб-қызметке жіберу 391)

Мүшені тіркеуді (тегін) аяқтағаннан кейін суреттерді достарыңызбен немесе жанұяңызбен әлеуметтік желіде немесе Canon тұтынушыларына арналған CANON iMAGE GATEWAY онлайн фотосурет қызметінде бөлісіңіз.

(5) Сымсыз қашықтықтан басқару құралына қосылу

Бұл камераны қашықтан басқару құралымен түсіру үшін BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралына (бөлек сатылады) Bluetooth арқылы қосуға да болады ( 410).

Смартфонға қосылу

Камераны Bluetooth төмен энергия технологиясымен (бұдан әрі «Bluetooth») үйлесімді смартфонмен жұптағанан кейін келесі әрекеттерді орындай аласыз.

- Wi-Fi қосылымын тек смартфонды пайдаланып орнату (📖351).
- Камерамен Wi-Fi қосылымын ол өшірулі болса да орнату (📖356).
- Суреттерді смартфон арқылы алынған GPS ақпаратымен геотегтеу (📖420).
- Камераны смартфоннан қашықтан басқару (📖355).

Сондай-ақ, келесі әрекеттерді камераны смартфонға Wi-Fi арқылы қосқаннан кейін орындауыңызға болады.

- Камерадағы суреттерді смартфоннан шолу және сақтау (📖355).
- Камераны смартфоннан қашықтан басқарыңыз (📖355).
- Суреттерді камерадан смартфонға жіберіңіз (📖363).

Смартфонда Bluetooth және Wi-Fi параметрлерін қосу

Смартфон параметрлері экранында Bluetooth және Wi-Fi параметрлерін қосыңыз. Камерамен жұптаудың смартфонның Bluetooth параметрлері экранында мүмкін емес екенін ескеріңіз.



- Wi-Fi қосылымын кіру нүктесі арқылы орнату үшін «Кіру нүктелері арқылы Wi-Fi қосылымы» (📖405) бөлімін қараңыз.

Смартфонда Camera Connect қолданбасын орнату

Арнайы Camera Connect қолданбасы (тегін) Android немесе iOS жүйесі орнатылған смартфонға орнатылуы тиіс.


- Смартфонның операциялық жүйесінің ең соңғы нұсқасын пайдаланыңыз.
- Camera Connect қолданбасын Google Play немесе App Store қызметінен орнатуға болады. Google Play немесе App Store дүкеніне камера смартфонмен Wi-Fi арқылы жұпталғанда немесе қосылғанда пайда болатын QR кодтарын пайдаланып қатынауға да болады.



- Camera Connect қолдайтын операциялық жүйе нұсқаларын Camera Connect қолданбасының жүктеп алу сайтынан қараңыз.
- Осы нұсқаулықтағы үлгі экрандар мен басқа мәліметтер камераның аппараттық бағдарлама жаңартуларынан немесе Camera Connect, Android немесе iOS жаңартуларынан кейін нақты пайдаланушы интерфейсінің элементтеріне сәйкес келмеуі мүмкін.


Bluetooth функциясымен үйлесімді смартфонға Wi-Fi арқылы қосылу

(1)-камерадағы әрекеттер




1 [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз.


- [«»] қойындысының астында [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



2 [ Connect to smartphone/ Смартфонға қосылу] белгішесін таңдаңыз.



3 [Add a device to connect to/Қосылу үшін құрылғы қосу] параметрін таңдаңыз.




4 Элементті таңдаңыз.

- Camera Connect бағдарламасы орнатылып қойған болса, [Do not display/Көрсетпей] параметрін таңдаңыз.
- Camera Connect орнатылмаған болса, Google Play немесе App Store дүкеніне кіріп, Camera Connect қолданбасын орнату үшін [Android] немесе [iOS] тармағын таңдаңыз, көрсетілген QR кодын смартфонмен сканерлеңіз.



5 [Pair via Bluetooth/Bluetooth арқылы жұптау] параметрін таңдаңыз.

- Жұптауды бастау үшін <SET> түймесін басыңыз.
- Бастапқыда біреуімен жұптағаннан кейін басқа смартфонмен жұптау үшін сол жақтағы экранда [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



(1)-смартфондағы қадамдар




6 Camera Connect қолданбасын іске қосыңыз.




7 Жұптау үшін камераны түртіңіз.

- Android смартфонын пайдалансаңыз, 9-қадамға өтіңіз.




8 [Pair/Жұптау] түймесін (тек iOS) түртіңіз.

(2)-камерадағы қадамдар




9 [OK] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



10 <SET> түймесін басыңыз.

- Жұптау енді аяқталады және камера смартфонға Bluetooth арқылы қосылады. Bluetooth белгішесі негізгі Camera Connect экранында пайда болады.



- Камераны екі немесе үш құрылғыға Bluetooth арқылы бір уақытта қосу мүмкін емес. Bluetooth қосылымы үшін басқа смартфонға ауысу үшін [423-бетті](#) қараңыз.
- Bluetooth қосылымы батарея қуатын камераның автоматты қуат өшіру функциясы белсендірілгеннен кейін де тұтынады. Сондықтан, батарея деңгейі камераны пайдаланғаныңызда төмен болуы мүмкін.


Жұптау ақаулықтарын жою

- Смартфонда алдыңғы жұпталған камералардың жұптау жазбаларын сақтау оның осы камерамен жұпталуына кедергі келтіреді. Қайтадан жұптауға әрекет етпестен бұрын алдыңғы жұпталған камералардың жұптау жазбаларын смартфонның Bluetooth параметрлері экранынан жойыңыз.





- Bluetooth қосылымы орнатылғанда камераны суреттерді смартфонға жіберу үшін пайдалана аласыз ([363](#)).

(2)-смартфондағы қадамдар



11 Camera Connect функциясын таңдаңыз және түртіңіз.

- iOS жүйесінде камера қосылымын растау үшін хабар көрсетілгенде **[Join/Қосылу]** параметрін түртіңіз.
- Camera Connect функцияларын 355-беттен қараңыз.
- Wi-Fi қосылымы орнатылған кезде функцияны таңдау үшін экран пайда болады.
- **[Wi-Fi on/Wi-Fi қосылу]** камераның СКД мониториянда көрсетіледі.
- Bluetooth және Wi-Fi белгішелері негізгі Camera Connect экранында жанады.



Камераны компьютерге Wi-Fi арқылы тікелей қосу кезінде «_Canon0A» сөзі SSID атауының соңында көрсетіледі.


[🖨️] Принтер

- Принтердің қосылым орны өзгертілген болса, камераға немесе камера қосылған кіру нүктесіне Wi-Fi арқылы қосылу үшін параметрді қалпына келтіріңіз.

Камераны принтерге Wi-Fi арқылы тікелей қосу кезінде «_Canon0A» сөзі SSID атауының соңында көрсетіледі.


Бірнеше қосылым параметрлерін тіркеу

Сымсыз байланыс функциялары үшін 10 қосылым параметріне дейін тіркеуіңізге болады.



1 [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз.

- [«»] қойындысының астында [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.





2 Элементті таңдаңыз.

- Журнал ( 413) көрсетілсе, экранды <◀> <▶> пернелерімен ауыстырыңыз.
- [ Connect to smartphone/  Смартфонға қосылу] туралы мәліметтерді «Смартфонға қосылу» ( 349) бөлімінен қараңыз.
- [ Remote control (EOS Utility)/  Қашықтан басқару (EOS Utility)] туралы мәліметтерді «Компьютерге Wi-Fi арқылы қосылу» ( 374) бөлімінен қараңыз.
- [ Print from Wi-Fi printer/  Wi-Fi принтерінен басып шығару] туралы мәліметтерді «Принтерге Wi-Fi арқылы қосылу» ( 381) бөлімінен қараңыз.
- Суреттерді веб-қызметке жіберу кезінде «Суреттерді веб-қызметке жіберу» ( 391) бөлімін қараңыз.



- Қосылым параметрлерін жою үшін  423-бетті қараңыз.

Wi-Fi параметрлері



1 [Wi-Fi settings/Wi-Fi параметрлері] тармағын таңдаңыз.

- [«1»] қойындысының астында [Wi-Fi settings/Wi-Fi параметрлері] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Элементті таңдаңыз.

- **Wi-Fi**

Электрондық және сымсыз құрылғыларды пайдалану рұқсат етілмеген жағдайда, мыс., ұшақ немесе емхана ішінде оны [Disable/Өшіру] мәніне орнатыңыз.

- **Password (Құпия сөз)**

Wi-Fi қосылымының құпия сөзсіз орнатылуына рұқсат ету үшін [None/Жоқ] мәніне орнатыңыз (кіру нүктесіне Wi-Fi арқылы қосылған кезден басқа).

- **Connection history (Қосылым журналы)**

Wi-Fi қосылған құрылғылардың журналын [Show/Көрсету] немесе [Hide/Жасыру] күйіне орнатуыңызға болады.

- **Auto send images to computer (Суреттерді компьютерге автоматты түрде жіберу)**

Image Transfer Utility 2 арнайы бағдарламалық жасақтамасымен камерадағы суреттерді компьютерге автоматты түрде жібере аласыз (📖378).



- **Send to smartphone after shot (Түсіргеннен кейін смартфонға жіберу)**

Түсірілімдеріңіз смартфонға автоматты түрде жіберіледі (📖362).

- **MAC address (MAC мекенжайы)**

Камераның үшін MAC мекенжайын тексеруіңізге болады.

Bluetooth параметрлері




- 1 [Bluetooth settings/Bluetooth параметрлері] тармағын таңдаңыз.
 - [«i»] қойындысының астында [Bluetooth settings/Bluetooth параметрлері] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Элементті таңдаңыз.

- **Bluetooth**
Bluetooth функциясын пайдаланбасаңыз, [Disable/Өшіру] параметрін таңдаңыз.
- **Check connection information (Қосылым ақпаратын тексеру)**
Жұпталған құрылғының атауы мен байланыс күйін тексере аласыз.
- **Bluetooth address (Bluetooth мекенжайы)**
Камераның Bluetooth мекенжайын тексеруіңізге болады.
- **Stay conn. if off (Өшірулі болса, қосылы қалу)**
Камера смартфонмен Bluetooth арқылы қосылғаннан кейін көрсетіледі. [Enable/Қосы] параметрін таңдау камерадағы суреттерді қарауыңызға және камера өшірулі кезде де Wi-Fi арқылы қосылып оны басқа жолдармен басқаруыңызға мүмкіндік (📖356) береді.

Бүркеншік атауды өзгерту

Камераның бүркеншік атауын (смартфондар мен басқа камерада көрсетілген) қажетінше өзгертуіңізге болады.



1 [Nickname/Бүркеншік атау] тармағын таңдаңыз.

- [«¶»] қойындысының астында [Nickname/Бүркеншік атау] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

2 Мәтінді виртуалды пернетақтаны (📖 427) пайдаланып енгізіңіз.

- Таңбаларды енгізуді аяқтаған кезде <MENU> түймесін басыңыз, одан кейін [OK] түймесін таңдаңыз.


Суреттерді басқа құрылғылардан алынған GPS ақпаратымен геотегтеу

Суреттерді GPS GP-E2 қабылдағышымен (бөлек сатылады) немесе Bluetooth функциясы қосылған смартфонмен геотегтеуіңізге болады.

GP-E2


1 GP-E2 құралын камераға тіркеңіз.

- GP-E2 құралын тікелей қосу байланысына тіркеңіз және оны қосыңыз. Мәліметтерді GP-E2 нұсқаулығынан қараңыз.



2 [GPS device settings/GPS құрылғысының параметрлері] тармағын таңдаңыз.

- [«f»] қойындысының астында [GPS device settings/GPS құрылғысының параметрлері] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 [Select GPS device/GPS құрылғысын таңдау] терезесінде [GPS receiver/GPS қабылдағышы] параметрін таңдаңыз.

4 Суретке түсіріңіз.

- [Set up/Орнату] мәліметтерін GP-E2 нұсқаулығынан қараңыз.



GP-E2 құралын пайдалану бойынша сақтықтар

- Алдымен GPS үшін рұқсат етілген елдер мен аймақтарды тексеріңіз және олардың заңды шектеулерін орындаңыз.
- GP-E2 микробағдарламасын 2.0.0 немесе одан кейінгі нұсқаға жаңартыңыз. Микробағдарламаны жаңарту интерфейс кабелін талап етеді. GP-E2 микробағдарламасын жаңарту жолын Сапон веб-торабынан қараңыз.
- Кабельді камераны GP-E2 құралына қосу үшін пайдалану мүмкін емес.
- Камера түсіру бағытын жазбайды.


Смартфон

Бұл параметрлерді смартфонға арнайы Camera Connect қолданбасын (📖350) орнатқаннан кейін орнатыңыз.

1 Смартфонның орын туралы ақпарат функциясын қосыңыз.


2 Bluetooth функциясына қосыңыз.

- Камераны смартфонға Bluetooth арқылы қосыңыз (📖351).



3 [GPS device settings/GPS құрылғысының параметрлері] тармағын таңдаңыз.

- [🔍] қойындысының астында [GPS device settings/GPS құрылғысының параметрлері] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



4 [Select GPS device/GPS құрылғысын таңдау] терезесінде [Smartphone/Смартфон] параметрін таңдаңыз.

- Осы параметрлер орнатылғаннан кейін Camera Connect қолданбасын іске қосыңыз.

5 Суретке түсіріңіз.

- Смартфонмен алынған орын туралы ақпарат суретке қосылады.

GPS қосылымының дисплейі

Смартфонның орын туралы ақпарат алу күйін фотосуреттер немесе фильм жазу экрандарындағы GPS қосылымы белгішесінде тексеруіңізге болады (сәйкесінше 184 және 223).

- Сұр: Орын қызметтері өшірулі.
- Жыпылықтайды: Орын туралы ақпаратты алу мүмкін емес.
- Қосулы: Орын туралы ақпарат алынды.


GP-E2 пайдаланылған кездегі GPS қосылымы көрсеткішінің күйіне қатысты GP-E2 нұсқаулығын қараңыз.

Суреттерді түсіру кезінде суретті геотегтеу

GPS белгішесі қосулы кезде түсірілген суреттер геотегтеледі.

Суретке қосылған орын туралы ақпарат

Түсіру апараты экранында (101) түсірілген суретке қосылған орын туралы ақпаратты тексере аласыз.



- (1) Ендік
- (2) Бойлық
- (3) Биіктік
- (4) UTC (Әмбебап әлемдік уақыт)




- Смартфон орын туралы ақпаратты тек камера смартфонға Bluetooth арқылы қосылғанда ала алады.
- Бағыт туралы ақпарат алынбайды.
- Саяхат жағдайлары мен смартфонның күйіне байланысты алынған орын туралы ақпарат дәл болмауы мүмкін.
- Камераны қосқаннан кейін камерадан орын туралы ақпаратты алу үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.
- Орын туралы ақпарат келесі жағдайлардың кез келгенінен кейін бұдан әрі алынбайды.
 - Сымсыз қашықтан басқару құралымен Bluetooth арқылы жұптау.
 - Камераны өшіру.
 - Camera Connect қолданбасын тоқтату.
 - Смартфонның орын туралы ақпарат функциясын өшіру.
- Орын туралы ақпарат келесі жағдайлардың ешқайсысында бұдан әрі алынбайды.
 - Камера қуаты өшеді.
 - Bluetooth қосылымы тоқтайды.
 - Смартфон батареясының деңгейі төмен.



- Әмбебап әлемдік уақыт, қысқарған түрі UTC, Гринвич орташа уақытымен бірдей.
- Фильм түсіру кезінде фильм түсірудің басталу уақытындағы GPS ақпараты қосылады.


Қосылым параметрлерін өзгерту немесе жою

Қосылым параметрлерін өзгерту немесе жою үшін алдымен Wi-Fi қосылымын аяқтаңыз.




1 [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз.

- [(P)] қойындысының астында [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 Элементті таңдаңыз.

- Журнал (413) көрсетілсе, экранды <◀> <▶> пернелерімен ауыстырыңыз.




3 [Edit/delete device / Құрылғыны өзгерту/жою] параметрін таңдаңыз.

- Bluetooth қосылымын сұр түстегі [Bluetooth] белгісімен белгіленген смартфонды таңдау арқылы өзгертуіңізге болады. [Connect to smartphone/Смартфонға қосылу] экраны көрсетілгеннен кейін [Pair via Bluetooth/Bluetooth арқылы қосылу] параметрін таңдаңыз, одан кейін келесі экрандағы <SET> түймесін басыңыз.



4 Қосылым параметрлері өзгертілетін немесе жойылатын құрылғыны таңдаңыз.



5 Элементті таңдаңыз.

- Көрсетілген экранда қосылым параметрлерін өзгертіңіз немесе жойыңыз.

- **Құрылғының бүркеншік атауын өзгерту**

Бүркеншік атты виртуалды пернетақтаны пайдаланып өзгертуіңізге болады (📖427).

- **Қаралатын суреттер (📖370)**

[📱Connect to smartphone/📱Смартфонға қосылу] параметрі таңдалған кезде көрсетіледі. Параметрлер экранның төменгі жағында пайда болады.

- **Қосылым ақпаратын жою**


Жұпталған смартфонның қосылым ақпаратын жою кезінде смартфонда тіркелген камера ақпаратын да жойыңыз (📖357).



- Веб-қызметтер үшін қосылым параметрлерін жою үшін CANON iMAGE GATEWAY веб-сайтына кіріңіз.

Сымсыз байланыс параметрлерін әдепкі күйіне тазалау

Барлық сымсыз байланыс параметрлерін жоюға болады. Сымсыз байланыс параметрлерін өшіру арқылы камераны басқа адамдарға берген кезде олардың ақпаратының көрініп қалуын болдырмайсыз.



1 [Clear wireless settings/Сымсыз байланыс параметрлері] тармағын таңдаңыз.

- [«i»] қойындысының астында [Clear wireless settings/Сымсыз параметрлерді тазалау] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 [OK] түймесін таңдаңыз.



- [i: Clear all camera settings/i: Барлық камера параметрлерін тазалау] әрекетін орындау сымсыз байланыс параметрінің ақпаратын жоймайды.
- Камераны смартфонмен смартфонның Bluetooth параметрлері экранында жұптаған болсаңыз, әдепкі сымсыз байланыс параметрлерін қалпына келтірген камераның қосылым ақпаратын жойыңыз.


Ақпаратты қарау экраны

Қате мәліметтерін камераның MAC мекенжайында тексеруіңізге болады.



1 [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз.

- [«i»] қойындысының астында [Wi-Fi/Bluetooth connection / Wi-Fi/Bluetooth қосылымы] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 <INFO> түймесін басыңыз.

- [View info/Ақпаратты қарау] экраны пайда болады.



- Қате орын алғанда қате мазмұнын көрсету үшін <SET> түймесін басыңыз.

Виртуалды пернетақтаны басқару



(1) Мәтінді енгізуге арналған енгізу аймағы

(2) Енгізу аймағын жылжыту үшін курсор пернелері

(3) Таңбалардың ағымдағы саны/қолжетімді сан

(4) Пернетақта

(5) Енгізу режимдерін ауыстыру

(6) Бос орын

(7) Енгізу аймағындағы таңбаны жою

(8) Мәтін енгізуді аяқтау

- 2 және 4–7 ішінде жылжу үшін <↔> жылжу пернелерін басыңыз.
- Енгізуді растау үшін немесе енгізу режимдерін ауыстыру кезінде <SET> түймесін басыңыз.

Қате хабарларына жауап беру

Қате орын алғанда, төмендегі процедуралардың біреуін орындау арқылы қате мәліметтерін көрсетіңіз. Одан кейін, осы тарауда көрсетілген мысалдарға сүйене отырып қате салдарын жойыңыз.

- **[View info/Ақпаратты қарау]** экранында **<SET>** түймесін басыңыз (📖426).
- **[Wi-Fi on/Wi-Fi қосулы]** экранында **[Error details/Қате мәліметтері]** тармағын таңдаңыз.

Келесі кестедегі қате коды нөмірінің бетін тиісті бетке өту үшін басыңыз.

11 (📖429)	12 (📖429)	21 (📖430)	22 (📖431)
23 (📖432)	61 (📖433)	63 (📖434)	64 (📖434)
65 (📖435)	66 (📖435)	67 (📖435)	68 (📖436)
69 (📖436)	91 (📖436)	121 (📖436)	125 (📖437)
126 (📖437)	127 (📖437)	141 (📖437)	142 (📖437)
151 (📖438)	152 (📖438)		



- Қате орын алғанда, **[Err**/Қате**]** хабары [(📖): **Wi-Fi/Bluetooth connection / (📖):Wi-Fi/Bluetooth қосылымы**] экранының жоғарғы оң жағында көрсетіледі. Ол камераның қуаты **<OFF>** мәніне орнатылған кезде жоғалады.

11: Connection target not found

(Қосылым мақсаты табылмады)

- [🖥️] жағдайында Camera Connect іске қосылып тұр ма?
→ Camera Connect көмегімен қосылымды орнатыңыз (📖360).
- [📷] жағдайында EOS бағдарламалық жасақтамасы жұмыс істеп тұр ма?
→ EOS бағдарламалық жасақтамасын іске қосыңыз және қосылымды қайтадан орнатыңыз (📖376).
- [🖨️] жағдайында принтер қуаты қосылған ба?
→ Принтерді қосыңыз.
- Камера және кіру нүктесі аутентификацияға арналған бірдей құпия сөзді пайдалану үшін орнатылған ба?
→ Егер шифрлауға арналған аутентификация әдісі **[Open system/Ашық жүйе]** параметріне орнатылған кезде құпия сөздер сәйкес келмесе, осы қате орын алады.

Параметр пернетақта регистрінің есебімен, сол себептен бас әріп және кіші әріп таңбаларын тексеріңіз. Камерада аутентификация үшін дұрыс құпия сөздің орнатылғанын тексеріңіз (📖427).

12: Connection target not found

(Қосылым мақсаты табылмады)

- Мақсатты құрылғы және кіру нүктесінің қуаты қосылған ба?
→ Қабылдаушы құрылғыны және кіру нүктесін қосыңыз, одан кейін біраз күтіңіз. Қосылым әлі де орнатылмаса, қосылымды орнату процедураларын қайтадан орындаңыз.

21: No address assigned by DHCP server

(DHCP сервері арқылы ешқандай мекенжай белгіленбеді)

Камерада тексерілуі керек нәрсе

- Камерада IP мекенжайы [**Auto setting/Автоматты түрде орнату**] параметріне орнатылған. Осы дұрыс параметр ме?
 - ➔ Егер ешқандай DHCP сервері пайдаланылмаса, IP мекенжайын камерадағы [**Manual setting/Қолмен орнату**] параметріне орнатқан соң параметрлерді көрсетіңіз (📖408).

DHCP серверінде тексерілетін нәрсе

- DHCP сервер қуаты қосылған ба?
 - ➔ DHCP серверін қосыңыз.
- DHCP сервері арқылы тағайындау үшін жеткілікті мекенжайлар бар ма?
 - ➔ DHCP сервері арқылы тағайындалған мекенжайлар санын арттырыңыз.
 - ➔ Пайдаланудағы мекенжайлар санын азайту үшін құрылғылардың DHCP сервері арқылы тағайындалған мекенжайларын желіден алып тастаңыз.
- DHCP сервері дұрыс жұмыс істеп тұр ма?
 - ➔ DHCP сервері ретінде дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін DHCP сервер параметрлерін тексеріңіз.
 - ➔ Қажет болса, DHCP сервері қолжетімді екеніне көз жеткізу үшін желілік әкімшіден сұраңыз.

22: No response from DNS server (DNS серверінен еш жауап жоқ)

Камерада тексерілуі керек нәрсе

- Камерада DNS серверінің IP мекенжай параметрі сервердің нақты мекенжайына сәйкес пе?
 - ➔ IP мекенжайын **[Manual setting/Қолмен орнату]** параметріне орнатыңыз. Одан кейін, камерада пайдаланылатын DNS серверінің мекенжайына сәйкес келетін IP мекенжайын орнатыңыз (📖408, 📖442).

DNS серверінде тексерілетін нәрсе

- DNS сервер қуаты қосылған ба?
 - ➔ DNS серверін қосыңыз.
- IP мекенжайлары үшін DNS сервер параметрлері және тиісті атаулар дұрыс па?
 - ➔ DNS серверінде IP мекенжайлар және тиісті атаулар дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
- DNS сервері дұрыс жұмыс істеп тұр ма?
 - ➔ DNS сервері ретінде дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін DNS сервер параметрлерін тексеріңіз.
 - ➔ Қажет болса, DNS сервері қолжетімді екеніне көз жеткізу үшін желілік әкімшіден сұраңыз.

Жалпы алғанда желіде тексерілетін нәрсе

- Wi-Fi арқылы қосылуға әрекет етіп жатқан желіңіз қақпа ретінде қызмет ететін маршрутизаторды немесе ұқсас құрылғыны қамтиды ма?
 - ➔ Қажет болса, желілік әкімшіден желі шлюз мекенжайын сұраңыз және оны камераға енгізіңіз (📖408, 📖442).
 - ➔ Шлюз мекенжай параметрі барлық желі құрылғыларында, камераны қосқанда, дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

23: Device with same IP address exists on selected network (Таңдалған желіде IP мекенжайы бірдей құрылғы бар)

Камерада тексерілуі керек нәрсе

- Бірдей желіге Wi-Fi арқылы қосылған камера мен басқа құрылғының IP мекенжайы бірдей ме?
 - ➔ Желідегі басқа құрылғымен бірдей мекенжайдың пайдалануын болдырмау үшін камераның IP мекенжайын өзгертіңіз. Олай болмаса, көшірме мекенжайы бар құрылғының IP мекенжайын өзгертіңіз.
 - ➔ Егер камераның IP мекенжайы желі орталарында DHCP серверін пайдаланып **[Manual setting/Қолмен орнату]** теңшеуіне орнатылса, параметрді **[Auto setting/Авто орнату]** теңшеуіне ауыстырыңыз (📖406).



21 – 23-ші қате хабарларына жауап беру

- 21–23-ке дейін нөмірленген қателерді қарастыру кезінде келесі тармақтарды да тексеріңіз.
- Камера және кіру нүктесі аутентификацияға арналған бірдей құпия сөзді пайдалану үшін орнатылған ба?
 - Егер шифрлауға арналған аутентификация әдісі **[Open system/Ашық жүйе]** параметріне орнатылған кезде құпия сөздер сәйкес келмесе, осы қате орын алады. Параметр пернетақта регистрінің есебімен, сол себептен бас әріп және кіші әріп таңбаларын тексеріңіз. Камерада аутентификация үшін дұрыс құпия сөздің орнатылғанын тексеріңіз (📖 427).

61: Selected SSID wireless LAN network not found (Таңдалған SSID сымсыз LAN желісі табылмады)

- Камера және кіру нүктесі антеннасының байланысу сызығын жауып қойған кедергілер бар ма?
 - ➔ Кіру нүктесі антеннасын камераға анық көрінетін бұрышқа жылжытыңыз (📖439).

Камерада тексерілуі керек нәрсе

- Камерада орнатылған SSID идентификаторы тиісті кіру нүктесіне сәйкес пе?
 - ➔ SSID идентификаторын кіру нүктесінде тексеріңіз, одан кейін дәл сол SSID идентификаторын камераға орнатыңыз.

Кіру нүктесінде тексерілуі керек нәрсе

- Кіру нүктесі қосылған ба?
 - ➔ Кіру нүктесінің қуатын қосыңыз.
- Егер MAC мекенжайының филтрлеуі белсенді болса, қолданыстағы камераның MAC мекенжайы кіру нүктесінде тіркелген бе?
 - ➔ Пайдаланылатын камераның MAC мекенжайын кіру нүктесіне тіркеңіз. MAC мекенжайын **[View info/Ақпаратты қарау]** экранында тексеруге болады (📖426).

63: Wireless LAN authentication failed

(Сымсыз LAN аутентификациясы сәтсіз)

- Камера және кіру нүктесі аутентификацияға арналған бірдей шифрлау кілтін пайдалану үшін орнатылған ба?
 - ➔ Камера келесі аутентификация әдістеріне қолдау көрсетеді: **[Open system/Ашық жүйе]**, **[Shared key/Ортақ кілт]** және **[WPA/WPA2-PSK]**.
- Камера және кіру нүктесі аутентификацияға арналған бірдей құпия сөзді пайдалану үшін орнатылған ба?
 - ➔ Параметр пернетақта регистрінің есебімен, сол себептен бас әріп және кіші әріп таңбаларын тексеріңіз. Камерада аутентификация үшін дұрыс құпия сөздің орнатылғанын тексеріңіз.
- Егер MAC мекенжайының фильтрлеуі белсенді болса, қолданыстағы камераның MAC мекенжайы кіру нүктесінде тіркелген бе?
 - ➔ Пайдаланылатын камераның MAC мекенжайын кіру нүктесіне тіркеңіз. MAC мекенжайын **[View info/Ақпаратты қарау]** экранында тексеруге болады (📖426).

64: Cannot connect to wireless LAN terminal

(Сымсыз LAN терминалына қосылу мүмкін емес)

- Камера және кіру нүктесі бірдей шифрлау кілтін пайдалану үшін орнатылған ба?
 - ➔ Камера келесі шифрлау әдістеріне қолдау көрсетеді: WEP, TKIP және AES.
- Егер MAC мекенжайының фильтрлеуі белсенді болса, қолданыстағы камераның MAC мекенжайы кіру нүктесінде тіркелген бе?
 - ➔ Пайдаланылатын камераның MAC мекенжайын кіру нүктесіне тіркеңіз. MAC мекенжайын **[View info/Ақпаратты қарау]** экранында тексеруге болады (📖426).

65: Wireless LAN connection lost (Сымсыз LAN қосылымы жоғалған)

- Камера және кіру нүктесі антеннасының байланысу сызығын жауып қойған кедергілер бар ма?
 - ➔ Кіру нүктесі антеннасын камераға анық көрінетін бұрышқа жылжытыңыз (📖439).
- Wi-Fi қосылымы, белгілі себептер бойынша, жоғалып кетті және қосылымды қайта қалпына келтіру мүмкін емес.
 - ➔ Төмендегілер ықтимал себептер: кіру нүктесіне басқа құрылғыдан шамадан тыс қатынасу, жуық маңайда микротолқынды пеш не ұқсас құралдар пайдаланылуда (IEEE 802.11b/g/n (2,4 ГГц жиілігі) кедергі жасауда), болмаса жаңбыр не жоғары ылғалдық әсері бар (📖439).

66: Incorrect wireless LAN password (Дұрыс емес сымсыз LAN құпия сөзі)

- Камера және кіру нүктесі аутентификацияға арналған бірдей құпия сөзді пайдалану үшін орнатылған ба?
 - ➔ Параметр пернетақта регистрінің есебімен, сол себептен бас әріп және кіші әріп таңбаларын тексеріңіз. Камерада аутентификация үшін дұрыс құпия сөздің орнатылғанын тексеріңіз.

67: Incorrect wireless LAN encryption method (Бұрыс сымсыз LAN шифрлау әдісі)

- Камера және кіру нүктесі бірдей шифрлау кілтін пайдалану үшін орнатылған ба?
 - ➔ Камера келесі шифрлау әдістеріне қолдау көрсетеді: WEP, TKIP және AES.
- Егер MAC мекенжайының фильтрлеуі белсенді болса, қолданыстағы камераның MAC мекенжайы кіру нүктесінде тіркелген бе?
 - ➔ Пайдаланылатын камераның MAC мекенжайын кіру нүктесіне тіркеңіз. MAC мекенжайын **[View info/Ақпаратты қарау]** экранында тексеруге болады (📖426).

68: Cannot connect to wireless LAN terminal. Retry from the beginning. (Сымсыз LAN терминалына қосылу мүмкін емес. Басынан қайта көріңіз.)

- Кіру нүктесінің WPS (Wi-Fi желісін қауіпсіз орнату) түймесін белгіленген уақыт аралығында басып ұстап тұрдыңыз ба?
 - ➔ WPS түймесін кіру нүктесінің нұсқаулығында көрсетілген уақытқа басып ұстап тұрыңыз.
- Кіру нүктесінің жанындағы қосылымды орнатуға талпынып тұрсыз ба?
 - ➔ Екі құрылғы бір бірінің жету аясында болған кезде қосылым орнатуға тырысыңыз.

69: Multiple wireless LAN terminals have been found. Cannot connect. Retry from the beginning. (Бірнеше сымсыз LAN терминалы табылды. Қосылу мүмкін емес. Басынан қайта көріңіз.)

- Байланыс WPS (Wi-Fi желісін қауіпсіз орнату) түйме басу қосылым режиміндегі (PBC режимі) басқа қол жеткізу нүктесі арқылы орындалуда.
 - ➔ Қосылымды орнатуға әрекет етпестен бұрын біраз күтіңіз.

91: Other error (Басқа қате)

- 11-ден 69-ға дейін нөмірленген қатеден басқа орын алған ақаулық.
 - ➔ Камераның қуат қосқышын өшіріп, қосыңыз.

121: Not enough free space on server (Сервердегі бос орын жеткілікті емес)

- Мақсатты веб серверде жеткілікті бос орын жоқ.
 - ➔ Веб сервердегі қажетсіз суреттерді жойыңыз, ондағы бос орынды тексеріңіз, одан кейін деректер қайтадан жіберіп көріңіз.

125: Check the network settings (Желі параметрлерін тексеріңіз)

- Желі қосылған ба?
 - ➔ Желінің қосылым күйін тексеріңіз.

126: Could not connect to server (Серверге қосылу мүмкін болмады)

- CANON iIMAGE GATEWAY ресурсына қызмет көрсетілуде немесе жүктеу уақытша шоғырланған.
 - ➔ Веб-қызметке қайта қосылуды кейінірек көріңіз.

127: An error has occurred (Қате орын алды)

- Камера веб-қызметке қосылып тұрғанда 121-126 қате коды нөмірінен басқа проблема орын алды.
 - ➔ Wi-Fi қосылымын веб-қызметке қайтадан орнатып көріңіз.

141: Printer is busy. Reconnect to try again. (Принтер ақпаратын алу мүмкін болмады. Әрекетті қайталау үшін қайта қосыңыз.)

- Принтер басып шығару жұмысын орындауда ма?
 - ➔ Басып шығару процесі аяқталғаннан кейін принтерге Wi-Fi қосылымын қайтадан орнатып көріңіз.
- Принтерге басқа камера Wi-Fi арқылы қосылған ба?
 - ➔ Басқа камераға Wi-Fi қосылымы тоқтатылғаннан кейін принтерге Wi-Fi қосылымын қайтадан орнатып көріңіз.

142: Could not acquire printer information. Reconnect to try again. (Принтер ақпаратын алу мүмкін болмады. Әрекетті қайталау үшін қайта қосыңыз.)

- Принтер қуаты қосулы ма?
 - ➔ Принтерді қосқаннан кейін Wi-Fi қосылымын қайтадан орнатып көріңіз.

151: Transmission canceled (Тасымалдау болдырылмады)

- Суретті компьютерге автоматты түрде тасымалдау қандай да бір жолмен үзілді.
 - ➔ Суретті автоматты түрде тасымалдауды жалғастыру үшін камераның қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатыңыз, одан кейін оны <ON> күйіне орнатыңыз.

152: Card's write protect switch is set to lock (Жад картасының жазудан қорғау қосқышы құлыптау күйіне орнатылған)

- Картаның жазудан қорғау қосқышы құлыптаулы күйге орнатылған ба?
 - ➔ Картаның жазудан қорғау қосқышын жазу күйіне ауыстырыңыз.

Сымсыз байланыс функциясының ескертпелері

Сымсыз байланыс функцияларын пайдалану кезінде тасымалдау жиілігі төмендесе, қосылым жоғалса не басқа ақаулықтар орын алса, келесі түзету әрекеттерін жасап көріңіз.

Камера мен смартфон арасындағы қашықтық

Камера смартфоннан тым алыс болса, Wi-Fi қосылымын Bluetooth қосылымы мүмкін болса да орнату мүмкін емес. Бұл жағдайда, камера мен смартфонды бір-біріне жақындатыңыз, одан кейін Wi-Fi қосылымын орнатыңыз.

Кіру нүктесі антеннасының орнату орны

- Іште пайдаланғанда құрылғыны камера пайдаланылатын бөлмеге орнатыңыз.
- Құрылғыны адамдар немесе басқа объектілер құрылғы мен камера арасына келмейтіндей етіп орнатыңыз.

Жақын маңдағы электр құрылғылары

Егер Wi-Fi тасымалдау жиілігі келесі электрондық құрылғылардың әсерінен төмендесе, оларды пайдалануды тоқтатыңыз немесе байланыс өткізетін құрылғылардан алысқа жылжытыңыз.

- Камера 2,4 ГГц жиілігіндегі радио толқындарын пайдаланып IEEE 802.11b/g/n арқылы Wi-Fi желісінде байланысады. Сол себептен, егер жақын маңда Bluetooth құрылғылары, микротолқынды пештер, радиотелефондар, микрофондар, смартфондар, басқа камералар немесе ұқсас құрылғылар бірдей жиілікте жұмыс істеп тұрса, Wi-Fi тасымалдау жиілігі төмендейді.

Бірнеше камераларды пайдалану бойынша сақтықтар

- Бірнеше камераларды бір кіру нүктесіне Wi-Fi арқылы қосқан кезде, камералардың IP мекенжайлары әртүрлі екендігіне көз жеткізіңіз.
- Бірнеше камералар бір кіру нүктесіне Wi-Fi арқылы қосылған кезде, тасымалдау жиілігі төмендейді.
- Бірнеше IEEE 802.11b/g/n (2,4 ГГц жиілігі) қол жеткізу нүктелері болған кезде, радио толқын кедергісін азайту үшін әрбір Wi-Fi арнасының арасында бес арнаның аралығын бос қалдырыңыз. Мысалы, 1, 6 және 11 арналарын, 2 және 7 арналарын немесе 3 және 8 арналарын пайдаланыңыз.

BR-E1 сымсыз қашықтан басқару құралын пайдалану

- BR-E1 камера мен смартфон Bluetooth арқылы жұпталып тұрған кезде жұпталмайды. Камера қосылымын сымсыз қашықтан басқару құралына [(📶): **Wi-Fi/Bluetooth connection** / (📶): **Wi-Fi/Bluetooth қосылымы**] астындағы [🔗**Connect to Wireless Remote**🔗**Сымсыз қашықтан басқару құралына қосылу**] терезесінде өзгертіңіз.

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік параметрлері дұрыс орнатылмаған болса, келесі проблемалар орын алуы мүмкін.

- **Тасымалдауды бақылау**

Қарақшылық ниетті үшінші тараптар Wi-Fi тасымалдауларын бақылап, жіберіліп жатқан деректерді алуға әрекет етуі мүмкін.

- **Рұқсатсыз желіге кіру**

Қарақшылық ниетті үшінші тараптар ақпаратты ұрлау, өзгерту немесе бұзу мақсатында пайдаланып отырған желіңізге рұқсатсыз кіруге қол жеткізуі мүмкін. Оған қоса, ұқсату (біреу рұқсатсыз ақпаратқа кіру үшін біреу тұлға болып көрінетін) немесе спрингборд шабуылдары (біреу басқа жүйелерді сүзу кезінде өз бақылауларын жабу мақсатында спрингборд ретінде желіңізге рұқсатсыз кіретін жағдай) сияқты рұқсатсыз қатынастың басқа түрлеріне душар болуыңыз мүмкін.

Проблемалардың осы түрлерінің орын алуын болдырмау үшін желіні мұқият қорғау мақсатында жүйелер мен функцияларды пайдалану ұсынылады.

Желі параметрлерін тексеру

- **Windows**

Windows [**Command Prompt/Пәрмен нұсқауы**] терезесін ашыңыз, одан кейін `ipconfig/all` пәрменін теріңіз және **<Enter>** пернесін басыңыз. Компьютерге тағайындалған IP мекенжайына қоса, ішкі желі маскасы, қақпа және DNS серверінің ақпараты да көрсетіледі.

- **Mac OS**

Mac OS X жүйесінде [**Terminal/Терминал**] қосымшасын ашыңыз, `ifconfig` -а деп енгізіп, **<Return>** пернесін басыңыз. Компьютерге белгіленген IP мекенжайы [**inet**] жанындағы [**en0**] элементінде, мына форматта «`***.***.***.***`» көрсетіледі.

* [**Terminal/Терминал**] қосымшасы туралы ақпарат үшін Mac OS X анықтамасын қараңыз.

Желідегі компьютер және басқа құрылғылар үшін бірдей IP мекенжайын пайдалануды болдырмау үшін  408-бетте сипатталған үрдістердегі камераға белгіленген IP мекенжайын орнату кезінде шеткі оң жақтағы нөмірді өзгертіңіз.

Мысалы: 192.168.1.

Сымсыз байланыс күйі

Сымсыз байланыс күйін СКД мониторында тексеруге болады.

Жылдам басқару экраны Ойнату кезінде ақпарат
дисплейі экраны



(2) (3)
(1)



- (1) Сымсыз сигнал күші
- (2) Wi-Fi функциясы
- (3) Bluetooth функциясы

Байланыс күйі		СКД мониторы	
		Wi-Fi функциясы	Сымсыз сигнал күші
Қосылмаған	Wi-Fi: Disable (Өшіру)	Wi-Fi OFF	Off (Өшіру)
	Wi-Fi: Enable (Қосу)	Wi-Fi OFF	
Қосу		Wi-Fi (Жыпылықтайды)	Wi-Fi
Қосылған		Wi-Fi	Wi-Fi
Деректерді жіберу		Wi-Fi (←→)	Wi-Fi
Қосылым қатесі		Wi-Fi (Жыпылықтайды)	Wi-Fi

Bluetooth функциясының индикаторы

Bluetooth функциясы	Қосылым күйі	СКД мониторы
[Disable/Өшіру] параметрінен басқа	Bluetooth қосылған	
	Bluetooth қосылмаған	
[Disable/Өшіру]	Bluetooth қосылмаған	Көрсетілмеген




- «Bluetooth connected» күйі смартфондарға Wi-Fi арқылы қосылған кезде және суретті компьютерлерге автоматты түрде тасымалдау кезінде көрсетіледі.
- «Bluetooth not connected» күйі компьютерлерге, принтерлерге немесе веб-қызметтерге Wi-Fi арқылы қосылған кезде көрсетіледі.


Камераны реттеу

Суретке түсіру басымдықтары теңшелетін функциялармен сәйкес келетіндей етіп түрлі камера функцияларына дәл реттеулер жасай аласыз. Теңшелетін функциялар тек шығармашыл аймақ режимдерінде орнатылады және жұмыс істейді.

Шығармашыл аймақ
режимдері




Теңшелетін функцияларды орнату



1 [Custom Functions (C.Fn)/ Теңшелетін функцияларды (Т.Фн)] параметрін таңдаңыз.


- [F] қойындысының астынан [Custom Functions (C.Fn)/Теңшелетін функциялар (Т.Фн)] параметрін таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

(1)




2 Теңшелетін функция нөмірін таңдаңыз (1).

- Теңшелетін функция нөмірін таңдау үшін, <◀> <▶> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



3 Параметрді қажетінше өзгертіңіз.

- Қалаған параметрді (нөмірді) таңдау үшін <▲> <▼> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- Басқа теңшелетін функцияларды орнатқыңыз келсе, 2 - 3-қадамдарды қайталаңыз.
- Экранның төменгі жағында ағымдағы теңшелетін функция параметрлері тиісті функция нөмірлерінің астында көрсетілген.



4 Параметрден шығыңыз.

- <MENU> түймесін басыңыз.
- 1-қадамдағы экран пайда болады.

Барлық теңшелетін функцияларды тазарту

Барлық теңшелетін функция параметрлерін жою үшін [F: Clear settings/ F: Параметрлерді тазалау] астында [Clear all Custom Func. (C.Fn)/ Барлық теңшелетін функцияларды жою (Т.Фн.)] параметрін таңдаңыз (📖271).

Теңшелетін функциялар

Т.Фн I: Exposure (Экспозиция)

1	Exposure level increments (Экспозиция деңгейінің қадамдары)	📖 448
2	ISO expansion (ISO кеңейтімі)	📖 448
3	Safety shift (Қауіпсіздік жылжуы)	📖 449
4	Exposure compensation auto cancel (Экспозиция компенсациясын автоматты түрде болдырмау)	📖 449

 LV арқылы түсіру	 Фильм түсіру
☐	☐
☐	☐
☐	☐

Т.Фн II: Жетек

5	Mirror lockup (Айнаны блоктау)	📖 449
---	--------------------------------	-------

--	--

Т.Фн III: Operation/Others (Операция/басқа функциялар)

6	Warnings  in viewfinder (Көріністапқыштағы  ескертулері)	📖 450
7	Shutter/AE lock button (Ысырма/AE құлпы түймесі)	📖 451
8	Assign SET button (SET түймесін тағайындау)	📖 452
9	DISP button function (DISP түймесінің функциясы)	📖 453
10	Screen display when power ON (Қуат ҚОСУЛЫ кездегі экран дисплейі)	📖 453
11	Retract lens on power off (Қуат өшірулі кезде объективті шығарып алу)	📖 454

☐	☐
☐	☐
(3 санын қоспағанда)	(тек 4 және 5*)
☐	☐
(4 санын қоспағанда)	(1 санын қоспағанда)
☐	☐

* 4-параметр фильм түсіру кезінде жұмыс істемейді.



-  Live View (LV) арқылы түсіру не фильм түсіру кезінде көлеңкедегі теңшелетін функциялар жұмыс істемейді. (Параметрлер өшірілген.)

Теңшелетін функция параметрінің элементтері



Функция түріне қарай теңшелетін функциялар үш топқа бөлінеді: Т.Фн I: Exposure (Экспозиция), Т.Фн II: Жетек, Т.Фн III: Operation/Others (Операция/басқа функциялар).

Т.Фн I: Exposure (Экспозиция)

Т.Фн-1 Exposure level increments (Экспозиция деңгейінің қадамдары)

0: 1/3 тоқтау

1: 1/2 тоқтау

Ысырма жылдамдығы, апертура, экспозиция компенсациясы, AEB, жарқыл экспозициясының компенсациясы, т.б. үшін 1/2 тоқтау қадамдарын орнатады. 1/3 тоқтау қадамдары тым майда кезде пайдалы.



- 1 мәніне орнатылған кезде экспозиция деңгейінің дисплей көріністапқышта төмендегідей.



Т.Фн-2 ISO expansion (ISO кеңейтімі)

0: Off (Өшіру)

1: On (Қосу)

ISO көрсеткішін орнатқанда, «H» мәнін (ISO ISO 51200 мәніне балама) фотосуретке түсіру үшін және «H» мәнін (ISO 25600 мәніне балама) фильмге түсіру үшін орната аласыз. [📷: Highlight tone priority/📷: Ашық реңк артықшылығы] параметрі [Enable/Қосу] немесе [Enhanced/Жақсартылған] мәніне орнатылған жағдайда «H» таңдалмайтынын ескеріңіз.



- [ISO expansion/ISO кеңейтімі] параметрі [1:On/1:Қосу] мәніне орнатылған кезде де 4K фильмдері үшін ISO көрсеткішінің ауқымы ISO 100–6400 болады.

Т.Фн-3 Safety shift (Қауіпсіздік жылжуы)

0: Disable (Өшіру)

1: Enable (Қосу)

Ысырма жылдамдығы мен апертура мәнін экспозиция деңгейін стандартты экспозицияға жақын әкелу үшін стандартты экспозиция басқаша <**Tv**> немесе <**Av**> режиміндегі көрсетілген ысырма жылдамдығы немесе апертура мәні астында қолжетімді болмаған жағдайда автоматты түрде реттеу үшін.

Т.Фн-4 Exposure compensation auto cancel (Экспозиция компенсациясын автоматты түрде болдырмау)

0: Enable (Қосу)

Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатқаныңызда экспозиция компенсациясы параметрі болдырылмайды.

1: Disable (Өшіру)

Қуат қосқышын <OFF> күйіне орнатсаңыз да экспозиция компенсациясының параметрі күшінде болады.

Т.Фн II: Жетек

Т.Фн-5 Mirror lockup (Айнаны блоктау)

0: Disable (Өшіру)

1: Enable (Қосу)

Жоғары сапалы телефото объективтерімен түсіру немесе жақындатып түсіру (макро фотосуреті) кезінде камера ішіндегі механикалық дірілдерге (айна соққысы) байланысты камера дірілінің бұлдырын болдырмауыңызға болады. Айнаны блоктау процедурасы үшін 165-бет қараңыз.

C.Fn-6 Warnings <!> in viewfinder (Көріністапқыштағы ескертулер <!>)

Келесі функциялардың қайсы бірі орнатылған кезде, <!> белгішесі көріністапқыштың астыңғы сол жағында көрсетіледі (📖32). <!> белгішесі Жылдам басқару экранында да пайда болады (📖57).

Ескерту белгішесі пайда болуы керек функцияны таңдаңыз, [✓] құсбелгісін қою үшін <SET> түймесін басыңыз, одан кейін [OK] тармағын таңдаңыз.

Монохромды  орнатылған кезде:

Егер Picture Style [Monochrome/Монохромды] күйіне орнатылған болса (📖121), ескерту белгішесі пайда болады.

АБ түзетілген кезде:

Егер ақ түс балансын түзету орнатылса (📖133), ескерту белгішесі пайда болады.

 орнатылған кезде:

[📷: High ISO speed NR/📷: Жоғары ISO көрсеткішінің ША] параметрі [Multi Shot Noise Reduction/Бірнеше түсірілім шуын азайту] мәніне (📖138) орнатылса, ескерту белгішесі пайда болады.

Нүктелік өлшеу орнатылған кезде:

[📷: Metering mode/📷: Өлшеу режимі] параметрі [Spot metering/Нүктелік өлшеу] мәніне (📖158) орнатылса, ескерту белгішесі пайда болады.



- [📷: Shooting screen/📷: Түсіру экраны] параметрі [Guided/Бағытталған] мәніне орнатылса, осы Теңшелетін функция жұмыс істемейді. (Параметрлер күшіне енбейді.)

0: AF/AE lock (AF/AE құлпы)**1: AE lock/AF (AE құлпы/AF)**

Бұл бөлек фокустау және өлшеу қажет болғанда ыңғайлы. Автофокустау үшін **<✱>** түймесін, ал AE құлпын қолдану үшін ысырма түймесін жартылай басыңыз.

2: AF/AF lock, no AE lock (AF/AF құлпы, AE құлпы жоқ)

AI Servo AF (немесе Live View арқылы түсіру үшін Servo AF) кезінде AF операциясын бірден кідірту үшін **<✱>** түймесін басыңызға болады. Бұл AF функциясының камера және нысан арасында өтетін қандай да бір кедергі тарапынан өшірілуінің алдын алады. Экспозиция суретке түсірілген уақытта орнатылады.

3: AE/AF құлпы, AE құлпы жоқ

Бұл жиі қозғалатын және тоқтайтын нысандар үшін тиімді. AI Servo AF кезінде (немесе Live View арқылы түсіру үшін Servo AF) AI Servo AF операциясын іске қосып немесе оны тоқтату үшін **<✱>** түймесін басыңыз. Экспозиция суретке түсірілген уақытта орнатылады. Осылайша, камераны әрқашан оңтайлы фокустау мен экспозицияны сақтайтын және шешуші сәтті күтетін етіп орната аласыз.

**Фильмге түсіру барысында**

- 1 не 3 параметрімен Бір түсірілім AF үшін **<✱>** түймесін басыңыз.

Жиі қолданылатын функцияны <SET> күйіне тағайындай аласыз. Камера түсіруге дайын болған кезде, <SET> түймесі басылғанда тиісті функцияны орнату экраны көрсетіледі.

0: Quick Control screen (Жылдам басқару экраны)

Жылдам басқару экраны ( 57) пайда болады.

1: Image quality (Сурет сапасы)

Сурет сапасын орнату экраны пайда болады.

2: Flash exposure comp. (Жарқыл экспозициясының комп.)

Жарқыл экспозиция компенсациясын орнату экраны пайда болады.

3: Screen On/Off (Экранды қосу/өшіру)

СКД мониторын қосуыңызға немесе өшіруіңізге болады.

4: Menu display (Мәзір дисплейі)

Мәзір экраны пайда болады.

5: Expo comp (hold btn, turn) (Эксп. комп. (түймені басып тұрып, дискісін бұрау))

Экспозиция компенсациясын < > дискісін <SET> түймесін басып тұрып бұрау арқылы орнатуыңызға болады. ISO авто орнатулы кезде <M> қол экспозициясында экспозиция компенсациясын орнату керек болғанда пайдалы.

6: Flash function settings (Жарқыл функциясының параметрлері)

Кірістірілген жарқыл немесе сыртқы жарқыл функциясының параметрі экраны пайда болады.

7: Depth-of-field preview (Ашықтық тереңдігін қарап шығу)

Объектив апертураны тоқтату үшін тоқтайды, сонда көріністапқышта немесе Live View суретінде жарамды фокус ауқымын (ашықтық тереңдігі) көре аласыз.

Т.Фн-9 DISP button function (DISP түймесінің функциясы)

Жиі қолданылатын функцияны <DISP> түймесіне тағайындауыңызға болады. Камера түсіруге дайын болған кезде, <DISP> түймесі басылғанда тиісті функцияны орнату экраны көрсетіледі.

0: Screen On/Off (Экранды қосу/өшіру)

СКД монитормын қосуыңызға немесе өшіруіңізге болады.

1: Depth-of-field preview (Ашықтық тереңдігін қарап шығу)

Объектив апертураны тоқтату үшін тоқтайды, сонда көріністапқышта немесе Live View суретінде жарамды фокус ауқымын (ашықтық тереңдігі) көре аласыз.

2: Wi-Fi/Bluetooth connection (Wi-Fi/Bluetooth қосылымы)

Wi-Fi/Bluetooth қосылымдары үшін параметр экраны пайда болады.

[Wi-Fi on/Wi-Fi қосулы] экраны Wi-Fi арқылы қосылған кезде көрсетіледі.

3: Max. screen brightness (temp) (Ең жоғарғы экран ашықтығы (уақыт))

Экран ашықтығын уақытша арттырады.

4: Pause Movie Servo AF (Фильмнің Servo AF нүктесін кідірту)

Фильмнің Servo AF нүктесін кідіртуіңізге болады.

C.Fn-10 Screen display when power ON (Қуат ҚОСЫЛҒАН кездегі экранды дисплей)

0: Display on (Дисплей қосулы)

Қуат қосылғанда, Жылдам басқару экраны пайда болады (📖 57).

1: Previous display status (Алдыңғы дисплей күйі)

Қуатты қосқан кезіңізде камера СКД монитормын қуат соңғы өшірілген кездегі күйде іске қосылады. Сондықтан, камераны СКД монитормын өшірулі кезде өшірсеңіз, камераны қайта қосқанда ешнәрсе көрсетілмейді. Бұл батарея қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Мәзір операциялары мен суретті ойнату әдеттегідей қолжетімді болады.

Т.ФН-11 Retract lens on power off (Қуат өшірулі кезде объективті шығарып алу)

Бұл — тісті берілімі бар STM объективтері (EF40mm f/2.8 STM сияқты) камераға тағылған кезде объективті алу механизміне арналған параметр. Оны камераның қуат қосқышы <OFF> күйіне орнатылған кезде кеңейтілген объективті автоматты түрде алатын етіп орната аласыз.

0: Enable (Қосы)

1: Disable (Өшіру)



- Автоматты қуат өшіру көмегімен объектив параметрге қарамастан алынбайды.
- Объективті ажыратпастан бұрын оның алынғанын тексеріңіз.



- 0-параметрмен бұл функция объективтің фокустау режимінің қосқышы параметріне (AF немесе MF) қарамастан күшіне енеді.

«Менің мәзірім» мәзірін тіркеу




Менің мәзірім қойындысының астында мәзір элементтерін және параметрлері жиі өзгертілетін Теңшелетін функцияларын тіркеуге болады. Алдымен Менің мәзірім қойындысын көрсету үшін тіркелген мәзір қойындыларын атап, <MENU> түймесін басуға болады.




- [🔍 : Menu display/🔍 : Мәзір дисплей] параметрі [Guided/Бағытталған] мәніне орнатылғанда, [★] қойындысы көрсетілмейді. [Menu display/Мәзір дисплей] параметрін [Standard/Стандартты] мәніне өзгертіңіз (📖53).

Менің мәзірім қойындысын жасау және қосу



- 1 [Add My Menu tab/Менің мәзірім қойындысын қосу] тармағын таңдаңыз.


- [★] қойындысының астында [Add My Menu tab/Менің мәзірім қойындысын қосу] функциясын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.



- 2 [OK] түймесін таңдаңыз.


- [MY MENU1/1-МЕНИҢ МӘЗІРИМ] қойындысы жасалады.
- 1-ші және 2-ші қадамдарды қайталау арқылы бес Менің мәзірім қойындысына дейін жасауға болады.

Менің мәзірім қойынды(лар)ы астында мәзір элементтерін тіркеу




- 1 [Configure: MY MENU*/Теңшеу: МЕНИҢ МӘЗІРИМ*] параметрін таңдаңыз.

- <◀> <▶> пернелерін [Configure: MY MENU*/Теңшеу: МЕНИҢ МӘЗІРИМ*] қойындысын (мәзір элементтерін тіркеуге арналған қойынды) таңдау үшін басыңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.




2 [Select items to register/Тіркелетін элементтерді таңдау] тармағын таңдаңыз.



3 Қалаған элементтерді тіркеңіз.

- Қажетті параметрді таңдап, <SET> түймесін басыңыз.
- Растау тілқатысу терезесінде [OK] тармағын таңдаңыз.
- Алты элементке дейін тіркей аласыз.
- 2-қадамдағы экранға оралу үшін, <MENU> түймесін басыңыз.

Менің мәзірім қойындысы параметрлері



Мәзір қойындысының астындағы элементтерді сұрыптауға және жоюға және мәзір қойындысының атауын өзгертуге не жоюға болады.

- **Sort registered items (Тіркелген элементтерді сұрыптау)**
Менің мәзірім параметрінде тіркелген элементтердің тәртібін ауыстыра аласыз. [Sort registered items/Тіркелген элементтерді сұрыптау] функциясын таңдап, тәртібі ауыстырылатын элементті таңдаңыз. Содан кейін <SET> түймесін басыңыз. [↕] көрсетілген күйде тәртібін ауыстыру үшін <▲> <▼> пернелерін басып, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.
- **Delete selected items (Таңдалған элементтерді жою) / Delete all items on tab (Қойындыдағы барлық элементтерді жою)**
Тіркелген элементтердің кез келгенін жоя аласыз. [Delete selected items/Таңдалған элементтерді жою] функциясы бір уақытта бір элементті жояды, ал [Delete all items on tab/Қойындыдағы барлық элементтерді жою] функциясы қойынды астында барлық тіркелген элементтерді жояды.
- **Delete tab (Қойындыны жою)**
Ағымдағы көрсетілген Менің мәзірім қойындысын жоюға болады. [Delete tab/Қойындыны жою] түймесін [MY MENU*/МЕНІҢ МӘЗІРІМ*] қойындысын жою үшін таңдаңыз.

- **Rename tab (Қойындының атауын өзгерту)**

Менің мәзірім қойындысының атауын [MY MENU*/МЕНІҢ МӘЗІРІМ*] ішінен өзгертуге болады.



1 [Rename tab/Қойындының атауын өзгерту] тармағын таңдаңыз.


2 Мәтін енгізіңіз.

- Кез келген қажетсіз таңбаларды жою үшін <☒> түймесін басыңыз.
- ☐ белгісін жылжыту және қажетті таңбаны таңдау үшін <↔> жылжу пернелерін басыңыз. Одан кейін оны енгізу үшін <SET> түймесін басыңыз.
- [🔍] тармағын таңдау арқылы кіріс режимін өзгерте аласыз.
- 16 таңбаға дейін енгізе аласыз.
- Курсорды жылжыту үшін жоғарғы оң жақтағы [↶] немесе [↷] параметрін таңдаңыз немесе <🔄> дискісін бұраңыз.
- Мәтін енгізуді болдырмау үшін <MENU> түймесін басыңыз, одан кейін [Cancel/Болдырмау] түймесін басыңыз.

3 Параметрден шығыңыз.

- Мәтін енгізгеннен кейін шығу үшін <MENU> түймесін басыңыз, содан кейін [OK] басыңыз.
- ➔ Орнатылған ақпарат сақталады.


Барлық менің мәзірім қойындыларын жою / Барлық элементтерді жою



Барлық жасалған Менің мәзірім қойындыларын немесе олардың астында тіркелген Менің мәзірім элементтерін жоюыңызға болады.

- **Delete all My Menu tabs (Барлық «Менің мәзірім» қойындыларын жою)**
Өзіңіз жасаған барлық Менің мәзірім қойындыларын жоюға болады. **[Delete all My Menu tabs/Барлық Менің мәзірім қойындыларын жою]** таңдалған кезде **[MY MENU1/1-МЕНІҢ МӘЗІРІМ]** қойындысынан **[MY MENU5/5-МЕНІҢ МӘЗІРІМ]** қойындысына дейінгі барлық қойындылар жойылады және **[★]** қойындысы әдепкі мәніне оралады.
 - **Delete all items (Барлық элементтерді жою)**
[MY MENU1/1-МЕНІҢ МӘЗІРІМ] - **[MY MENU5/5-МЕНІҢ МӘЗІРІМ]** қойындыларының астында тіркелген барлық элементтерді жоя аласыз. Қойынды(лар) сақталады. **[Delete all items/Барлық элементтерді жою]** таңдалғанда, барлық жасалған қойындылар астында тіркелген барлық элементтер жойылады.
- ❗ ● Егер **[Delete tab/Қойындыны жою]** немесе **[Delete all My Menu tabs/Менің мәзірімнің барлық қойындыларын жою]** орындалса, **[Rename tab/Қойынды атын өзгерту]** арқылы атауы өзгертілген қойынды аттары да жойылады.

Мәзір дисплейі параметрлері



- **<MENU>** түймесін басқан кезде бірінші шығатын мәзір экранын орнату үшін **[Menu display/Мәзір дисплейі]** тармағын таңдауға болады.

- **Normal display (Қалыпты көрсету)**
Соңғы көрсетілген мәзір экранын көрсетеді.
- **Display from My Menu tab (Менің мәзірім параметрінен көрсету)**
Таңдалған **[★]** қойындысымен көрсетеді.
- **Display only My Menu tab (Менің мәзірім қойындысын ғана көрсету)**
Тек **[★]** қойындысы көрсетіледі. (**[📷]**, **[▶]**, **[⏮]**, **[⏭]** және **[🔍]** қойындылары көрсетілмейді.)

Анықтама

Бұл тарау камера мүмкіндіктері, жүйе аксессуарлары, т.б. туралы анықтама ақпаратпен қамтамасыз етеді.





Сертификат логотипі

- Камера сертификаттарының кейбір логотиптерін көрсету үшін [**🏷️: Certification Logo Display/🏷️: Сертификат логотиптерін көрсету**] параметрін таңдаңыз және <SET> түймесін басыңыз. Басқа сертификат логотиптерін камерадағы және камера бумасындағы осы пайдалану нұсқаулығынан таба аласыз.

Батарея туралы ақпаратты тексеру

Пайдаланып отырған батареяның жағдайын СКД мониторында тексере аласыз.



[Battery info./Батарея туралы ақпарат] тармағын таңдаңыз.

- [4] қойындысының астында [Battery info./Батарея туралы ақпарат] тармағын таңдаңыз, одан кейін <SET> түймесін басыңыз.

- (1) Батарея орналасуы
- (2) Батарея үлгісі немесе үй электр қуат көзі пайдаланылуда.
- (3) Батарея деңгейі (42) көрсетіледі.
- (4) Батареяның зарядталу өнімділігінің деңгейі үш деңгейде көрсетіледі.
 - ■ ■ : Батареяның зарядталу өнімділігі жақсы.
 - ■ □ : Батареяның зарядталу өнімділігі сәл аз.
 - □ □ : Жаңа батарея сатып алу ұсынылады.




- Түпнұсқа Canon LP-E17 батарея жинағын пайдалану ұсынылады. Пайдаланған батареяларының түпнұсқалы Canon өнімдерді болмаса, камераның толық өнімділігіне қол жеткізілмеуі мүмкін немесе ақаулық туындауы мүмкін.



- Батарея байланысының қате туралы хабары көрсетілсе, хабардағы нұсқауларды орындаңыз.


Үй электр желісінің розеткасын пайдалану

Камераны үй электр желісінің розеткасымен DR-E18 тұрақты ток жалғастырғышын және AC-E6N айнымалы ток адаптерін (әрқайсысы бөлек сатылады) пайдалану арқылы қуаттандыруға болады.




1 Тұрақты ток жалғастырғышының қуат ашасын қосыңыз.

- Тұрақты ток жалғастырғышының қуат ашасын желілік қуат розеткасына қосыңыз.




2 Қуат сымын жалғаңыз.

- Қуат сымын суретте көрсетілгендей жалғаңыз.
- Камераны пайдаланғаннан кейін қуат ашасын қуат розеткасынан шығарыңыз.




3 Тұрақты ток жалғастырғышын енгізіңіз.

- Қақпақты ашыңыз және Тұрақты ток жалғастырғышты орнына түскенше мықтап салыңыз.



4 Тұрақты ток сымын салыңыз.

- Тұрақты ток сымының саңылау қақпағын ашыңыз және сымды суретте көрсетілгендей орнатыңыз.
